

Мырзатай Болат, әдебиетші

Өзі жазып отырған дәуірдің тыныс-демін, бояу-реңін, салт-дәстүрін, бір сөзбен айтқанда, бітім-болмысын бұзбай, көкірегіңе сол табиғи қалпында көшіруге ұмтылатын прозашы өз кейіпкерлерінің мінез-құлқын беруге де ұста.

Сайынның тарихтан тамыр тартқан прозасында елге тұтқа ерлер, ірі, кесек мінездің адамдары көбірек көрінеді. Шотан мен Балуанияз батыр, Шыли сыншы, Жүсіп шебер, Бақажан, Сағындық, Саназар, Қоштай секілді ірі байлар осы қатарда. Олардың атын көпшілік, негізінен, түрлі нұсқадағы аңыздық сипаты басым әңгімелер арқылы ғана білетін. С.Назарбекұлы шығармашылығы арқасында бұл тарихи тұлғалар ел санасына берік орныға түскендей.

Сайын прозасы дегенде, міндетті түрде айтылуға тиісті қадау-пікір бар. Ол-қаламгеріміздің алпыс жасында қазақ қара сөзінің майданына бел шешіп түскені. Шыны керек, біздер, маңғыстаулықтар, тағдыры тартысқа толы туған өлкеміздің өткенінен кем-хабармыз. Сайын, айналма соқпақтарға түспей, көп жағдайда тарихқа тура тартады. Сайын прозасы сол үшін де қасқалдақтың қанындай!..

Адай арғымақтары (триптих)

Шұбар ат жалы

Алла тағаланың бір сәтті күні пейілдес інім: “Аға, үй күшік болып жата бересің бе? Жеңгеміздің қасы қаншама жайлы болғанмен Сіз үшін дала құшағы – бар құшақтан жылылау, дала топырағы – бар мамықтан жұмсақтау екені бізге белгілі ғой. Бозашы биыл қоянды. Үш қоянға ұлқсат қағаз алдым. Даланы бір аралап қайталық,” – деп,

телефон соққаны. Жас алпысқа жетіп, баяғы ұр да жық қуат кеміп, лыпып тұратын дене шау тарта бастаған кез – кісінің ағайынға қайыры тиерлік мансапты жұмысы болмаса, көрші-көлеммен аямай алысып-берісерлік мол дүниясы болмаса жай ғана ағалық беделдің берекесі кете бастайтын кезі болса керек. Бір кезде адамды кісі атандырған, жігітті аға атандырған азды-көпті еңбектерінің бара-бара құны кеміп, есіркеп еске ала жүрерлікке жарамай, тіпті кей-кезде зиянына шығып жататын кезі де болады екен. Інінің бұл шақыруы менің бұға бастаған өзімшілдік сезіміме қуат беріп, біраз жалдандырып тастаған еді. Бір күн дайындалып жолға шықты. Күздің жаңбыры аздау жақсы кезеңі болып шықты. Аң кездесе қоймай, мақсатсыз жүрістен жалыққан мен, көлігімізді анадайдан көрінген төбеге, дәлірек айтсақ төбеден гөрі қысқалау қыратқа ұқсас жалға қарай бұрғыздым. Басына ауыл қондыруға жарамағанмен бір шама тегіс, сәл созыла сұлаған құмдақтау жал-төбе болып шықты. Талай жолаушыны жолынан қалдыра басына шақырған төбе болуы керек, табиғатқа ойран салып өтер өркениет іздері сайрап жатыр. Қалбыр дейсің бе, қаңылтыр дейсің бе... Дегенмен ақшотауы мен шағыры, түйеқарын мен балықкөзі араласа өскен бұл төбенің әлі де сәні кете қоймапты. Міне ғажап, аласалау обасы да бар болып шықты... Құмды даладағы тас оба мені бірден ой теңізіне шомылдырды да жіберді. Осындайда адамға бұралқы сұрақтар да үйір-ақ...

...Бұл оба ненің белгісі?..

...Маңайында тасы жоқ бұл қиянға оба үйген кім болды екен?..

...Тасты қайдан алған?..

...Бұл жәй оба емес әлде кісі мүрдесі ме?..

...Жас жігіттер түстік қамына кірісіп кеткен. Олардың елсіз далада, иесіз төбеде шәйнек ілген мосысы, астына жағып жатқан газы – мынау техника заманының бұл азаматтарын сонау қазақтың көшпенді бабаларының тұрмысымен жалғастырып жібергендей еді...

...Менің үйіндіні зерттей қарап жүргенімді байқаған – денесі сәл ертелеу молайғанына қарамай ел аралалауға, жол жүруге жалықпайтын, Бозашы өлкесінің тірісі түгіл өлісін де “жатқызып-өргізетін” осы сапарға шақырған інім қасыма келіп: “Сәке, бұл жалдың, мына обаның тарихын білесің бе?” – дегені.

– Жоқ.

– Бұл жер “Шұбар ат жалы” деп аталады.

Екеуміз де келісіп қойғандай обаға сүйеніп отыра кетіппіз. Інім бір шама әңгімешіл, бір шама ел тарихынан хабары бар адам еді.

Екі-үш ғасыр бойы ауыздан ауызға көшіп, құлақтан құлаққа жетіп, айтылған сайын ызасы ұмытыла, алыстаған сайын қасиеті арта түскен, ежелден бұл өлкенің әр перзенті өзінен кейінгі ондаған ұрпақтың өміріне өнеге, ерлігіне үлгі ретінде үлкені айтудан

жалықпайтын, кішісі тыңдауға ерінбейтін “Шұбар ат жалы” атты хикаяны бастап кетті...

...Сонымен... Қазақ-Жоңғар шайқастарында ерлік даңқымен атағы бар қазаққа танымал болған, жасы жетпей ақылы толысқан, он бесінде батыр, жирмаға толмай ел ағасы атанған Шотан батыр адайлардың алғашқы легін Үстүрттен Маңғыстауға құлата бастайды...

...Сонау бір аласапыран заманда еркімен бе, еріксіз бе, әйтеуір, адайлар Жошы, Бату тұқымына еріп Қырым мен Қап (Кавказ), Таң (Дон) мен Қазақ (Азов) асып кеткенінде есіз қалған Маңғыстауды түрікмендердің егдір, шәудір деген тайпалары иемденіп, бауыр басып кеткен болатын. Кейін жоңғарлар да қоныстас бола бастаған. Адайлардың ата қонысы Маңғыстауына осы ораларында алғашқы келген алпыс үй Бозашының солтүстік шығыс жағына қоныс тепсе керек... Егдір-шәудір мен адайлар арасы Шұбар ат уақиғасына дейін ынтымақты, тату көршілік жағдайында болыпты. Бұл татулыққа негізгі себеп болған егдір-шәуділердің өз бауырлары Жәуміт түркімендер шабуылына ұшырап, қолды болған мал-жанын адайлардың көмегімен қайтарып алғаны себеп болғанға ұқсайды. Соның арқасында аз үй адайлар Маңғыстау ойына құлағанда түрікмендер онша тарлық жасамады. Тегі бір екі ел тез араласып кетіп еді. Тарих дөңгелегінің бір бейбіт кезеңіне тап болған бұлар той тойласып, ас берісіп, бақ пен байлық бәсекесіне түсіп, абырой мен атаққа таласып, келінді бірге түсірісіп, қыздарын бірге ұзатысып жатты. Бұл жолы да олар бір-бірін тойға шақырысты.

Ал бұл той – ерекше той болатын...

Байлығы аңызға айналған Ескелді Саназар бай қыз ұзататын болып елге сауын айтқалы, бас бәйгеге тоқсан жеті байтал тігілетіні ел құлағына шалынғалы Маңғыстау ойы түгел атбегілік өнерге бет бұрғандай болатын. Бірақ бәйгіден дәмелілер де, ат жаратпайтындар да Саназардың бас бәйгі “бір атақты қыздың қалыңмалы” деген шешімін қолдамайтын. Өзара әңгімелерінде “Түрікмен арғымақтарынан бізге аламан жарыстың бас бәйгесі түгіл, от басының орамалы да ауыспас” деп күңкілдесетін.

Саназар түрікмендерге сыйлық көрсеткісі келсе қора-қора малынан у-шусыз бөліп бере салмай ма дейтіндер де табылып жатты.

Ел намысының ескерілмегені қалай? Ертеңгі күні өз елінің басқа жұрт алдында абыройы олқы, көңілі орта болып тұрарын қалай сезбейді?..

Саназар бай адайлардан шашуға жететін байлық табылғанмен шашуға арналған намысының жоқ екенін білуге тиіс еді ғой...

Ел Саназарды тірі әулие санап жүргенде, не ойлағаны бар екен?..

...Адайлар бұл кезде ұзақ жылдар бойғы сұрапыл соғыстардан сәл қолы босап, бейбіт өмірдің қызығы мен бәсекесіне, шаруа мен тіршілік қамына көбірек көңіл аудара бастаған кезі болатын.

Әлгідей қаңқу әңгімелер Саназар байдың құлағына да жетіп жатты. Бірақ бай қамсыз емес-ті.

Ол әуелі Шотан батырмен ақылдасқан. Батырдың ақылымен Арқада қалған атақты зергер, ұста, тамшы Жүсіп пен сыншы Шылиды алдыртты. Шотан батыр түрікмен көршілерге адай елінің өнері мен күшін, ауызбірлігі мен адуын мінезін, әсіресе жігіттердің әскери рухының жоғарылығын, есебін тауып, байқатып отыру керектігін қайта-қайта айтудан жалықпаушы еді.

Маңғыстаудың ежелден адай жері екенінің дәлелі ретінде Жүсіп шеберге Аузорпа жеріндегі ескі қорымдағы бір баба басына Азау даласында салдырғандай бір сағана тұрғызу жүктелді. Той артынан баба басына тәу ету ойластырылды.

Тойға дайындық жұмысы қыз ұзату үшін емес бірте-бірте түрікмендермен бәсекеге түсу мақсатына айналып бара жатқандай еді.

Саназар басқа шаруалардан сәл қолы босаса жылқы аралап жүрген сыншыға жететін. Өзіне біткен сан мыңдаған жылқы ішінен жалынан сыйпарлық бір мал таппаған Шыли сыншыға оның соңғы күндері сенімі кете бастады. “Тоқсан жас бұл сыншыны да жеңген екен” – деп, қолдағы дәмелі аттарын Шылидан басқаларға жараттыра бастаған.

...Тоқсанға келсе де қарттыққа әлі бой алдыра қоймаған Шыли аз ұйықтайтын кісі екен. Бүгін де тым ерте тұрып, ауыл сыртындағы төбе басында, жаңа шығып келе жатқан күнді қарсы алып тұр.

Қасына келген Саназарға бұрылып қарамастан:

– Тонау не? – деді.

– Күн ғой!

– Ой бар болғыр, мені күнді танымайтындай алжыды деп тұрсың ба?.. Күннің астындағы не деп тұрмын.

– Ол бір кішкене төбешік.

– Ал, бай-еке, сүйінші.! Сол төбешіктің арғы жағында тұяқты жылқы түгіл қанатты құсқа шалдырмас арғымақ тұр. Кәзір таң алдында аруақтар аян берген болар түсіме кірді. Аттарды келтір, барып қайталық...

Бұлар сүт пісірімдей уақытта, асығыстау желе-жортып төбе басына да жеткен еді. Төбенің күншығыс жағы тіршілік ұясындай жып-жылы қазан шұңқыр екен. Жан-жағындағы қырқалардан сәл ертерек көгере бастапты. Жаңа шығып келе жатқан күнге өз тынысымен тірлігін білдіре үн қосып жатқандар. Таң мезгілін дұрыс пайдаланып қалалық дегендей боп, бір-бірінен алдындағы көкті қызғанғандай қапылып, жерден қылтиа көтеріле бастаған көк басын бырт-бырт үзе асығыс қыбырлап жүрген қойлар, оларға қарап қатып қалған қимылсыз

қойшы. Бүгінгі қой қарбаласынан да, ертеңгі өзі себепкер болар ел дүрбелеңінен де бейхабар, басы салбырап мүлгіп тұрған қойшының шұбары. Ат қасында жатқан қазақы арлан төбеттер... Олар иттігін білдірерлік ырым жасап “әуп” ете түсті де, “біздің бар шаруамыз Шұбардың ұйқысын қору ғана” дегендей, орындарынан да қозғалмады. Бейсеубет жолаушылардан сескенгендей кейіп танытқан қойшы, жеделдете басып атына жетіп, тез қимылмен айылын тартып, асығыстау мініп те алды. Жақындай бере байды танып даурыға сәлем берген оған ернін жыбырлатқаны болмаса назарын шұбар аттан аударма алмаған Шыли сыншы:

– Тап соның өзі! – деді, сенімді үнмен.

– Япырым-ай, ә? – деді Саназар, күдігі барын байқатқандай боп.

Қойшының ер-тұрманын аудартып тастап, қаражал Шұбар атты жетегіне алған Шыли қарт сол күннен бастап бұл өмірде Шұбар аттан басқа да тіршілік мұраты бар десе таңырқардай еді.

Шұбардың тұла бойынан оған ұнамағаны аттың күтімсіз кеткен тұяғы ғана болды. Кісі қолы тимеген мүйіз тұяқ ұзара өсіп жарылып, тіпті кейбір жерлері кетіліп те кетіпті. Тұяқ мұнтаздай тегістелді. Шұбарға арнап тігілген үйге тақырдан саз алдыртып, оны тұяқ еркін бататындай етіп күніне бірнеше мәрте ылғалдатып екі жұма атты сазға тұрғызды. Енді Шұбардың тұяғы дөңгелене, мүсіндене сәніне келіп, шапқанда ат салмағын қиналмай көтеретіндей, қатты ысып кетпейтіндей қалыңдап, сыншының көңілі бітерлік дәрежеге де жетті. Саназардың өзі таңдап берген екі балаға кезек жем бергізіп, су құйдыртып алыстан бағып тұратын сыншы, қолда өскен, кісіге үйірсек малдың қай балаға көбірек мейірлене қарайтынын анықтай алмай, біраз күн екі ұдай боп та жүрді. Ақыры, Шұбардың бір күні алдыңғы балаға назар аудармай сәл кейін келе жатқан Шопанқұл қолындағы шелек суға бас қойғанда, Шыли көңілін басты. Сол күннен бастап жеке-жеке үш тіршілік иесі біртұтас денеге айналды. Тіршілік қазығы Шұбар ат та, Шыли мен Шопанқұл тірлігі Шұбардың жемі мен суы, сідігі мен тезегі, тері мен терісіне байланысты болып қалды. Анда-санда Саназар бай келіп бұлар қасында ұзақ отырып, Шылидан ат жарату өнері жөнінде, адайлардың соңғы рет Маңғыстаудан қашан кеткені, осы ұзақ қилы замандарда не істеп, не қойғаны жөнінде әңгіме тыңдайтын. Басқа уақытта күш-қуатын үнемдегендей боп ыммен бұйырып, қолмен жұмсап отыратын сейіс, Саназар келсе қабағы ашылып, көзі нұрланып, аяқ астынан әңгімешіл кісіге айналып жүре беретін...

– Ақсақал, Сауранда Үш Жүздің бас қосып берген асында Сіз ат оздырды дейді ғой! Сіздің арқаңызда “адайлардың көкмойыны” деген сөз шығыпты, ол не сөз?.. Талай естіп жүрген бұл әңгімені Саназар атақты сейістің өз аузынан естігісі келгендей, сыр тарта сұрақ қойды.

– Ой шырағым-ай, о заманда кім ат жаратып қарық қылып жатты дейсің? Ол кез – күнде қиқу, күнде шабуылдың кезі емес пе? Дәмелі

атты бір-екі күн сылап-сипап қоса салатын уақыт еді ғой ол. Біз осы ұзақ ғұмырымызда жас болдық, өмір сүрдік деп айта алмаймыз. Шешініп төсекке жатып, уайымсыз ұйқыдан оянған күндеріміз аз болды. Ешкімнің басына түспегей ондай заман. Жоңғар деген жау шығып, ел берекесі қатты кеткен кез еді ғой... Тәуке хан біздерді Алатаудан Сауран маңына көшіріп, елдің бас аяғы жиналмай, тіпті кейбір ағайындарға хабар тимей Алатау маңында қалып, үйіріне қайта қосыла алмай да қалмады ма...

...Маң дала...

...Тұп-тұнық ауа...

...Тылсым тыныштық...

...Әр бұта – дала көркі...

...Әр оба – ел тарихы...

...Соларды ел мұрасына айналдырар әңгіме...

...Соларға табынған болмыс...

...Соларды аңсаған сезім...

...Обаға сүйеніп ой толғап отырып, қиял қанатында бағзы замандар уақиғасына араласып та кетіппін...

...1710 жылдары қазақ халқының басына бір зобалаңның жақындап қалғанын сезген Тәуке хан – Түркістан, Сауран маңына атағы мәлім ержүрек тайпаларды қоныстандыра бастайды. Ноғай мен қазақ айрылысқан заманда Еділ-Жайық бойынан Алатауға қоныс аударған, ерлік даңқы ертеден мәлім адай тайпалары Хан бұйрығымен Сауран маңына орналасады. Осы кезеңдегі жоңғар-қазақ шайқастарында атағы шыққан алты тайпаға Төле би кейін:

Асыл тусаң Керей бол

Үш қазаққа мерей бол.

Уақ болсаң Шоға бол

Даулы істе жорға бол.

Арғын-Қыпшақ болсаң Алтай бол,

Найман-Қоңырат болсаң Матай бол.

Байұлы болсаң Адай бол,

Үйсін болсаң Ботпай бол –

Бұл алтауы болмасаң

Қалай болсаң солай бол – деп, мадақ сөз айтқан екен.

Адайлар осындай жағдайда қоныстанған Сауранын үш айнала көшіп, сол маңайда жарты ғасырдан астам арпалыс соғыспен ғұмыр кешіп, 1770 жылдар жобасында (жоңғарлар елі жер бетінен жойылғаннан кейін), Сауранды өз иелеріне босатып, ата-баба қонысына бет түзейді де, алдымен Жайық, Жем, Үстірт маңына жетеді. Қазақтардың ұлы хандарын көрген, қазақ елінің біртұтас ел болып сыртқы жауларымен азаттық соғысында шыныққан адайлар орыс

мемлекетінің қолдан құрған Бөкей хандығын мойындағысы келмейді де, алғашқы легі Қырдан Ойға құлай бастайды...

Ол кезде бұ қоныс түріпендер иелігінде болатын.

Сонау Жошы хан, Батый хан замандарында – Маңғыстаудан Қырым-Кавказға, ноғай заманында Еділ-Жайыққа, қазақ хандығы құрылғасын Еділ-Жайықтан Алатауға, Алатаудан Түркістан-Сауранға көшкен, бес ғасыр бойы қасиетті ата-бабаларының сүйектерін жат жерде қалдырған адайлар өз мекеніне үлкен сағынышпен қауышады. Алыста қалған баба мүрделеріне деген құрметін жаңа тұрғызған мазарлары арқылы көрсеткендей болып, ерекше сәнді күмбездер тұрғыза бастайды... Ал өткен күндерге деген сағыныштарын әр төбеге оба үйіп басқандай болады... Маңғыстауда басы бос төбе болып жарытпайды, оларды не оба, не мола қарайтып тұрады. Әр обаның өз уақиғасы, әр моланың өз тарихы бар...

– Түрікмендер де жылқы малын құрметтейтін ел. Ақсақал! Сіз байтақ қазақтың Үш Жүзінен де өнер асырып, атақты аста ат оздырғанда осы азғантай егдір-шәудірлерден де сескенесіз бе?

– Әрине, бірақ түрікмендерден де ат оздыруға болады. Ол үшін біріншіден жылқы танып, сосын оны дұрыс жарата білу қажет. Сонан соң біздің аттарды осындай тойларда екі көш, ал үлкен астарда үш көш жерден жіберген дұрыс.

– Шұбарыңыз қаншаға шыдайды деп ойлайсыз?

– Әуелі елу-алпыс шақырымға жіберіп бір байқап көрелік...

...Асығып – сенің тынышыңды да алмайтын, кешігіп – сенің берекенді де кетірмейтін уақыт деген өзі біліп, өзі тындырар құдірет бұларды той күніне де жеткізді...

...Той көктем мен жаздың астасқан шағына сәкес келді...

...Бар тіршілігі тоқтышақ жұмыршағының тойғанына, ене мал емшегіне жүгірген сүт молдығына байланысты көшпелі елдің көңілі өсіп, қанағаты молайып, қарнының да, көңілінің де тоят табатын кезі. Осы уақыт күні-түні ірімшік пісіріп құрт қайната еңбек ететін де, той тойлап ас бере көңілденер де мезгілі...

Той – аз ауыл беріштер тобын бастап Есболайдың, оның әрқайсысы бөлек-бөлек ауылға айналған балалары – Итемген, Көтен ауылдарының келуімен басталды. Көптен бірге көшіп, бірге қонған ағайындар, тойға келмей қалғандардың атын атап, түсін түстей іздеп те жатыр. Енді аз уақытта түрікмендерден басқалары түгел түгенделіп те қалып еді.

Сәске түс шағында негізгі қонақтар – түрікмендердің де қарасы көрінген. Саназар оларды қарсы алуға әдейі дайындаған алпыс жігітті атқа қондырып, өзі бастап шықты. Шотан батырдың бұл әрекеті – біріншіден адайлардың өз ата-баба қонысы Маңғыстауына түрікмендердің шатақсыз қоныс бергеніне білдірген ризашылығын

білдіру болса, екіншіден, керек болған жағдайда, атқа қондырар азаматы барлығынан да хабардар ету болатын.

Той сәтті басталып, жақсы өтіп жатты. Бірақ бәсеке бар жерде даудан, көрші бар жерде жаудан қашып құтыла аларсың ба?.. Аттарды қарақшыға жіберер жерде ешкім астына от жақпай-ақ пісуі жетіп тұрған даудың иістене бастаған буы өз-өзінен бұрқ ете қалды.

Алдымен екі көш жердің қай төбеден басталатыны дауға түсті. Ақыры оны қозы көш жерге бері жылжытып барып мәмілеге келісті. Содан кейін бәйгі жолында балаларға жол сілтеп тұратын қарақшы аттылар санына таласты. Ақыры бір адай, бір түрікменнен жеті қарақшы қоймаққа келісті.

...Бұлардың болмашы нәрсеге бола дауға дайын, жанжалға жақын тұру себебі – әзірге екі ел арасында ашық айтыла қоймағанмен, өкпе-бауырды кеселді дерттей сыздатып бара жатқан, жер мен қоныс уайымы еді. Алпыс үй адайға бола Бозашыдан айрылуға айналды. Ал алпыс үй алты жүзге айналса не болмақ?.. Бозашы емес, Маңғыстау қоныс бере алар ма оларға?.. Алты жүзі алты мыңға жетпесіне кім кепілдік бере алады?.. Онда аз ауыл егдір, шәудірге Қарақұмға дейін ысырылуға тура келер... Қиян шет Маңғыстауда отырғанда желкелеп жүрген Жәуміт ағайындар бұларға құшағын аша қояр деймісің?..

...Ал адайлар болса тегі бір туыс ел емес пе едік дейді...

...Өз жерімізге, ата-баба қонысына қайта оралсақ, жанжалсыз жерімізді босатпай ма дейді...

Бұл ойлар жүйкеге тиер, жүрек сыздатар ауыр ойлар болатын. Содан да болар, осындай жағдайға ұшыратып отырған адайлар көзге түссе, түрікмендердің сыздаған жарасынан сыз шығып кетіп, бетін сыйпағалы отырған алақаны жұдырыққа айналып жүре беретін. Кей-кейде орынсыз шектен шығып кеткендерін байқап, сабасына қайта түсуге сылтау таппай отыратын да кезі болатын. Бұл жолы да шырығып отырғандарды сәл босатып жіберуге Шылидың бір ауыз сөзі себеп болды. Көпті көрген қарт қарақшыға жақындаған бәйгі аттарды тартудың шабандоз балаларға қауіптілігін нақты мысалдармен дәлелдеп, ендігі жерде ат тартуды доғаралық деген ұсынысқа екі жақ бірігіп қартқа қарсы тұрды.

– Демігіп келе жатқан жануарды сәл демеп жібермесек, не үшін келеміз тойға? – деді, біреуі.

– Қарақшыға жақындағанда қосыла шауып қол ұшын бермесек аулымызға ат оздырдық деп қалай мақтанып барамыз? – деп, бұра тартты, біреуі.

– Қанымызға қызу берерлік қызығымыздан айырмақсыз ғой!..

– Онда қай аттың озып келгенін тойға бармай, үйде жатып та естімейміз бе?..

Шыли ұсынысы қабылданбады, бірақ бұл бәріне керек сөз болып шықты. Аңдысып отырған екі жақты сәл нәрседен де болса мүдделес

етіп, олардың осы әңгіме үстінде тым алшақтап кетуіне мүмкіндік бермегендей болды...

...Осы кезде даладағылар, айтылып жатқан әңгімеден хабары жоқ, қызықшыл жандар, бұл тойдан жанына керектің бәрін де алып жатқан болатын...

...Адайлар түрікмендердің домбыра сазына бас шайқасып, таңдайларын қағысса, әндерінің үні көмекейге кептеліп шыға алмай қалатын жерінде қыран-топан күлкіге батты.

...Түрікмендер адай термешісі терме сөздерін үсті-үстіне төкпелеп, құлақ естіп, сана саралалап үлгере алмай жатқанда: “Әй адайлар, асықпасаңдаршы. Әлде тағы да көшетін болып, барлық жырларыңды айтып кеткілерің келіп жатыр ма” – деп, келеке етті.

Бұл тойда қымыз да көп болды, қызық та мол болды.

Адай әйелдерінің етегін ышқырына қыстыра салып, бір-бірінің белдерінен гөрі мойындарынан ұстауға тырысатын күрес-жағаласын көргенде түрікмендер де аттарынан түсіп қала жаздап, қауқылдасты.

Өмірі өзге әйелдің аппақ арқасы түгіл жылт еткен балтырына көзі түспеген түрікмендер күресіп жатқан келіншектердің тағы қандай жері жалаңаштанып қалар екен дегендей, ер еңселі, палуан пішімді қазақ әйелдеріне тамсана таңданумен болды. Күлкіге мас болып басы былғақтап, түсіп кеткен сеңсең бөріктерін ат үстінен қамшыларымен көтеріп алып, көздерін бір сүртіп бастарына киіп жатты.

Ал келіншектердің жаяу жарысында түріп алған балақтары жазылып кетіп, өз балақтарына өздері сүрініп құлағандарын көргенде бұл топыраққа енді қайтып адам баласының жасы тамбастай, аспанын бұлт торламастай еді. Қымыз тәнін, ойын жанын жадыратқан тойшылар бұл сәтте қызықтың бір сәттік, өмірдің бір оқтық екенін ұмытқан да болатын...

Халық қызыққа тоймастай еді...

...Кенет көп күлкіні, көтеріңкі көңілді “аттар көрінді” деген бір ауыз сөз су сепкендей басып тастады...

Жұрттың бұ мінезі қазақ пен түрікмендердің сәні мен қызығы, өмірінің қасіреті мен қуанышы – тойда ат оздыру болғаны ма? – деген сұрақ қойғызғандай еді.

...Бәрінің ойында жалғыз сұрақ – кімнің аты?..

...Жүзінде жалғыз абыржу – кімнің аты?..

Ас, тойларда көбіне аттары озық келіп жүретін түрікмендерді, жап-жаңа ғана әзілі жарасып тұрған қазақтар енді қызғаныштың суық ызғарына шалынған сұқты көздерімен ата бастады.

Кәзір сеңсеңдеріңді аспанға лақтырып мәз боласыңдар-ау” – деген қызғаныш оты еді, ол...

– Жалғыз келеді!

– Боз ат! Үстінде бала жоқ секілді!

– Жоқ, баласы бар, жалына жатып алыпты!

- Саназардың Шұбары!
- Әруақ!.. Әруақ!.. Әруақ!..

...Кәзір ғана адайлар үшін қол жетпес биікте тұрған түрікмендер енді көзге ілінбек түгіл, көңілден де орын ала алмай қалған болатын.

...Кеше қойшы мініп жүрген жаман шұбар, керек болса ешкімнен ұрқсат сұрамай кез-келгені міне шабатын шабан шұбар осы сәтте ұсынсаң қолың жетпестей алыстап сала берді. Ендігі жерде оның арқасына тақымың тимек түгіл, жалын сыйпайтын жерге қолыңды жақындата алмайтындайсың.

Еңселері биіктеп, аруақтары айбындап тұрған адайлар кешегісін де ұмытып, ертеңін де болжаудан қалған секілді. Тап осы сәтіндегі жеңісін барынша пайдаланып қалайын дегендей түрікмендерді тұқырта түсуде...

Бұлардың ақалтеке арғымақ деп жүргендері сақалтеке ешкілер екен ғой. Бірде біреуі кісінеуге жарамай жолда тұрып бақырып, бауыздалған ешкідей құлап жатыр дейді...

Бұлардың аттары біздің қатындарды жіберген жерден жіберсең алдына жан салмайды...

Жылқы етін жейтін бе еді бұлар?.. Жейтін болса боршаға қарық болатын болды ғой...

Қонақтар кенет бөлектене, шоғырлана бастады. Жарыста аты қалып қойған олар өздерін-өздері кісі санатынан шығарып тастағандай, шеттей бастады...

Түрікмендер азалы еді, енді ызалана бастады. Арғымақтарының қазақтың жабысынан қалып қойғанына күйіп бара жатқан намыс атты сайтанына, ақыл атты ұялшақ періште сезімнің әлі келмей бара жатты. Едір, шәудірдің ханы аталған Ұланақ бектің көзінің оты мұп-мұздай боп жан-жағын қарып тұр. Ат жаратушылар оның бетіне енді қайтып тіке қарай алмайтын халге жеткен. Ұланақ маңайындағыларды сыз жанарымен тағы да бір сүзіп өтті де: “Енді не істейміз?” – деді.

Адайларға беделің бар, ер құнын берсең де осы Шұбарды сатып ал – деді, бір түрікмен.

Бесатарымды алғызбадың, адайлардың сыбағасын шұбардың маңдайынан кіріп желкесінен шығар бір-ақ оқпен бере салатын едім – деп, құтырынды тағы біреуі.

Кешегі алпыс кісімен алдыңнан шыққаны бізге етілген құрмет емес, ол көрсетілен күш. Бұлар Маңғыстауға сыймайтындай боп көбеймей тұрғанда, осы аз ауылды келген жеріне қайтару керек. Оған жүрегіміз тұрмайтын болса, онда қоныс іздей бергеніміз дұрыс болар. Бір шешімге тоқтайтын кезің келген секілді. Егдір мен шәудірдің ойы осы. Сен не десең де бізге дұрыс. Тұрыс десең тұрысамыз. Кетіс десең кетісеміз...

...Бұл әңгіме Саназардың асқа шақырғаны туралы хабаршының келуіне байланысты, үзіліп қалды да, Ұланақ қасына аз адам ерітіп, бай үйіне бет алды.

...Атақты байдың үйіне бұл маңайдағы жұрттың сөзін сөйлер билер мен қаруын ұстар батырлар, малын бағар байлар мен елін бағар ақсақалдар шақырылған екен.

...Көптің аузында көптен көрмеген тойдың қызығы мен бұрын көз көріп құлақ естімеген тұлпар туралы әңгіме... Шұбардың әлі бір көш жерге еркін жетерлік демі мен күші қалғандығы туралы мақтаулар...

...Шылидың көріпкелдігі мен өнері...

...Ас желініп болып, бата жасалғасын Саназар шақырулы қонақтарына арнайы дайындалған сыйлықтар үлестіре бастады. Бірі тігулі шапан кисе, бірі шапандық матаға, бірі дайын тымақ кисе бірі тымақтық аң терісіне ие болып жатты. Кезек Ұланаққа жетті. Саназардың қызметшісінің қолындағы бұл өңірде көп кездесе бермейтін, асыл матадан тігіліп, алтын менен апталған, күміс пенен күптелген сәнді шапан жұрт назарын ерекше тартып бара жатты. Саназар шапанды қолына алып, Ұланаққа арнап сөз бастап кетті.

...Мынау асыл шапан Алла тағаласы бақ берген, ақылымен ел-халқының сүйіспеншілігіне бөленген жоғары мәртебелі Ұланақ бек сіздің иығыңызға лайық деп тауып отырмыз. Қазақтар ат-шапан деп қосарлап айтады. Кермеде атыңыз байлаулы. Тойымыздың жақсы өтуіне атсалысып, ағайындық пейілдеріңізді танытқаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Еліңізге достық сәлемімізді жеткізіңіз. Бұйымдарыңыз болса оны да айта отырыңыз. Қолымыздан келгенінше орындауға тырысып көреміз.

Ұланақтың көкірегіндегі манағы мұзды мына көрсетілген құрмет жібітіп жібергендей еді. Елп ете қалмағанмен қыңыр тартпай жақсы жауап қатып, ат-шапан сыйлығына рахметін айтты. Оның қазақтарға айтқан рахметі шамына тиіп кеткендей төрт-бес түрікменнің ең төмен отырғаны қолындағы теріні айналдыра қарап: “Әй, осы тері біздің түлкілі сайдағы бір түлкінің терісі-ау! Енді өзіме басқаның сыйлығы болып қайта оралып отырғанын қарасашы. Ал, Ұланақ бек, жаңа Саназар бай бұйым сұра демеді ме? Мана бұйым сұраса Саназадан Шұбар атты қалаймын деп тұр едің ғой. Есіңнен шығып кеткен жоқ па?” – деп, отырған қауымға шешілуі қиындау бір түйінді ұстата салды. Ұланақтың өз аузынан шықпаған бұл сөз егер аузы жеңілдеу адайдың бір шалы: “Естімеген елде көп деген осы екен ғой. Мыналары басынғандық қой” – демесе, мүмкін елеусіз қалар ма еді, қатер еді.

Айтылып кеткен осы сөз Ұланаққа тіл қатқызды. Ол жайлап қана: “Ондай бұйым сұрағымыз келгені рас еді. Бірақ басынғандықтан емес балам сол Шұбар атқа құмар болып қалыпты. Саназар берген ат-шапан бұйым сұрататын емес. Сіздерге мен енді бұйым ретінде емес, сол Шұбарды маған сатыңдар деп салмақ салғалы отырмын” – деді. Тағы біреу бірдеңе бүлдіріп қоя ма дегендей басқалардан бұрын жауап

қатқан Шотан батыр: “Жарайды, қонақтар ниетін білдірді ғой. Мал иесі Саназар, ақылдасып көрер. Сіздер аттанғанша жауабын да бермес деймісің?” –деп, орнынан тұратындай ыңғай білдірді.

“Қош, сау” айтысып тойға келген ел тарасып жатты. Саназар қасында Шотан мен Есболай бастаған аз ғана ел ноқтасын ұстағандар қалыпты.

“Ажырасатын ағайын қимасыңды сұрар – деген екен аталарымыз. Бұлар қимасыңа жабысып отыр. Бір ат елге тыныштық бола ала ма?. Жауласудан жалыққасын осы түбекке келіп тығылмап па едік. Жауласуды емес бейбіт өмірді іздеп келмедік пе? Берелік сол атты. Бірақ бұлар кетісуді ойлаған секілді. Бір атпен бітісе қояр деймісің? Кейін тағы бір нәрсе ойлап табар. Қамдану керек пе деп қалдым ғой” – деді, болашақ болар бір дүбірді сезгендей болып, Шотан батыр.

Саназар, сен не айтасың дегендей, Есболайға қарап еді, ол Шотанға қарап, сөзін соған арнағандай етіп айтты.

“Егер олардың ойы Шотан батыр ойлағандай әріде болмай, атқа құмарлықтан туып жатса, онда түрікмендерден мал сұрамай адам сұрау қажет. Түрікмендер қызын басқа ұлтқа бермейді. Қыз сұралық, мүмкін бұл әңгіме түйінін өздері шешер” – деді, бұл істің шатаққа айналмауын қамдағандай боп.

Ақылдаса келіп, түрікмендер мүмкін қыз беруге келісе қоймас деген дәмемен, Шұбар атты бір қыздың қалың малы деп бағалады. Келіспесе, кетісуге себеп іздегені. ...

...Жақсы басталған той арты ел басшыларына соншама ауыр салмақ артып кетіп еді.

...Тойдан сұрағанын алып қайтқан түрікмендер екі елдің қақ ортасындағы бір төбе басына аялдап, Шұбарды орталарына алып, көңілдері толмай, өздерінің арғымақтарымен салыстырып жатты.

Бойы анау, тұрқы мынау, осыдан қалай шабыс шығады?..

Мойны қамшының сабындай. Ал осы Шұбардың сыйрағы манағы мен мүжіген қазақ қойдың асық жілігінен онша ұзын емес пе деп тұрмын...

Мынаны арғымақтардың қасында мініп жүруге біздің жііттер ұялатын да болар!..

...Ұланақ мана мылтығын іздеген түрікмен жігітіне ым қағып: “Ал адайлардан кегінді алсаң міне тұр алдыңда олардың қимасы, бердім еркін саған” – деді.

“Мынадай атақ-даңқынан кешегі қойшының торшолағы атанған күнім жақсы екен-ау” – деп, өкініштен салбырап кеткендей, сұлқ тұрған Шұбардың басын, үзеңгіге көтеріле бере қайқая шапқан түрікмен қылышы мойнынан бөліп әкетті... Ышқына шапшып, атып кеткен Шұбар, өз басынан қарғып өтіп, жерге дүрс ете қалды...

...Түркімендер де шу ете түсті...

...Тойдан кейін екі күн өткен. Мал баққан ауылдың тіршілігі сәл саябыр табатын сәске түс шамасында Саназар үйінде қалғып жатқан Шыли ұшып тұрып: “Тұр бай-еке! Бір жаманат хабар жақындап келіп қалды!” – деді. Есікке таласа далаға шыққан екеуінің көзіне сар даланы дүбірге толтырып, батыс жақтан жұлдыздай ағып келе жатқан салт атты ілікті. Түрікмендер бідеңеге ұшырады ма екен?..

Түрікмендердің өзі аттанып келе жатпасын?..

Теңізден түспесе, бұл жақтан келер жау жоқ еді ғой, солардан басқа?..

Әне-міне дегенше ауылға жақындап, атынан түскен өз жылқышысын таныған бай: “Хабар жау туралы болмады. Әйтпесе ондай хабар хабаршыны атынан түсіріп, әдеп сақтатып қоймас еді” – деп, өзін-өзі жұбатқандай болды. Қамшысын бүктей ұстап білемдей, жағын ашпай тістене сөйлеген жылқышы, сәлем берместен:

Түрікмендер Шұбар аттың басын шауып өлтіріп, далаға тастап кетіпті – деді, күйіне.

Шотан батыр сезген екен, айтқаны келді – деді, Саназар бай, қасындағы сыншыға абыржи қарап.

– Әй, дінсіздер-ай, қолы қалай көтерілді екен! Аруақты мал еді, атар аруағы, тексіздерді – деді, Шыли.

Шапқыншылар жан-жаққа аттанып жатты. Іңірге тарта, осындай қысылтаяң кезде ақыл қосарлық ел жақсылары, түгел жиналып та қалған еді...

Хабар осылай. Бұны түрікмендердің анық жаулыққа шақырғаны деп түсіну керек шығар – деп сөз бастады, Саназар бай, болған уақиғаны толық баяндап болып.

– Қайда барсаң Қорқыттың көрі деген екен аталарымыз. Жаугершілік өмірден қанша қашсақ та, ол іздеп тауып алып тұр-ау, бізді. Бірақ түрікмендер біздердің құмырсақдай қытаймен де, жөңкіген жоңғармен де, орманнан көп орыспен де ұстасып көргенімізді білмейтін болар. Олар салмақ салса біз айбат көрсетерміз. Олар айбат көрсетсе біз қайрат көрсетерміз. Бір амалын табармыз. Өткенде салмақ салып Шұбар атты алып кеткесін мен Арқадағы елге хабаршы жібергенмін. Келіп те қалар. Жігіттер біраз аламанды еріте келер деп те ойлаймын. Малды ауылға жақындатыңдар. Қарауыл төбелерге кісі қойыңдар. Басына отын үйіңдер. Кешегі алпыс жігітті қару-жарағын дұрыстап ертеңге дайын етіңдер. Басқа шаруалардан қапы қалмаудың қамын істеңдер – деп, барлық билікті де, сөзді де Шотан батыр өз қолына алды. “Енді хабаршы келген күні біздің үйде кездесеміз” – деп, ел басына күн туғанда ел басшысы өзі екенін танытқандай еді...

...Төбе басына ел көп жиналды. Шұбар ат өлімтігін көміп, үш нарға арттырып алған тастан оба үйілді. Кеше хабар айтып келген жылқышы Шұбардың құйрығын кесіп алып құрығына байлап оба басына шаншыды...

...Көшелі торы мінген Шотан батыр айбындана жан-жағына көз тастап, қамшысын жоғары көтерді де, бүкіл Бозашыны жаңғырықтырар зор дауыспен сөйлеп кетті.

Ағайындар! Елдің елдік атын тек қана адамдарының ерлігі мен мінезі шығарып қоймайды, байлығы мен малы, өнері мен өнегесі де шығарады. Сондықтан да біздер ешкімге құдығымызға түкіртпей, малымыздың басына ұрғызбай, жеріміз бен малымыздың қасиетін сақтап келдік. Өнегеміз бен өнерімізді қадір тұтқандықтан өзіміздің қасиетімізді сақтап келдік. Кәзір өз қолдарыңызбен мына төбе басына көмілген тек қана бір Шұбар ат мүрдесі емес, ол елдің намысы да. Шұбар ат сырты түк мал емес еді, ол елдің қасиеті мен киесі, арманы мен үміті еді. Әйтпесе ол Шыли сәуегөйдің түсіне кірер ме еді! Бүгін көмілген мына намысымызды аршып алғанша біздің тыныш өмір сүруіміз мүмкін емес. Соған белді байлайсындар ма? Әлде ит-құсқа жем болып жатырған бір мал соңында ел басын қатерге тігер қылыққа бармайық дейсіңдер ме? Шешіңдер кәзір!..

– Байлаймыз басымызды!

– Қорлыққа қор болған бас кімге керек!

– Бізге бас емес намыс қымбат!..

...Батыр риза болғандай “бәрекелді”, “бәрекелді” деді де, шулап бара жатқан жастарды тоқтатып:

– Естеріңде сақтаңдар, осы төбе бүгіннен бастап “Шұбар ат жалы” деп аталатын болады... Бұл уақиғаның немен аяқталары белгісіз. Бірақ адайлар намысын таптатыпты деген сөз артымызда қалмасы анық!.. Енді уақыт өткізбей іске кірісу қажет! Тап осы арадан Ұланақ аулына аттанамыз. Жігіттерді бастап баратын өткірлеу жас керек. Кімге сеніп тапсырамыз?..

Саназар:

– Қаһарлы Ұланақ көзіне қасқиып қарай алатын қасқыр мінезді қайсар керек болса да, тапсырған сөзіңді бұлжытпай айтып барар тақ-тақ таңдай керек болса да, мына Қараны жұмса, ұятқа қалдырмас” – деді.

Саназар сөзін ойланбай қабылдаған Шотан батыр Қараға қарап: “Кәзір жүз жігітті менің көзімше он-оннан сапқа тұрғызасың. Сол саптарыңды бұзбай, еш жерге аялдамастан, Ұланақ аулына барып менің сәлемімді жеткізесің. Ол сәлем үш ауыз сөзден тұрады.

– Біріншісі – Намысымды қорладың, Ұланақ бек! Бірақ біз оны таптатып қоя алмаймыз!

– Екіншісі – енді дәл жеті күннен соң Қырдан жеті мың әскер келеді, тұрысатын жерін айтсын.

– Үшіншісі – оған дейін мені шауып алам десе де еркі, мен дайынмын. Міне осы үш сөз!

– Осыларға қосымша, егер жүректері оған тұрмаса жеті күнге дейін Бозашыны босатып, батысы Жармыш, ортасы Ақмыш, шығысы

Қошаққа дейін ығысып қонсын! Сырттан қарауылдап тұрамыз. Айтылған жерлерге ығыссаңдар Қырдан әскер құлатылмайды! Басқа келіссөз болмайды. Барлық ендігі іс-әрекет Сіздерге байланысты. Соғыс бастасаңдар – соғысамыз! Бозашыны босатсаңдар – бейбіт көрші боламыз! Істі бастаған өздерің, аяқтайтын да өздерің боласыңдар...

Жас та болса алып денедегі есепсіз күшімен, қиқар мінезіндегі өткір тілімен көзге түсе бастаған Қара палуан “құп” деп жауап қатты...

...Алла тағала жаратқалы елеусіз жатқан бұл төбе осы сәттен бастап “Шұбар ат жалы” деген атқа ие болып, ғасырдан ғасыр асырып айтылар аңыз желісінің бас тақырыбына айналып жүре берген еді...

...Аз топпен ауылға қайтқан Шотан батыр мен Саназар бай үйінде жиын құрып, Қарадан хабар күтіп қалған-ды. Ымырт үйіріле сол кеткен күйінде қатарларын бұзбастан, лек-лек болып он-оннан сап түзеп келе жатқан салт аттылар көрінді...

...Қара палуан мен қасындағы үш кісі бұлар үстіне кіріп келгенде үй іші тым-тырыс бола қалды да, қаншама жәйбарақаттық көрсетемін дегенмен бұл кеңесте отырған үлкендердің бар ойы, бар тынысы Қара палуан аузынан шығар хабарға бағыныштылығын сездіріп алып еді...

– Батыр аға, айтқаныңыз сол күйінде орындалды. Сіздің соңғы сөзіңізді естігенде Ұланақтың басы сылқ ете түсіп еді, содан мойын омыртқасы басын ұстай алмады, кәлләсін көтермеді. Біз жауап тосып ұзақ тұрмадық, қайтып кеттік – деп, Қара аз сөзбен сапар барысын баян етті.

...Бұл кезде жүз түрлі ауыздан жүз құбылып түрленген Қараның Ұланақ аулына жорығы кешегі той әңгімелерін ысырып тастап, Маңғыстау ойпатын толтыра, Ойдан Қырға қарай Атырау толқындарындай жарыса кетіп бара жатты...

...Уақиға айтуға да тұрарлық, тыңдауға да тұрарлықтай болған болса керек. Сап түзеген жігіттер Ұланақ аулына жақындағанда құдықтан жылқы суарып жатырған түрікмен аулының кісілеріне кезігіпті. Жылқыларды қамшылап айдап тастап, астауға қой айырғандай он-оннан жіберіп, Қара әуелі аттарын суарып алыпты. Төбе басындағы азғантай адамдар ішінде Ұланақ отырғанын естіген Қара, араласып кетпеуін қатты тапсырып, жасағын төбе етегінде сап құрған күйінде қалдырып, өзі аттан түспей Ұланаққа сәлем берместен сөз бастапты...

– Әй, түрікмен ханы, Ұланақ! Қолқа салып сұрап алып, Шұбардың басын кескенде іздегенің шатақ болса келді міне алдыңа сол іздеген шатағың! Мені Шотан батыр үш-ақ сөз жеткіз деп тапсырды.

– Біріншісі – егер ол адайлардың намысына тимек болса, онда дегеніне жетті – деп, хабарлауды тапсырды.

– Екіншісі – Адайлар дәл жеті күннен соң жеті мың сарбазбен ұрысқа дайын болады. Тұрысатын жерін айтсын – деді.

– Үшіншісі – жеті күн күтіп жатпаймын десе қалаған уақытында бастай берсін, қарсы алуға дайынмын, бірақ біз оларға жеті күн мұрсат береміз, не ақылын жинауға, не әскерін жинауға мүмкіндік етеміз, өзіміз ешқандай әрекет жасамаймыз – деп уәде етті. Келіссөзге адам жібермесін, айла-шарғымен құтылам деп ойламасын. Бізбен келіссөз Бозашының Жармыш, Ақмыш, Қошақтан бергі жағы босаған соң ғана басталмақ. Ертең сәрсембі. Келесі сәрсембінің таңында біз осы жерден табыламыз. Ал егер жылжып қонсаңдар, онда жауласу тоқталды, келіссөзді бастауға болады дегенді білдірмек – дегенде, Ұланақтың жағы байланып қалыпты...

...Түркімендер бопсаға үш-ақ күн шыдапты...

...Биыл Бозашыда қыс қатты болады. Оң жаға жақтың оты мол, бүкіл түркімен ауылдары солай көшкелі жатыр деп қауесет таратыпты...

...Түрікмендер орыс жерінен қоныс алып қара қайықпен көшіп кеткен ағайындарының артынан көшкен дұрыс дейтін көрінеді...

...Хиуа ханы түрікмендерді көшіріп алғалы жатыр дейді...

...Қонысын сақтай алмаса да намысын сақтап қалу жолында амалсыздық тудырып жатқан әңгімелер осылайша жалғасып жатты...

...Жыл мен Күннің, Тағдыр мен Таланның сәтін күтіп отырған адайлардың көптеген ауылдары Шұбар аттың уақиғасы себеп болып, Қырдан Ойға құлай бастаған еді...

Ақтау. 1.10.2000 жыл.

Шалбас ат

...Шалбас ат уақиғасын біз Ергенғұл қарттан естіп едік. Ол кісі ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткендіктен көкірегінен шыққан әр ойдың орынды болуына, аузынан шыққан әр сөздің мағыналы болуына мән беріп, ауыздан шығып ауаға тараған әр сөздің тәрбиеші екенін де есінен шығармай отыратын адам екен. Ергенғұл аға бұл әңгімені Маңғыстаудың аса бір қадірлі азаматы, көрнекті жыршысы, шежіреші ақсақалы Сарманов Төребайдан естігендігін айтып: “Жарықтық Төкең, естелік әңгімелер айтқанда өз ойынан бір ауыз сөз қоспай естіген күйінде айтатын, таза адам еді” – деп мақтап, Төрекең ақсақалдың шыншылдығына тәнтілігін байқатып еді...

...Кезінде талай жанардың жасын ағыза, талай жүректің етіне жара сала, екі ел арасына бітіспестей қастық туғызған бұл уақиға, енді екі жүз жылдан соң елдің елдігін танытары – ері, ердің ерлігін танытары – тәуекелі, ал адам пендесінің намыс жолында қимас қымбаты жоқ екенін мойындатар дәлелі ретінде айтылып жатады...

...Сіз де, қымбатты оқушым, осы әңгімені оқи отырып – адамның мал үшін емес малдың адам үшін жаратылғанын еске түсірсеңіз, осы

уақиға кейіпкерлерінің қандастары мен қарындастарын не үшін құрбан еткенін түсінбей бас шайқасаңыз, олардың ақыл-өресі мен іс-әрекетіне баға беріп, сондай қадамға итермелеген қандай күш екені туралы ой толғасаңыз, ара-арасында әңгіме авторын да есіңізге ала отырарсыз...

...Бұл уақиға адайлардың бірте-бірте сыналай кіруінен ығыса-ығыса түрікмендердің кейбір ауылдарының Бозашыдан Қаратау маңына қарай толық қоныс аударған кезінде болған екен деседі...

...Қысы қарсыз, жазы жаңбырсыз өтіп, шаруаға жайсыз тиген сол бір сәтсіз жылы, Ақмыш-Жармыш маңын мекендейтін түрікмендер жылқыларын Бозашы құмдарына қыстатуға адайлардан ұрқсат алады.

...Ата-баба қонысы Қияқты құмдарында жылқы қыстататынын естігенде Құрбанның қуанышында шек болмаған еді. Өзі туып-өскен Бозашысын түбегейлі қайтарып алғандай болып, малына да, өзіне де үйреншікті, туған жер топырағына жеткенше асық болыпты...

...Жан-жағы теңізбен қоршалған жарты арал, шұрайлы кең алқапта екі ел жылқышылары тез достасып, көптен көрмеген ағайындай тез араласып кеткен екен.

Құрбан – бір шаңырақ астында бір-ақ рет бірге түнеп шыққан жанды бауырындай көретін, бір дастарханнан дәм татысқан бейтанысын қарындасындай сағынатын түрікмен халқының ең жақсы үрдісінде тәрбиеленген, ақкөңіл жан болатын. Қой сойып, қол қусырып қонақ еткен Доспамбет құрдасы – бұ күндері оның жан беріп, иман бөлісердей досына айналған. Өзі жоқта малының иесіз қалмайтынына көзі анық жеткен Құрбан бірнеше рет Ақмыштағы аулына апталап жатып та келген. Бірақ қай заманда да жүз жыл аштық жоқ, жүз жыл достық жоқ... Бұл жолы да солай болыпты. Бар пәле Шалбас биеден басталған екен...

...Келешекті кім болжап білген. Құрбан да болжай алмаған. Әйтпесе, Доспамбет құрдасына, ылғи арғымақ туатын, Шалбас биені көрсетіп мақтанар ма еді?

...Қарашы, Доспамбет, ана Шалбас биеге! Қарыны жер сызып келе жатырған Шалбас биені айтамын... Сезесің бе, құрсағында нағыз арғымақ жатырған жоқ па?.. Бұл биенің тағы да арғымақ туатыны әлден-ақ белгілі бола бастады...

...Құрдасы Құрбанның аузынан сол сөз шыққалы, өзінің сол сөзді құлағы естігелі Доспамбет жүрегі басқаша соға бастады... Содан бері көкірегіне бір өзезіл орнығып алып, оны күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айыруға айналған... Доспамбет сол өзезіл-сайтанды қуып шықпақ боп әлденеше рет талаптанып та көрді. Әлі істелмеген қылмысы үшін кейде өзін-өзі жазғырып бастаса, сол өзезіл ортаға киліге кететін болып алды. Доспамбет өзін-өзі даттап та көрді, ақтап та көрді... Бірақ көбінесе арашалауға құмар. Сондағы дәлелі – бұл түрікмендердің екі қылқұйрығының бірі арғымақ, екі арғымағының бірі тұлпар емес пе? Бір құлыннан ештеңесі кете қоймас. Ал, Шалбас биенің арғымақ құлын

тумауы да мүмкін ғой?.. Ауыл көрші, мал аралас... Бір төлдің ауыс-күйіс кетуі болып жатпай ма?.. Ал жаңа туған құлынның қаншасы ит-құс несібесі...

...Доспамбет Шалбас биенің құлындайтын кезеңін шамалап та қойған болатын. Тек сол шамада Құрбанды аулына жіберетін бір нәрсе ойлап табу керек... Қалай сәті түседі деп арамдық ойлап жүргенде аяқ астынан сылтау табыла қалғаны... Қаратау бойындағы түрікмен тамырына барып келген бір кісі сол жақта болғалы жатқан той туралы хабар алып келіпті. Доспамбет – Шалбас биенің тумаған құлыны арғымақ болып, ол бәйгіге қосылып, атақты аста аты озып келген адайлар әлемге әйгілі болып қалғандай қуанды...

...Шалбас бие де Доспамбет пиғылының орындалуына көмектесейінші дегендей, Құрбан жолға аттанған күні-ақ үйірінен бөлініп, оңашалана берді. Оттауын доғарып, қайта-қайта аунап, мазасыздана бастады... Доспамбет “иә, сәт” деп, болашақ жарыстарда маңдайы жарқырап, топ алдында жалғыз өзі жұлдызша ағып келе жататын Шалбас қасқаны көзіне елестеткендей, шыдамы кетіп, ат үстінде тыныш отыра алмай, Шалбас биемен бірге толғатып, бірге мазасызданатындай жағдайға жеткен еді...

...Көктемнің сол жайраң күнінде әдемі арғымақпен тойға кеткен Құрбан, үш күн той тойлап, кір-қоңын жуғызып, қайтып оралғанша Доспамбет ойдағысын іске асырып та үлгерген болатын...

...Тойдан қайтқан Құрбан мыңдаған жылқыны көзбен шола, көңілмен түгендей аралап, жаңа құлындаған биелерге ризашылығын білдіргендей, құтты болсын айтқандай боп, әр төлді көзі шалған сайын күлімсірей бас изеп, төлдерінің түр-түсін жадына тоқып келе жатты. Ақыры көзіне Шалбас бие де шалынды. Езуіне кіре берген қуаныш күлкісі Шалбас биенің бауырындағы құлынға көзі түсіп кеткен сәтте ғайып болып, Құрбан қатты тіксініп қалды. Аузынан емес көкірегінен жарып шыққан үн оған: “Мынау құлын емес күре ғой!” – дегізген еді... – Ойпырмай, Шалбас биеге бөтен айғыр артылғаны ма?.. Әлде, құрдасы Доспамбет, қаралық жасады ма?..

...Найзағай отындай жылт ете қалған жымысқы ой, жаны таза Құрбанды, одан әрі қарай жамандық ойлауға жетектей алмаған-ды... Енді сол ой, бес жылдан кейін басына қайта оралып, құрдасы Доспамбеттің кісілік қасиеттеріне шек келтіре, түрікмендердің тойына адайлар қосқалы жатқан шалбас аттың түрікмендердің өз малы екенін дәлелдеуге тырысып жатты...

...Мәстектің оңтүстік жағындағы Тобықтының ойына түскен көл құрғамастан күз жаңбырына ұласатын. Көл суын қорғай айнала қонған түрікмендер Ойдағы, Қырдағы адайларды осы тойға арнайы шақырған еді. Бұ кездерде екі жақ та, есебін тауып, бір-біріне барғыш-ақ. Екі ел араласа берсе, алыс-берісі көбейе түссе деген үмітпен ел жақсылары ойын-тойға бір-бірін көбірек шақырысатын...

Сәл нәрседен ілік іздесетін адайдың шатақ жігіттері бұл жолы тойға келмей қалды ма, әлде түрікмендерден кінә таппады ма, әйтеуір, бұл той ерекше ың-шыңсыз өтіп жатты. Бәйгі аттарын: “Екі көш, үш көш жерден жібереміз” – деп керілдесетін адайлар бұл жолы бір көш жерлік қашыққа да үнсіз келісе салғанды...

Шалбас ат көзіне шалынғалы сезік атты жылан сезім ішкі құрылысын түгел тінтіп шыққан Құрбанның күткені де осы сәт болатын. Олардың бір көштік жерге келісе салғаны Құран күдігін дәлелдеп шыға келді. Ойында енді ешқандай сезік қалмаған Құрбан той иесін оңашалап, бұдан бес жыл бұрын болған уақиғаны айтып берді...

Ақылдасуға осы тойға қатысып отырған елдің бас көтерер адамдары шақырылды. Олар аттардың бәйгеден келуін күтуді, Шалбас ат келсе, жиналған елге осы уақиға туралы хабарлап, ал бәйгені аттың шын иесіне беруді жөн деді. Ал әзірге әр ауылдың басты адамдарына ғана ескертіп, жігіттерді дайындап қойған дұрыс деп шешті.

...Бір топ аттың алдында оқ бойы озық келе жатқан Шалбастың тілеуін тілеп қапталдай қосылған адайлардың алдын орай, кілең ұшқыр арғымақтарға мінген түрікмендер Шалбас атты қарақшыдан өте өз қамқорлықтарына алып, жабуын жауып, суытатын баласын миңгізіп, жанына басқа жанды жақындатпай оқшаулай бастап еді...

Бөріктерін аспанға ата қуаныштары қойнына симаған адайлар ендігі сәтте бөлектене, топтана бастаған. Шалбас атты баптап бәйгіге қосқан Доспамбеттің ағасы Жексенбектің ұсқыны кетіп қалыпты. Бір пәленің болғанын сезіп, айқай шуға араласпай, бес жыл бұрын болған уақиғаны сөз басталмай жатып мойындағандай жүні жығылып қалған екен...

Сол сол-ақ екен, өкіндірген өкпелер мен әлі шешуі табыла қоймаған даулар әр көкіректен сызаттана жол тауып, бір жылғаға құйылып, олары біріге сала үлкен арналы дауға айналып жүре берді. Батырлары қаруға, билері сөзге жармасты.

Екі жақтың билері аз ғана сөз қақтығысынан соң тап осы жиылған ел алдында, дәл осы сәтте Құрбан мен Доспамбетті ортаға шақырып жауаптау қажет деп шешті. Тойға келмеген інісінің орнына ат қосқан Жексенбек шығарылды. Шын сөйлейтіндеріне ант бергізісіп, құран ұстатылды.

Әуелі ортаға Құрбан шақырылды. Ол сол жолы қалай тойға барғанын, хабарды Доспамбет жеткізгенін, содан соң Шалбас бие құлынын көргенде арғымақ күтіп жүргендіктен “мынау құлын емес күре ғой” дегеніне дейін есіне түсірді.

Бұрын-соңды ортаға түсіп ысылмаған, әрі қосқан атының түбінде бір шикілік барын сезген Жексенбек адайларды ақтап аларлық ештеңе тауып айта алмады. Оны жауаптаудан билердің анықтағаны бұдан бес жыл бұрын інісі Доспамбеттің көктем кезінде енесі өліп қалған бір шалбас қасқа құлынды артып әкеліп, ерекше қамқорлауын өтінгені

болды. Осы мойындаудың өзі түрікмендерге Шалбас атты өз малымыз деп иемденуге жеткілікті дәлел секілді болып көрінген.

Көптің пікірі де түрікмендер дәлелінің тынақты екеніне ден қоя бастады. Ел алдында ұятты болып тарқамауы үшін адай биі әзірге Шалбас аттың түрікмен жағында қала тұруына қарсы еместігін, бірақ бұл даулы мәселенің дұрыс шешімі екі жақтың да Шалбас аттың ата-енесін алып келіп тексергеннен соң анақталатынын баса айтты.

...Осындай көпшілік жиналған жерде аруақтары айбындырақ түсіп жүретін адайлар бұл жолы пысы басылып, жүні жығылып, елдеріне қаралы көштің соңына ерген адамдардай үн-түнсіз қайтып бара жатты. Ата жауы жоңғарлардың жер бетінен жойылып кеткенінше қырқысқан, тіпті қара құмырсқадай Қытайға қыр көрсетіп жатқан қалың қазағына арқаланып, күшін көрсетіңкіреп, зорлығын өткізіңкіреп үйреніп қалған адайлар мына қорлыққа қатты күйініп бара жатыр еді. Бірақ өздерінің орталарында аз ғана адамнан құрылған батыл топтың бір іске бекінгенін олар білмейтін-ді...

...Ортаға шығып күмілжіген Жексенбек түрін көргенде Қонай батырдың ұлы Бегеш түтігіп кеткен.

Мына сүмелек біздің ауылдың қатындарынан туған бала ма, әлде асыранды пәле ме?.. Түрін қарашы, аз болса да осы тойда арқалы елі тұрғанда неге күмілжиді? – деп, ым қағып үш-төрт серігімен шеткері бөліне берген.

“Ана судырақ билердің сөзіне сеніп аттан айрылып қалмалық. Арымызға ондай таңба бастырып алсақ, онда ол таңбаны өзіңнің емес он ұрпағыңның сүйегінен жуып кетіре алмассың. Болашақ туар баланы ойламағанда, айтыңдаршы, елге барғанда оздырған аттарың қайда демей ме? Десе не деп жауап береміз? Түрікмендер тартып алып өзімізді айдап салды дейміз бе?.. Мені бұл маңда ешкім танымайды. Өзекті жанға бір өлім, маған жұпынылау киім тауып әкеліңдер, мен ел аралаған дәруіш болып осы жерде қаламын. Есебін тауып қолыма түсірсем Шалбасты міне қашамын. Бірақ сүлдері құрып тұрған атпен бұлардан құтыла алмайсың. Бастарыңды намыс жолына тігетін болсаңдар онда мына үшеуің: Мамырдың Серәлісі – сен, Тоқабайдың Бірәләсі – сен, Тоқтамыстың Еспембеті – сен, осы үшеуің торуылдап, осы маңайдан көз жазбайсыңдар. Бір кісіні кәзір мына топпен жібереміз, ол бұлардың ішінен он шақты батыл жііттерді алып қалып Түлкілі-Бөгенбай маңында күтетін болады. Келісесіңдер ме осыған?.. Ал келіссеңдер онда ел намысы үшін бастарың қатерге тігілді, өкінбейтін болыңдар! Келер ұрпақтан “бір мал үшін бастарын өлімге тіккендері несі” дейтіндер табылар, бірақ біздің бұл ісімізді қарғайтыңдар табылмас. Ал Алла тағалаға ісімізді оңғара гөр деп жалынып, тілек тілелік”...

Бегеш батыр сөзін бас изесе құптаған серіктері беттерін сыйпасты да, үн-түнсіз тарасып кете барды...

...Киім ауыстырған Бегеш, қолындағы таяғына сүйеніп, жұрт көзін үйретпекке ауыл үйлерін аралап көбірек көзге түсумен болды. Ол қалай болғанда да атты дәл осы күні қолға түсірмекке бекінген еді.

Әзірге Шалбас ат маңы босамай тұр. Не де болса жарық барында алу керек, қараңғы түссе таптырмай кетер деген оймен, үй-үйді аралап, жарапазан айтып, берген ас-суларына алданған болып уақыт өткізді. Бесін намазын оқып алып, аттар байланған керме жақтағы шеткі үй көлеңкесін паналап ұйқыға кеткен дәруіш-дюана ақыры күткен сәтінің туғанын шамалаған еді. Маңдайын кермеден сәл бұру ұстаған Бегеш аттар тұсына жақындай бере кермеге бұрылды да, ендігі бір сәтте Шалбасты мініп жортып бара жатты. Атқа міне шаппай, атты алдырғанын білгенге дейін біраз жерді жәйбарақат ұтпақ еді. Ойы дұрыс болды. Айқай-шу басталып, мылтық ата бастағанға дейін ол біраз жерге жетіп те қалған-ды.

Күн ыстығынан бұлыңғыр тартқан Аманқызылиттің сеңгір тұмсығына маңдайын түзеген көзсіз ер, Бегеш батыр жайдақ мінген Шалбасқа тақымын қыса белгі беріп: “Ал жануар, сын сағаты туды біздің басқа! Көмектесе гөр!” – деді, атқа жалынғандай болып. Арт жағына жиі көз тастап, байқап келеді. Бұның соңына бес-алты кісі түсіпті. Оңтүстік жаққа да, солтүстік жаққа да шапқыншылар кетіп барады. Олар сол маңайдағы елді көтеріп, Қырға шығар жолдарды кеспек. Бегеш өз болжамының дұрысқа шыққанын сезіп, құтылып кеткендей-ақ көңілдене түсті. Тек қана бұл қалдырған үш тоқауылға қарсы біраз кісі келе жатыр. Біреуінде мылтық бары анық... Біздің жігіттер ана көрінген Тобықты жалының маңында күтіп тұрған болар. Алыстан атойламай, ұрымтал тұстан ұмтылса жақсы болар еді-ау...

Тоқтамыстың Еспембетін бекер қалдырдым ба?.. Тым жас екенін ескермеппін ғой... Тентек неме бірдеңені бүлдірмесе жарар еді...

...Кеше ғана отыз шақырымдай шабыстан келген Шалбас ат күшін жинап қалған секілді. Қуғыншыларды онша жақындатар емес. Біздің адамдар қарсы кездесе, мүмкін бірге кете берген дұрыс болар ма?.. Осы ой басына оралуы мұң екен, кәп-кәзір ғана “ұрымтал жерден тиіссе ғой” деген ойы өзін шошындырып жіберді. Оларға бір араласқасын қашып құтыла алмайсың. Қаруланып шыққан бес-алты кісі үш адамды тірі жібере ме?.. Шіркін-ай, алдымнан қарсы шықса ғой... Бірге тарта берер едік...

...Әні-міні дегенше Тобықтының жалына да жетіп қалды. Тосқауылға қалдырылғандар көрінбейді... Әлде ілгерірек барып жасырынды ма екен?.. Бегештің көкірегін “әттеген-ай” деген өкініш тырнағы осқылап, қан-жоса ғып бара жатты...

...Кенет арт жақта анық бір нәрсенің басталғанын сезгендей боп жалт бұрылып еді... Бұны селт еткізген, жауларын сәл өткізіп жіберіп, қапталдан қосылған үшеуінің ұрандаған айқайы болса керек...

...Жауға шауып, жекпе-жек соғыстарда жырынды болып қалған бұларға қуғыншылардың соңында кейінірек келе жатқан үшеуі оңай

олжа болып еді. Бірінші қылыш сермескен сәтте-ақ үшеуі үшеуін түсіріп тастап, ілгері ұмтылысқан-ды. Бірақ олар жауларына қылыш сермейтін жерге жете алмай, бесатардың оғынан аттарынан домалап түсіп жатты. Тек қана бір оқ Еспембеттің өзіне тимей атына тиген екен. Аттың астында қалып, аяғын босатып ала алмай бұлқынып жатқан алып Еспембетті түрікмендер қыл шылбырмен домалатып байлап тастады...

...Түлкілі-Бөгенбайда Бегеш айтқандай он шақты кісі емес, адам көп екен. Шалбасты жетектеріне алған қаруы жоқ бір тобы ілгері кеткенде Бегеш батыр киініп, қару-жарағын асынып, өз атына мініп те алған болатын. Серәлілерден дәме қалмады. Бірақ олар тірі болса да, өлі болса да өз міндеттерін өтеп үлгерген еді. Алғашқы қарқынмен шыққан қуғыншылар жолда тоқтатылды. Түрікмендер енді Қырға асатын жақын жердегі асуға жеткізбеуге тырысады. Асығыста көп қол жинап үлгере алмасы айқын... Олардың жолы бұл араны айналып кете алмайды...

Бегеш жігіттерін үш топқа бөліп, көзге түспейтіндей тасалау жерлерге орналастырып болғанда, Қырға шығар қия жолды бұлардан бұрынырақ иеленіп алмақ болып, асығыс келе жатқан түрікмен жасақтары да көзге түсті...

...Тәңертең сәтсіз шыққан бұл күн өз ұясына батуға тақағанда қазақтар Түлкілі-Бөгенбай басына он шақты түрікмендердің мүрдесін тайыздау қазылған қабірлерге жерлеп те тастаған болатын... Содан бері сол жер “түркімен сүйегі” атала бастады...

...Түркімендер де Сералы мен Бірәлінің бетін жасырып, қолға түскен Еспембетті өз атына көлденең артып алып, ауылдарына қайтқан болатын...

...Ембі тауларының басын жайлап отырған түркімен ауылдарында аяқ-қолы кісендеулі тұтқында жүрген Еспембет қорлыққа шыдай алмай, сәті түскен бір күні шыңнан ұшып өліпті. Ол жер кәзір “Еспембеттің қандығы” аталады...

...Бұл әңгімені естігенде ата-бабаларымыздың біз әлі күнге толық түсіне алмай келе жатқан талай оғаш мінездері мен құпия қылықтары бұрынғыдан бетер тағы да сана жетпес жыраққа қашықтап, ақыл шешпес жұмбаққа айналып кете барды...

Ақтау. 13.10.2000 ж.

Балуанияз Құласы

Алла тағаланың ерекше мейіріммен – махаббат пен сағыныш, ізгілік пен қайырым қасиеттеріне ие етіп, сонымен қоса соншалықты қатыгездікпен – ақымақтық пен арсыздық, жауыздық пен жыртқыштық деген пәлелерін де аямай бойына сіңіре салған адам атты тіршілік иелерінің Жердегі, Судағы, Көктегі мұқтаждарын өтеу үшін құдіреті

шексіз сол Алла он сегіз мың ғаламды да жаратыпты. Үштен біріне жан бітіріпті. Сол жан иелерінің кейбіріне ақыл мен ой, өшігу мен сүю секілді адамға тән қасиеттерді де қоса сыйлапты. Міне осыларының ішінде адамдарға – адамдардың өздерінен де артық беріле алатын, адамдарды – адамдардың өздерінен де артық жақсы көре алатын, сол адамдар секілді өздерін өздері ақыл мен сана арқылы басқара алатындары да бар. Олардың бірі ит болса, бірі – жылқы. Құдай сәтін салған күні ит жақындарымыз туралы да, адам мен иттің мінез жағынан ең жақын мақұлықтар екендігі туралы да жазармыз. Ал біздің бүгінгі әңгімеміз жылқы туралы. Жылқы болғанда да Балуанияз Құласы туралы!..

...Бұл уақиғаның 1856 жылдың жазында болғандығы бізге тасқа басылған тарихтан белгілі. Ал аңызға айналып кеткен, Балуанияз Құласының түрікмендер қолына түсіп, бір жылдай тұтқын болып, ақыры қашып құтылып, мыңдаған шақырым шөл даланы кесіп өтіп, қожасының – оқ тиіп өзінің үстінен ауып түскен жеріне жетіп жығылып, дәл сол жерде жан тәсілім еткені туралы болған уақиғаны естімеген бүкіл Маңғыстаудан тірі жан таба алмассыз. Бірақ сол бір жыл ішінде Құла ат басынан қандай уақиғалар өтті, қандай азаптар шекті, оны көпшілік біле бермейді. Бұл әңгіме сол туралы...

...Балуанияздың мерт болғанына да жыл толыпты...

...Батырға ас беруді оның соңғы демі үзілген, жау оғынан мерт болған жері, қасиетті қаны төгілген жер – Қараған-Босағада жыл садақасын таратудан бастаған дұрыс деп шешті, ақсақалдар...

...Жер арасы шалғай болса да Қараған-Босаға басына ел мол жыйналыпты. Дәл бір жыл бұрын ел шетіне жау тигенін естігенде, асығыс: “Ал, кеттік!” – деп, өздерінен сан есе көп Хиуа әскерінің соңынан ойланбастан алпыс кісімен, алпыс кісі емес алпыс арыстанмен ұран сала ұмтылған Балуанияз, өзінен бес-алты есе көп жауды тас-талқанын шығара жеңеді. Жауларының тірі қалғандары қаруларын тастап аттан түсе бастағанда, астындағы тұлпарына сенімді біреуі жырыла жөнеледі. Балуанияз дәл осы жерде дұшпанын қуып жеткенде, құмалақтай қорғасыннан ажалын табады...

...Міне, қалың ел – Балуанияздың қаны тамған, бір жыл бұрын жүздеген қыз-келіншектің, бастарына түскен құлдық ноқталары сыпырылған осы жерге мінәжат ете келіп, көз көрмеген, құлақ естімеген ғажайыпқа кездесіп отыр. Өз көзіңмен көрсең де сенбестей, өз құлаңыңмен естісең де нанбастай уақиға... Ел – Балуанияздың құлаған жеріне қойылған белгі тасқа тұмсығын тіреп, терісі – ірелмей жатып тулаққа айналған, өзі – жаны шықпай жатып аруаққа айналған, бар тіршілігінде бір жұтым су ішпегендей, бір оттам шөп аузына салмағандай боп арып-ашыған Балуанияздың Құласының үстінен шығады. Оның осы жерге, Қожасының өзінің үстінен ауып түсіп қаны төгілген жерге, қашан жеткенін ешкім білмейді. Құла жұрттың жиналатынын білгендей, бәрінің келіп болуын күтіп тұрғандай, ел

жиналып болған соң басын сәл көтеріп, елімен жерімен қоштасқандай жан-жағына көз тастайды да, соңғы күшін жинап бір кісінеп құлап түседі...

...Осылай аяқталған Құла ат хикаяты былай басталған-ды...

...Құла биыл қожасына өкпелі болатын... Өсе бастаған тұяғының қышуын қандыра, қоюлана бастаған қанын қыздыра маң даланы бір көсілтпегені... Жалын тарап арулап, сауырын сыйпап жабулап тойға да мінбеді. Құлағын да қасымады, құйрығын да өрмеді... Тұла бойында ширықпаған бірде бір мүше, тарамаған бірде бір түйткіл қалмайтындай етіп сылап-сипап баптайтын сейіс қолына тапсырып, бәйгіге де қоспады...

...Бұ күндері бұлшық еттері мен сіңірлерін май баса бастаған Құла, өз денесін өзі жатырқағандай, өзін-өзі жатсынғандай күйде болатын. Тұла бойын шымырлата шарлап өтетін қожасының: “Қанатым менің! Тұлпарым менің! Құла атым менің!” – деп емірене тұмсығынан сүйетін сәттерін сағынғанда: “Қайдасың, Қожайыным!” – дегендей, иен даланы сағынышқа толтыра, кісінеп жіберетін.

Құла шөп шалуын тоқтатып, иесімен соңғы қоштасқан жаққа қарап, ойға беріліп кетті...

...Осы төбенің күнгей бетінің шөбін таусып шығуды міндетіме алғандай-ақ, оттаудан басымды алмай, бәрін ұмытыппын... Мен еске алмасам ол да алмайтын болар, мен ұмытсам ол да ұмытатын болар...

Құла өзінің мына ойынан шошып кетті...

...Тыпыршып, найзаның ұшындай қамыс құлақтарын тіп-тік көкке шанша басын әнтек жоғары көтерді де, өз ойын өзі қостағандай басын “әрине солай, әрине солай” дегендей шұлғып-шұлғып жіберіп, жіберген қатесінің өшін жерден алғандай, жерді қорс қылып, алдыңғы аяқтарымен тарпынып, тарпынып алды...

...Әйтпесе, Қожасы бұрын мұнсыз аттап аяқ басатын ба еді?.. Бұл қарын қамын қамдап, оны ұмытқан екен... Бұл ұмытса о да ұмытады...

...Қап, әттеген-ай дегізген, іштен ышқына шыққан өкінішті шер дыбысқа айналып, өзінің шырқырай кісінеп жібергенін байқамай да қалды...

...Менің есіме түсті, енді мен де оның есіне түсермін!..

...Өзінің мына ойы ет пен қаннан жаратылған денесі түгіл қылдан өрілген құйрығы мен мүйізден құйылған тұяғын да қуанышты сезімге бөлеп жіберген еді... Оны сол сезімдер көтеріп бара жатты... Ол әуелі мойынын созып басын оқшырайтты. Сосын түп-түзу ғып құйрығын ұзарта созып жіберіп, серіппедей ширатылып бара жатқан бұлшық еттерінің күшіне шыдай алмай тұрған жерінен секіріп кетті. Сол сол-ақ екен, ен дала төсі дүбірге толып жүре берді. Өзі күтімді кезінде, жалы тараулы кезінде қарсы соққан желден қос қарыстай боп тікірейіп құлақ

түбінен суылдаған әдемі дыбыс шығарып тұратын жалы, енді ошаған мен қаріқыз тікендерінен ауыр тартып көтеріле қоймады. Құла, сендерді қалайда тікелеріңнен тік тұрғызамын, дегендей ерегесе, екілене жосылды... Жер таңдамады. Сай кездессе секіріп өтіп, жар кездессе қарғып өтіп, мынау иен даланың сәнін келтіре алатын да, оның тылсым тыныштығын бұза алатын да өзі екенін дәлелелдеп бара жатты...

...Ол, осылайша ойнақтап жүріп, төбе басында тұрған жылқышылардың өзі туралы не айтып тұрғандарын естіген де жоқ еді...

Жарықтық, ана Құлаға не көрінген?..

Ол тегіннен тегін бұлай етпесе керек еді...

Балуанияз батыр не жол жүргелі, не жорыққа аттанғалы жатырған болар ма?..

Балуанияз алыс сапарға шығарда Құланы баптап, таң асырып жатпайды дейді ғой. Келеді екен де мініп жүре береді екен. Құланың қасиеттілігі соншалық, бір-екі күн осылай шауып, өзін-өзі дайындап терін де өзі алады екен, бабын да өзі табады екен.

Құланың мына шабысы тегін емес... Қара да тұр, бүгін кеште, не ертең тәңертең келіп Құланы алып кететін болар...

...Құла – құладүзді дүбірге толтыра, аумақты ойды бір-екі айналып алып, енді үйір-үйір жылқылар жатқан төбе бауырына қарай екпінін бәсеңдетпестен ағызып келе жатыр...

“Бұл үйірдің қожасы менмін! Аулақ кет!” – дегендей боп, алдынан қоқандай шауып шыққан үйір айғырының қасынан сәл қиыс өте шыққан Құла дөң басына көтеріле бере кілт тоқтаған еді...

...Денесінің құрыс-тырысы жазылып қалыпты. Тұлабойы бір шама ащы терден де тазарған секілді. Ертең мына ойды тағы бір-екі айналып шықсам, қандай сапарға аттанса да Қожамды ұятқа қалдыра қоймаспын...

...Ертесіне сәскетүсте асығыс жеткен бес-алты кісі саяқ аттарды ауылға қарай дүркірете қуған еді. Бәрінен озық келген Құла Балуанияз отырған үй сыртына жетіп: “Неге мені қарсы алмайсың?.. Сағынып келдім!” – дегендей оқыранып, тұлпар тұяқтарымен жерді осып-осып жіберді.

Қара жер қозғалмай қозғалмайтын Балуаниязды мына дыбыс ұшырып әкеткендей еді. Қолындағы қымыз толы кесені төге-мөге жерге қоя салып, далаға атып шықты да, басын еңкейтіп мойнын соза берген Құланы құшақтай: “Қанатым менің!” – деді.

Тұлпарым менің!

Құла атым менің!..

...Жайбарақат отырғандай болып көрінген ауыл тірлігі өзгеріп сала берді...

...Жан-жақ ызы-қиқы... Бұғалық тастап, құрық салып жүрген ептілер... Ат ұстап, ат ерттеп жатқан адамдар... Қол жайып, Құдайдан

оң сапар тілеп жатқан үлкендер... Ерлері мен ұлдарын өлім сапарына қия алмай жаны қиналған жұбайлар мен аналар... Мынадай ызы-қиқыдан жүректеріне қорқыныш кірген балалар...

...Дайындық жұмыстары да аяқталып болды. Алпыс сарбаз сардарын күтіп ат үстінде сап түзеп тұр. Ақіреттік сапарға тең бұл жорық қаншалықты қатерлі болса, өз қолдарымен өлім жолына шығарып салып тұрған ел-жұрты соншалықты сабырлы еді...

Балуанияз батыр Қыбыла жаққа қарап, қолын жоғары көтерді де бәрі еститіндей зор дауыспен:

Ей, Алла тағала! Күші басым жауға өзіңнің әділеттілігіңе сенгендіктен аттанып барамыз!.. Жолымызды оңғара көр!.. – деп бетін сыйпап:

– Ал, кеттік! – деді...

...Құла бәрін де түсінді. Қожасының даусындағы екілене шыққан қуат толы екпін, ара-арасында Алласынан медет тілеген уайым, дірілі сезілген әлсіз тыныс – оған бұл сапардың барлық сырын ашып берген-ді...

Сол сәттен бастап жорыққа аттанғандар атқа да, адамға да тынысы мол шоқырақ шабыстан тынбастан күн қызылын семдіре аз ғана дамыл алған...

...Әрқайсысы өз қоржындырынан алған бір-екі білем құйрық майды турамай қылғытып, артынан ауыздарына құрт салып талмап сәл тыныстап жатқан түсі суық мынау жандарға қарап, Құла ат алда бір пәленің, зор пәленің күтіп тұрғанын анық сезіп, тұла бойы дір ете қалды да, Қожасына көз тастады...

...Балуанияз – сарбаздарына болашақ ұрыс тәсілін ежіктеп, оларды он-оннан бөліп, қайта-қайта қайталап, бір нәрселерді түсіндіріп жатты. Кейбір жас жігіттерге егделеулері ат үстінен қылыштасу сабақтарын жүргізіп жатыр. Бірнеше пысық жігіттерге қосақ ат беріп ілгері шаптырды. Негізгі жасақ жауға арттан тиіскенде олар екі қапталдан, Қараған-Босағаның адырларынан, шаңдата жылқы қууға тиіс болды.

...Барымтадан түскен сан мыңдаған малды шашау шығармай шаңға тұншықтыра, мына сайы мен саласы көп, адыры мен төбесі мол қауіпті жерден кеңге шығарып кетуге жанталасқан жәуміттер адамдарға да қатал қарап келе жатыр еді. Алғашқы кездескен сайға айдаушының көзін ала жалт бұрылған жап-жас бала қыздың көйлегі өткір қамшының пышақтай жүзінен дал-дұл боп қалды. Кеше ғана өз аулының не бір айбары асқан, не бір байлығы тасқан жігіттері жүзіне тура қарауға жасқанатын бұл арулар – біз бір елдің ажары мен абыройы едік деп, нұр жүздерінен айнаға қарап қуаныш табатын еді. Енді, бір-ақ күнде, асқақ кеуде, адуын мінез алпамсадай азаматтар түгіл, сол қасиетті жер топырағынан жаралған қойшы-қойманшының өзіне зар боларлық – жалаң аяқ, жыртық балақ күңге айналып шыға келіпті...

...Мал мен жанды шұбырта айдаған жүрісі жәй, бірақ тынымсыз жылжып бара жатырған күші басым жауды Үстүрт дөңіне шығып кеткесін аз адаммен ала алмайсың. Бұларды қуғыншылар өздерінің ұрыс салуға ең соңғы ыңғайлы жері Қараған-Босағада қуып жетті.

...Алла сәтін салып Балуанияздың барлық ойлаған ойы іске асты. Жаудың үш жағынан бірдей шаң көрінді. Соңғысы бұрын жетіп киліккенде, түрікмендер бұрын соғысып көрмеген ұрыс тәсілімен, үстерінен қаптаған селдей өте шығып, содан жалт бұрылып қайта қаптағанда, біразы баудай қырқылып түсіп жатты. Оның үстіне бұлар мен қоса жауларына үрей атты дұшпаны да бірге араласқан еді...

...Астындағы қашаған қуатын атын тақымымен басқарып, екі қолындағы екі қылышын бала қолындағы зырылдауықтай айналдырған дәу жылқышының бүкіл шатқалға симаған даусы да жаудың құтын қашырып бара жатты. Оның:

– Жандарыңды сақтаңдар!.. Аттан түсіңдер!.. Ат бауырына тығылыңдар!.. – деп, жалықпай салған айқайы, қылыштасқан алпыс кісіден кем еңбек сіңірмеді...

...Алғашқы сәтте біраз қидаласқан дұшпан жәуміттер, қос бүйірден қалың қол тақалған сайын, берекелері кетіп, бір-бірлеп түсе қалып аттарының бауырына бүрісе тығылып, беріле бастады.

...Ендігі бір сәтте ұрыс та аяқталып қалған болатын...

...Балуанияз бойын қуаныш сезімі билеп бара жатты... Оның көкірегін: “Бір де бірі тірі құтылмады” – деген, мақтаныш сезімі кернеп, сол сезім түлабойын жанға жайлы ем инемен түгел шабақтап өте шықты... Қараусыз қалып, төбе басына ұйлығып, болып жатқан ұрысты бақылап, бұлардың тілегін тілеп, Аллаларына жалбарынып жатқан қыз-келіндеріне көзі түскенде, батырдың маңындағы бар тіршілікті тұман басып жүре берген еді...

Кенет Балуанияздың құлағына:

– Кетті, кетті! – деген екі ауыз сөз жеткенде, тап кәзіргі бастан кешіп тұрған барлық қуанышын біреу сол сөз желімен ұшырып жібергендей әсер еткен-ді.

– Кетерсің атаңның басын! Құланың қуаты бойында тұрғанда сен жәумітті сақалыңнан сүйреп әкелермін, бұл араға...

...Бұл сөз қым-қуыт, ала-сапыран, ызы-қиқы, шым-шытырық түсініксіз замандағы, оның ерлікке толы өміріндегі аузынан шыққан соңғы сөзі болды...

...Кетіп бара жатқан жауды көзімен ұзатып тұрған Құла қожасы тақымын қысар-қыспастан-ақ ойын бірден түсінді...

...Қашқынның қолы жаралы болу керек. Ұрыс басталар-басталмаста ол бұларға қарсы келген. Оң қолдарындағы қылыштарын туғып көтерген екі батыр бір-бірінен маңдайларын аудармай тұп-тура қарсы шауып келе жатты. Бұйрық күтіп сақ шауып келе жатырған Құла оң жақ қапталын Қожасының оң жақ тізесінің қыса түскенінен тез жау

атының мінер жағынан өтуі қажет екенін түсінді. Бұ да оңға ауыса берді, Қожасы да қылышын оң қолдан сол қолға алмастырып үлгерді. Бұндай кезде жаудың не қолы кететінін, не басы кететінін бұл талай көрген. Бұл жолы да солай болған... Жау қылышы күнге жарқырап ұшып бара жатты...

...Құла ентікпей, демікпей жауларын еркін қуып жеткеніне әбден риза. Енді Қожасының тақымымен жетер бұйрығын күтіп жау торысының құрығымен тістесіп келе жатыр. Жау қолында қауқар қылар қару байқалмайды. Найза да көрінбейді, қылыш та жоқ тәрізді. Қожасы жауына арқан лақтырса осылай артында лесіп отырғаны дұрыс. Қылыш суырса жауды Қожаның қылыш ұстаған қолына шығару керек. Бірақ Қожасы қылыш та суырмады, арқан да лақтырмады. Ақыры Құланың күткен сәті де жеткен еді... Қожасы сол тізесімен сол жақ қабырғасына белгі бергенде Құла да серіппедей атылып бірден жау тұлпарымен бүйір тиістіре қапталдаса берді.

...Қожасы жауын қолмен аударып тастағысы келген болар...

...Дәл сол кезде алтыатар мылтықтың киім ішінен атылғаннан булығы, “тыңқ” ете қалған, даусы шықты да Қожасы үстінен аударылып бара жатты. Құла кері қайтпақ болып басын бұра беріп еді, ноқтасы жау қолында екен, тіпті артына мойын бұрып дұрыстап қарап та үлгермеді. Бірақ, көзі бір-ақ шалып қалса да, ол жер оның жанарына енді ешқашан өшпестей таңба боп түсіп қалған еді...

... Міне, содан бері жылға жуық уақыт өтіпті...

...Төрт ұзын саусақтары молақ болып қалған түрікмен бұны көндіре алмай торығып, ат қылып міне алмайтынына көзі жеткесін, басқа біреуге сатып жіберген еді...

Жаңа жерде Құла өзінің қатігез-тоңмойын, сезімсіз-надан жан қолына түскенін жанымен де, тәнімен де сезе бастады. Молақ қол түрікмен қолында жүргенде арманы қашып құтылу болып, реті келді-ау деген сәттің бірін де жібермей сытыла қашып, бірде шылбыры бұтаға оралып ұсталса, бірде жүгені аяғына ілініп қолға түсетін. Молақтың қолында жүріп жері мен қожасын сағынғаннан туған жан азабын кешуші еді.

Енді бұның шылбырына “тышқан көз” иелік еткелі, жан жарасына тән азабы қосылды. Әр үстіне отырғызған кісісі ұшып түскен сайын төрт аяғын буып тастап, шырқырата қызған темір басатын. Біраздан соң бұның тұла бойында қылшығы бар темір басарлық жер де қалмауға айналды...

...Құланың ендігі арманы өлу болғандай, нәр сызбай қалды. Әбден арықтап, қашу түгіл өз аяғын көтеріп жүруге күші жетпейтіндей қалғанда жеткен Құлаға енді “тышқан көз де” назар аударуды доғарған-ды. Құла ауыл шетінде қараусыз қалған бір-екі күндік бас бостандығын дұрыс пайдаланды да, бір түнде:

– Қайдасың туған жер! – деп, тартып кетті.

Ұлы Табиғаттың нұсқауымен жол тауып, Ұлы Құдіреттің қамқоршылығымен от оттап, аспаны сыйлаған аз ғана ылғалмен шөл басып, ең төте, ең қысқа, ең тура жолмен іздеген жерін тауып жеткенді...

...Баяғы көз алдындағы сурет сол күйінде сақталыпты... Тек қана Қожасының құлаған жеріне бұның омырауына жетер тас шаншыпты. Барлық арманы орындалған Құла тасқа басын сүйеген бойда қалғып кеткен екен... Қанша тұрғаны есінде жоқ. Маңайына жинала бастаған адамдар даусынан оянып кетті...

...Бәрі де жақын келіп көріп жатыр... Қатігездік сезім ізгілік сезімнен кісілікке бір табан жақындата түсетіндей-ақ, бәрі де аяушылық сезімі туғызған тамшы жастарын бір-бірінен жасырып, ығысып бара жатты.

...Жақын келгендердің бәрі де ішектерін тарта бір ышқынып, тезірек шегініп кетіп жатыр...

...Бір де бір адамның бұның жалын сыйпап құлағын қасуға, жылы сөз айтып қолын тигізуге батылы бармады. Жақындық білдіріп бір сыйпап өтерлік тұлабойында бір шөкім жүні қалмаған, аяушылық сездіріп алақан тигізерлік қызған темір басылмаған бір жапырақ терісі қалмаған Құла денесіне, сезімнен құралақан біреу болмаса, қол тигізу де мүмкін де емес еді...

...Қайратының кеміп бара жатқанын байқаған Құла, ақыл тұнған жанарымен жан-жағын бір шолып өтіп, зорлана бір кісінеді...

...Соңғы шығарған дыбысы бар күшін бірге ала кеткендей көзі тұманданып, басы айналып бара жатты...

...Дегеніне жеткен, арманы орындалған Құла Қожасының алдындағы соңғы міндетін орындағанына көзі жеткен кезде бұ жалғанмен өкінішсіз қоштасып, мәңгілікке аттанып жүре берді...

...Құла ат, Балуанияз Құласы сол жерге жерленді...

...Сол күннен бастап Маңғыстаудың Ойында “Тұлпар Басы” атты жаңа жер атауы да пайда болған еді...

Ақтау. 15.10.2000 жыл.

Келіндер (триптих)

Жүз жастағы келін

...Жүре берсең көре бересің...

...Естімеген елде көп...

...Тал бесіктен жер бесікке жеткенше үйрен...

Жаттауға жеңіл, айтуға оңай аталардың осы секілді асыл сөздерінің астарында кез-келген ойсыз қомағайға бірден жем бола қоймас қаншама терең мағына мен ақыл жетпес шексіздік жатыр десеңізші...

Бір сәтті күні көптен бері алдында кішілік парызымды өтей алмай жүрген ел ақсақалы, әкемнің жеделдес інісі Төлесін молдаға сәлемдесуге бардым.

Ой шіркін-ай! Төкеңдей боп біздің де жасымыз сексеннің жетеуіне жетер ме екен?.. Жетсе біз пақыр мына шам-шырақ қарттай боп жан-жағымызға кісілік пен имандылық сәулесін таратып отыра алар ма екенбіз?.. Алты жасынан бастап он бір жыл дін оқуын оқыған Төкеңді Кеңес үкіметі екі рет соттап, жалпы жобасы жирма шақты жыл түрмеде ұстаса да бұ кісінің жады – атақты архивте сақталған қымбат кітаптардай тап-таза, ойы – заңғар тау бұлағындай тұп-тұнық. Ол менің келуімді жақсы қабылдағанымен өзінің бір жаққа жүргелі отырғанын жасырмады. – Ерінбесең бірге жүр, менің жүзден асқан келініме сен де сәлем беріп қайтарсың – дейді. Келісе кеттім. Бүкіл жолды – жүзден асқан кемпір сексеннен асқан адамға қандай жағдайда келін бола алады – деген жұмбақты шешуге арнағанмен, ұтымды ештеңе еске түспестен, іздеген ауылға жетіп қалыппыз. “Үлкен кісі ғой, аузынан жаңсақ шыққан болар” – деген пікір басқаларынан басым түсіп, бұл сұрақты сөйлем соңына нүкте қойғандай едік.

– Әжем үйде – дейді, Төкеңнің сұрағына жауап қайтарған жас жігіт.

Іздеген кісіміз кең бөлме төрінде жатыр екен. Қасында ойнап жүрген сәбилер... “Немересі емес екені анық, шөбересі ме екен, әлде... одан да алысы ма екен, оларды кім деуші еді?” – деген ой орала кетті...

...Жүре берсең көре бересің...

...Япырмай, сонда бұл кісі үш ғасырдың куәсі ғой!

Басын сәл көтерген қарт ана, көзін сығырайта қолымен күн қағып, кірген кісілерді өзі түстегісі келіп әлекке түсіп жатқандай.

– Тұрып қайнағаңа сәлем етпейсің бе? Бұ не жатыс? Бұ не еркелік!.. Төкеңнің даусынан астарлы аяныш сезімі мен мұңды сағыныш сазы сезіліп-ақ тұр еді... Кімді аяп тұр екен?... Нені қимай тұр екен?..

Заманын қимай тұр деуге олардың заманынан алғаны шамалы. Қимайтындай замандастары қалмаған. Әлде “мың күн жұмақтан бір күн тірлік” деп мақалдатқан пенделердің бұ жарық дүниеге деген құмарлығының құдіреті ме?.. Неде болса Жаратылыстың әлі біз мойындап болмаған бір жұмбағы болар...

– Төлесінсің бе? Япырмай молдаеке-ай! Осыншалықты ұзақ өмірімде тап бүгінгі сені күткендей боп ешқашан ешкімді күтпеген болармын. Енді сен маған тәрбие беруге кешігіп қалдың-ау деп шамалап жатырмын. Сәлем етіп батаңды алар немере, шөбере келіндерің жетерлік еді ғой... Ой шіркін, бір күнгідей болмай өте шыққан өмір-ай!.. Жарықтық енем марқұм саған да сәлем еткізуші еді-ау!..

Мен үнсіз ғана тыңдап қалыппын. Манағы нүкте қойғандай болған сөйлем соңына енді сансыз сұрақ белгілері іліне бастағандай. Дегенмен “әліптің артын бағып” тыныш отырмын.

– Мосыңа шәйнегіңді ілгіз, шәй ішіп аттанамыз” – дейді Төкең.

– Өз шаруасын балалар біледі ғой – дейді Төкеңнің жүзден асып кеткен келіні.

Шыдамның да шегі бар демекші, мен жайлап қана Төкеңнен қарт ана жасын сұрадым. Ол үлкен кісінің бетіне біраз ойлана қарап отырып барып маған жүзін аударғаннан соң да “осыған айтсам ба, айтпасам ба” дегендей тұла бойымды зерттей шолып алғаннан кейін ғана “мың бір түн” ертегілеріндегідей бір таңғажайып әңгімені бастап кетті...

...Ойыннан басқа уайым жоқ бала кезіміз.

...Қызығымыз да, ермегіміз де далада, табиғатта. Тақымы тоқымға тиген баланың бір-екі меншіктелген тайы болады. Тайлы балалар үйір-үйір боп қыр асып қызық іздеп, ойға барып ойын іздеп шапқылайды. Жер от жылдары қызық та көбірек, ойын да молырақ. Ондай жылдары көші-қон арасы сиреп ауыл бір жұртында ұзағырақ отырып та қалады.

...Адам аяғына, мал тұяғына тапталған шақта бүкіл даланы жұпарына малып жіберер балауса шөп исінен асар жанға дауа не бар дейсің, сірә? Көкірегіңді кере жұтқан сайын қомағайлана түсесің. Әр жұрттың есте қалар өз ерекшелігі, өз иісі бар. Көшіп келе жатып солары есіңе түскенде бар болмысың аңсарына жетуге асыға түскендей болады.

Ойын балаларына өз үйінен өзгенің үйі қызықтау. Мен көбіне өзімнен бір жас кіші Дүйімбайдың үйіне барғыштайтынмын. Ол үйде бізге “ай дейтін ажа, қой дейтін қожа” болмайтын. Баласының жалғыздығынан ба, әлде баласының жетімдігін ойлайтындығынан ба, әйтеуір Дүйімбайдың шешесі бетімізге жел боп тимейтін. Балалардың ол үйге құмарлығының тағы бір себебі сол үйдегі жас әйел біздерге үлкен мейіріммен қарайтын. Ол әуелі өзінің шомбал денесімен көз тартса, содан кейін өрескел ұзын, шамадан тыс жуан бұрымымен ерекшеленетін. Біз оны не жеңеше, не апа демей тұп-тура Зәбіхан дейтін едік. Зәбіхан ойыннан қайтқан біздерді соншалықты ықыласты жуындырып, ерекше құрмет көрсете ас беретін. Кейінірек ауыл арасы алыстап кеткен себепті мен оларды ұмыта бастадым. Әкем алты жасымнан молдаға берді де, мені ілестірген өмір арнасы бағытын күрт өзгеткендей еді. Балалық сезім алабұртып сені әр қияға шақырса дағы молданың сұсты жүзі мен оқу салмағы оны баса беретін.

Бірде әкем ертеңгі күні Дүйімбайдың аулына садақаға жүретіндерін, соған мені еріте кететіндігін хабарлады. Аймаш шешеміз ел жиып ас бергелі, “нәпіл садақа” таратқалы жатыр екен. Бұлар – жесір әйел, жетім бала деп аталынатындардан. Бірақ садақаларына адам мол жиналыпты.

Ас желінді. Қымыз ішілді. Қарттар мен аузы жеңілдер баталарын беріп жатыр. Бәрінің аузында Дүйімбай аты. Бәрі де сөнбеген ошақ

туралы, ақ сүт емген адам туралы сүйсіне айтады... Түсініксіз сөздер. Жұмбақ ойлар...

Дегеніңе жеттің – дейді.

Ұзағынан сүйіндірсін, жалғызыңның жапырағы жайылсын – дейді.

Дүйімбайың азамат болды – дейді...

Мен таң қалып отырмын. Өзімнен бір жас кіші бала менен ілгері кетіпті. Азамат болыпты. Мен туралы ешкім әлі ондай сөз айта қоймаған болатын.

Аймаш ана жүзі – ерекше қуанышты. Садақа емес тойда отырғандай. Ара-арасында асып-тасып лепіре сөйлеп кетеді. Жүзінен де, сөзінен де ерекше шаттықта екені байқалып тұрғандай еді....

Жиын тарқаған. Бірнеше топқа бөлініп кеткен біздің ауыл кісілері ен даланы дүбірге толтырып, тынық ауаны дыбысқа толтырып аспанның да, жердің де иелері өздері екенін бар әлемге паш еткендей көңілді қайтып келеді. Мен анам бастаған топқа қосылыппын. Баяғы жұмбақ әңгімелер қайта басталып кеткен...

Аймашқа Құдай тағала қарасқан екен...

Ақылды әйел ғой, әйтпесе бесіктегі балаға қатын алып береді деген кімнің басына келген...

Аймаштың бағына ақ сүт емген адам тап болып...

Он екі жыл күткен үміті ақталып...

...Мәссаған!.. Сол үйде жүретін баяғы арқан бұрым, шомбал келіншек Дүйімбайдың қатыны болып шықты...

...Естімеген елде көп...

...Дүйімбайдың ата-анасының тұңғышы жайлауға көшіп келген күні Ойыл маңында өмірге келген екен... Қатар қонған көрші ауылдың да бір шаңырағына дәл сол күні сәби келіп, келесі күні бұлар тойға шақырылады. Той үстінде жаңа туған нәрестелер атастырылып, әкелері құда болысады. Кеңес үкіметінің дүрбелеңінен балаларға шаңырақ көтеріп беру сәл кешігеді де жасы он алтыға толған жылы ғана той уақытын белгілеуге жағдай туады. Бірақ сол жылы күйеу жігіт аттан жығылып мерт болады. Бұл қайғыны әке жүрегі көтере алмаса керек. Айы-күні жетіп отырған жесір қалған зарлы ана ұл табады. Тойдың уәделі уақыты жеткен шақта еш адамға ақыл салмастан аз ғана топпен Аймаш ана айттырулы келінінің аулына келіпті. Құдалар сасады. Қалың малы түгел алынған. Айтылған серт бар, ұсталған құран бар, берілген бата бар. Бәрі дұрыс, бәрі орынды. Тек қана әмеңгер тым жастау, әлі бесікте. Қыздарынан он жеті жас кіші. Ал құдағайы болса келінін ендігі жерде бұл ауылда бір күнге де қалдырмақ емес. – Қызын ұзатсын, әйтпесе ертең-ақ араға түсіп бата бұзарлар шұбыра бастайды – дейтін көрінеді.

Бұлар құдағайымен ақылдасып та, тайталасып та көрді. Түсіндіріп те, көзін жеткізіп те бақты. Обалды да, аянышты да еске

алысты. Ара ағайын салып та, қоқан-лоққы жасап та байқады. Құдағайы көнбеді.

Шақыр молдаңды! Әкел құранды! Жина жұртыңды! Ел алдында сертіңді бұзғаныңды құран ұстап тұрып хабарла. Сөтсең ғана бір Құдайға тапсырамын да тынамын. Әйтпесе екеу болып келдім, үшеу болып қайтамын. Менің шаңырағыма тағдырдың салған ауыртпалығының өтеуі осы деп білемін – дегенінен танбапты құдағайы.

Бұлар ақылдасқанмен ақыл таба алмайды. Айла жасағанмен жүзеге асыра алмайды. Бар тапқаны – соңғы амалы қызын құдағайға жұмсамақ болады.

Ая – деп айт деп үйретті.

Он жеті жас үлкенмін ғой – деп салмақ сал деп үгіттеді.

Балаң бесіктен шыққан жоқ қой – деп бетіне салық қылып қара деп қайрады.

Аяқ астынан бәрі бос амал, бос сөз, бос қулық болып шыға келіпті. Қыз: “Менің құран ұстатып ант бұзғызып қарғысқа ұшырайтын жағдайым жоқ. Көнемін Тәңірімнің жазғанына”: – депті.

...Сөз тоқтапты. Іс тыныпты. Шағын той тойланыпты. Міне енді Аймаш келінін алып еліне қайтқалы жатыр. Қомды түйеге оралған қоршау ішіне бекітілген бесік қасында енді Аймаш емес ұзатылған қалыңдық отыр. Сыңсу үрдісін істемеді. “Мен жыламай аттанамын” – депті...

...Әй бәсе! Біздің баяғы бес-алты жасымызда бас-аяғымызды тап-таза етіп жуып, тырнағымызды мұнтаздай етіп алып, бетімізден шөп-шөп сүйетін еді. Енді түсінікті болды, сонысы бізді жақсы көргендіктен емес, күйеуіне көрсеткен құрметі екен ғой...

...Көбірек ойға батып кетсем керек, еркі өзіне тиген тор тайым мені берекесіз әңгімеге, орынсыз ыржаққа құмар қылжақбастар тобына араластырып жіберіпті...

...Неге соншама жырқылдайды?. Ауыздарынан сілекейі аққанша қарқылдайды келіп, сорлылар. Ат үстінен ауып түсе жаздап бұлғаңдайды келіп, байғұстар. Тыныстары тарылып, өңдері күлгін тартып кеткенше күледі, пақырлар... Айтқандарына құлақ түріп келемін...

...Бір шамада әңгіме желісіне менде түсіне бастаған секілдімін...

...Дүйімбайдың үйленгеніне он екі жыл болыпты...

...Үйлену тойына бесікке салып апарыпты...

...Он екі жыл шешесінің қойнында жатыпты...

...Жақын арада Дүйімбай түн ортасында шешесін оятып: “Апа, мен ендігі жерде Зәбіханның қойнында жатайын ба?” – деп, ұрқат сұрапты...

Дәл осы жерге келгенде бұ топтағылар біреуден бұйрық алғандай ду ете қалады. Біраздан соң мен де күле бастадым. Маған да қызық болып көрініп кетті. Шешесінен қалай ұялмады екен?..

Мыналар маңы адамды күнәға батырмай қоймайды екен – деген күдікпен мен олардан бөліне бастадым. Тайымды тебініңкіреп ілгері келе жатқан топқа қосылсам ауыл ақсақалдары екен. Олардың әңгімесі де осы тақырып маңында болып шықты.

...Тал бесіктен жер бесікке жеткенше үйрен... Міне осы уақиға соның дәлелі. Бүкіл ел болып бере алмас үлгіні жай ғана екі әйел көрсетіп отыр. Ант пен сертке, әдет пен ғұрыпқа, құран мен Құдайға солардай адал бола алған ел өзін өзгеге сүйсіндірмей қоймас... Бұлардың бұндай әңгімесі де, қабақтарынан қар жауған түстері де мені онша қызықтыра қоймады. Жан-жағыма алақтай қарап тайға мінгендерді іздей бастадым...

...Төкең сол күні мүмкін тағы да біраз уақыт осы әңгіме желісін жалғастырған болар. Бірақ менің санам уақиғаны дәл осы жерге дейін ғана ұғыныпты...

...Бір кезде ғана қайнаға мен келіннің соңғы сөздері құлағыма шалынып мен селт етіп оянып кеткендей болдым...

Кәзір баяғы қамқорлық қолыңнан келмей жүр-ау шамасы, біздің інішек үйге тұрмайтын болыпты ғой – дейді, Төкең қайнаға.

Ініңді жасы толғанға дейін жөргегін жуып, мұрнын сүртіп он екі жыл күткен едім. Алла тағала қанағатым мен шыдамыма берген болар, оған он үш перзент сүйгізіп, жалғыз басын жүзден аса жан еткен едім. Мен бұлданбағанда ол неменесіне бұлданбақ? – дейді келіні.

Үлкендік жеңген қарт кісі ұзақ сөйлегеніне шаршаңқырап қалғандай. Біраз тыныстап алып – бұл әңгімені тоқтаталық – деді. – Келгенің жақсы болды. “Жаман айтпай жақсы жоқ” –дейді екен үлкендер. Алты жасыңнан Алланың атымен айтып, құранның тілімен сөйлеп келе жатқан жансың ғой. Артықшылығы болмас, менің иманымды айтып кет.

Төкең: “Әрине артықшылығы жоқ” – деп алып, сай-сүйегінді сырқырата күңірене жөнелді...

... Дәл сол күні Төкең үйіне жеткесін көп ұзамай артынан жасы жүз төрт жасқа жеткенде дүниеден озған Аймаш ананың хабары жетіпті...

26.01.2000 жыл. Ақтау.

Қалыңсыз қыз

Ат шалдыртып, бел босатып алалық – деп, жортаққа бергісіз аяңмен айғыр топ алдында келе жатқан, дене мүшелері жасына сәйкес сұлулана толысып, мол денесіне ерекше сән бере бастаған сақа жігіт астындағы меңсіз торы тізгінін тежей берді.

Желсіз күнгі қайықтай сырғанай жылжып келе жатқан аққу мойын торы – басы сыңар езулей тартылғанда тұяғын жиі-жиі түйрей басып, көп алдында көлденеңдей билеп – Мен әлі жүрістен жалыға қойған жоқ едім ғой – деген өкінішін байқатқандай. Табиғаттың ең сұлу жаратылысы жылқы малының құдіреттілігін танытар, ақыл мен ашуды араластырып құйғандай ғажайып көзі, осы жолы иесіне шатынай қарап, мені неге рахат жүрістен айырдың деген ренішін білдіргендей екен. Мына көрініс көкірегі сезімді жанға – даланың сәні әдемі атқа мінген сұлу жігіт те, өмірдің мәні дәл осындай сәйкестігі табылған жарасым ба – дегізері сөзсіз еді...

...Атын сәл тыныштандырып алып, енді үзеңгіге көтеріле берген, қабақ жүні қалыңдау, шаралы көзінің жанары шырайлана қарайтын, кез-келген қазаққа бұйыра бермейтін, самайы мен иегінің арасын тұтастыра иесіне айбат пен көрікті қоса силап тұрған қаба сақалды, қою мұртты жігіт ағасын, сәл артта келе жатқан қағлез атқосшы лып етіп түсе қала, бір қолымен торы тізгінің, екінші қолымен – осылай боларын білгендей атынан сәл сабырлылық, сәл еріншектік таныта түскен, Бақажан байдың қолтығынан демеп те үлгерді.

Ат тұяғына басылар-басылмаста иісі бұрқ ете қалған дала жұпары – сіздерге мекиен далаларыңды сағынышты ететін тек мен ғана – деп, ең табиғат ішіндегі ерекше қасиетін еске салып жатырғандай. Ал сол жұпармен көкірегін тазалап, бар өмірін тек қана сол жұпарларды жұтуға бағыштағандай бұл адамдар – бар тірлікті бір-біріне жақындастырып, бар пендені бір-біріне құштар етіп қоя алатын ғажайып сағыныш атты сезімдерін ауық-ауық осы қош иіске малып-малып алып, туған жеріне деген сағынышы еш уақытта көмескі тартпас, тірлік тұтқасы қанағат пен шүкіршілік деп санайтындар санатынан еді...

...Бұл жылдың көктемі шаруаға барынша жайлы болып басталған-ды. Мына құмдақтау төбе де биылғы молшылықтан хабардар екенін байқатады. Шөп киелісі жусанмен араласа тізеден келер еркекке, толарсақтан асар мортыққа, белуарға жуық бұтаға бөгіп, қылтия бастаған әр бүрін жапыраққа айналдыра, сан бояулы гүлімен жер сәнін келтіре, бұл дүниеде тірлік етудің адам пендесі үшін соншалықты бақыт екенін көз алдына елестете, далада туып, даланы сүйетіндер сезімін ұшпаққа шығарардай боп көріктенген кезі екен. Даланың осындай кезін сағына күтетін бұл тойшыл топқа мына көрікті төбе керемет шат көңіл сиялай салды. Кенет бәрі де қауқылдаса жерді мақтап, биылғы көктем отына разылығын білдіре, “жер қожасы сенсің, жер отын шалатын да көбіне сенің малың” дегендей, Бақажан байға бағыттай сөйлеуге, естірте айтуға тырысып жатты. Туа сала біреуге табынып, біреуге пенде боп жүруге құмар, адамдар атты бұл тобыр да дәл кезір пайда болған өздерінің рахат сезімді сәтін, қуанышты шағын түгелімен Бақажан байға сиялай салғандай еді...

...Қағылез жігіттің ауыздығы алынып үлгермеген торысы басы бостығын пайдаланып бір-екі шалып үлгерген екен. Ат езуінен еркектің көк зеңбіл нәрі тамшылай ағып, шөптің нағыз дер шағы, нағыз балауса кезі екенінен хабар бергендей. Ауызындағы шөп дәміне риза болып кеткендей, басын шұлғып-шұлғып жіберген торыға қарап Бақажан: “Алла тағаланың байлығы шексіз ғой, берейін десе дәл осылай жарылғай салады. Мынау маңайға биыл екі-үш ауылды қатар қондырса да міні құрамас” – деді. Қошаметшілер – қай кезде де өз міндеттерін мінсіз атқаратындар. Осы жолы да олар жалма жан жол тауып кетті. Шөп мол шыққан жылдары кейбір адай байларының айшылық Арқаға көшпек түгіл, осы тұрған Үстіртке шығып қонбай, Бозашыны жаз жайлап, қыс қыстап қалатын әдеттерін Бақажан сөзіне байланыстыра, олардың көшпеуі де Бақажанның ақылынан туғандай, шөптің қылтиып көгергені де Бақажанның іскерлігінен болғандай дәрежеге жеткізіп, Алла тағала адам пендесіне сиға тартқан “қызыл тіл” атты құралын аямай-ақ пайдаға асыра бастады.

Бұл әңгіме, әрине, түбінде Бақажанның Алла тағаланың сүйікті құлы, Қыдыр атаның пейілі түскен қасиетті жаны екеніне ойыса бастары сөзсіз еді...

Ойламаған жерден бір жас жігіттің әңгімеге орынсыз кірісіп кеткені...

Мен жақын арада Қыр жақтан келе жатып Қызықтың көп құдығының бірінен ат суардым. Сағындық байдың сансыз құлаларының тұяғы мен тісіне төтеп бере алмаған-ау деймін, шамасы. Яншейінде жайқалып тұратын Қызық маңы биыл жұтаң секілді екен. Қырдағы ел де, ойдағы ел де кәзір Сағындықты қатты байып кетті деп жүр ғой. Үстүрттегі өзінің көш жолынан ондаған жаңа шымырау қаздырып жатырған көрінеді – деді. Жігіт өз аузына кездейсоқ түсіп кеткен, ойланбай айтқан жалғыз ауыз сөзінің тек қана бұлардың әңгімесінің желісін емес, жалпы биылғы ел тіршілігінің қарекетіне де өзгеріс енгізіп жібертінін қайдан білсін.

Жігіт сөзін ешкім қостай қоймады.

Бақажан түсінен бұл әңгімені көп жақтыра қоймаған кейіп байқаған Бәубек – биыл ол маңның жаңбырсыз болғанын, ал Алла тағала жаратқан ырзық пен байлықты мал мен жан пайдаланып тауысады деу ақылға қона қояр ма екен – деп, Сағындық бай атағына айтылған жігіт мадақтауын есепке алынбайтындай етті.

Үлкен кісілердің ауыздарынан шыға бермегенмен көкіректерін бықси тұтап ыстап жататын – байлық пен бақыт жолындағы, атақ пен даңқ жолындағы бәсеке атты жұмбақ жарыстарынан хабары жоқ, Бәубек сөзінің төркінін де толық түсінбей қалған жас жігіт енді Сағындық байдың “Ағой”, “Қызық” атты мол сулы құдықтарын мақтап кетті...

“Тәңірім Бозашыға өзен бермесе де жер асты суын жаратарда пейілді болған болса керек. Сағындық құдықтары ешқашан сарқылмайды дейді ғой” – деп, Бәубекке ұнамай басталған әңгімені ушықтыра түсіп, өзінің көп алдында көсемси сөйлеп отырғанына мақтанғандай, жан-жағына тоқмейілси қарады...

Не дейді мына патшағар!.. Мені келемеш қылғандай ұтылап соғып!.. Кезек-кезек пайдаланылатын көп құдық сарқылушы ма еді. Ол түгіл өзіміздің Қарақұдық күні бойы қауғалағанда бір елі ортаймайды емес пе! Соны көрмей біреудің құдығын, біреудің байлығын сөз ғып...

Ал біздің естуімізше Бақажан торылары сіздер мадақтап отырған Сағындық құлаларынан екі еседей көп. Мақтауға тұрарлық өз жақсыларың тұрғанда өзгені ұлық тұтуға шеттеріңнен құмар-ақ екенсіңдер. Біздің Бақажанға тең келер бай кәзір Бозашы түгіл бүкіл Маңғыстауыңнан табыла қоймас. Мақтаншақ деп өсектейсіңдер мені, қалай мақтанбассың!.. Біздің ауылдың Қияқты жағынан суға шұбырған жылқылар ізінен пайда болған жолдың тереңдегені сонша, кәзір құлынтай көрінбейтін болыпты. Жақында аттан түсіп бір шаруа бітіріп тастайын деп бел шешіп отыра қалсам, жол жақтағы бұталар арасынан бір нәрсе қылт-қылт етеді. Бү не ғажап деп таңданып, қозғалмай сығалап отырмын. Бақсам – өз аулымыздың жалын күзеуге ұстап қалған, енді өріске кетіп бара жатырған тайлары екен. Жол тереңдігінен бойлары көрінбейді. Бұта арасында жасырынбақ ойнаған балалар басындай боп, қылт-қылт, жылт-жылт етіп өтіп жатыр, өтіп жатыр... Соларды елемей Сағындық бай екен, “Ағой” сулы екен, “Қызық” от екен деп даурыққандарыңа таңым бар. Тек қана байлық емес жомарттығы пен мәрттігі жөнінде де өзіміздің Бақажан байға тең келер ешкім жоқ, кәзір!.. Бұлар адамның аузын орынсыз қыздырады осындайда...

...Бір қызса тоқтауы қиын Бәубекті осы шамадан кідіртпек болғандай, орталарындағы жасы үлкен қарттың қамшысына қолын созғанын байқаған Бақажан орнынан жеңіл тұрып, жүретіндей ыңғай танытқанда, басқалары да дүр көтеріліп аттарына бет алысты...

...Ауқамды топ түске жақын атақты бай ауылға жай аяңмен, жан-жағын зерттей барлап, сынай қарап жақындай түсті...

...Айрықша құрметке ие Бақажан бай, қасындағы төрт-бес кісісімен, өздеріне арнайы тігілген ерекше сәнді отау төрінде үйген шоқыдай тіп-тік боп, жинақы молдас құрып, босаға жақта қымыз сапырып жатқан күтуші жігіттерге қиялай көз жүгірте, үнсіз отырып қалыпты.

Өзірге саба ішіндегі жігіттер желін шығара, аяусыз піскілеп жатырған қымыздан тарқаған, сәлден кейін ауызға тиісімен тұла бойыңның райысқа, жан-дүниенің ләззәтқа бөленетіндігінен хабар бергендей болған жұпар иіс, үй ішін керней, жұрт пейілін еріксіз өзіне аударып алған. Қымыз құмарлардың тағатын таусарлықтай ұзақ сапырылып, шабандау құйылып, әдейі асықпай ұсынылып отырғандай

болып көрінген қымыз толы зерендер де міне енді қонақтар қолына тие бастады. Бұл өңірдің отын оттаған малдың еті де, сүті де ерекше дәмді болатын. Сүр қазы салынып бапты дайындалған қымыз толтырыла құйылған сырлы зерендер – қонақтар аузынан күтушілер қолына екі-үш рет тынымсыз ауысып барып саябыр тартқан шақта – жол соқты боп, сусап келген кісілер кәдімгідей тыңайып, қымыздан басқа да бұ тіршілікте ойлайтын ойы, істейтін ісі барлығын еске түсіргендей еді...

...Маңғыстау елін түгел шақырып өткізілетін ұлы тойлар қарсаңында бұл ауыл осы өңірді аса қорғап, бұл маңайға мал түгіл дала аңының тұяғын да тигізбейді екен деп аңыз етісетін.

Қорылғаны байқалып-ақ тұр. Көптен бері құйқасына тұяқ тимеген шұрайлы жер жомарт жанның дастарханындай тым ырзықты, тым пейілді...

Сәл суға тапшылығы болмаса бұл маңай Бозашының ең бір шұрайлы жері ғой. Биыл шөптің қалыңдығынан ат сүрінгендей екен – деді, төрдегі егде кісі, қасындағыларға басталар әңгіменің желісін тартып бергендей боп.

Бірақ Бақажан байдың сол жағында отырған Бәубек:

Бұл ауыл бізді қымыз іздеп келді деп ойлап қалғаннан сау ма?.. Келгелі сүт пісірім уақыт өтті, жол болсын айтар, мал-жан амандығын сұрар бір есті жан болмағаны ғой, сірә, бұл ауылда? – деп, қымыз сапырыып отырғандарды барлай қарап қойды.

Бәке, аз сабыр етіңіз! Ондай өкпені үйге кірген бойда айтпадыңыз ба? Мына бал қымыз дәмі ауылдың бір шалының сәлемінен кем түсіп тұр ма? Өкпеңіздің есіңізге қымыздан кейін түскені қалай?.. Бақажан ағасын сабырға шақыра, әңгімесін әзілге айналдырғандай боп, жымия күлді. Сол жылы шырайын өзгертпестен оң жағына қарап: “Бәкеңнің ешкім жоқта бойдағы желін аздап шығарып қойғаны да дұрыс. Яйтпесе, бұ кісі осындай жиында әуелі бір бұрқылдап, тасып алмаса көңілі тыншымайды” – деп, тентек аға мінезіне көп мән бермейтіндігін байқатты.

Төрдегі қарт, Бәубектің осындай жиында талай ұрындырып, қапы соқтырғанын Бақажанға да, басқаларға да ескерте кетейін дегендей: “Ағайынға бұлданбаған дұрыс. Ағайын шаруасына атсалысу барлық кісі міндеті. Ал “Атсалысу” деген тек қана қолдап қызмет ету немесе санап мал бөліп беру емес, ол – барға қанағат қылу, ықыласқа ыразы болу, кеткен азды-көпті кемшілікке кешірімшіл болу да. Айтпақшы, Бәубек, өзіңнің де бір тойыңның арты төбелеске айналып, масқара болмап па едік, бір кезде” – деп, оны тыныштыққа шақырғандай кейіп танытты. Бәубекке бұл сөз тура басына қамшымен тартып жібертендей әсер етті.

Ау, ақсақал! Мен бұралқы тоқты емеспін! Мені өз қораңа қарай жетектеп әуре болма! .. Оындай жиында айғызың қанғанша бір

салғыласпасаң, той тарарда құлашыңды кере бір қамшы сілтеспесең – онда ол той емес босына өткізген уақыт тағы. Оларсыз тойдың қызығы бола ма?.. Ал қызық дегеннің өзі айта жүрерліктей, еске түсерліктей уақиғалар емес пе?.. Құдай сәтін салса бұл тойдың соңы да солай аяқталар...

Шырағым, сенің дертіңе дауа жоқ екен. Ал төбелестің делік. Ал бас жарылып, қол сынды делік. Сонда оның арты жалғасқан дау, бітіспес араздық емес пе?.. Оны ойлап көрдің бе?..

Ауылда күнде кездесетін дау мен төбелесің, алыста анда-санда еске түсірер қаскөй жауың мен қасың болмаса жұртқа ер не үшін керек, елге би не үшін қажет?.. Қамшы сілтесінен ұлыңның қажарын, сөз саптасынан биіңнің шамасын байқайсың!.. Арты дауға айналады екен деп неге қорқасыңдар, даулассын анау билерің! Қиыннан қисынын тапсын. Жеңсін де ел мерейін тағы да бір көтеріп тастасын!.. Оны ойлағандарың бар ма?.. Бәубек шынымен қызына бастағандай...

Қамшысын құшарлана қысып, күнәкәрінің бетін анықтап көріп алайын дегендей, Бақажанның арғы жағында отырған өз аулының қариясына шатынай қарағанда, көзі жолшыбай Бақажанға да түсіп кетіп есін жиғандай, қолындағы қамшысын ірге жаққа тастай салды... Бақажан сыр бермей, бұрынғысынша жымиған күйі: “Жарықтық қасиетіңнен айналайын осы қымыздың біздің Баукеңмен қалай достасып жүргенін, екеуі бірігіп алса болды ешкімге жеңістік бермейді” – деп, болып өткен жаңағы қақтығыстың тігісін жатқызбақ, жуып-шайғмақ ойы бардай.

Бақажанның Бәубекті қағыта сөйлегеніне арқа таңғандай болған ауыл ақсақалы енді Бәубектің жүзінен көзін тайдырмай ажырая қарап отырып: “Адайдың өзің сияқты бір шатақ шалы көршісінің бір лақтық дауын, дау иесінен бір лаққа сатып алып, ақыры сол дауды екі рулы елдің қырылысына жеткізгенін ұмыттың ба?.. Сол дау шешілгенше ондаған адам өлген болатын. Билер деген, шырағым, сондай дауды даулау үшін емес, елді сондай жағдайға жеткізбеу үшін қажет” – деп, торыға күрсінді де, тез қайта жалғап:

Айтындаршы, содан артық қандай сабақ керек сендейлерге!..

...Бәубек жүзінен қарт сөзін толық тыңдады-ау, тыңдаса түсінді-ау деп дәмәтерлік белгі сезіле қоймағандай екен...

...Үйдегілер, оның ілгері ұмсына түскенінен, түрулі есіктен өткізе дала кездіріп жіберген жанарының бір нәрсеге мықтап қадалып қалуынан, ауыл алдында осы үйдегі қысыр әңгімеден маңыздырақ бірдеңелер болып жатқанын байқалғандай болды...

Мінгендерінің құласы көбірек екен, Сағындық ауылы болар – деп, өзімен-өзі сөйлескендей жай ғана күбірлеген Бәубек, кенет, жұлып алғандай ғып: “Біздерді тазыдай жылмандаған үш-төрт қызметшілері қарсылап еді, Сағындықтың алдынан бүкіл елі боп, тайлы-таяғы қалмай шұбырды ғой” – деп, сыздана шыққан даусымен, ішінде жатқан наразылығынан да хабар беріп үлгерді.

Сен, осы ауылдың ағайыны екеніңді ұмытып кеткеннен саумысың? Біздер сол қарсы алушылар ішінде жүрсек те ерсілігі болмас еді. Бұлданудың да, ілік іздеудің де жөні бар, ауа жайылмай, жөнге көшіндер. Ағайындар ана қонақтарын да біздің үстімізге кіргізер. Жүріс бағыттары соны байқатады – деп, Бақажан аулының ақсақалы біртүрлі жинақталғандай, қарсы алуға дайындалғандай, тіпті қауіптенетіндей кейіп танытты...

...Бір топ адам бұлар отырған еңселі ақ отауға қауқылдаса амандық сұрасып, дабырласа сөйлесіп жақындай түсті. Бар назарлары соларға ауған үй ішіндегілер де тым-тырыс бола қалған. Есіктен сәлем бере кіріп жатқандарға іштегілер орындарынан тұрып ілтипат көрсетті. Енді араласып кеткен қонақтар жастарына, дәрежелеріне сәйкес үй төрінен бастап екі жағына орналаса бастады...

...Мал-жан амандығы сұралды. Қоныс оты мақталды. Алла еске алынды... Бергенге шүкіршілік етілді. Барға қанағат қылынды. Тойға құтты болсын айтылды... Сөз сарқылғандай, сұрақ таусылғандай... Байлар мен билер, жақсылар мен жайсаңдар деп атақ алған мәртебелі жандар қатысып отырған бұл жиыннан келелі кеңес, өнегелі әңгіме күткендей болған үй толы жан тыныштала қалыпты...

...Маңғыстаудың Бозашысын Адай тайпасының Жары және Жеменей деп аталатын тақталары жайлайтын. Қоныстас рулар бір-бірімен атам-заманнан нағашылы-жиенді болып кеткен, әзіл-оспағы жарасқан, тату-тәтті ел болатын. Бақажан мен той иесі Қоштай Жарының Тәстемір, Дәулеталы арыстарына жатса, Сағындық ауылы Жеменейдің Бәйбіше тақтасынан тарайтын. Тыныштықты алғаш бұзған Бәубек болды...

Ау Бәйбішелер! Не үнсіз қалдыңдар?.. Тойға келген жоқсыңдар ма?.. Ялде сіздерге бұл той емес садақа деген хабар жетіп пе еді?.. Бәсе, жаңа топтарыңның ішінде бәйгі аттары көзге ілінбеп еді... Жаңа келген қонақтардың бірі мырс етіп күліп жіберді де: “Пай, менің Бәубек нағашым тебеген шағыр биеше құлағын жымитып отыр екен ғой!.. Сақ болалық.

Сәл қалғып кетсең құлақшекеден темір тұяқ сарт еткелі тұр екен, ашуы бар сияқты ғой!” – деді.

Менікі ашу емес ыза! “Қап бәлем!” – деп қанша тырыссаң да түк шықпайды. Кей-кейде зығырданың қайнайды. Мына Сағындық біреудің бір қотыр тайын алдап алғаннан бері бұ маңайдың асы ас болудан, тойы той болудан қалмады ма? Кәзір басқалардың бір-бірінен сұрайтыны – Сағындық ат қосады ма екен? – деген сөз. Асқа барсаң да, тойға барсаң да Сағындықтың аты. Маңғыстауда қалдырып қоссаң да, Арқаға жеткізіп қоссаң да осының аты!.. Құлағына сыбырлайды, ерініне жыбырлайды дей ме, тезегін искеп, терін татып қарайды дей ме, әйтеуір бұл ат қосса басқаға дәме жоқ. Елді бұздың, жұрт сенің қырсығыңнан ат жаратудан жалыға бастады. Дем алсашы, басқалар да еңбегінің жемісін көрсін, ат оздырып елін қуантсын!.. – деді, тым

орынсыз кінә таға, нағашылығын бұлдай сөйлеген Бәубек. Сағындық оның бетіне таңдана қарағанмен еш жауап қатпады. Ыңғайсыздана бастаған Бақажан:

Көңілдеріңе алмаңдар! Баяғы өздеріңнің тентек нағашыларың емес пе? Дегенмен бәйгі аттарың көзге шалынбады ғой – деді.

Ошақ жарысқа, құнан жарысқа дайындаған бір-екі жас жылқылардың жағдаймен олар бұл маңға кешірек жетер.

Ошақ жарысты жарыс деп ат жаратқан кімді көрдіңдер?.. Яркім астындағысымен қосыла салмаушы ма еді? – деп, Бәубек мырс ете қалды.

Ошақ жарыста ат оздырмаған – аламан бәйгіден алапа аламын деп дәмеленбесе де болады – деген Сағындық сыншы сөзін той иесі де мақұлдай кетті.

Жарыстың бәрі бәсеке. Бәсекенің үлкен-кішісі болмас болар. Ол біреуді қапы қалдырып, ұрындырып кетсе, біреулерге атақ пен абыройды үйіп-төге салады. Ал ұтқан кісі тек өз басына емес, бүкіл еліне қуаныш шашпай ма? Сағындық ақсақалдың бұл өнері тек Бәйбішелер мен Жеменейлердің ғана емес бүкіл Адай мәртебесін сан рет үшпаққа шығарып еді-ау!.. Бірақ бұ күнде ел сол үшін оған рахмет айтудың орнына оны халық алдында сөге бастапты ғой – деп, дөңгелете қиған мөлдір қара сақалын салалы саусақтарымен бір сипап өтті... Қоштай беделді де атақты адам. Атақты болуына жомарттығы мен байлығына қоса оның кербездік, мәтөктік қасиеттерінің де әсері аз болмаған сияқты. Қоштай туралы адам нанғысыз қызық әңгімелер көп болатын...

...Қоштай нағашыларына көрісуге барыпты. Жиенінің керіктігін әрі силап, әрі әзілге қосқан нағашысы: "Жиенжан сен келеді дегесін ескі жұрттың иісінен жиіркенер деп таза жерге ауып қондым, ескі құдық суынан жерір деп жаңа құдық қазғыздым. Құдық суы тереңнен, тас астынан шықты. Тазалығына, дәміне мін тақтыра қоймас. Бие етінен ұшынар деп қонақ асыңа құлын сойғызып жатырмын" – депті... Алдына келген шәйден бір ұрттап қоя салған жиен қылығынан секем алған нағашысы:

Не жаздық, жиенжан! – десе,

– Суларыңда өлексенің дәмі бар екен" – деп, жауап қатады жиені.

Жаңа қазылған құдық суында қандай өзге дәм болушы еді – дейді нағашысы.

– Маңыңда өлген малдың қаңқасы жатқан болар – дейді жиені.

– Ойбай-ай, өлексе түгіл қу сүйек те жоқ болатын!.. – деп, ақталмақ болады, "мәтөк жиен" нағашысы.

– Байеке, төрт-бес жыл бұрын біз осы жерді қыстап, сол маңға біраз мал өлімтігін көміп едік – депті, сол кезде, ауылдың бір адамы...

...Қоштайдың жастау шағында, бір атақты адайға ас берілетін болып, оның сол асқа үй тіккені туралы да ел аузында қызық әңгіме бар.

...Ас өтетін жерді өзі барып көрген Қоштай: “Мал тұяғы тиген бойда ала шаңға айналып кететін жер екен. Үйімізді өзіміздің Бозашы құмына тігелік” – деп, өз жерінен бір керуен құм алдыртыпты...

...Сол атақты Қоштай, той иесі Қоштай, назарын Сағындық бай аулының адамдарына көбірек салып, солар көңілін көбірек аулағысы келіп отырғандай. Соны байқаған ауыл ақсақалдарының бірі: “Сәке, сіздің бапкерлік өнеріңіз, сыншылық өнеріңіз елдің сүйіп айтатын әңгімесіне айналды. Сіз кездесіп қалған қойшының бір арық тайын бес байтал беріп, бұйымшылап сұрап алып жүйрік ат етіпті деп естиміз. Мен Алла тағаланың осындай ісіне қатты таң қаламын. Сіздің мыңыңыздан табылмаған өнер қойшының бірінен табылатыны қалай?” – деп, әрі сыншы өнеріне сүйсінгендей, әрі Тәңір құдіретіне табынғандай болды.

– Қас жүйрікке тапшылық қашаннан өмір заңы. Бағы бардың бәрі көсем бола алмас, жағы бардың бәрі шешен бола алмас... Тұяғы бардың бәрі тұлпар ма, қанаты бардың бәрі сұңқар ма... Содан да болар аталарымыз – жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар – деп мақалдапты. Алла тағала жаратқандарын қойшының бірі, байдың мыңы деп ауыл-ауылға бөліп отырады деймісің. Қойшының жалғызы да тұлпар шығар мың санатында болатын болғаны ғой, шамасы – деп, біреуге жауап қатқаннан гөрі өзімен-өзі сөйлескендей болып, ой толғап кетті, Жары аулының биі.

Өзіне ұнамды сөйлеген ауыл ақсақалына Сағындық кеішігіңкіреп жауап қатты.

Ел ішінде бір жақсы болатыны сияқты, мал іші де жүйріксіз болмайды, тек қана оны тани білу қажет. Қиындықта, ел басына күн туғанда жарқ ете түсер, әншейінде көптің бірі боп танылмай жүре беретін ер жігіттей, ел назарына ілінбей, өмір бойы бағы жанбай кететін мал асылдары да жетерлік. Жақсы – жас кезінде көзге түскіш. Тек денесімен емес қылығымен де, қозғалысымен де ерекшеленіп тұрады. Жалпы малда да, адамда да қасиеттілер көп қой!.. Адам болар баланы кім іздеп, арғымақ болар тайды кім сұрыптап жатыр?..

Сағындық байлығын ерекше дәріптеудің сәтті кезеңі туғанын дөп басқан ауыл қарты: “Байеке-ау! Ағой мен Қызық арасына симай жатқан сіздің құлаларды аралап сұрыптап шығуға кісіге бір жыл керек болар, ал сонша малды сыншының көзімен қарап шығуға бір кісінің өмірі жетер ме? – деп, әрі мақтай, әрі қоштай әңгімеге араласты.

...Бірде би, бірде бай, бірде той егесі сөйлеп, олар сөзін бұза-жара өңмендеуге һәм иба ғып, һәм сескеніп зорға шыдап отырған Бәубекке жай ғана ауыл адамының әлгі сөзі ыссы темірге су шашқандай әсер етті. Бәубек “шаж” ете қалды...

Бұ не өзі?.. Мынау маң далада Сағындықтан басқаға мал бітпегендей!.. Мынау аспан астында Сағындықтан басқа жан жоқтай?..Келгенімізге ет пісірім уақыт болды. Бірі Сағындықтың өз басы дейді!.. Бірі Сағындықтың құласы дейді!.. Сонда немене?..

Бозашыда Сағындықтан басқа жан қалмағаны, құладан басқа мал қалмағаны ма?.. Сағындық тумай тұрғанда да Бозашы жер атанған, адайлар бай атанған!.. Біздің Бақажан байдың Сағындықтан жылқысының екі есе, түйесінің үш есе, уақ малының бес есе көп екеніне бәс тігемін... Тұрдым мен соған! Ал кәні бай болсаңдар, батыр болсаңдар тұрысатын жерлеріңді айтыңдар!.. Мен ендігі жерде ноқталап қойып басыңа ұрғандай еткен бұл әңгімелеріңе көне алмаймын!.. Сағындық құлалары Қызықтың ойын толтырса, Бақажанның торылары Қызаннан Қияқтыға дейінгі, Қаражамбастан Қаламқасқа дейінгі ен далада құмырсқадай қаптап жатыр. Бақажанға тең келер бай бұ кезде сендердің бір ауыл бәйбішең түгіл ен адайыңнан табылса жарар еді?.. Кәне қайсың бар бәсекеге түсетін?..

...Сөйлеген сайын үдей түскен Бәубекке – үнсіз тыңдаған халықтың назары әсер етті ме, жонына қамшы боп тиер қарсылық сөз жетпеді ме, әлде айтарын айтып болды ма, әйтеуір, өзеурей бастаған сөзін кенет шорт үзді...

Бәубек сөзге жармасқаннан-ақ, “бір жарға жығасың-ау” деп қауіптеніп отырған Жары биі үзілген сөзді тез жалғап әкетті.

Елде бардың да, байдың да көп болғанына не жетсін. Жарлы-жақыбайға сауынға мал беретін, жаяуға көлік беретін солар емес пе?..

Жомарттық пен сақилық тек қана бардың қолынан келер. Сондықтан бармын, баймын деп мақтанған да, жақсымын, жомартпын деп кеуде қаққан да теріс емес. Бәрі де елді жақсылыққа бастар әңгіме. Ен далада кездескен екі қазақ жөн сұрасқаннан соң “мақтанарлық” кімің бар дейді. Елдің сондайда бетке ұстарлары – батырлығы мен өнері үстем болған, байлығы мен билігі ел қадесіне жарағандары. Сондай кезде ел атына сөз ермесе, жігіт бетіне шіркеу түспесе деміз – Қоштай дейміз, Сағындық дейміз, Бақажан дейміз. Бермесе де бай жақсы, жемесе де май жақсы. Арқа жақта, байлық салыстырып айтысып отырған бір ақынымыз мына Қоштайдың белдігін мақтап “Адайдың бір жігітінің белінде алпыс нардың құны бар” – десе, жер шеті қиянда жатқан Ұлы Жүз Үйсін Сүйімбай ақын қырғыз Қатағанмен айтысқанда: “Адай деген бір елім, о да менің бек елім. Желісінде алпыс аруана боталаса, маңдайы тайпақ кедей деп, сықақ қағып күледі” – дейді. Сонда Сағындық пен Бақажан байлығы тек қана өздерінің емес ісі қазақтың ортақ қазынасына айналып кетіп тұр ғой. Оған Жетісуда жатып Сүйімбай ақын мақтанып жатыр. Міне елдің негізгі байлығы осы – Сағындықтың да, Бақажанның да байлығына мақтана білу!.. Ондай кісі бәрінен де бай, күншілдің көрген күні құрсын, ол бір “қоркөкірек” жан дағы... Міне солай, байлық тек қана айдаған малмен есептелмейді”... Жеменей биі Жары тентегінің бір теуіп қақ жара жаздаған ортақ астауын жамап-жасқап қайта пайдаға асатындай еткен еді...

...Әншейінде әзіл ретінде айтылып, сол күйінде қабылданылатын жәй әңгіменің аяқ астынан дауға айналып кету қаупі туғандай.

Ыңғайсыз әңгіменің өз тойында, өз үйінде басталғанына өзін кінәлі санады ма, әлде тыныштандырғысы келді ме, Қоштай бұрын көп елей бермейтін Бәубекке қарап сөйлеп, тіпті ақталғандай болып отыр.

– Бәуке! Сіз мені кінәлап отырған секілдісіз. Менде жазық жоқ еді. Екеуі де қонағым. Бірін бір ата жақын деп ішке тартып, бірін бір табан алыс деп сыртқа теуіп отырған мен жоқ. Сіздің жаңағы сөзіңізге осы отырған екі бай онша назар аудармаса да, қасындағылар айрықша мән беріп, енді үлкен әңгімеге айналдырады. Мен тойыма шақырып алып ондай жүк арқалатып жібере алмаймын. Жәй әңгімені дау дәрежесіне жеткізіп отырған сіз. Екі байдың кісілігін қандай шеккіге саласыз?.. Байлығын қалай өлшестіріп шығасыз?.. Қайсысының салмақтырақ екеніне, қайсысының құндырақ шыққанына қалай баға бересіз?.. Бастаған өзіңіз, өзіңіз аяқтап тастаңыз..

...Бәубек шаңқылдап шатақ сөйлеп қана үйренген жан болатын. Өзіне арналып сабырлы айтылған әлгідей ұзақ көсем сөзге бірден жауап таппағандай біраз кідіріп барып тамағын кенеді... Қасында отырған Бақажан оның тізесіне қолын салып тоқтатты да:

– Тойда қымызға тойған адамда көтеріңкі көкірек болатыны әуелден де белгілі нәрсе ғой. Бәубектің әлгі сөзінен бәріміздің де сескеніп қалған сыңайымыз бар. Ел жағдайын ойлаған адам солай етер. Ал мына Баукең өз басына біткен “қоркөкірек” атана ма, ел басына біткен “соркөкірек” атанда ма, елден сыбағасын ақыры бір күн алып тынар. Ал мен, Сағындық ағаны өзім ес жиғалы қадір тұтып келемін. Онымен бәсекем де, күншідігім де жоқ. Бірақ ендігі жерде “Бақажан ағасын айдап салып, Сағындыққа ауыр-ауыр сөздер айтқызыпты” деген әңгімеден қорқамын. Жаңа би ағамыз байлықтың тек қана айдаған жылқымен өлшенбейтінін айтты ғой. Халық Бәубек айтыпты демейді Тәстемір Жарылар солай дейді екен дейді. Күнде қыз алысып, қыз берісіп отырған көрші, ағайын ауыл арасында бетке шіркеу түсірерлік кіреуке қалмасын. Қоштай, сен, өзің екі ауылдың да арына тимейтіндей етіп, осы басталмаған дауды, ара ағайын ретінде тындыр!.. Ел арасында кейін әңгімеге айналып, қасиетті аталар аты орынсыз датталмасын. Өлшемін тауып өлшестір!..

...Аяқ астынан барлық салмақ Қоштайға түскендей болып қалып еді...

...Нар тұлғалы, көрікті кісі жайлап төңірегіне ойлана көз тастап, өзіне қадала қалған көп жанардан жылы сезімге бөленгендей келбетті жүзі бірте-бірте жадырай түсті. Езуден басталған жымысқы күлкі ұлғая келе қас пен қабаққа жеткенде жарқ ете қалған көзі бір қызық шешім тапқанын байқатқандай...

– Жарайды, ағайындар!.. Екі жақ та билікті маған бере ме?.. Олай болса біздің ауылда осы жұртта жақын арада тағы бір той болады. Мен сіздерге ол тойға енді хабаршы жібермеймін, дәл кәзір өзім шақырамын. Бірақ сол той қонақтарынан бір сұрағым бар. Екі ауылға да бірдей талап. Бақажан малының дені торылар. Сол тойға Бақажан

қасына ергендер – ені де бірдей, меңі де бірдей кілең торы дөнен мініп келсін. Ал Сағындық бай малының дені құла деп жатыр ғой. Олар да атаққа шыққан көп құлаларынан ені де меңі де бірдей құла дөнендерін дайындасын. Кімнің тобы көп – сол бай, сол атақты!.. Ал Сәке, ал Бақажан сіздерге осы шарт әділ болып көріне ме?.. Келісесіздер ме?.. Келіссеңіздер, менің ойымша, бұл нағыз жарыс, нағыз бәсеке... Бұл жарыстың ел айта жүрерліктей бас жүлдесі болуы шарт. Оны осы кезден хабарлап қойған дұрыс болар. Сәке, жолыңыз үлкен, силы ағасыз, жолды сізге берелік...

Сағындық жай ғана: “Шырағым, бармын деп те, баймын деп те мен ешқашан мақтанбаған кісімін, әрі оларды біреумен салыстыру деген ойыма да кірмепті. Жарлы десеңдер де көне беремін. Өздерің бастап, өздерің қоштап жатыр екенсіңдер. Бақажан не айтса сол болсын” – деді.

Бәубек шатақтың орынсыз кінәлауынан ағайын көңілінде кір кетпесін деп қоштай салған бір ауыз сөзі, енді өз басына зіл салмақ боп қайта оралып, өзінің кісілігі мен тұлғасын таразыға тартар сынға айналып кеткендей болды. Бақажан ойланып отырып қалды.

...Қоштайдың – өз жүзінің нұрлылығын мақтан тұтқандықтан пайда болғандай кербездік, өзінің күш-қуатына сенгендіктен пайда болғандай батылдық, ұтымды сөйлей алатындығынан туындар өзіне деген сенім қасиеттері – оның қимылынан, іс-әрекетінен, аузынан шыққан әрбір сөзінен сезіліп отыратын. Сазды қоңыр даусымен, қалай орнағаны белгілі тыныштықты бұза “е..е” – деп жан-жағына қарап алды да, кенет Бақажанға қадала қарап: “Ал, Бақажан! Яңгімені бастаған өздерің, тоқтамы да өздеріңнен болсын. Сенің байлығың да, тапқырлығың да, қала берді кісілігің де тап осы арады сыналады, айт! – деді, қайрағандай боп.

Бақажан да ойын жинақтап үлгерген екен: “Қалыңсыз қыз беріселік!” – деді.

...Ойда жоқта басталған әңгіменің арты қайда соқтырар екен дегендей, демдерін байқатпай жұтып, үнемдей шығарып отырған үй толы адамдардан Бақажан шешімін естіген шақта, бәрі бірден күрсініп қалғандай, ерекше дыбыс шықты...

...Қалыңсыз қыз!..

...Атақты байлар ажарлы қыздарына тоқсан жеті сұрайтын!..

...Тоқсан жеті байтал...

...Келеңсіз Бәубектің қымызға қызып тудырған дауы екі байдың біріне бес үйір жылқы болып шыққалы тұр... Бәрі де дыбыссыз. Бәрі де кезек-кезек көршілеріне қарасып, бұл шешімнің парқын көрші көзінен іздейтін секілді... Бір шама уақыт өткеннен соң барып, өздерінің жеңетініне көзі жеткендей болған Бәубек: «Енді бұл сөзді аяғына дейін жеткізіп тасталық. Берілер қыз байлардың өз сүйегінен бе, әлде ағайын да жарай бере ме?.. Күйеу кім болмақ?» – деп, уақиға тұтқасын қайтадан қолына алғандай боп.

Сәл әзілге сиярлық бұл әңгіменің осынша биіктеп кеткеніне таңданған Сағындық бай Қоштайға қадала қарап қалған екен. Қоштай жүзі нұрлана түскендей... Болашақ қызықты кәзір көріп отырғандай...

– Ақсақал, Бәубектің мына сөзіне не айтасыз – деп еді. Ол ойланбастан: “Құдайға шүкір, немерелер жетісті ғой” – деді де үнсіз қалды. Бақажан да сол ойды қостайтынын білдіре: “Біздің ауыл да бой жеткен қыздан, ер жеткен ұлдан құр емес. Құдалық өз басымызда болсын” – деді. Жұрт назары қайтадан Қоштайға ауысыпты.

...Бә..ә..рекелді!.. Қоштай бұл сөзді соншалықты рахаттана айтқандай болды. Бәйбішелер тобындағы сәлделі кісіге: “Ал молда-еке! Екі бай келісімін батаңызбен бекітіп, құран сөзімен қасиеттеп тастамайсыз ба?” – деді. Молда ұлқсат сұрағандай, Сағындық бай мен оның қасындағы биге кезек-кезек көз тастап, екеуінен де құптарлық ишарат байқағандай боп “бисмиллаһи р-рахмани р-рахим...” деп, құран сүресін бастап кетті. Құран оқылып, бата беріліп, “Аллаһу ақпар, Әмин!” деп, беттерін сипасуы-ақ мұң екен, бұл тосын уақиға туралы хабар – “құйынның құйысқанына қыстырыла”, “желдің жалына жабыса”, “аттың тұяғымен”, “адамның аузымен” – әрбір дөңнен дәм татып, әрбір ауылдан ас ішіп, әр қораға қонақ боп – Байтақ Маңғыстаудың Ойы мен Қырын аралап кете барды...

...Сағындық байды енді қайда барса да жұрттың мүсіркей қараған жанары қарсы алатын. Кездескендердің көзінде қалатын – “неге келістің?” деген сұралмаған сұрағы мен “енді қайтесің?” деген көмейіндегі көмескі үні бұған маза беруді қойды. Ал кейбір ақкөңіл аңқылдақтардың : “Апырмай, Жарылар бірі бастап, бірі қостап, біздің аңқау шалды оңдырмай түсіріп кеткен екен. Кейін айнып кетпесін деп батасын да әдейі бәйбіше молдасына оқытыпты ғой. Қалыңсыз қыз беріп сүйегімізге таңба болатын болды! – десіп жатқанын құлағы шалып та қалып жүр...

...Біраз күн лаулай түсіп барып екпіні сәл саябыр тартқан шақта маңайдағы бар ағайынға Сағындық шапқыншылары байдың қонаққа шақырып жатқандығын жеткізген еді. Ағайын түгел жиналыпты. Қонақ асы да берілді. Аяқ астынан неге шақырылғандарын түсіне алмай, байдан басталар әңгімені күтіп отырыңқырап қалған ағайынға Сағындық: “Ағайын мен сіздерге бір салмақ салғалы отырмын. Қоштай тойындағы уақиға туралы естіп жатырсыңдар. Бақажанның торылары қанша көп болса, Жарылардың өскен-өнген ауыл екенін өздерің жақсы білесіңдер. Оларға сан жағынан жету қиын болар, бірақ ұтылғанда да ұяттан ұтылмау жағын қамдағанмыз дұрыс. Менің бұйымым – бәрімізде сол тойға қатысалық және мініс ат менен болмақ. Бүгіннен бастап жылқы аралаңдар, таңдаңдар, жуасытыңдар. Ел алдында құйрық-жалымыз шолтиып, күлкі болып қамау жағын ойлаңдар” – деп, тағы да нақты-нақты тапсырмалар берді. Содан бастап бәйбіше ауылы түгел атқа қонды...

...Рулары “Бәйбіше” аталғанымен бұлардың сол аттас аталары жоқ бұл адай тайпасы өздерінің рулық шежіресін былайша тарататынды: Адайдан Бұзау, одан Айтумыс, Айтумыс бәйбішесінен Шылым, Шылым бәйбішесінен Жан, Жан бәйбішесінен Меңдіқұл, Меңдіқұл бәйбішесінен Жанқұл мен Жанақ. Жанқұл бәйбішесінен Теке, Жанақ бәйбішесінен Түгел. Теке мен Түгел ұрпақтары өздерінің кілең бәйбішелерден өрбігенін мақтаныш тұтып: “Біз бәйбішеден туғанбыз!” – деп, басқа ағайындарына қыр көрсететін болса керек. Сол мақтаныш арты аталары Теке мен Түгелге жұғымды болмай, аттары ұмытылып, бұлар “бәйбіше” атанып кетіпті. Текеден Ұлжан, одан Өтеген, Өтегеннен Сағындық. Сағындықтың Тәңіріне етер шүкіршілігі мол болатын. Ел аузына ілінерліктей мал бітіп қана қойған жоқ, халық қастерлерліктей қасиет, құрмет тұтарлықтай өнер де беріпті. Сағындық үшін жылқы малының бойында жұмбақ ештеңе жоқ. Бұл қасиет Тәңірісінің бергені ме, бала күнінен жылқы малын жанындай жақсы көріп, қасы мен қабағына қарап өскендіктен бе, ерекше зердесінің арқасында көргенінен де, естігенінен де еш нәрсе ұмыт болмайтындықтан ба, әйтеуір ол жылқы малы туралы қате айтпайтын. Бас пен жанға да жарлы емес, бес саусағындай бес ұлы бар: Аймағамбет, Тасқара, Тайман, Төлеген, Тәңірберген. Өзінің бойындағы сыншылық қасиеті Тасқарасына да дарыған секілді. Бала күнінен желі басынан шықпайтын. Бір құдасы қалап алып кеткен “Жүйрікқұла” атты алғаш таныған Тасқара болатын... Ой шіркін өмір-ай! Кеше ғана құла тайын күшікше жетектеп жүретін Тасқараның Исасы да жігіт болып қалыпты... Құдай сәтін салып... әй қайдам?... Аяқ астынан қалмаққа қарсы мың кісі қол жинап беретін Жарылар аз ауылға есесін жіберер деймісің... Дегенмен билік Алланың қолында ғой... Көптігіне сенген көбіне қапы қалатын, ал мен аздығымды ойлап қамданыңқырасам... Кім біледі... Алла тағала өзің жар бола гөр!.. Не болса да бергеніңе шүкір, барға қанағат...

...Соңғы кезде Сағындық ойы осылайша Тәңірісіне жалбарынумен аяқталатын болып кеткен еді...

...Бақажан сәл нәрсені сылтауратып тойдан аз ғана топпен бөлек кетті, оңаша қайтты. Кешірімді, жайдары қалпынан өзгермеген бай жанындағы жас серігімен әңгімелесіп келе жатқан-ды...

...Қоштай “қызылшыл” кісі ғой. Тойдың ойын-сауығы да ерекше ұйымдастырылған екен! Бәрін өзі басқарып, бәріне өзі нұсқау беріп жүргенін байқадым. Қонақтарға да жеткілікті көңіл бөліп, үй бас сайын кіріп-шығып жүр. Осыны жұрт “кербез”, “мәтөк” деп күледі. Мен одан ел күлкі қыларлық жасанды қылықтарды байқай алмаған сияқтымын. Арты дау-жанжалсыз, ойын-сауығы мол – бұл той айта жүрерліктей жақсы той болды...

Бәке, бәйбіше аулының жігіттері қатты назаланып кетіпті, дейді ғой жұрт. Жарылар бірі бастап, бірі қостап, ал енді біреуі әдейі араға түскен болып, өздері бәсеке бәйгесін белгілеп – аңқау, жуас

Сағындықты отырғызып кетті дейді екен. Бақажанның жаны да көп, малы да көп, әдейі ұйымдастырды деп сенбестік білдіріп аттаныпты деседі...

...Жап-жаңа ғана адам өмірінің барлық сәті кісі жанына қуаныш сиялатындай әсердегі, мейірімді жүрегі мен жайлы мінезінің арқасында, байлығы мен барлығының арқасында көптеген тірлік қитұрқыларынан аулақ жүретін, бүгін де болған уақиғалардың жақсы жақтары ғана еске түсіп, жып-жылы боп келе жатқан Бақажанның нәзік сезімі – әлгі сөз қырсығынан қоламтаға “қор-р” еткізіп су құйып жібергендей – мұздап сала берді. Кілт тоқтап жолдасына ажырая қарап қапты. Енді бір сәтте есін жиғандай боп: “Ойнаған от басар деген осы дағы” – деді де, атын тұрған жерінен текіректете қозғап, “қозы көш” жердей жолды торының ең бір жайлы жүрісі – шоқырақпен қысқартып барып, көздеп келе жатқаны сол болды ма, әлде қазақ біткеннің төбе құмарлығынан ба, жолдан сәл қиыс қалуға тиіс, аласа төбешік басына көтеріле Бақажан атынан түсті...

...”Ойнай білмес енесін к...тке теуіп ойнайды” – деген осындайда айтылған болар. Жасына жетпей алжыған Бәубек сөзінің қырсығы елге тиюге айналыпты. Енді бұл іске ойланып кіріспесе болмас. Жаңағы айтқаныңды ауылға таратпаңдар. Бір ретін табармыз”... Бұл сөздерді Бақажан сонау заңғар көктегі жырым-жырым азғантай ала бұлтқа арнағандай, содан көзін айырмай, қадалып қарап тұрып айтты. Қасындағы жігіттің естіген, естімегенін де аңғармастан атына қонды. Ол қалған жолды үнсіз өткізді.

Сол күннен бастап Бақажан өзімен-өзі болып, мал аралап, жер барлап, қоныс қарап дегендей, жекелеу болуға тырысты. Сондай сапардан оралған бір кеште бәйбішесі: “Отағасы, бәсекеге қай қызыңды байлап келдің?” – деп, тосын сұрап қалғанда біреу қызған іскекті тәнінен өткізе жүрегіне жеткізе сұғып алғандай, ышқына тіксініп, қатты шошып қалған. Бұл сұрақтың жанын аямай жаралы еткенін байқасын дегендей Бақажан әйелінің бетіне кінәлай, назырқай қарап: “Бәйбіше бәрі де тағдыр ісі. Жаңағы сөзді аузыңа періште салса да, шайтан салса да мені аямайтындығы байқалды. Артын күтелік. Шеккі басы бізге ауып жатса, Құдайға шүкір, ауылда бес-алты қойшы бар ғой, біреуін ноқталармыз. Ал олар пайдасына шешіліп жатса онда біздің баста ерік болмайды. Сағындық құрығын қалағанына салады...”

...Әңгіме арты аяқталмай жатып үй ішін батар күннің қызғылт сәулесіне толтыра, ай жүзі де сол сәулемен ерекше нұрлана, әкесін көргенде жарқ ете ете қалған ботагөз жанарындағы қуанышымен, әлгі әңгіме көлеңкесін түсіргендей күңгірт тартып тұрған үй ішін жап-жарық қылып жібергендей боп есікті айқара ашып кіріп келген өзінің сүйікті перзенті, атаққа іліне бастаған сұлу қызы – “Көке!” – деп айқайлап жіберді. Бұрын қызының сол сөзін естіген сәтте қатты-қатты соғып кетер жүрегі бүгін шаттана қуанбай, елжірей мейірленбей, тіпті тіксініп қалғандай. Осы әңгіме үстіне кіріп келгені орынсыз, мойнына орала

құшақтап сүйе бергені ерсі қылықтай әсер алған әке, қызын бір қолымен ысыра, шеттете берді...

...Бақажан осы сәтте тек қана сүйікті қызы Әлимашты емес, бар тірлікті ысырып тастағандай еді... Ой мұхитына тереңдей батып, жан-жағындағыларды мүлде ұмытқан кейіпке еніп алған-ды...

...Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды... Бұл бәсеке ағайын арасына сына қақпай тынбас... Қалай-қалай түрлендірген?.. Бірі бастап бірі қоштап арандатыпты дейтін көрінеді... Бірі ара түскен болып алдаса, бірі бітістіргендей болып қамқорситын көрінеді дейді екен... Бұл жала ғой!... Жоқ, неге жала, біз осы шаруаны өз бастарымызға өзіміз тілеп алған жоқ па едік?.. Олардың осылай айтуға қақысы да бар болар... Бір амалын табу қажет екен... Бірақ қолдан не келеді?.. Мен олай ойлаған жоқ едім деп айқайлаймын ба?.. Оны кім естиді?.. Не болмаса ерегестік делік, ерегес қай төрден шығармақ?.. Қалыңсыз қыз алдық делік, сонда не тынбақ екен?.. Бір жұтта тоқсан жетісі емес, мың тоқсан жетісінің терісі тулақтыққа жарамай, далада қалатын “сырты түк, іші боқ” жылқы дейтін мал емес пе еді, бұл?.. Ялде көктем сайын қасқырдың сыбағасына айналатын азғантай тайға бола ағайынмен жағаласпай-ақ қойсам ба екен?. Әлде... Жаратылысынан жаны жұмсақ, өзгеге зарар салмай өмір сүріп келе жатқан әрі мырза, әрі қайырымды атағы шыққан Бақажан басына орала кеткен осы ақылға ұйып қалғандай... Бақажан кенеттен көңілденіп сала берді. Жаны жай тауып, үлкен іс тындырғандай-ақ, сол күннен бастап өзінің жайдары күйіне қайта түсті. Ендігі жерде бәсеке жайын ойласа да қиналмайтын халге жетті. Ара-арасында болашақ құдаларын да еске түсіріп қояды. Сағындықтай тәуір ауылдан қыз алу да, қыз беру де кісі өкінерлік іс пе екен?.. Біз осы қуанудың орнына неге қапылып жүрміз?.. Олардың ойында не бар екен?.. Оларда да ұтсақ деген дәме бар ғой... Сырғаларын кімге дайындап жатыр екен?.. Әлимаш мінсіз сұлу, бұның өз ұрпағы... Кез-келген кісінің қолы жете бермес бала... Сағындық немерелері де біраз бар болар... Әлде сол ауылға келіндердің бірін төркіндетіп алған дұрыс болар ма?.. Ол ауылда болып жатқан әңгімеден хабарлы болып отырғанның зияны жоқ ...

...Бақажан керекті торыларды даладан ұстатып та, желі басына айдап келіп те баптай бастады. Жүні түсіп қылшықтары күреңіте жылтыраған дөнендерді шыңғырта бұғалықтап, езуін жырта жүгендеп, борбайынан ақ көбігін ағыза шауып, күштеп жуасытып, ен салып белгілеп, құйрық жалын тарап сәндеп жатты... Балалардың да құдайы берген. Бір мінілген асауларға, есін жиғызбай қайта мініп, жосылта шауып, ауыздарынан қанды көбігін ағыза, желі басына құр сұлделерін жеткізіп, құмарларынан шығып жүр...

...Той күні де жақындап қалды. Бақажан жуасытылған дөнендердің ішінен тоқсан жетісін өзі таңдап алды да, қалғандарын үйірлеріне қайтарттырды. Мін іздеп қанша сұқтанса да олардың тұла

бойынан енінен басқа мең де мін де таба алмады. Шеттерінен торыдан қараға жуық, жұмыр жон... Шеттерінен құйрық-жалы тазартылып таралған, тұяқтарына дейін артығы алынып дөңгелетілген, бір қарасаң көзіңді аударттырмас мінсіз дене... Шеттерінен бас асаулығы басыла қоймаған, көздерінен “біз байдың малымыз” дегендей тәкаппарлық пен өрлік сезіліп тұрған, ара-арасында бір-бірінің көркін күндегендей тістесіп қалып, тебісіп қалып тұрған асаулары да, үйірлерін сағынып күлдір-күлдір кісінеп тұрғандары да, үйірсектігін таныта иіскесіп тұрғандары да бар... Бақажан бөліп шығарған өз малына сұқтана қарап қапты... Жарықтықтардың қара моншақтай мөлдіреулерін-ай!.. Бұ тіршілікте жылқы сұлулығына тең келер бірдеңе бар ма екен, сірә?.. Қазақтың бақыты да, байлығы да осы қылқұйрық жылқысында ғой...

Тойға аттанар күн де жетті. Бақажан тойшылардың мініс аттарын бөлек айдатып ала жүргізетінін хабарлады...

– Тоқсан жетіден артығын неге босаттырдың?

– Мініс аттарды неге қоса айдаймыз?

– Бәйбішелер бүкіл жеменейге сауын айтып жатыр дейді, сенікі қай жайбарақаттық?

– Әлде Сағынбайға жаның ашып жүр ме? Аталарымыз әлің жетсе жық, аясаң тұрғызып жібер демеуші ме еді...

– Бұл бәсеке тек сенімен Сағындық бәсекесі емес Жары мен Жеменей бәсекесі екенінен хабарың бар ма?.. – Бақажан өзіне қойыла бастаған осындай сұрақтарға ертең айтамын, барғасын түсінесің, сонда белгілі болады, ертең... ертең... деумен, жылы күлкісімен, жымия жауап қатуынан жазбады...

Той болып жатқан ауылға бұлар Сағындықтардан бұрынырақ келіпті. Ауыл сәл жылжып қонған екен. Ырзықты, берекелі жыл. Шөптің сыры кетпеген, бояуы өшпеген көктемнің соңы, жаздың басы дейтіндей, мал көкке тойған, адам аққа молайған шағы еді.

Жанға жайлы көктем күні. Көңілді той. Қайта қауышқан ағайындар. Бәрі мәре-сәре.

Бақажан аулының торы мінбей өз көліктерімен келгендері бірден қонақ үйлерге беттеді. Торы дөнен мінген тойшылар алдында Бақажан ұрыс қарсаңындағы қолбасшыдай шіреніп өзінің аққу мойын торысының үстінде, бұларды қарсы алуға шыққан Қоштай бай тобын күтіп тұр.

Амандық сұрасылып, тойға құтты болсын айтылып, торы мінген тойшылар саналып, шаруа тынып та қалғандай еді... Бойында ыңғайсыздандық сезімі бардай, сәл именіңкірегендей, сәл абыржыңқырағандай болған Бақажан замандасына мұңын шағып тұр...

– Бәубек кесірдің қырсығынан басымызға бәле тілеп алыппыз. Содан бері тыныштық жоқ. Ағайын арасына ши жүгіртушулер де табылып жатыр дейді. Бір ұшы Сізге де соғады білем, Қош-еке...

Кейбір пысықтар Жарылар аңқау шалды алдап түсіріп, қалыңсыз қыз алмақ... Бәрін ұйымдастырып отырған Бақажан дейтін көрінеді... Арыма өмір бойы жуса кетпес таңба бастырып аламын ба деп уайымдап жүрмін... Тілеуімізді тілеп отырған еліміз бар. Осылар не тындырар екен деп, әр қадамыңды бақылап отырған сыншыларың бар... Біз қате қадам басыппыз...

...Бұлардың көзі енді түсті. Ауылдың шығыс жағындағы жатаған белестің жоны аттылы адамдарға тола бастапты. Мінгендері кілең құла, қарасы мол топ. Ақылдасып тұр ма, арттағыларын күтіп тұр ма, әйтеуір, өздерінің ішкі ниеттерін байқатқандай, осы тойға не үшін келгендіктерін ұмытпауға белдерін бекем бұғандай, шашырамай, тас-түйін жинақталып алған тәрізді...

...Қоштай құлалы топты сәл ұзақтау қарап қалғанына кешірім сұрағандай боп, жалыныштылау дауыспен:

– Бақажан! Сағындық бай алдынан бірге шықсақ қайтеді? – деді. Ол келісе кетті.

...Аман-саулық сұрасылып, ат-көлік амандығы білісіліп, тойға құтты болсын айтылысып, айтып жіберген аманат сәлемдерден құтылысылып болған сәттегі сәл үзілісті падаланған Жеменейлер биі сөз бастап кетіп еді...

...Бұл би атағы шыққан нағыз жорға болатын...

...Би – еріні ашылар-ашылмаста; тілі таңдайына жұғар-жұқпаста; іштен шыққан демі ауаға араласар-араласпаста; айтылған әр сөзі тұнық суға лақтырылған домалақ сай тасынан тараған мінсіз толқындардай дөңгеленіп; көктемде соншама көрікті көрінетін Бозашы құм шағыл төбелеріндей бұйраланып; аз ғана желге бола шабыттанып кететін ақ селеулі даладай шалқып; құлаққа шаңқылдап естілмегенмен шыңылтырлау, күмбірлеп кетпегенмен саздылау, әр сөздің әр әрпін танып алуға боларлықтай анық дауыспен төгілте жөнелді...

– Аман-сау барсыңдар ма, Жарылар! Менің түгел жеті атамның нағашылары, Жарылар! Сол жеті бабамның қайын жұрттары, Жарылар! Біздің ауылдың бар әйелдерінің төркіндері, Жарылар! Мына менің бойымдағы барлық сәнім де сендерсіңдер, мінім де сендерсіңдер, Жарылар!.. Өзінің ізінен өзі жиіркенетін Қоштай мәтөк пен сәлемін сатып ала алмайтын сырбаз Бақажан – сендерге не болып қалды бүгін?.. Қозы көш жерден қарсы алғандарың – нағашыларыңа көрсеткен құрметтерің бе?.. Жиен назарынан сақтанған қауіп пе?.. Жоқ әлде бәсекеден озатындарыңа сенгеннен туған, болашақ қыз берер құдаларыңа көрсеткен кішілік пе?.. Біз мына Сағындық екеуміз басымызды бәсекеге тікпейміз, кәзір бөлініп шығамыз. Бұл Жарылар тойға келген қонағын санап алады екен деген хабыр шығып жатыр ғой, санап алыңдар!.. Жүзден біреуі-ақ кем!.. Жүзге толтыруға бір құла дөнен, не бір бұзау ата баласын таппғанымыз жоқ. Сүйікті Алла тағаланың аты тоқсан тоғыз дейтін еді,

біз соған тоқтадық!.. Біз бүгін байлықты да, көптікті де салыстырғалы келген жоқпыз. Керек болса біздің бір ауылдан жүз жігіт атқа қона алатынын білдіргелі келдік! Соған ағайыннан сүйінші сұрағалы келдік! Біз үшін ағайын мерейі өссін деп келдік! Бұрын да талай құда болысып едік, талай құтты болсын айтысып едік. Ал бұл жолғы құдалық – өзгеше құдалық! Қыдыр көрген ауылдың баласысың, сен, Бақажан! Аузыңа періште салған болар – кім қыз ұзатса да, кім келін түсірсе де құтты болсын айтқалы келдік! Бұл ерекше құдалық барысында қысыр әңгіме айтылмасын ағайын, өкпе-назға жол берілмесін ағайын, біз соны сұрағалы келдік, Жарылар!.. Атларымыз елді береке-бірлікке бастарлық талай іс тындырған болатын. Соның арқасында ел бірлігі беки түскен, ел ырысы арта түскен. Бақажан мен Сағындықтың бұл құдалығы ағайын арасына береке-бірлік әкелсін деп тілелік, ағайын!.. Ей Жаратқан! Ей Аллатағала! Екі ауылдың құдалығын құтты ете гөр! Береке-бірлікке бастар сәтті қадам болғай!..

...Мәреден шабысын үдете түсіп өтетін қас жүйріктей, бір рет те тыныс алмастан, бір рет те ой желісін үзбестен сөзін екпіндете аяқтап, қолын көтере бетін сипаған биді “әмин”, “әмин” деген тілектер мен, “рахмет”, рахмет” деген алғыс ұндер ат үстінен көтеріп түсіргендей еді...

Барлығы да сол сәтте аттарынан сыпырыла төгіліп кеткендей болды... Маңайға жанға жайлы тыныштық орнап қалған екен...

...Би сөзінің құдіреті ме, көз алдына қайта-қайта елестей берген сүйікті қызы Әлимаш бейнесінің әсері ме, күдікті көңілдің жай тапқанынан ба, әлде әзірге өзі ғана білетін ұтылыс өкініші ме, әйтеуір Бақажан айдалада жалғыз қалған жандай көңілі құлазып, денесі сүлесок тарта би қасына жақындай берді...

– Би аға! Лебізіңіз қандай жанға жағымды еді! Бір тентектің қолшоқпарына қалай айналып кеткенімді ойлап қатты өкініште жүр едім. Сіздің ауыл жігіттері өкпелі аттаныпты деген хабарды да құлағымыз шалып жатыр. Аңқау Сағындықты арам Бақажан алдап қолға түсіріпті – деген нақақ жала да ел аузында бар дейді. Содан сақтанып бәсеке менің пайдама шешіліп жатса, қалыңмалын бірден өтеп кетейін деп менің аулым тоқсан жеті торы мініп келді, бұл тойға. Мен мына халық алдында бәсекеден ұтылғанымды мойындаймын. Қайтқан малда қайыр бар деген, айдап қайтармыз. Ең бастысы ұтылысқа өкініш жоқ. Сағындықтай жақсымен құда болу қуанышына ие болып тұрмыз... Қоштай тойы өткеннен кейін өзіңіз бастап құда түсіп кетіңіз..

...Бақажанның бұл сөзі ширыға қатуланып, ықтыра сөйлеп тұрған биді есебінен жаңылыстырып жібергендей. Ол мен енді не істеймін дегендей, екі алақанын жайып жан-жағына көз тастады... Сан саққа жүгіртіле, Жарылардың арамдығын оттық, Жеменейлердің аздығын тамызық етіп тұтатқан бәсеке мен өсек қазанында қайнап әбден піскен, жүйкелері бұрала-бұрала қыл арқандай ширыққан

бәйбіше аулының басқа тойшылары да Бақажан сөзін естігеннен кейін ішегін босатқан домбырадай босаңсып, күбір-күбір әңгімеге көшті...

...Би қолын көтере маңын тыныштандырып алып, Сағындыққа қарап қайтадан сөз бастап кетті...

– Сағындық! Ініңнің сөзінен сізге деген үлкен ықылас таныдым ғой. Ат жарысында озатыныңа сенімді болатын кездерің болған болар, ал осы жарысты ұтамын деп сене қоймаған боларсың. Бірақ кісіге өмір сүргізер “дәме” деген бір ғажайып бар ғой. Сол дәме сізге оңашада не деуші еді?.. Үкіні кімге тақ дейтін?..

...Соншама тырыса дайындалған, шаруасының оп-оңай өз пайдасына шешіле салғанына өкініші бардай, өңінен жеңіс қуанышы байқала қоймаған Сағындық самарқау сөйлеп: “Шырағым, Бақажан! Мен бұл бәсекеден бәйгі дәметіп келген жоқ едім. Сіз бұл істі өзіңізше шешіп келіпсіз, ақыл жастан деген осы да. Дәмелі болғанымызды да, арланғанымызды да жасырмаймын. Құдай қолдап, періште әмин десе өзіңнің Әлимаш деген балаңа үкіміз даяр. Өзіңнің тұстасың Тасқарадан Иса атты немерем бар. “Осы ма” деп ешкім қомсына қоймас деп ойлаймын... Ендігі ерік бізде болса, менің шешімім осы...

...Екі құда бір-біріне құшақтарын ашысып қарсы жүрді. Дәл осы сәтте “маза бермедіңдер ғой” деп, ықылым заманнан бері тыныш жатқан алып дөң жонын сәл қозғап жібергендей-ақ, биік басы бірден қозғалысқа түсіп, бал ара ұясының маңындай “ғыж-ғыж”, “ыз-ыз”, “гу-гу” дыбыс базарына айналып сала берді...

...Асқан сұлулығымен ел аузына ерте ілінген, ерекше жақсы көріп, “жат жұртқа” қия алмай жүрген Әлияшын Бақажан бай осылай ұзатқан еді...

...Келін күтіп отырған бай ауылдың қыз-келіншегі мен бала шағасы, көкірегіндегі желдері әлі басыла қоймаған сауықшыл үлкендері түгел ауыл алдындағы дөңесте. Сағындық бай немересі Иса келін алып келе жатыр. Бұл ауыл адамдарын – келін келе жатыр, бай ауылмен құда болдық, атақты сұлуды келін етіп түсірдік – деген мақтаныш сезімдері билеп алғандай...

Ел қуанышының төркінінде:

– Келін бір шаңыраққа түспейді, бүкіл бір тайпа елге түседі... Жақсы әйел тек бір ошақ ұйытқысы емес, тұтас бір рулы ел берекесі – деген мағна жатқандай...

...Барлық уақиғаның ортасында болған қарт би Сағындық байдың қақ төрінде қасындағы аз адаммен мәзи әңгімеге алданып, құда күтіп отырғанды... Ойда жоқта басталып, ойдағыдай тынып, соңы мерекеге айналған бұл тойға ауыл дайындығы тым ерекше болатын...

...Анау байтақ даланы, мынау тойға дайындықтан басқа уайымы жоқ ауылды, осы келін күтіп отырған әрбір пендені – “Келін келе жатыр!” – деген хабар шексіз қуанышқа кенелте салатындай-ақ еді...

...Бірақ “жылқы аласы сыртында, адам аласы ішінде” дегендей кенеттен үй сыртынан бір әйелдің: “Құдайым-ау! Бұ не деген

дарақылық!.. Мына шаруаға көмектесер де жан қалмапты ғой... Не дерсің бұларға!.. Қалыңсыз өзі келе жатқан келінге соншама шабылып!.. Оның теңі бір шаршы шүбірек пен бір тоқты емес пе еді!” – деген, қызғаныш сілтiсiне малынғандай ызғарлы дауысы, бидiң пәлен күн “жақсылыққа болғай, елге игi әсер еткей” деп, iштей тiлеп келген тұнығын астан-кестен ылайлап жiбергендей болды...

...Ойпырым-ай! “қалыңсыз түскен” деп те кемiтуге болады екен-ау!.. Бұл халыққа қалай жағуға болар?...

...Бидiң түксиген жалбыр қабағы кәзiр бұларды көрмей-ақ қой дегендей жабыла бердi де, ойы – мен сенi бұлардан құтқарайын дегендей құлақ естiп, көз көрмеген шырқауға алды да кеттi...

...Әлимаш сұлудың өмiрге әкелген ұрпақтары да көрiктi болды деседi... Қыздары – Үбина, Бапина, Мадина, Зарина, Болар – Маңғыстау өлкесiн талай сұлулармен көрiктендiрiп, талай ошақты келiндi қылса керек...

...Автор бұл еңбегiн “қалыңсыз келген келiн” Әлияштың тұңғышы Үбина сұлудың төрт ұлдан кейiн зарыға күтiп көргендiктен “ханым да сен, төрем де сен” деп Қантөре атаған қызына арнағанда оның тек қана автор зайыбы болғандығы үшiн емес, Қантөре Таужанқызының осы әңгiме кейiпкерлерi Сағындықтың жиенi Бақажанның жиеншары екендiгiн ескергендiгiнде де едi...

Көрпе аулының келiндерi

Мәкең маңғыстаулықтардың аса қадiр тұтып сыйлаған ұлдарының бiрi едi. Опасыз дүние оны да сатып кеттi. Мiне, ендi зайыбы жазушы сүйегiн астанадан алып келiп, туған жер топырағына тапсырып жатыр. Қазаны аза тұтқан қарақұрым халық. Жерлеу дәстүрiн бiлетiндер оны өз кезегiмен жүргiзiп жатыр. Далада ойдым-ойдым болып әңгiмеге ыңғайласқан адамдар. Ярқайсысының бiр биi бар, жұрт құлағы соларда.

Топырағы торқа болғыр Маршал Әбдiхалықов адай тайпасының көрпе руына жататын. Бiз қатысып тұрған әңгiме-дүкеннiң қозғаушысы да сол ауылдан болып шықты. Есебiн тауып аздап мақтанып алғанды да жек көрмейтiн болуы керек, бiр ретi келгенде:

Құдайтағала бiздiң көрпе ауылын әуелден де келiнге салымды етiп жаратқан. Бiздерде... – деп, бiр ұзын сонар мақтаншылық әңгiмеге түсiп кеттi. Мен жалыға тыңдап тұрғанмын. Соны байқап қалған Лазыр ағай:

– Сен ана ақсақалдың сөзiне мән бере қоймадың-ау деймiн. Көрпелердiң қай заманда да келiннен аузы салымды болғаны рас. Алысқа бармай-ақ осы жерлеп жатқан Маршал аулын алайық. Мынау ақсақал Мәкеңнiң зайыбы Күлсiн туралы айтып жатыр ғой. Ал оның енесi соғыста хабарсыз кеткен азаматының артын күтiп, дүние қызығын талақ етiп, екi ұлын ешкiмнен кем қылмай жеткiзен кiсi. Ал

оның үлкен енесі, Есен келіні, Малта деген шешеміз, сыйпаттауға сөз жетпес кісі болыпты. Ол жарықтық ер азаматтың қолынан келмек түгіл, естігенде санасына сіңіре алмас қарекет жасаған кісі екен, – деп, жаңа бір әңгіме бастап кетті...

...Есен тек қана көрпелерге емес, бүкіл адайға қадірлі кісі. екен. Шат қорымындағы екі күмбездің бірі – Есен күмбезі. Жеті ұлы болыпты. Солардың бірі Жұмағұл Есен күмбезінің ішіне жерленген. Үстүртті қыстаған Жұмағұл бір жылы жұтап қалыпты. Кедейлікке арланған Жұмағұл елге қайтпай Бесқала, Хорезм жаққа ауып кетіпті. Жалғыз үй кірме атанып, бір елдің ығын паналап мүсәпірлік күн кешіп жүре берсе керек. Күндердің күнінде Жұмағұл қатты науқастаныпты. Дүниемен қоштасқандай болып жатып: “Якемнің ел сыйлаған атағына бір ауыз жақсы сөз жамаудың орнына сүйегі далада қалған Есеннің Жұмағұлы деген атқа қалдыратын болдым-ау” – деп, налыған екен. Ес болар елі жоқ, ас болар малы жоқ қиян шетте, бейтаныс жандар арасында жас келіншек, күйеуінің арманы құлағынан кетпей, жалғыз өзі зарлап қала берген.

...Сүйегі далада қалған Есеннің Жұмағұлы...

...Осы сөз алғаш Жұмағұлдың аузынан шыққалы Малтаның бар блмысын билеп алған болатын. Қалған ғұмырында естір қарғысындай, бұл сөз есіне түсіп кетсе болды, төбе шашы тік тұрып, бүкіл жан тамырын мың аяқты жегі құрттар азаптай жыбырлатып, құныстырып, бүрістіріп жіберетін. Мына жатқан Жұмағұлға енді бәрі бір. Алдында не болары тек қана бір Аллаға аян, ал артында қалғаны – жалғыз мүрде, жалғыз арман, жалғыз әйел... Барлығы да жалғыз әйел мойнында, бәрі де зіл салмағымен жас келіншекті езіп барады, үгіп барады...

...Жас әйел белін бірдеңеге бекем буғандай... Ақ шүбіректі жайып жіберіп, құбылаға қарай жығылды да, басын саждаға тигізіп: Уа Аллатағала! Бұл ойға алған ісімде не мұсылманшылыққа, не адамшылыққа жатпайтын қылық болса күнәмді кешіре гөр!

Пендемнің шын тілеген бір тілегін беремін дейді екенсің, бере гөр осы тілегімді! Ойға алғанымды іске асыруға көмектесе гөр! – деп, еңіреп жылап жіберіпті.

Ұзақ жылауға уақыт жоқ, көз жасын сүртіп, бойын билеп:

Уа, Қармыс бабам! Қайрат бере гөр! Уа, Есен атам! Желеушім бола гөр, жебеушім бола гөр! – деп, өзі көрмек түгіл, құлағы естімеген бір әрекетке кірісіп кетіпті...

...Қолындағы лыпып тұрған өткір пышақ мүрденің еттерін сүйектен ажырата бастады. Өмірінде ең бір ықиаттап істеген шаруасының бірі осы болуы керек, сүйекте қырым ет қалмай, жалаңаштанып жатты. Бір мезгілде бұл шаруа да аяқталды. Малта асығып жүр. Мүрде етін ақ шүбірек қалтаға салды, аузын буды, неге екенін өзі де білмейді, сыртынан тағы бір қабат шүбірекке орады.

Содан соң қазылған шұқырға салды да тездетіп көме бастады. Шұқыр орнын теістеп болды да, білгенін оқып бет сыйпады...

...Етсіз мүрде көп жеңілденіп қалыпты. Ұқыптап тұздады. Арнайы дайындалған киіз дорбасына кейбір серейіп қалған жіліктердің сіңірін қиып жіберіп орналастырып салып алды. “Бұл елден алысырақ кеткесін күнге бір қақтап, желге бір кептіріп алу керек” – деп ойлап та қойды. Үйінің ішін ретке келтірді. Топырақ түскен алашаларын қайта қағып салды. Жуынды. Шайынды. Азғантай ас-су салған қалтасын киіз дорбаның үстіне салып, түндігі жабулы үйіне соңғы рет көз тастап, бағыты осы болар-ау деп жүріп кетті...

...Сол Хорезмнен Маңғыстау ойына құлағанша отыз күн жол шегіпті. Қасықпен тары жепті, оймақпен су ішіпті. Екі жыл қатар соққан жұт қырсығы ма, мынау ұшы-қиыры жоқ маң далада адам түгіл аң да кездеспеген. Бірақ Малта ешкімнен көмек дәметпесе керек. Бар күшін, бар азығын дәл отызға бөліп, оның әр бөлігін соншалықты дәлдікпен, үнемшілдікпен пайдаланып ілгері баса берген, жүре берген, жылжи берген, ілби берген... Алғашқы кезде бәрін өзі басқарып, өзі ұйымдастырса керек. Бара-бара оны тек қана бір сана билепті. Соңғы күндері сол сананы да тұман басып, Малтаны табиғаты белгісіз бір рух күші жетелегендей... Ол ел шетіне ілінгенде бір ауыз сөз айтуға еркі, аяғын бір басуға күші қалмаған кезі болса керек. Қанындағы Ер Қармыс рухы ма, жанындағы аруақтарға сенген сенім бе, әлде... соншалықты алыстан іздемей-ақ кез-келген жаны таза, рухы ластанбаған, ата-баба салтын құрандай қастерлейтін қарапайым жандардың кісілік парызы ма?.. Не де болса Малта шешеміз жасықтар мен пасықтардың аңыз дей салатын, көзінде оты, көкірегінде сезімі барлардың басын шайқататын, жанын түршіктіретін бір іс істепті. Бұл іске куә болғандардан тіршілікте ешкім қалмаған сыяқты. Ал көргендерден естігендер баршылық. Не де болса бұны естіген кез-келген адамның бір іс тындырарлық әсер алатынына сенімім мол. Сондықтан да Малта шешеміздің аруағын аунатып, бұл уақиғаны жарыққа шығарып отырмын. Аруақ тыныштығын бұзсам кешірім өтінемін...

...Ал Сіз осы әңгімені оқып шығыңыз. Оқып шығыңыз да ой жүгіртіңіз. Ойланыңыз да дайындала беріңіз. Бұл ұзақ өмірде басқа талай қиындық кездесер. Ал кездесе қалса рухың дайын болса тәніңнің кез-келген қиындықты жеңіп шығуға мүмкіншіліі бар екеніне көзіңді жеткіз...

...Ал Малта шешенің рухына бас ием деушілер табылып жатса маған хабарласыңдар. Лазыр Сәйдімұлы Тумышеә ағаларың екеуміз басына апарып қайтамыз...

...Шындығында да, аруағына бас иіп қайтуға тұрарлық жан емес пе?..

Соңғы ерліктер (триптих)

Қармыс батырдың соңғы ерлігі

Жон етіндегі найза ұшынан түскен ескі тыртық әуелі сыздап бастаған. Кейін сол жерде ісік пайда болды да, бірте-бірте жұдырықтай жараға айналып барып ақыры тесіліп тынды. Содан бері Қармыс батыр елдің дау-шарына араласуды, ағайынның той-томалағына баруды тоқтатып еді. Ауыр сырт киім түгіл жұп-жұқа көйлектің өзі ашық жараның аузына батпан салмақ түсіріп жанын да, тәнін де қатты азаптайтын. Өзінің өзіне риза еместігін байқатқысы келгендей: “Халық бізге батыр деп айдар таққанға мәз болып – мен батыр екенмін-ау! – деп, зор атақтан дәмелі болып келіппіз. Батырлығымыздың жобасын мына жара байқатқандай болды.

– Кісі келе жатыр көйлегінді ки – деген қатын даусы құлаққа шалынғаннан-ақ жау найзасы кірші етіп еттен өтіп, кірт етіп сүйекке тірелгенде селт етпейтін дене енді абайсызда тиіп кетеуі мүмкін жібек шүбірек алдында қайыстай былқылдайтын болған. Біздің бұрынғы батырлық қылыққа балап жүрген қимылдарымыздың бәрі батыр болғандықтан туған ерлік емес, намыс қамшылағаннан пайда болар амалсыздық па деп қалдым” – деп еді, көңілін сұрай келген, осы елдің атақты биіне, мына отырысына ақталғандай болған, Қармыс батыр.

Көңіл сұрай келген Есен би Қармыс батырдың шарасыздық айттырып отырған мұңына бірден жауап қатпай, ұзағырақ отырып қалды. Жауап тосып сәл кідірген үй иесі ендігі ойын биге емес өзіне-өзі айтып отырғандай боп, жүзін қонағынан есік сықырлауығына қарай аударып:

– Адамға қажет нәрсе намыс па деп жүрсек, ет пен сүйектен жаралған пенденің ең қымбаты өзінің шыбын жаны болар ма? – деп, сәл еңкіш тартып кеткен еңсесін түзетіңкіреп, шамадан тыс шалқайыңқырап отырды.

Би де иіліңкіреп кеткен басын биіктете көтеріп сөзге араласты.

– Сіздің бұл ойыңызға қарағанда ел басқарған көсем мен сөз басқарған шешенге, қол бастайтын сардар мен жекпе-жекке шығар батырға батырлық пен тәуекелден гөрі намыстың оты көбірек қажеттірек болғаны да...

– Жоқ, олай емес. Намыстылардың бәрінің бірдей ел де басқара алмайтыны, батыр да бола алмайтыны белгілі нәрсе емес пе еді...

– Әрине, қол бастайтын кісіге, ел тағдырын шешетін басшыға ең қажетті қасиет ең алдымен иесін аптықтырмас салқын жүрек пен қандай қысылшаң шақта да адастырмай алып шығар ақыл және өзге жұрт өңін ажырата алмас айла мен амал болса, содан соң барып намыс пен тәуекел болар.

– Білмедім, би інім! Заманына қарай амалы!.. Бір кездерде алдындағы мақсатың анық уақытта мен үшін батырлық пен батылдық арасы, о жарлық пен тәуекел арасы түсінікті сияқты еді. Ал мына заман адамдарды шыққан тегін тексермей тозған шақта қоқыс шұқырға лақтыра беретін нәрсенің бір түріне айналдырып алыпты. Адам кәзір наурыз көжеге салар дәннің бірі секілді. Ақ ұн шығатын асыл бидай ма, атқа беретін арпа ма – бір қазанға салып қайнатып, бір ыдысқа құйып үлестіреді. Бірінің ерте пісетінінде, бірінің ылжырап кететінінде ешкімнің жұмысы жоқ. Біздің бас қауаққа, біздің ой быламыққа айналғандай, бұ кезде. Жасымызға жетпей алжи бастадық па?.. Бізді түсінбес адам қайдан өсіп-өне қалды?.. Ата заңын сыйламас заман қалай пайда бола қалды?.. Өзің сияқты билердің айтқан билігін де, ел тізгінін ұстаған биліктілердің ісін де түсінуден қалып бара жатырған секілдімін. Тіпті кеше ғана қалың жауға қарсы шапқанда білегің емес басыңды да сеніп бере тұрарлық серіктерің мен артыңа ерген інілерің енді мынау тыныштық орнаған кезде сол біз көрген бар қасиетін сауытымен бірге шешіп тастағандай. Кәзір оларды кім деп айтарыңды да түсіне алмайсың. Соғыста бәрі анық еді. Мақсатың белгілі, әр кісі бір сынағаннан өз шама-шарқын байқатып алатын. Бұ күнде аузынан дыбыс шығатынның бәрі биге айналып кеткен, жұдырығын түйе алатынның бәрі өздерін батыр қатарына қосып қойған. Кеше ғана шабылып жатырған дұшпан еліне, шашылып жатырған жау малына қанағат көзімен қарай алғандар бұ кезде өз ағайындарының арасындағы бір тоқты дауына бар өнері мен өмірін сарқа қызмет ететін болыпты. Ал өздері – елге жері мен жұртының қамын жеп жүрген қамқоршылардай-ақ бұлданады. Сөйлеген сөзі түгіл бүлдірген ісіне де жауап бермейді... Бұл адамдарға не болған?.. Желсөзділерге билік берерліктей, жемқорларға ерік берерліктей заманға не болған?..

Солардың жалғаны мол жел сөзі елдің бірсөзділік қасиетінен айыра ма деп қауіптенемін... Солардың ойланбай кірісер, бәсеке жолындағы қатеге толы істері елдің ерге деген сенімінен айыра ма деп қорқамын. Осылай жалғаса берсе алдымызда сөзге сенбес, ақылға көнбес ұрпақ күтіп тұрмасын?.. Бір-біріне аяу сезімін жоғалтар болса алдымызда адамдарының бірі қорлықта жүрер, бірі зорлықта жүрер заман күтіп тұрмасына кім кепіл?..

Ал мына ел тізгінін қолдарыңа алған сіздер осы бағыттарыңызды өзгертпесеңдер енді аз уақытта елдің тірісінде өзіне үлгі тұтар, өлісінде ұрпағына өсиет етер ешкімі де қалмас, би інім. Оның арты бүкіл ел үшін үлкен қатерге айналмақ. Айтақтала, айтақтала үрмей қалар алданған иттей, елді керенау, кертартпалыққа жеткізбек. Ал енді оның қортындысы – бар жұртты бірлікке құштар қасиетінен айырар. Байқандар шырақтарым, ел сенімінен айрылып қалып, нағыз керек кезінде елді бір жұдырыққа айналдыра алмай қалып жүрмеңдер...

– Батыр аға, сонда сіздің бұл ойыңызды дұрыс түсінсек елге тыныштықтан соғыс пайдалы болғаны ма?

– Міне, көрдің бе? Айтылған сөздің әлсіз жерін қалай тапқышсыздар. Мен жан тәтті екен деп айтпап па едім. Соғыс өлім, тыныштық тірлік емес пе... Ел бірлігі үшін елге соғыс керек емес инабатты басшы керек. Бейбіт өмір мен тіршілікке не жетсін... Бірақ осы аздаған жыл ішінде адам мен адамның арасы қаншалықты алшақтай бастаса шындық пен өтірік арасы соншалықты жақындай бастады. Ойласаңдаршы, өмір сүріп отырған шаңырағыңды баласын әкесіне қарсы сөз айтуға, адамын қоғамына қарсы қол көтеруге дейін жеткізуге бола ма?.. Адам адамның, тайпа тайпаның намысын таптатарлық деңгейге жеткізуге бола ма?.. Біз деген өмір бойы ханы мен қарасы, байы мен жалшысы бір қазаннан көже ішіп келе жатқан ел емес пе едік?..

Ақылдан туар ағалық жолдан байлықтан туар өктемдік жолын жоғары қоя бастапсыңдар... “Ағасы бардың – жағасы бар” деген мақалды не істейміз ендігі жерде?.. Қалай пайдаланамыз?

Ел ақылды көпті көрген мен көңілі түзуден сұрар болар еді, енді көп жинаған мен көлгірлене алатындардан сұрайтын болыпты. Сіздердің бұл ел басқару әдістерің түбінде байтақ елді, бар қазақты Құдай жаратқан табиғи қасиетінен ада қыла ма деп қорқамын. “Иа, Құдай! Бергеніңе шүкір” дейтін қанағаншыл пиғылына, аға силаған, ақыл тыңдаған ниетіне дақ түсіреме деп сескенемін.

Сарбазы мен сардары бір төсектен тұратын адамдары тең, қойшысы бейтаныс жолаушыға бай малын сойып қонақасы беретін пейілі кең ел едік...

Міне осы қасиеттер келмеске кеткен күні қазақ халқының табиғаты да келмеске кетер...

Соны, мына Сіздер, билік басындағылар, мінез-құлықтарыңды қазақшылық тезге түсірмесендер өз қолдарыңмен жасап шығарарсыңдар...

...Менің осы сөздерімнен шошынып, маған көп келе бермейтін едіңдер. Сәлем бере келгеніңе рахмет. Ал енді айтшы, не шаруамен жүрсің?.. Басың салбырай береді... Ойыңда ауыр бір нәрсе бар ғой...

– Сізді сырқатыңыз үйден шығармай тастапты дегесін, інілік ізеттің сәті түскен уақыты осы болды. Сосын бір жайсыз хабарды да өз аузыммен ескерте кетейін деп...

– О не хабар?..

– Жақында Хиуа ханы бір биін жіберіп, адайларға салмақ салды. Төменгі адайлар орыстармен ауыз жаласып, теңіз жағасынан қамал салуға ұрқсат етіпті – деп айып тағатын көрінеді. Бір қайық кәпірлерге қарсы тұра алмайтын қандай елсіңдер?.. Сол қамал тып-типыл жоқ болғанша, кәпірлер енді қайтып келместей болып кәпірстанына оралғанша біздер мен адай арасында достық мәміле болмақ емес. Бір жағына шықсын. Маңғыстауды орыс алатын болса біздің де елдігімізге қауіп тұмақ. Біздің Кетіктегі орысқа құрығымыз жетпеген мен қырдағы адайларға қамшымыздың ұшын тигізерлік мүмкіншілігіміз бар – депті...

...Қараңғы түнде көзі ұран отын шалып қалған қарауыл сарбаздай Қармыс селк ете қалды. Бидің мына сөзі оны “аттан, аттан”, “жау, жау” деген атой ұранынан кем шошытпады.

...Жарасын ұмытқан... Қанатын серпер алдында қомданған қырандай боп, орнынан көтеріле екі тізесіне отырып: “Япырым-ай, қиянда жатып дүние жүзіне билік жүргізуге құмар болған орыс патшасының көзінің сұғы да, көрші отырып өз ұясын қорғамақ болған Хиуа ханының оғы да мынау байтақ дүниенің жан баспастай қуысына тығылған аз ғана адай аулын тапқаны ма?”...

...Бұл ой Қармыс санасына сәуле жылдамдығымен әсер етіп, басына найзағай қуатымен соғып өтіп еді. Көпті көрген қарт батырға елдің алдағы болашағы анық елестеп өткендей болды...

– Шырағым, сенің бұл сөзіңнің ауыртпалығы біз сүрген ұзақ өмірдің ең қиын кезеңі болып жүрмесін?.. Бар қазақтан бөліне көшіп ұмыт қалған бабалар ұясын баспана етеміз бе деген кезде тұзаққа мықтап ілініп жүрмесек қайтсін?..

Аз күнгі тыныштықтың шегіне жетіп қалған секілдіміз бе...

Хиуа ханына тізе бүксең бас бостандығыңды сол күні-ақ жоғалтарсың. Бірақ бұл ұлтанды ел емес, жағаласа жүріп, кезек жығып, кезек жығылып күн кешуге болар еді-ау... Орысқа кішілік еткің келсе біраз жыл бұлғақтап барып нөқта салғызарсың, бірақ олар салған нөқтаны қайта сыпырып тастау қиынға соғар. Сен адай қанша бас асау болсаң да ормандай орыспен ұстаса аларсың ба?..

– Сонда басқа амал қалмағаны ма?..

– Қалмаған да шығар... Қандай амалдың дұрыстығын бір Алладан басқа кім біледі дейсің?.. Бірақ, қазағымыз: “Жалғыз жүріп жол тапқанша көппен бірге адас” – дейтін ел емес пе?.. Елінен адасып қалып, бостандығы түгіл, бет пішінінен айрылып қалғандар аз ба еді?.. Менің ойымша ендігі жерде жалғыз адай аулына оңаша бақыт іздеуді тоқтатқан жөн болар. Жалпы қазақ қай бағытқа бет алса солай қарай иілген дұрыс шығар. Қалың қазақтан бөлек ырзық іздеп, өзіңе жеке тағдыр таңдап не тындырарсың?.. Көппен көрген ұлы той... Ой, шіркін-ай! Қазақ біріксе әлі де шалқар теңізге айналар еді-ау! Бірақ бір тайпа адай басын біріктіре алмай жүргенде қырық ру қазақтың басын қалай қосарсың?.. Бұл қауіп тек біздің басқа емес, бар қазақ басына төніп тұрған қара бұлт қой... Борандаттырмай қылаулатып, селдеттірмей сіркіретіп сол бұлттың тарауын күткен дұрыс болар ма?.. Тапалып қаламыз ғой, таланып қаламыз ғой... Өзіңмен ит жығыс түсіп жүрген жоңғар Қытаймен кетіскеннен не тапты?.. Үш Жүздің туын ұстаған Әбілхайыр хан қазаққа жаны ашмайды деп ойлайсың ба... Елін сақтап қалудың жолы осы деген болар... Хиуаға бейімделсең олар сені орысқа қарсы қалқан етер... Ой, дүние-ой! Орыстар басқа шаруаларын түгендеп болып, бізге жеткен екен ғой... Кезек дүние деген осы. Ендігі кезек солардікі болғаны дағы...

Көпті бастан кешірген көреген би, қарт батырды сөйлетіп, ойын анықтамақ болып аңысын аңдап отырғанын ұмытып “дәл айтасыз!” деп батыр сөзін бөліп жіберді... Батыр ойы оның онсызда шапқалы тұрған қақпанының тиегін қозғап кеткендей әсер етіп еді...

Қармыс батыр қиянда жатқан жауын болашақ істер жауыздығынан қаһарлы даусымен қорқытып қайтармақ болғандай, шамадан тыс қатты сөйлеп кетті...

– Мынау жалған дүниедегі елің мен жеріңе қатер туғызар, қасірет әкелер барлық уақиғалар әрқашанда бір ауыз сөзден басталатын. Міне сол қатерлі сөз жетіпті, Сіздерге! Тұтқиылдан сау ете қалмай алдын ала хабарлағанына қуандыңдар ма?.. Енді жаңағы өзің айтқан хабар да өз қасіретін көп күттіре қоймас... Ал, ел басшылары қандай қарсы қимыл жасап жатырсыңдар?.. Жиналдыңдар ма?.. Пәтуаластыңдар ма?.. Не істейтіндеріңді шештіңдер ме?.. Жасақтар жасақтала бастады ма?.. Ел шетіне қарауыл шолғыншылар жіберілді ме?..

Қармыс батыр сұрақтарына теріс жауап алғаннан соң қонағын ұмытқандай үнсіз отырып қалды...

Ас үнсіз желінді, қоштасу сәті де салқындығы сезіліп тұрған көздердің бір сәтке бір-біріне назар аударуымен ғана, ой мүжіген бастардың бір сәтке иілуімен ғана шектелген еді...

...Батыр бұл жолы қонақ кетісімен көйлегін сыпыра бастайтын әдетін ұмытқан секілді. Жарасы да естен шығыпты. Тән жарасы енді батырды қинамайтындай... Дене дертін ұмыттырар көлденең кеселге ұшырағандай... Оба басына қонып ап, ұзақ қимылсыз қалатын дала

бүркітіндей, екі тізесі мен шамалы кісінің сирағындай айлапат табанының башайларынан жасалған тұғырға орнығып ап, қақшиды да қалды...

...Ойланған сайын батыр қабағы түйіле түсті. Қырық-елу жыл бойы қолдарынан қылпыған қылышы мен желбіреген туы түспеген заманды, сол қиын кезде елге ағалық ете алғандер мен жұртқа жаға бола алғандарды ойша шолып өтті де, солардан кеше ғана ел тізгінін қолына алып, төрге төселген жұмсақ көрпеге майқұйрықтарын рахаттандырып отырғандарды, сөз билігіне ие болып, болымсыз тұлғасын би шапанының шалғайымен жасырғандарды, тіпті жау жоқта батыр атын иемденген жандарды көгендей тізіп, ой сүзгісінен өткізе, салыстыра бастады...

...Осыншама аз уақыт ішінде адамдардың соншама ұсақтап кетуі қай ақылға сыяды?.. Олар қандай тіршілік заңына бағынады?.. Кеше ғана “шабылғандар алсын”, “жоқ-жітікке қалсын” деп жаудан түскен мал мен дүниядан үлес алмай, бос қоржыны мен шыбын жанын олжа көретіндерге не болған?.. Кеше шабылған жетім-жесір мен бүгінгі кедейлікке ұшырап азып-тозған жоқ-жітіктің қайғы-зарының айырмасы қанша?.. Өздері жаралған топырақтан жаралған елі емес пе?..

Тамырларын өз бабаларының қаны кернеген, жандарын өз аталарының рухы тербеген өз халқы емес пе?.. Ер жігіт солар үшін тірлік етпесе бұ сұмелек өмірдің жанды қинағаннан басқа пендеге тартар жақсылығы аз секілді еді ғой... Әлде билік басына барғандардың өз заңдары бар ма еді?.. Елден бөлек жеке қызықтайтын өз қызығы, елден бөлек бағынатын өз ережелері болады ма екен?.. Қолына ел тізгіні тигендер сол бойда кісілік тізгінінен айрылып қалатыны неліктен?.. Бұлай жалғаса берсе елдің елдігі не болмақ?.. Қазақтың қазақтық қасиетінен не қалмақ?..

Бақташысыз қалған қойдай бытырап, әркім өзіне бұйырған жақтан несібе іздеп, тоз-тоз боп жоғалмақ па?..

Малды иіріп ұстап, өрісін тарылтса, шаң қауып көкжетел дертіне ұшырап, азып-тозатын...

Иесіз тастаса бөріге жем болатын...

Елдің кәзіргі күні қойшысы той тойлап кеткенде отарға бөрі боп кеткен өз аулының иттері тигендей кезі секілді ме өзі, қалай?..

Немесе, қаншық қасқыр бөлтірігін үйретерде қорғансыз қозыны өлтіріп жемейтін, есін кетіре бөрліктіріп жүріп әр қайсысынан бір қарпып өтетін...

Біздің ел басына сондай заман туған шақ болды, бұл кез. Елді басқаратын бір жан жоқ, бірақ бөрі би, бөрі батыр, бөрі әкім...

Қойға қарайтын бір ит жоқ, бөрі бөлтірік!..

Қалай өз ауылын, өз жұртын талаудың айласын үйреніп жүрген бір жан...

Енді ауыл иті аздық еткендей, алыстың бөрісі таламақ болғаны ма?..

...Ауыр ой денесін қақшитып қатырып тастаған Қармыс батыр әйелінің оң қолынан көйлек жеңін сыпырғанын да сезбеген екен. Тек қайнатылған дәрі шөп тұнбасымен жара аузын тазарта бастағанда ғана, тіршілік атты түсінуі қиын жұмбақ құбылыстың жанға батырар ауыртпалығын сезгенде ғана, тән жарасы жан күйзелісіне өз үлесін қосқанда ғана барып жан-жағына көз салды...

...Дертті қарттың сол күннен бастап не ауруы жазылғандай, не жүйке тамырлары жансызданғандай... Мезгілімен берсе тамағын ішеді, кешіктірсе сұрамайды... Ауырсынып дыбыс шығармақ түгіл қабағын да шытпайтын болғасын батырдың әйелдері жара сүртуге әуес болып алған секілді... Көңіл сұрай келендерге де айтар жауабы біреу-ақ... “Жара жазылды ғой” – деп, ол туралы әңгіме жоқтығын байқатады да қояды. Тіршілік шаруасын біржола ұмытқандай...

Тек қана көптен мінілмеген жорық атының суын алдыра бастады. Ол енді күніне бір мезгіл денелі күрең аттың қасына барып, бір шақпақ кант беріп, жалын жұлқылап, құлағын қасып уақыт өткізетін әдет шығарғанды...

...Ауылдың пысық жігіттері бірінен соң бірі жан-жаққа жұмсалып жатты... Жұрт бұны сырқатынан сауыққандығының белгісі деп ұғынып, ошақ басы да, ауыл адамдары да қарт батырдың бұ қылықтарына көздері үйреніп, құлақтары қанығып қалғандай болып еді...

...Бірақ, көп ұзамай батыр әйелдері аса құпиялап оның кей түндерді көз ілмей мелшиіп отырып өткізетінін сырластарына жеткізе бастады... Ауыл қатындары батырды бірдеңе иектеп жүргенге ұқсайды деген өсек тарата бастапты... Ал енді бірі батыр батыс жаққа телміріп ұзақ қарап тұратын болыпты, сол жақтан бірдеңе күтіп жүрген секілді, асылы бабамыздың күні санаулы қалып жүрмесін деген жорамал жасайды екен...

...Қармыстың күткен жаманат хабарын өзі күткен уақыттан әлдеқайда ертерек, дәметпеген бағыттан, ойламаған кісісі естіртті. Кісі емес, бәлиғатқа да толмаған, аузынан ана сүтінің дәмі әлі кете қоймаған жап-жас бала естіртті...

...Жау аяқ астынан өсіп шыққандай боп бейқұт жатқан Мықтыбайдың ауылын саралатаңда қоршап алыпты... “Мықтыбай ауылы шабылса, көршісі Сарының ауылы да аман қалмаған болар, арасы жақын еді” – деді, ішінен Қармыс батыр.

...Әкем мені таңатпай атқа жұмсаған. Ат сай бойын қуалай жайылған екен, шығатын жер таппай жүргенде, ауылды қоршаған шеті жоқ қарулы адамды көрдім...

“Хабар айтсын деп періште әдейі сайға түсірген ғой” – деген ой келді батырға...

...Жау екенін білдім де қалың жыңғыл ішіне жасырындым...

...”Ақылыңнан айналайын” – деп күбірледі қарт батыр...

...Мал мен адамдарды шұбыртып айдап кетті...
...Ел басшыларының Хиуа ханына берер жауабының кешіктірілгенінің қортындысы – деді, ызаланған Қармыс батыр...
...Олар ұзап кеткесін көзге түспей ауылға келсем... Бала еңіреп жылап жіберді...
Қарағым-ай, сорлап қалған егесіз елің үшін жасың ерте төгілді-ау!..
Соңы болғай дағы – деп, қарт батыр баланы бауырына басты...

...Сол күні Қармыс батыр мерт болған еді...
...Сол күннен бері бір жыл өтіп артындағы елі Қармыс батырға ас бергелі жатырған.
...Қармыс батыр асына жиналған жұрт ен далаға симай кетіп еді... Асқа келген әр орташа ауыл екіден, үштен, барлары бестен, тіпті жетіден үй әкеліпті. Қыз емшек төбені айналдыра ауыл-ауыл болып тігіліп жатырған үйлер санына жету мүмкін нәрсе болмады. Санақшылар қай үйдің санатқа кіргенін, қайсысының саналмағанынан шатысып қала берді. Жалпы жобасы екі мыңнан асып кетіпті десті...
...Қармыстың өз ауылы қақ ортада қалған...
...Барлығының аузында Қармыстың соңғы ерлігі, көзсіз ерлігі...
...Дөп-дөңгелек қыземшек төбе маңында бір рулы елдің сан ғасырлар бойы ұрпағына үлгі етіп айтар аңызы боп кетер ердің ерінің ғана қолынан келер ерлік дастанның желісі тартылып, арқауы ширатыла бастап еді...
... Осы әңгімелер астарынан жұрт бірте-бірте қарт батырдың өзін-өзі өлімге қиған қимылының мағнасын зердесіне жеткізе бастағандай...
...Он мың ба, жирма мың ба, отыз мың ба, тіпті одан да көп пе Маңғыстаудың Ойы мен Қырынан, Үш қиянның батысы мен шығысынан, екі көк теңіз бен қос өзеннің ортасынан жиналған азалы жұрттың есебін шығару мүмкін емес-ті...
...Барлық таңдайды қақтырып жатқан да, барлық басты шайқатып жатқан да бір уақиға болатын... Бірінен-бірі естіп, айтқанға естіген қайталап айтып, енді естен шықпастай етіп түйіндеп, енді қайтып жан біткеннің жадынан өшпестей етіп бояуын қандырып бақты...
...Бәрі де Қармыс батырдың соңғы ерлігінің жәй адам ақылына сыймастығы туралы айтып жатты...
...Бәрі де Қармыс ерлігінің ұрпаққа үлгі боп қалатындығы жөнінде әсірелей сөйлеп, шешендік танытып бақты...
...Бәрі де Қармыс батырдың халық үшін жаралған жан екендігін баяғыдан білетіндігін болжап, көсемдігін танытуға тырысты...
...Қармыс батыр жау хабарын естігеннен кейін буырқанып-бұрсанып, мұздай темір құрсанып, қаһарына мініпті...
...Шоғына ыза күйіпті...

...Отына намыс жаныпты...
...Елін сүйген ер адам, кім екенін танытты...
...Сауытын сайлап киіпті...
...Ауылда бары он жігіт, бәрін де үйге жиыпты...
...Жаратулы күрең ат, “қарамсың” деп мініпті...
...Солқылдаған көк найза, басыма “сайғақ” болар деп, оң қолына іліпті...
...Жалаң етке боз шапан, “кебінім” деп киіпті...
...Ең сүйікті немере, маңдайынан сүйіпті...
...Ел-жұртымен қоштасып, тұлпарға тақым басады...
...Қылаңытқан кең дала Қармысқа құшақ ашады...
...Мұнарланған қырлардан құйын боп жүйткіп асады...
...Желмен сыңғыр салады, гауһар тізген әсемдеп, көк найзаның шашағы...
...Жау қарасын көргесін Қармыс қарттың қаһары тау селіндей тасады...
...Жау қарасын көріп, санын жобалаған соң Қармыс батыр қасына ерітіп шыққан сарбаздарын жан-жаққа хабарға шаптырады да, олардың қарасы көзден таса болғаннан соң... Алласына жалынып, ата-баба аруағына сыйынып...
...Қабағын тастай түйіпті...
...Ашуын бойға жиыпты...
...Күрең атпен ойнақтап, жүрек жұтқан қарт Қармыс, осы істеген ерлігім ұрпаққа үлгі болар деп, көк найзасы оң қолда, ақ алмасы сол қолда, артынан жаудың тиіпті...
...Қақ айырып жау қолын, бойлай өтіп шығыпты...
...Ес жиғызбай тағы да еңдей өтіп шығыпты...
...Екі өткенде Ер Қармыс он тоғыз жаудың сарбазын опат қылып кетіпті...
...Мақсатына жетіпті...
...Содан бері сан қилы жылдар талай өтіпті...
...Қармыс батыр елінің санасына бекіпті...
...Қармыс батырды қайталанбас соңғы ерлігіне елім деп соққан жүрегінің ел тағдырына биқам қараған биліктілерге деген ызасы мен тағдыр деген құдірет алдындағы амалсыздық сәті итермелеген болса керек...
...Қармыс батырды қоршап алған жаулары жеті найзаға іліп жоғары көтеріп: “Халың қалай?” – деп сұрапты.
...”Жаны шығар сәтінде жауының төбесінен найза бойы жоғары тұрған адамда арман болар ма!” – деген Қармыс батырды, жаулары жерге тастап жіберген екен...

21.11.2000 ж. Ақтау.

Бәлкөттің рухы

Екі аңшы, немере ағайынды Шотан жарылар, бүгінгі сәтті басталған күніне әбден разы болатын. Тілалғыш баладай лыпып тұрған қажарлы кездіктерімен, сәске түсте атып алған құнандай құлжаны мүшелей жіліктеп, қалың еттерін жұқарта боршалап, тұздап жатты. Быйыл жер оты жақсы болған. Алла нәсіп етіп қақпанға түскен тұз аңы қарақұйрық та, мылтық қарауылына іліккен тау аңы арқар да қоңды еді. Бәлкөт Кісәптің қазан отын жаңғыртпай, астындағы қозданған шоқтарын қозғап қана қойғанына қарап мосыға ілінген шағын шәуім қазанның түсірілетін мезілінің жақындап қалғанын сезіп отыр. Екі-үш жылдан бері қосшы бала етіп қасынан тастамай жүрген інісіне аға аңшының тағар міні жоқ еді. Бар шаруаны өзі біліп істейтін, ойдағынды айттырмай тындыратын, аға көкірегін айнытпай таныр сезімтал, елгезек інінің нақ өзі болатын.

– Аға, тамақ пісіпті. Түсірейін бе, әлде шоқ қызуына бүлкілдей тұрсын ба?

– Асықпа, мына шаруаны тындырып тастап, асқа бұратала отыралық.

– Семізін-ай, жарықтықтың! Өзі де нағыз бір ай мүйіз, маңғаздың өзі екен! Жар басында қозғалмай сүт пісірім тұрып алғанын қайтерсің, жарықтықтың! – деді Кісәп, істеп отырған ісіне ризашылық білдіре.

– Е...е... Мана бұл неге атпайды деп, мылтық даусы шыққанша қаным мұздап, денем суып қала жаздап еді. Сен бұ құлжаның көркі мен маңғаздығына көз суарып мылтық шүріппесін тарта алмай кідірген екенсің ғой!..

– Жоқ, аға! Арқар маған тіке қарап тұрды ғой. Тіпті жүрегінен тиізсең де бір секіріп құзға құлап кететін еді. Мен көлденеңдеуін күттім де, дәл бел омыртқасынан аттым емес пе!..

– Әй, бәсе, көп кідіріп едің-ау... Солай ма еді... Ал шындықты айтар болсақ сен көзір мақтауға тұрарлық атақты мерген болып алдың!.. Арқарды бір секіртпей тұрған жерінде қалдыру – ол нағыз өнер!.. Менің енді саған үйретерім жоқ. Сенің осындай керек кезіндегі шыдамың, өзіңе-өзіңе сенімділігің мен білетін барлық мергендерден асып түсті. Әйтпесе жүрегінен атпаймын, беломыртқасынан атам деп, қасқиып қарсы қарап тұрған арқардың көлденеңдеуін кез-келген аңшы сүт пісірім уақыт күтіп жата алар ма?.. Жоқ, енді сен нағыз аңшысың. Менің көзім бұ күндерде мылтықты сығалауға жарамай қалды. Енді сен өзіңе жақсы қосшы жігіт тауып ал. Келесі жолы аңға өз қосыңмен шығасың... Өзің басшы боласың... Жастарға сенің де ақыл айтып, үлі көрсетер кезің жеткен секілді... Сенің өнерің біздің жобамыздан асып түсер деп дәметеміз...

– Ой ағасы-ай, бізге Сіздей болу қайда... Аң аулау мен мылтық атуды үйренуге болар-ау. Бірақ Сіздің ойыңыз бен пайымыңыздың жобасынан шығу мүмкін бе?..

– Тағы не ойлап таптың?..

– Бәлкөт аға, ертең ауылға оралысымен Сіздің қасыңыздың адамдардан бір босамайтыны рас қой... Сіз ерекше кісі болмасаңыз соншама ел маңайыңызға үйіріліп жиналар ма еді?..

– Әй шырағым-ай!.. Бар өмірін елден шет жүруге тырысып, жалғыздыққа үйренген, мен сияқты үйірсіз саяқ аңшы кімге керек дейсің? Солардың ішінде мені іздейтіні жалғыз-жарым-ақ шығар. Көбін буы бұрқыраған ет асылып жатырған қазан шақыратын болса, бірсыпырасын қысыр әңгіме қызықтырады. Біразы дүрмекке ереді. Өмірде ең қиын нәрсенің бірі көпшілік ойын түсіну... Ал одан да қиынырағы сол көпшілік ойынан шығу. Ол тіпті мүмкін де емес болар...

– Білмеймін. Әйтеуір, Сіз мақтанбайсыз... Ол да көптің қолынан келмес қасиет болар...

– Мақтана алатындай мен не тындырды дейсің... Ел айырыппын ба, жау қайырыппын ба?.. Ал жарайды, бұл әңгімелерді доғаралық. Мына қақталған еттерді іліп тасталық. Қан-суы ағып, біраз дегдіп қалсын. Сосын асыңды даярла. Асымызды ішіп алғаннан соң сен көліктерді алып кел, мен қосымызды жығып, буып-түйе берейін. Бүгін елге қайтамыз. Біраз ет жиналып қалды. Жарық барында Ман-Атадан құлап алалық...

...Екі аңшы сол күні күннің қызылы семер-сембесте Ман-Ата асуынан Ойға құлап, қалың жыңғыл тоғайдың шетіне кішкене итарқа қосын тігіп те үлгерген болатын. Шәуімін мосыға асып қойып, ертең елге жетерін, қай үйге қанша ет таратарын жайбарақат әңгіме қылып отыр еді...

...Кенет Бәлкөт елең ете қалды.

– Мынау не дыбыс?.. Көп тұяқтың үні ғой!.. Түн ішінде қауіпті асудан мал құлатпас болар еді?.. Шыңның асты да сай-сала, бейбіт уақытта, мынадай айсыз түнде кім жылқы айдайды?.. Жау емес пе екен?.. Ай жау болар, асылы?.. Келіп қалды ғой... Жасырынып та үлгермеспіз... Мен жауаптасайын. Ал сен үндеме, мылқау бала дей салармын. Бірдеңені бүлдіріп алармыз...

Екеуі келісіп те үлгермеді. Бұлардың күркесін ат үстінде тұрып көтеріп әкеткен әулетті қолдардың иелерінің көзіне мосы күзеткендей боп бүрісіп отырған екі кісі шалынды да, бұлардың көзіне түскені түсі суық сеңсең бөрікті қаптаған қарулы жандар еді... Балкөт орнынан зорға көтерілді.

– Кімсің?..

– Аңшымын...

– Қасыңдағы кім?

– Менің қосшы балам ғой. Мылқау бала...

– Ана жатқан ер-тұрмандарға қарағанда аттарың бар ғой?

– Бар.

– Жүріңдер аттарыңа – деді, мойылдай қап-қара сақалы бар өктем үнді біреуі.

– Мына заттарымызды қайтеміз? – деп, Бәлкөт шашылып қалған қосына қарады.

– Кәзір аулын тауып берсең Сүйінқараның асыл заттарынан үлес бөліп беремін. Таба алмасаң енді саған дүние-мүліктің қажеті болмай қалар...

...Сеңсең бөрікті қарасақалдың бір ауыз сөзінен Бәлкөтке бәрі түсінікті бола қалды... Жазда бір тойда жиналған жұрттың күні бойы әңгіме еткені Хиуа ханы мен осы өлкенің басшысы Сүйінқараның ара қатынасы туралы болған еді. Олардың айтуынша Хан осы жазда Сүйінқараға бір рет елші, бір рет шапқыншы жіберіпті-міс.

Елші: “Адайлар орыстарға теңіз жағасынан қала салдырмасын. Хиуа ханына зекет салығын уақытылы төлеп тұрсын. Маңғыстау арқылы өтіп жатқан керуеннен алған салықтарынан, “Сүйінқара сыбағасынан”, біздің үлесімізді беріп тұратын болсын... Әйтпесе Хиуа күш қолдануға мәжбүр болады” – деп, талап қойыпты-мыс... Ал адайлар баяғы әніне басатын көрінеді. Хиуалықтар мен орыстар түгіл қазақ ханының кейбір бопсаларынан бірде уәде беріп құтылса, бірде Хиуа мен орыстарды бетке ұстап уақыт өткізеді екен. Басқа қазақ рулары әйтеуір біреулерге тәуелді болып қалғанда, сол айласы пайдаға асып адайлар әлі күнге еркіндігі мен бас бостандығын сақтап жүр екен деседі...

...Екінші әңгіменің тақырыбы Хиуа ханының сүйікті әйелінің ұл туғаны туралы болып еді. Хан Сүйінқараға Тағанияз деген биін жіберіп сүйінші сұратыпты... Бұл да бір саясат болар. Бұдан сәл бұрын елші жіберіп салған салмағына адайлардың көзқарасын анықтамақ шығар... Ал бұлар баяғы дарақылықтан, баяғы ойсыздықтан құтыла алар емес... Сүйінқара қатты кетіпті... Ол қатты кете қойсын, ал мына парықсыз жұртқа не дерсің?.. Осыншама ел басына қауіп төндіруі мүмкін уақиғалардың ішінен бүкіл елдің ұғып алғаны, айғызы қана рахаттана еске алары Сүйінқара айтты деген бір ауыз сөз болатын...

...Сүйінқара батыр Хиуа ханының шапқыншысына: “Хиуаның бір қатынының асты қанады екен деп адайлардың той жасарлық қуанышы да жоқ, шабарманға берер сүйіншісі де жоқ депті”, – деп мәз болысатын...

– Сүйекең айтады ғой!..

– Қорқа алмайды ғой, біздің Сүйекең!..

– Неден қорқады, Хиуа деген баяғы үйренген жау емес пе?..

...Бәлкөт қолымен жер тіреп, кенеттен шамадан тыс ауырлап кеткен денесін тіктегенше сол тойдағы осы сөздер санасын сан рет тілгілеп өтті.

...Сүйекең айта алады ғой деп кеңкілдей күліп еді-ау...

...Ай, күлмей күмірә болғырлар-ай...

...Сүйекең кімнен қорқушы еді деп дандайсып еді-ау, олар?..

...Үйренген жау ғой деп қоқиланатынын қайтерсің?.. Ал жаудан қорықпайтындар, Хиуаны менсінбейтіндер қарсы алуға дайын болсаңдар бұлар келіп те қалыпты ғой?.. Қарқылдап мәз болатынын қайтерсің... Өттең дүние-ай!.. Бар мәні сондай даңғойлар қылығы мен керауыздар сөзіне тәуелді болып қалған бұл не деген тірлік... Ала жаз бойы бір сақтық шарасын іске асырмады ғой. Ең болмаса шабамын деп хабар салып жатырған жауынан ұялса еді, шіркіндер...

...Қарасақалдың даусы тым сызды шықты. Дыбысы мен тұрпатынан өне бойын кернеген ыза мен кек елесі байқалып-ақ тұр еді...

– Баста, Сүйінқара көпектің аулына! – деді, бұлтартпас өктемдік пен бір кесер қатігездік сезіліп тұрған үнмен...

...Бәлкөт жаудың қарулы тобын бастап жүріп кетті... Бірақ оның “сырты бүтін, іші түтін” болатын. Ол бар сабыры мен ақылын бойына жинауға тырысып, ой үстіне ой жамап келе жатыр еді...

...Бұндай кезде ер кісі өз басының қамы мен шыбын жаны туралы ойды ең соңына қалдырғаны дұрыс... Жол көрсетпеймін дегенде де, жол білмейтін едім дегенде де бұл не ұтады...

...Бұлар көнбесе ілгері жақ толы ел емес пе...

...Бір ауылға кезігеді, біреуді көндіреді... Ал ол кісі түн ішінде мына қалың қолды ауыл үстінен түсірсе ел жағдайы не болмақ?.. Хабар сәл бұрын жетсе бала-шаға, қыз-келіншек ең болмаса қамысқа тығылып, бас сауғалап үлгерер ме еді?.. Бұлар қай заманда да жас балалар менен көрікті қыз-келіншектерге құмар болатын... Әлі күнге құл сатып, күң ұстайды...

...Жаудың биқұт жатқан елге таң алдында тиіспек ойы бар секілді, аямасқа бекінген түрі де байқалып келеді...

...Қатпастың сорын оңтүстік жағынан айналып барса Тасорпа маңындағы қыстауына қонған Сүйінқара аулына таң ата жетіп те қалуға болар...

...Ол жолда ел көп. Бірі болмаса біріне кездесіп қалары сөзсіз...

...Ал Қатпастың соры арқылы тіке тартса тиіп тұрған жер... Бірақ қараңғы түнді пайдаланып сорды бір-екі айналдырса таң да атып қалар еді-ау!.. Сәті түссе біреу хабар жеткізіп ел-жұрт қапыда кетпес еді... Бірақ ол мен үшін соңғы сапар, өлім жолы болмақ...

...Не істеу керек?.. Қайткенде қателеспейді?.. ...Бәлкөтке өзі бастап барған жау сарбаздары ойрандап кеткен шабылған ауыл бейнесі елестеп кетті...

...Шаңырағы орталарына түскен қасиет тұтқан ақ ордалар...

...Шулатып жау айдап бара жатқан елдің ажары мен көркіндей қыз- келіншектер...

...Еңіреп зарлап қалған ел...

...Ойраны шыққан жұрттың қақ ортасында өз еліне жау бастап келген Бәлкөт...

...Жан-жағында қарғыс жаудырған қатындар...

...Олар құдайды да, жауды да қарғамайды...

...Барлық қарғыс тек қана бұған арналған...

...Жазда хабар салып, күзге дейін мұрсат берген жау мәрттігі туралы ол жерде ешкім ештеңе дей қоймас...

...Хабар алса да дайындықсыз отырған ел басшыларын еске алар деймісің...

...Кеше ғана кеңкілдеп күлгендер күлкісі баяғыда ұмыт болған болар...

...Олар туралы да бір ауыз да сөз айтыла қоймас...

...Бар қарғыс Бәлкөт басына...

...Аяусыз қарғыс...

...Өмірден өтіп кеткен жеті атасымен қоса өмірге әлі келіп үлгермеген бар ұрпағын қоса қарғайды...

...Жоқ... Оларың бола қоймас, қатындар – деді, күбірлеп, Бәлкөт. Мен сендерге тұқым-теберігімді қарғатып қоя алмаспын...

...Аруағынан айналайын аталарымды жатқан жерінде аунаттыра қоймаспын... Әлі өмірге келмеген менің немере, шөберелерімнің жазығы не?.. Қарғағышын бұлардың... Ол өзін қарғаған қатындарға өштесіп алғандай болатын... Енді оның жауы қасындағы қарулы топ емес, ерні сүреңдеген ауылдың қатындар секілді боп кетті...

– Атаңның басын қарғарсың – деді, ол. Бұл шақта Бәлкөт бар ойын жинақтап, бар болмысын тас түйіндей етіп ширықтырып алған болатын...

– Құдайдың өзі мені қолдап тұр ғой – деп, күбір ете қалды Бәлкөт. Ол өзін барлық уақытта табиғат пен құдіреттің айрықша қамқорлығына бөленіп жүретіндей сезінетін қанағатшыл жан болатын. – Бұлар өз бағытын анықтай аларлық аспанда жымың етер жұлдыз да жоқ, лүп еткен жел де жоқ. Сорды үш айналдырсам таң да атып қалар. Бізді сыртымыздан не түйе қараған, не жылқы шолыған біреу көрмес дейсің бе?.. Көрсен мына мыңдаған аттылардың тегін еместігін сезбес деймісің? Сезсе елге хабар беруге ақылы жетер...

...Таң қылаң беріп, жан-жақ аңғарыла бастаған кез болатын. Түнімен үн-түнсіз бүлкіл аяңмен қалың қолдың қақ маңдайында келе жатқан бұлардың қасына үш-төрт кісі қапталдай шауып жақындай берді. Біреуінің қолында шағын қоржын. Қоржынды қолын жоғары көтеріп даурыға сөйлеп, жолдарын кесе алға шықты. Үндерінде үрей, қимылдарында асығыстық байқалады. Қалың қол иіріліп тұра қалды...

...Бәлкөт бәрін де түсініп тұр. Бұлар бір қоржын тауып алыпты. Реті осылардың біреуінің жоғалтқан қоржыны секілді. Тез іздестіріліп, қоржыны түсіп қалған кісі де табылды. Жол басшыларының бұларды алдап, адастырып жүргені белгілі болып қалып еді... Қарасақал бастық қаһарына мініп ақырып жіберді...

– Сила біреуінің басын!..

...Қолындағы қоржынды лақтырып жіберіп, көз ілеспес шапшандықпен суырылып көкке көтерген ақ алмас әлсіз сәулемен сәл өңі кіре жарқ ете түсті де, Кісәп сорлының қанына боялып күңгірт тарта қалды. Солығы басылған тентектей жуасып, төмен салбырай қалған қылыш жүзінен жерге темған қан тамшыларының сол сәттегі тырсылы Бәлкөттің жүрегінің дүрсіліне сәйкес келіп кеткендей... Сол дыбыс күші оны аттан жұлып түсіріп еді...

– Бауырым-ай!.. Обалыңа қалдым-ау!.. Бәлкөт аттан түсуін түскенмен әуелі інісінің анадай жере ұшып кеткен басына барарын, не жақын жатқан денесін құшақтарын білмей, аңырып тұрып қалғанды...

...Қарасақал басшы жан-жағының толық жарық бола бастағанын көргенде өкініштен басын шайқап-шайқап жіберіп: “Бізге енді мына жол басшының да қажеті жоқ. Қапысыз кезде Сүйінқара аулының үстінен түсе алмадық” – деді.

...”Арымнан жаным садаға” дейтін асқар рухтан бастау алған, елім деп соққан жүректен жаратылған қып-қызыл қанымен туған жер шөлін қандыра, жаралы Бәлкөт денесі де шөгіп бара жатты...

...Шалғай төбе басында көп аттылыны көзбен шолып тұрған екі жылқышының бірі бұл кезде елге қарай жосылтып бара жатқанын білгенде Бәлкөт батыр өз өмірінің босына қиылмағанына қуанар еді...

...Бірақ, елім деп өмір сүргендер – қашан, қай заманда қуанышқа толы өмір сүріпті...

...Әзірге естіген жоқпыз...

Ақтау. 10.04.2001 ж.

Еспембет намысы

Ойламаған жерде өз басына түскен осыншама ауыр жүкті қабырғасы қайыспай көтеріп кетуге де, асып-саспай ақылмен шешуге де Еспембет әлі тым жас болатын. Ол өзінің албырт жанын күйдіріп, сай-сүйегін сырқыратып бара жатқан нәрсенің намыс аталатынын да толық түсіне қоярлық шамаға жетіп үлгермегенді. Палуан аталып, батыр аты шыға бастаған жас жігіттің алдынан күтері көп болатын.

Жолы болғыштығын аруақтардың қолдап жатқаны деп қабылдап, тіпті өзінің табиғатының ерекше жаратылғанына сеніп те қалғандай-ды. Құдірет қамқорлығына өмірбақи бөлене беретіндей болып көрінетін өркөкірек жігіттің тұтқындық, мүсәпірлік хәлі оның өкініш сезімін лаулата жағатыны соншалық, ет-бауыры сол ыссы өкінішке өртене, ылжырай езіліп бара жатқандай күй кешетін. Тағдыр бұрын оны жалқыдай еркелетсе, енді тастандыдай жетімсіретуде. Әсіресе, Ембі тауының ең шығыс жақ ұшпа шыңының маңына тігілген желкөз керегелі қара күркенің түрулі іргесінен көзіне боз далалы Бозашысы шалынып кетсе-ақ болды, тартып жатқан жан азаының үстіне қабат-қабат жаңа қайғылар жамалып, аласұра бұлқынатын. “Жығылғанға жұдырық” дегендей, түркімендер жайлап отырған осы тау басынан өз ауылы тұп-тура алақанында тұрғандай еді. Тұтқын болып аяқ-қолына қазықтаулы кісен түскелі, үш күн өтті. Үш күн нәр татпады. Барымташабуыл кезінде Еспембетті тұтқынға түсірген түркімендер бұны әуелі өлтірмек болып еді, артынан малға ауыстырғанды жөн деп тапты. Өзін жығылған ат астынан суырып алып, түркімендер домалатып буып тастағалы жағын ашып бұл бір үн шығармапты. Қанша сұрағанмен атын да айтпады, аулын да атамады. Үн-түнсіз қатып қалған. Тек қана шамадан тыс алып денеден анда-санда теңіз күрсінісіндей дыбыс тарап жатты. Ауық-ауық жаралы арыстандай ыңыранып, бұғаудағы барыстай бұлқынатын...

...Түркімен аулының бас көтергендері бүгін түгел бір жаққа кетіп, Еспембет есіз қалғандай еді. Ол аздап ақыл-есін жинағандай. Орынсыз бұқынуды тоқтатып, жан-жағына көз жүгірте бастағанды...

...Бес-алты үйден тұратын шағын ауыл екен. Таудың батысынан басқа жақтарының ұшпа шың екенін ол бұрыннан да білетін. Бірақ бұл таудың басына ел қонады деп ойламапты. Қол-аяғы байлаулы атқа өңгеріліп келе жатып жолда ауылдар кездескені есінде. Демек, көзге түспей қашып кету мүмкіндігі жоқ... Басына бостандық алудың жалғыз жолы – елге хабар беру, малға сатылу... Бұрын басына қиындық кездеспеген адуын жасқа осыдан артық қорлық жоқ секілді еді... Малға сатпақ...

...Тұрмысқа керек нәрседей боп малға ауыстырылып, өз аулына бармақ па?.. “Еспембет батыр”, “Еспембет палуан” қайда жоғалмақ?.. “Батыр Тоқтамыстың батыр немересі Еспембет” деген атақтан не қалмақ?.. Осындай ойлар басына келген сайын ол: “Одан да өлгенім артық!” – деп, қайталаудан жалықпады. Бірақ қол-аяғы кісендеулі кісінің өз еркімен өле қалуы да оңай шаруа емес секілді... Жер қазық етіп көмген кісен қанша жұлқығанмен қозғалатындай белгі берер емес... Жерді қазып босатырлық қолға ілінер ешнәрсе көрінбейді... Керегенің бір сағанағын жұлып алуға да қол жетпей жатыр...

...Кенеттен... Иә, сәт!.. Жар басында ойнап жүрген бес-алты жасар екі бала бұның күркесіне жақын келіп қалыпты. Біреуінің қолында – кішкентай белшік!.. Ол ішінен тағы да бір рет “иә, сәт” деп

өзін-өзі демеп қойды... Әуестік жеңген екі нәресте босағадан қос қолдай ұстап бұған телміре қарап қалыпты. Таңданғаннан ұясынан шығып бара жатқандай боп көрінген мойылдай қап-қара, ботақан көздерге қарап, өзінің пенделік жағдайын ұмытқан Еспембет күліп жібергенін өзі де байқамай қалды...

– Атың кім!

– Берді!

– Белшігің әдемі екен, көрейінші! – деп, қолын созған Еспембетке бала жүгіріп кеп белшікті ұстата салды...

...Еспембет: “Уа, Тәңірім, рахмет!, жібердің бе періштелеріңді!” – деді, аяқ астынан тілегін берген тағдырына ризашылығын білдіріп...

...Белшік қолға түскен бойда жанталаса қимылдап ол жер қазықтан темір кісенін босатып та алды... Осы уақытта қатқыл тау басын дыбысқа толтыра ауылға жақындап келіп қалған ат тұяқтарының дауысы да құлаққа жеткен еді...

...Жап-жаңа балаларға күле қарап отырған Еспембет мінезі шұғыл өзгеріп шыға келді. Бір қолымен кісен шынжырларын жинақтап ұстаған ол, екінші қолымен бір баланы бақырта қолтығына қысып алып, тұсауға үйренбеген тар тұсаулы аттай ебдейсіз қозғалып, анадай жердегі ұшпа жарға қарай жанұшыра қозғалып бара жатты. Балалардың бақырған даусы ауылдың бар адамын аяғынан тік тұрғызған еді...

...Жардың ұшар асына жеткен Еспембет сол маңайға жиналған жұрт билігін өз қолына алып алған... Ауыл адамдарын өзіне он шақты қадамнан жақындатпай тоқтатып қойды... Қатты шөлдегенін енді сезінгендей... Балаға су алдыртып ішті... Біраз уақыт өткесін асықпай көпке қарап: “Бердінің әкесі кім?” – деп сұрады.

– Мен! – деп, бір кісі ілгері қадам басты.

– Тоқта! – деп, ақырып жіберді, Еспембет. – Мына Бердінің тірі қалу қалмауы ендігі жерде өз қолдарыңда. Бұл бала өмір сүрсін десеңдер, менің қолыма салған кісен кілтін әкеліңдер! Кісен кілтін ашқан бойда балаларыңды босатамын...

Төрт-бес еркек азғантай кеңескеннен соң, бір бала қолына кісен кілтін ұстатып, Еспембетке жіберді.

...Аяқ-қолын бұғаудан босатып алған Еспембет қуанышты кейіпке енді... Түркімендер оны түсінбей дал болып тұр... Қалай құтылмақ ойы бар екен?.. Арғы жағы төрт-бес жүз метр құз... Мына жағы қарулы адамдар...

– Әй түркімендер!.. Кәзір Бердіні босатамын. Содан соң мен сіздердің қолдарыңа түсе қоймаспын!.. Сіздерден бір сұрағым бар, орындайсыңдар ма?..

– Орындаймыз! – деп шу ете қалды, ауыл адамдары.

– Олай болса, сендім сіздерге!.. Тоқтамыс батырдың немересі Еспембет батыр деген мен боламын... Сіздерден сұрағым мынадай бір ауыз сөзімді еліме жеткізіңдер. “Еспембет өлер алдында қол-аяғын

бұғаудан босатып алды. Ембі тауының ең биік шыңынан секіреп шағында бас бостандығы өзінде еді!”...

– Ал Берді бара ғой. Рахмет саған!.. Бала жүгіріп барып ата-анасына жабысты.

– Мен азатпын!..

...Еспембеттің “азатпын” деген қуанышқа суарылған шынайы айқайы биік тау басынан Бозашы даласына қарай өрлікке толы ғажайып намыс рухын тарата, өзімен бірге ұшып бара жатты...

...Осы уақиғадан кейін Маңғыстаудағы Ембі тауының күн шығыс жағының етегінде “Еспембет қандығы” деген жаңа жер атауы пайда болып еді...

Ақтау. 14.04.2001 ж.

Замандас қыздар тағдыры (триптих)

Бұл әңгімелер желісі жирмасыншы ғасырда Маңғыстау өңірінде өмір сүрген үш қазақ қызының тағдырларынан алынды.

Айттырылып ұзатылған бұ қыздар әуелі ата-баба үрдісіне, әке еркіне бағынады, содан заман талқысына шыдайды, ақыры өз отбасының бүтіндігі, нәрестелер өмірі үшін күресте ерлік пен төзімнің, шыдам мен қанағаттың не бір ғажап үлгілерін көрсете нағыз бақытты шаңырақ иелеріне айналады...

Ағлен

Маған бұл әңгіме желісін Тасболат Мақташ Сабырбайқызы айтып берген еді.

Мақташ (Ұштаған аулының тұрғыны) ұзақ жылдар автоклуб меңгерушісі қызметін атқарады. 1986 жылы Үстүрттің Ұлы

Қыземшегшіндегі жайлаудағы мал ауылда өнер көрсетіп, сол күні жетпіс жастағы, “Ағлен кербез” атанған әженің үйіне қонып шығады.

Маңғыстау жұрты ұйқы алдында қонағына бір зерек шұбат ұсынады. Келінінің қонағына шұбат дайындай бастағанын байқаған әже «бұ қонаққа өзім берейін» деп, шұбатты келін ашқан күбіден емес, екінші күбіден береді. Төсектері бір бөлмеге салынған Мақташ Ағлен әжеден екінші күбінің сырын сұрайды...

...«Ағлен кербез», «Ағлен мәтөк» атанған бұ кісі Қырда, Үстүртте мал қамымен көшіп жүріп жаз бойы ауыз суға Ойдағы, Маңғыстаудағы Қаратау бұлақтарының суын алдырады екен...

Ол үйде шұбаттың күбісі де, су сақтайтын метей де екеу болатын болған...

Ағлен көңіліне жаққан қонағына өз күбісінен шұбат құйып, өз метейінің суынан шәй қайнатып беріп, құрмет көрсететуді әдетке айналдырыпты...

...Ағленді жұрт тек қана мәтөктігіне бола емес, адам пендесі естімеген ерекше ерлігі үшін де құрмет тұтыпты...

...Мақташ екеуі сырласып, әже өз өмірі туралы сыр шертеді...

– Әнші екенсің, Мақташжан! Біздің бала кезімізде айтқан әндерді айтып, жүрегімізді сағынышқа бөлеп кеттің. Қыз күнімде мен де ән салатынмын. Сені жақсы көріп отырмын ба, әлде жастығымды сағынып кеттім бе? Әйтеуір жүрегім сағынышқа толып, құлағым ән тілеп, жүрегім саз тілеп барады...

– Сағыныш сезімін қалай әдемі сөзге айналдырдыңыз! Мынадай сезім сағындырмай қоя ма? Сол сағынышты сезім ішінде қандай жігіттер жүргенін кім білсін?

– Біздің заманымызда жігітке көз салуға әдет қоспайтын. Қыз қылықтарын көп қолдандырмайтын. Бірақ біз ән айтатынбыз. Барлық сезім сол әндер ішінде кететін.

– Ағлен апа, мына ән табақ, күй табақ дегендер ел өнеріне қауіп туғыза бастады. Жастар солардан үйренгіш. Ал халық әндері қалып барады. Ән-күйлеріміз ұмытылып барады. Сосын мен тек қана ескі әндерді айтуды әдетке айналдырып алдым.

– Ие, адам мінезі де, ойы да әртүрлі.

– Солай ғой. Сіз, мысалы, шұбатқа екі күбі жасатып қойыпсыз.

– Мен қатты жиркеншек адаммын. Соның салдарынан менің үйімде су сақтайтын екі метей, шұбат ашытатын екі күбі болады.

Жұрт сыртымнан, «Мәтөк Ағлен» деп ат тағып қойыпты. Олар менің ішкелі отырған суымның дәмі түгілі, ойыма түсіп кеткен кейбір ойдан да жиркенетінімді қайдан білсін. Сол «адамтағы», сол «бөлтебер» есіме түсіп кетсе әлі күнге өз денемнен өзім жиркенемін, өзімді өзім жек көріп кетемін...

– «Адамтағы» дейтін кім? «Бөлтебер» деген не сөз?

Ағлен әже менің сұрақтарыма жауап қайтармай әңгімесін жалғастыра берді.

...Әкелеріміз, балаларын жасқа толмай тұрып атастырып қойған, қатар көшіп, қатар қыстап жүретін бесік құдалар екен.

Екеуінде Кеңес өкіметі байлар тізіміне кіргізіп, тәркілейді. Ауылдың бас көтерген азаматтарын жер аудара бастайды. Аман қалғандары жаяу-жалпылап құмға сіңіп, жер ауып кетеді. Бесік құдалар түрікпен елінен пана табады. Сол жақта оларды тағдыр тағы кездестіреді де, біздерге 16 жасқа толғаннан соң шаңырақ көтеріп береді...

...Біздің алғашқы тойымыз 1932 жылы, көктемде, тойланып еді...

Алғашқы той дегеніңізді түсінбей отырмын деп едім, Ағлен менің бетіме бір қарап алып, әңгімесін жалғастыра берді.

...Той қай уақытта да той ғой...

...Жарлы жасаса да той, бай жасаса да той...

...Той дастарханы қазіргідей асып-төгіліп жатыр ма, әлде сол кездегідей азғантай ғана бауырсақ дастархан бетін жаба алмай, мені қайсысы аузына салып жіберер екен деп, зәресі кете бүрісіп жатыр ма, бәрі бір, тойдың аты той. О күнде де халық тойға барған. Бұ күнде де той тойлап жүрміз. Тойға адам тамақ ішу үшін бармайды, той қызығын көру үшін барады.

Халық тойды қызықтайды.

Халық тойда өнер көрсетеді, өнерлерін салыстырады. Тойда өздерін көрсетеді, өздерін салыстырады.

Қыз-келіншектер де, бозбалалар да тойда көзге түсіп қалуға, сөйтіп атаққа ілінуге тырысады.

Әрине, жұрт үйлену тойға екі жанның қуанышына қуаныш қосу үшін барады.

Тойдың болғанынан болатыны қызық екені рас. Тойға тек той иелері емес, барлық адам дайындалады.

Тойшылар күнделікті күйбең тіршілік бұғауынан босаудың тағы бір сәті түскеніне қуанады.

Барын киініп, жоғын сұрап күбініп жатқаны.

Жастар табылғанын тағынып, көріктісін киініп тойға дайындықты шыныменен тойдың бір сүбелі мүшесіне айналдырып жібереді.

Қыздар жеңгесінен сырға қалап, келіншектер енесінен білезік сұрап “осы тойға бір тағынып келейінші” деп жалынып жатқаны...

...Ағлен маған емес, осы сөздерді өзіне айтып отырғандай. Сәл қырын қарап әңгімесін баппен баян етіп отыр.

...Біз бұ жасқа жеткенше тойдың не түрін көрдік те, бастан да өткіздік...

...Бірақ, менің өз тойымдай, алғашқы тойымдай тойды ешкімнің тағдырына жазбағай... Ей, Алла, өзің сақтай гөр!..

Ағлен айтар әңгімесінің шағын кіріспе бөлігін аяқтаған секілді. Ол енді менің бетіме «өзің әңгіме иесі ме едің?» дегендей, барлай қарап қалыпты...

Мен тыңдап отырғанымды білдіргім келіп: «Неге олай дейсіз? Неге сақтай гөр дейсіз? Сізге біз қызыға қараймыз» – дедім.

...Шырағым, жылтырағанның бәрі алтын емес деген бар емес пе. Біз де соның біріміз...

...Әкем де, атам да заманында тұлпар таңдап жүйрік жаратқан, мал шашып елге бай атақтарын таратқан белгілі кісілер болыпты. Менің әкем де, атам да нағыз сейістер болыпты. Ал сейіс дегендер жаратылысы ерекше, өзгеше қауым болады.

Олар әйелін тұмшалап ұстар қызғаншақ өзбек күйеудей, жүйрігін кекілінен қара тұяғына дейін жабулайды дейсің.

Жалғыз ұлына көз тиеді деп қорықпайтын солар, әлемнің барлық көзінің сұғы соның атына бағытталғандай тұлпарын тұмшалайды дейсің.

Аттарына бағытталған әрбір тәуір сөзді атынан аударып «тілің тасқа» деп, қара тасқа бағыттайды дейсің.

Жабуын сыпырар кезде өзі табынатын барлық қасиет иелеріне жалынады дейсің...

Олардың бәйгіден озық келе жатқан алдыңғы ат көрінгенге дейінгі үміті мен дәмесін кім сезіне алар?..

Ал «алдыңғы ат баран болмай құла болып» шыққандағы олардың өкінішіне кім езіле алар?..

...Аламан жарыстан кейін тойдың бір сәні палуандар күресі...

Бура санды, арыстан кеуделі алып жігіттер ұстаса кеткенде демінді ішіңе тартып, тыныссыз қалмайсың ба?

Сол кезде демің түгіл жүрегің де соқпай қалатын болар...

Ниетің түсіп тұрған палуан екінші алыпты аспандата көтеріп кеткен шақта бар тамырыңды қысып ұстап тұрған бір нәрсе өз арнасын ашып жібергендей боп, кеудеңдегі бір қап ауаны бір-ақ атқытасың.

...Нағыз той қызығы ат шабыс пен палуандар күресі ғой! Сол екеуінің нәтижесі ел аузында өмір бойы әңгіме болып қалады. Кейбіреулер сондай тойлар әңгімесін әсірелеп айта білгені үшін атақты болады. Әр үйдің құрметтісіне айналады. Тіпті өмір бойы тамағын асырайды.

Маған тағдыр ондай тойды бұйыртпады. Қыз күнімде менің тойым қалай өтер екен деп ылғи армандайтынмын. Балалық-ай десеңші... Ал, жарайды...

...Сен секілді өнерпаздар той патшасы ғой! Барлық ел солар маңында.

Біреулер «пай-пай»-лап, таңдай қағып жатады.

Тағы біреулер әншіге үн қоспаққа тырысады. Өз шамасын байқамай, шаршап келе жатқан тұлпарға ілесе алмай қалатын тұғырлардай, күлкіге айналып жатады...

...Қыз күнімізде, көктем айындағы қызғалдақ ғұмырымызда, той қызығын талай бастан кештік қой...

...Бірақ менің тойымда бұлардың бірі де болмады. Бізді үйлендіргенде елдің әлгідей тойларға шамасы жоқ болатын. Олар, қызықтау үшін емес, тіршіліктің ұлы заңына бағына ғана балаларын жұптастырған болар...

Ол кезде жұрттың жүзі жүдеу, күйі жұтаң...

Қазіргідей қоңын есікке сыйғыза алмай қырындап кіретін әйелдер болмайды...

Қарны қампайған еркексымақтар түсіңе де кірмейтін кез...

...Заман адамдардың түсі мен мінездері түгіл денелерін де өзгертіп жіберетін болар, асылы...

Қазіргі заман қызық... Ессіз адамдар... Егесіз дүние... Жатып ішер мешкейлер...

Тегін тамақты талапайлап жеп семіргендердің түрінен жиіркенемін. Біздің заманымызда ондайлар болмайтын.

Атылып, айдалып, айыпталып, запы болып қалғандар тірі қалудың қамын ғана ойлайтын. Жай да, күй де таңдамайтын.

Бір нәрсенің пәлесіне қалмауға тырысу – өмір сүрудің басты ережесіндей еді. Өз елі өгейсітіп, басқа жерге шақырусыз қаңғып келген адамды шет елдің, жат жұрттың мысы баса беретін болса керек. Барлық қамы, айтары балаларын жеткізіп өлу болатын...

Біз паналаған жердегі көрші үш-төрт үй түрікпендеріміздің барлығы да аузында Алласы бар, жүзінде иманы бар кісілер болып шығыпты. Қазақтарды өгейсітпепті. Бірақ ауып жүрген жұрт өздерін кішік сезінетін. Ұсқындарында аштықтың таңбасы анық көрінетін. Кескіндері су жылғалап тастаған Маңғыстаудың әк төбелерінің бөктеріндей сызық-сызық боп, шандырланып жататын. Олардың қайғы жеп әжім басқан беттеріне қарап жаның ашитын.

Біздің алғашқы сол тойымызға кілең өңсіз адамдарды “Той дегенде қубас домалайды” мәтелі ғана жинаған секілді.

Өз тойым болғасын жұрт назарына көп көңіл аударған болуым керек, олардың бет-жүздері әлі көз алдымда.

Тойға бір киерін киіп келгеніне қарамастан жастар жағы да жүректі кернеп тұрған қуаныш пен шаттықтың жоғын байқата, жасқаншақтана, имене сөйлеп, сол маңайдан тойға келген екі-үш түрікпендердің аузын бағып, ыңғайына көшіп қалған түрлері бар. Біздің адамдардың бәрі өңсіз, бәрі жасық секілді көрініп еді сол күні...

...Мен олар жүзін ешқашан ұмытқан емеспін. Мүмкін кейінгі сегіз жыл бойы мен тек соларды ойлағандықтан, сағына еске түсіргендіктен сол күнгі олар суреті көңіліме орнығып қалды ма?..

...Ағлен сол бір кездегі өз басының емес, аулының ауыр тұрмысын әңгіме етіп отыр. Бірдеңе көргісі келгендей көзі жоғары жақты аралап кетеді. Өз сөзін өзі қостағандай боп, ара-арасында басын изеп-изеп қояды...

Мен үнсіз тыңдап отырмын.

Ауық-ауық оның сөзіне өзімнің ойым жарыса жөнеледі... Әңгімешінің сөзімен лағып, өзімше сол шаққа кетіп те қаламын... Мен де сол заман уақиғаларына араласып кетемін. Сол тойдағы Ағленді көз алдыма елестетемін...

...Жоқ, тойдағылардың бәрі бірдей әлгідей болмаған шығар. Жетпіс жас көркіне көлеңке түсіре алмаған Ағлен апа, Ағлен сұлу сол кезде қандай болды екен?..

...Әлгі күйкі көріністердің, жоқтық пен жадаулықтың бәрінің орнын толтыра, ажары айсыз түндегі ақшолпандай боп отырған болар-ау жарқырап! Жаратылысы мінсіз, Алланың ерекше ықыласы түскен жанға қақтаған күн де, қаптаған қайғы да өз таңбасын баса алмаған болар-ау... Мен сол ойларымды көз алдыма елестете бастадым...

Тіпті, тойға қатысып отырғандаймын...

...Той басталып кеткен...

...Жастық – сұлулық! Жас болғасын бәрі әдемі...

...Қалыңдық реңі жаңа ғана, таң алдында ғана ашылған алқызыл гүлдей боп алауратып отыр. Байдың қызы ғой. Үстінде бір киері сақталып қалған. Сулулық аңсаған барлық жанарларды, қызыққа құмар құмарпаз көздерді тек өзіне ғана тартып тұрған ерекше сұлулық.

Жаратқан бір берген кісісіне аямай береді емес пе. Ғажап көркінің үстіне оның мінезі де жарқын, жүзі де мерейлі. Бұны көпсінсең, Ағлен әңгімешіл де. Отырған ортасын ерекше сезімге бөлеп, жарқылдап сөйлеп отырады. Оған назары түскен кісі бірден көзін тайдырып кетуі екіталай болған шығар...

Ол шаттана күліп жібергенде, дүниенің ең әдемі сазы Ағлен күлкісі дегенге сене салар едің...

Шебер қолымен қалағандай әппақ тістері жарқ ете қалғанда дүниенің ең асылы Ағленнің ақмаржан тістері десе көне салар едің...

...Ерке өскен өткір қыз кісі бетіне тура қарайтын. Жас жігіттер үшін бұл ерекше ауыр сынақ болған болар. Шуаққа толы, ойлы тұнық қара көз мейіріммен өзіне қадала қараған кезде талайдың көкірегінде оны басқа жанның бәрінен қызғана, “шіркін-ай, менің жарым болса!” деген

ой, кейін ұзақ уақыт жанын жегідей мүжір арман ой, пайда бола кеткен де болар.

Ондай арманның пайда болуына Ағленнің болашақ жарының жуастау мінезі, кескінсіздеу кейпі де әсерін тигізе бастар еді.

Нағыз жігіт Ағленді ол түгіл өзіне қиғысы келмейтіні түсінікті құбылыс дер еді...

..Көрікті қыздың көңілсіз тойы аяқталып, тойшылар далаға шыға бастаған кез екен...

Астарындағы ақалтеке арғымақтарының бастарымен алысқан екі түрікпен, тойшыларды баса көктей тоқтайды.

Екеудің бірі тойдағы түрікпенді танып: “Бұ қазақтар неменеге жиналып жатыр?” – деп, күркіреген даусымен аспан астын, жер үстін күңіретіп жібереді. Түрікпендердің бірі Ағленді нұсқап «қыз ұзатып жатыр» деп жауап қатады.

Ағлен үшін сәтсіз шыққан сол күннің сәтсіз мезетінде кездесе кеткен сол адам – түрікпеннің баскесер аларманы Дүрдімен оның қанішер досы Тұрды екен.

Ағленге көзі түскен түрікпен алыбы біраз үнсіз тұрып қалады. Бір кезде Ағленге тіл қатады...

...Ағлен, әңгімесінің осы жеріне келгенде, қорқыныштан денесі қалтырап, даусы дірілдеп, менен қамқорлық іздегендей, қолыма жабысып, бүрісе қалып еді...

Біраз үнсіздіктен кейін ол әңгімесін қайта жалғастырып әкетті...

...Ол маған жақындады. Мен оның алып құбыжық секілді бет бейнесінен, жабайы бөлтебер адам секілді денесінен қорқып қол-аяғым қалтырап кетті. Тым жақын келіп тоқтады да, ат үстінен жолдасына қарап гүж ете қалды.

– Мына қыздың сұлуын-ай!

– Рас айтасың!

– Бұ сұлу нағыз ер жігіттің жары болуға лайық!

– Дұрыс айттың!

Панасына тығылар жан таба алмай, арбалып қалған торғайдай дір-дір етіп қозғала алмай тұрмын.

Ол атынан түсіп менің қарсы алдыма келді.

– Сен менің әйелім боласың!

Оның қорқынышты түсінен, одан да қорқынышты әлгі сөзінен кейін тіпті зәрем ұшып тілім байланып қалғандай еді.

Ол маңайында жан жоқтай қайтадан жолдасымен сөйлесіп кетті.

– Қаңғып жүрген қазаққа лайық па осындай сұлу?

– Жоқ!

- Ендеше бұ сұлуды мен аламын!
 - Нақ сұлулар қашан да ер жігітке жарасады!
- Жеңісіне масаттанған жанша, енді ол маған бұрылды.
- Бұған не дейсің сұлу қыз?

Менің қорқыныш сезімнен туындаған үрейімнен түрікпеннің қазақты кемсіте сөйлеген сөзіне тұтанған намысым қажарлылау болып шықты. Сол намыс қамшылап, есімді жиғызғандай еді...

- Сендей құбыжықтың қасына жатқанша өзімді-өзім бауыздап өлтірермін!
- Өле алмассың!
- Онда өзіңді өлтірермін!
- Онда екеуміздің де тағдырымыз шешілді дей бер! Сенің менің әйелім болатыныңа ант етемін!
- Менің сөзім де анттың сөзі болсын! Иманыңды оқып жүр!

Ауылдың бас көтере алар еркектері қарақшыдан сескеніп, қыздың төңірегіне топтаса бастаған екен...

Тұрдыдан тізгінін қолына алған Дүрді алып денесіне қарамай лып етіп атына мінеді де, арғымағын аспандата бір секіртеп алып шаба жөнеледі.

Әлгі уақиғаға куә болғандар біразға дейін де үнсіз қалады... Тек қана көрші түрікпен: «Айналайын-ай, сені енді қандай тағдыр күтіп тұр екен? Күнің не болар екен? Ол айтқанын орындайтын болар!» – депті.

Көршінің уайым сөзі олардың тоқтап қалған тіршілігіне жан бітіргендей болып, тойшылар тарасып кетеді...

...Ағлен даусы дірілдеп, үнсіз қалды. Мен иығына қолымды салып жан ашырлық емеурін білдіріп едім, ол солқылдап жыласын келіп...

...Мәс-саған, мен де жылайын келіп...

...Ағлен содан бастап сақтанып жүріпті. Етігінің қонышына өте кішкентай кездік салып алады. Ауылдан алысқа шықпайды. Жыл өтеді. Уақыт бәрін ұмыттыра бастайды.

Қалың малына қырық жеті атайтын бай ауыл келіні, қалыңынан асырып жасау жасататын дәулеті шалқыған әкенің сүйікті қызы Ағлен жалаң көйлекпен ұзатылып, жыртық кебіс сүйретіп өмір сүреді. Бұлардың жас шаңырақтарының мал еншісі секілді болған көк есекпен күйеуі екеуі құмнан құраған сексеуіл тасып күндерін көреді.

Бір күні құмнан кештетіп келе жатып, қапталдан қосылған, ат тұяғының дүбірін естиді. Ағлен жүрегі дәл болжайды. Қызылы семіп бара жатқан күн астына сескене қарап тұрғанда бұны Дүрді көжек алған бұркіттей, іліп әкетеді...

...Сол күннен бастап бұлар ұзақ жылдар ел бетін көрмей, дала тағыларынша өмір сүреді. Дүрді, бейтаныс жақта, Қарақалпақ, Үстүрт дөңінде аламандық құрып, қарақшылықпен айналысады. Солай сегіз жылы өтеді. Ұлдары да бес жасқа толады...

...Дүрді – қарақошқыл топырақтан илемей домдай салған балшық секілді, аса ірі, өңсіз кісі еді. Кейін ұзақ жылдар бірге тұрып, одан балалы болған кезде де бетінің өңсіздігі мен көзінің сұстылығы бетіне тура қаратпайтын. Өңсіздігін өзі де жек көретін болуы керек, өзіне тіке қарағанды ол да жақтырмайтын. Сол алғашқы кездескен күні онымен батылым барып, қарсыласқаным, солай сөйлескеніме өмір бойы таң қалумен келемін...

...Ағлен даусы бірте-бірте қатая бастады...

...Оған берген антым менің ойымнан бір сәт шыққан емес. Сырымды жасырын сақтадым. Тамағымның тоқтығына, киімімнің көктігіне Дүрдіге алғысымды да айтып қоятынмын. Оған қарсы келмедім. Құдай сәтін салар деген дәмеден торықпадым.

Жан мен тән бөлек нәрселер екен. Жаныңмен соншалықты жек көре жүріп, тәнің жақындасқасын одан бала көтеріп, кірін жуып, шаруасын істеп жүре беріппін.

Ұзақ күттім. Дүрдіні өлтіргенмен Тұрдының кек аларын, мені тірі жүргізіп қоймасын сезетінмін. Олар бөлек ауыл болып жеке қонатын. Қауіп-қатерге толы жорықтарының бірінде Тұрды қаза болса деп тілейтінмін. Сөйтіп жүргенде «Іштен шыққан жыланның ирелеңдегенінің жақсысын-ай!» дегізгер бала пайда болды... Бес жасқа толған кезі еді...

...Өз баласын... Нәрестесін... Жауыз-ай!... Қалай қолы барды екен?..

...Ағлен тағы да көз жасына ерік берді. Бұл жолы ол бетін менің иғыма басып өксіп-өксіп, ұзақ жылады... Кейін түсіндім. Оның жанын нәрестесінің өліміне өзін жазықты сезінген жанның өкініші қинайды екен...

...Ағлен Тұрды тірі тұрғанда ойлағанын ойын іске асыра алмасына әбден көзі жетеді. Ойлай-ойлай, ақыры айла табады...

...Дүрді мен Тұрдыны араздастыру қажет екенін түсінеді. Сондай жағдайда ғана олар бір-бірімен хабарсыз кетеді. Арасы алшақтайды деп шешеді.

Ақыры, «сен жоқта маған қол салды» деп Тұрдыны жамандайды. Өзі көгертіп қойған дене жарақаттарын көрсетеді. Дүрді сол бойда атына мінеді.

Қайтып келгенде Дүрдінің кісі өлтіріп келгені белгілі болады.

...«Бір кезде өмірлік доспын деп, қан қосысып анттасқан арамның қанынан көйлегімді тазартып таста» деп, қан-қан көйлегін шешеді...

...Мен арманды мезгілімнің жеткенін түсіндім. Сыр білдірмейін деп көйлек қанын ұзақ жуып, жан-жағыма бағдарлай қарап, уақыт өткізуге тырыстым. Күн бұлтты еді. Түн қараңғы болады.

Қате жібермеу үшін қайта-қайта түнде істемек әрекетімді қайталап айтып, ой жүгіртіп қоямын...

...Қапы қалмау үшін шамды жағып қойсам...

...Өткір кездікпен күре тамырын тереңдеу бір тартып жіберсем...

...Шамды сөндіре салып, есіктен шығып үлгерсем...

...Күре тамырдан бауыздалған жан ұзаққа шыдай алмас...

...Бауыздап жібергенде қой байғұс бір-екі ышқынып, аяғын бір-екі серперлікке шамасе жететін еді ғой...

Талай қой бауыздап отырып, Дүрдіні осылай бауыздасам ғой деп армандайтынмын...

Дүрді ертегі алыптарынша алаңсыз ұйқтайтын.

Сол күні де солай болды.

Алқынған жүрек аптығын басу үшін қатты, тереңдеу қайта-қайта ауа жұтып алып: «Ей, Алла тағала! Кешіре гөр, күәкәр қызыңды!» деп күбірлеп, Дүрдінің күре тамырын шалып жібердім. Қан бетіме ұрып, көзім тұманданып кетті. Дегенмен шамды сөндіріп есікке жүгірдім. Ол ұшып тұрып табалдырықты аттатпай мені ішке суырып алмақ болып жатқанда, кездікпен қолына тағы бір рет ұрдым. Дүрді қолын босатын жіберді. Мен далаға қараңғыға сүңгіп, жоғалып бара жаттым.

«Құтылдым» деген ой жүрегімді қуанышқа толтырып, даусым да шығып кеткендей болды.

Сол сәтте өз дыбысымнан қорқып кетіп тып-тыныш тұра қалдым.

Дыбыс қайта естілгендей болды. Сонда ғана дыбыстың баламның дыбысы екенін түсіндім...

Оянып кетті ме екен?

Ол оянатындай айқай-шу болмаған секілді еді?

Әлде, мені үйге қайта кіргізейін деп анау оятты ма екен?

Баланы жазым етпес пе екен?..

Осы ой мені қатты шошытты. Жалма-жан жан ұшыра үйге жүгірдім. Қалтамдағы оттықты шағып жіберсем, жанталасып қырылдап жатқан Дүрдінің қолында бес жасар баламның мойыны жатыр екен. Кездігіммен қолынан тағы бір ұрып баланы жұлып алып далаға жүгірдім...

Әлім құрып бара жатып баламның денесі суып бара жатқанын байқадым. Балам тыныссыз қалыпты...

Сол сәтте мен де талып бара жаттым...

...Ағлен дәл соғыс басталар алдында арғымақ мініп, аруана жетектеп Маңғыстауға жетеді. Шеттеп кеткен өз аулы да бұ кезде туған жерге оралған екен. Ағайындары той жасап бұрынғы еріне қайта қосады.

...Өз күйеуім айтарлықтай көркі, мақтарлықтай өнері болмағанмен ғажап мінезді, сабырлы кісі болатын. Ұзақ жылғы үмітсіздіктен кейін қайта табысып, бақытты өмір сүре бастап едік. Өттеген-ай, ерімді де, бақытымды да «соғыс» деген індет жалмап кетті ғой.

Артында бір ұлы қалды...

Отызға жетпей отырып қалған Ағлен, қаншама адам сөз салса да, жаңадан тұрмыс құрмайды...

...Әуелі күйеуімді аман келтіре гөр деп Аллаға жалынып дәмемен уақыт өткіздім.

...Одан торыққасын Жалғызының тілегін тіледім.

...Алла бірін бермегенмен бірін берді.

...Жалғыздың да жапырағы жайылады екен. Бірнеше үйге айналды.

...Жаяудың да шаңы шығады екен, өрісіміз малға толды...

...Бұ күнде бақыттымын!

...Кім білген!.. Жай адамның бақыты дегеніміз – елдің тыныштығы мен ердің еңбегі ғана ма?..

...Құдайға шүкір!...

...Өкініш көп еді, бәрінен де құтылды.

...Арман да көп еді, шетінен орындалып біткен секілді.

...Қазір жан-жағым толы өз үйлерім, өз тумаларым!

...Немерлер үйі.

...Күйеу балалар ауылы.

...Құдалар ауылы...

...Бақыттымын! Тек қана осы шексіз бақыттың оған бір де бірі бұйырмай, барлығының маған қалғанын айтамын-ау!..

...Бұ бақыттарға менен гөрі ол лайық еді...

21.07.2006 ж.

Кәмшәт

Біздің Кәмшәт шешеміз “сырлы аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді” деген аталар сөзін растауға жаратылған кісі секілді еді. Жасы келіп қалғанына қарамастан еңсесі тік, бойы сұңғақ, көркем адам болатын.

Шешен сөйлейтін. Сөйлеп кеткенде бірте-бірте даусы екпін алып, өзі де айбаттана, әңгімесін жанды елеске айналдырып жіберетін.

Өз төркіндері туралы мақтана сөйлеп отырғаны сезілетін. Даусынан сағыныш сарыны сезіліп-ақ тұратын...

...Қазақ байтағының ұлан-ғайыр батыс өлкесін мекендеген Кіші жүз ішінде тек қана байлығымен емес ерекше сән-салтанатымен де атағы елге жайылған Табын Нармағамбет деген бай болыпты. Өз елі, оны, паң Нармағамбет атаған екен дейді. Қонысы, ата күлдігі Ақтөбе, Қорғаншы болса, жаздығы Сыңғырлау өзені болыпты. Ойылға құйып жатқан Сыңғырлау мөлдірлігі көз сүсіндіретін, дәмі тіл үйіретін ғажап өзен екен.

Табын Нармағамбет, қазақтардың ардақтап айтатынындай, «алтынмен аптаған, күміспен күптеген» 12 қанат Ақ Орда тіккен, барлықтың рахатын көрген бай болыпты. 12 қанат Ақ Ордасына жалғас 8 қанат, оның екі қапталынан 4 қанатты екі үйді қосарлап тігеді екен. Қонақтарын дәрежесіне сәйкес 8, 12 қанат отауларында қабылдайтын болған.

Нармағамбет байдың жалғыз ұлы Киікбай атаққа шыққан сұлу жігіт атанады. Бай жігіттері ауыл-ауылды кезіп бай ұлына қалыңдық іздейді. Он екі ата байұлын түгел адақтап шығады. Ақыры аты алты алашқа жайылған атақта Бопылдық байдың баласы, шеркеш биі Жұмақұл қызы Кәмшат сұлуға тоқтайды.

Айттырады, құда болысады. Кәмшат он алты жасқа толып ұзатылатын шағы да жетеді.

Бірақ бұл ұрпақ сор заманға тап болған ұрпақ еді...

...Қызылдардың соққысына шыдамай Красноводскіге жетіп кемеге отырып шетел асып кетпек болып шегірткедей шұбырған генарал Толстовтың әскері осы ауылдар үстінен өтіп, паң Нармағамбет пен Бопылдық ауылдары тоналып қалады...

...Ақ Орда киіздері кескіленіп, жауыр аттарына тоқымдыққа жарайды...

Ақтаулы тарылары жем дорбаға түседі...

Кесапат соққан ауылдар жұтарынан айрылып жұтап қалады.

Мінерінен айрылып жұртта қалады.

Сауары болмайды, сойары қалмайды.

Киікбайды, енді үйленгелі жүрген бозбаланы, ең болмаса жүйрік атын құтқармақ болып араға түсіп, міне қашқанда атып өлтіреді.

Қызылдарға қарсылық көрсете алмай жаралы айдаһардай ызалы келе жатқан Толстов әскері қазақ даласының жұтылатынын жалмап, жұтылмайтынын талмап, дауыл айдаған өрттей өте шығады. Сол екпінімен келіп Үстірттен Өрмелі арқылы Маңғыстау Ойына құлайды.

Бұл апатқа Бопылдық аулы да ұшырайды.

Замана талқысына тап болған құдалар Нармағамбет ауылы да, Бопылдық ауылы да тақыр кедейлерге айналады. Күйеу жігіт Киікбай қаза болады. Кәмшат қыздың басы босап қалады...

Қонысы шетте болып Толстов апатынан аман қалған ауылдардың бірі Тоқтамыс Әбижан ауылы екен.

Күз айларында Әбижан туған ағасының баласы Әндірғалиға Шеркеш Бопылдық немересі Күлшатты айттыруға барады.

...Жөн сұрасады...

...Бұлар, Бопылдықтың басы бос немересіне құда түсуге келгенін айтады...

...Болашақ құдалар аз сөз қағыстырып барып, келісімге келеді...

– Киік пен құланға ұқсап шұбырып көшіп жүрген адайға тірі болса Бопылдық қыз беруші ме еді?.. Заман-ай, қайтейін!..

– Құдағай, ойланып сөйлеңіз! Қазақты көшпелі қазақ атандырған жалғыз адайлар ма екен! Кеше ғана ата-бабаң адайлармен қатар көше жүріп ерулік беріскен ел болатын! Сіз бізге кінә таға сөйлейсіз ғой! Ал біз болсақ әлі күнге таза ауа жұтып, таза жұртқа қонып жүретінімізге мақтанатын елміз. Боқ үстіне боқ тастамайтын елміз!

Отырықшы боламыз деп орыс болуға құмартқанда орыстарыңның көрсеткені осы ма?

– Біз тоналып жұтап қалмасақ құдалыққа тон киіп келіп отырған сенің осылай сөйлеуге батылың барар ма еді?..

Құлан құдыққа құласа құрбақа құлағында ойнайды деген осы дағы!

– Құдағай артық кетпеңіз. Біз құрбақа болып құлағыңа ойнау үшін емес, қысылғанда демеу болуға, Бопылдықпен сүйек жаңғыртуға келдік.

Осы тонды киіп келіп біз шеркештермен бұрын да құда болатынбыз. Талай шеркеш адайлармен құдалығына мақтанады.

– Естімедік

– Естімесеңіз жазғырмалық. Бірақ еске сала кетелік.

Адайдың Нұрым ақыны ұзатылғалы жатқан сіздің ауылдың бір қызына бата бергенде, байлық пен барлықты дәріптеп “шеркеште Бопылдық пен Тұрмандай” бол деп бүкіл алты алашқа атақтарыңды жайған адайлар болатын.

Адайдың құдаларының бірі Алты Алашқа атақты Байбақты Сырым.

Сырымды олқысынсаң Әбілқайыр хан өз аяғымен келіп адайлардан қыз сұраған. Бопай ханымды солай алған.

– Жаугершілік ұлдың соры, жұт қыздың соры дегенге кездесіп қалып отырмыз. Ойда жоқта жау шауып күйеу бала өліп, қалыңдық елі жұтап, қайғы шегіп қалып отырмыз. Күйіктіміз. Күйік соққан адам не демеуді.

Шырағым артық кетсем кешірерсің. Тоғыз жетім асырап отырмын. Амалсыздан сол жетімдер тамағына талғау болар ма екен?... Қыз жат

жұрттық деген осы дағы. Бірақ, атан жазысымен, ат ер-тұрманымен кететін көмейім бар. Сол көмейді толтыра алсаң қызды аласың. Бұл елдің сөзін ұстар, бас көтергені мен болып қалып отырмын қазір.

– Сонда ол қанша болады?

– Үшеуі де жүзден болсын.

– Үш тоқсанға келіселік. Әбижан қолын ұсынады. Бәйбіше қол алады.

– Істің басы байлы болса, түбі сайлы болады деуші еді, Қыз не дер екен.

– Қыз дегенің мынау! Жаңа аршылған жұмыртқадай болған күнім менің! Не дейсің мыналарға? Кісілігі қаншалық екенін кім білген? Балаларың ана отырған ба? Түсі игіден түңілме деген бар емес пе еді... Көрікті жігіт екен! Не айтасың, жарығым?

– Өзің айтқан тарығып отырған тоғыз жанға талғау болсам менің арманым жоқ. Тоғызыңның аштан өлгендерінді көргенше өзім адайларға барып сіздерге деген сағыныштан өлейін. Бірақ бұлардан менің бір бұйымым бар. Беретін ірі қаралары ылғи сауын болсын. Төлдерін қимаса келесі жылы қайтарып алар.

– Ақылыңнан айналайын балам-ай, болашақ келінім-ай! Алла алдыңнан жарылғасын! Сенің мына сөзіңе, ақылыңа бола мен сауын малды бүгін айдатамын...

Келін сөзіне риза болған адайлар әзірге ақ болсын деп сол күні үш сыйыр, үш бие, үш түйені төлдерімен әкеліп береді.

Бір айдан кейін баласын үйлендіреді. Сол жылы Әндірғали Ойға көшпей, келінім жетімсіремесін, тумаластарынан бірден алыс кетпесін деп аз ғана малмен құдалар маңында қыстап қалады.

Адайдың байын көреміз, Бопылдық құдасымен танысамыз деп шеркештер шұбырып қыс бойы келе береді. Ойға құлатқан көп малдан алып қалған 200 бойдақ қонаққа сойылып таусылуға айналады.

Әндірғали да байлығын арқаланып, асырып әңгіме айтатын кісі болса керек.

Сол маңайдағы бір бай досына адам жұмсап: "Шеркеш деген елден майына бір байтал мінеміз деп, жұтап қалуға айналдық, сойысқа 100 бойдақ жіберсін!" – деген сөзі шеркештерге жетеді. Әлгі сөз арына тиген шеркештер арланып, Әндірғали аулын шаппақа дайындалады.

Хабар жеткен Әндірғали қыс ішінде тез көшіп жақын жердегі адайларға паналап аман қалған екен...

...Кәмшат шеше осы әңгімелерді айтып отыруға құмар болатын...

Бай шаңыраққа келін болып түскен Кәмшат шешеміздің өз шаңырағыда өсіп-өнген, ырысы мол ауылға айналады...

...Бірақ кеңес өкіметі Толстовтан кем түспейді. Тура он жылдан кейін енді бұл ауылды Кеңес өкіметі тонайды. Тек қана байлығын емес, адамдарын да апатқа ұшыратады...

– Аталарымыз бен азаматтарымыз түгелдей итжеккеге айдалды.

– Байларды тәркі жасағалы жатыр, сақ болыңдар деген хабар үлкендерге келіп жатады екен. Атам мен енем үшеуміз бір түнде ауыл алдындағы бір обаның түбіне үш дорба асыл заттарды апарып көміп едік. Атам үстіне бір құран кітабын да салып еді.

Құранын асыл нәрсесі ретінде жасырды ма, әлде асыл заттарын құранға тапсырды ма...

– Ұзақ шетте жүрген жылдар бәрін ұмыттырыпты. Елге отыз жылдан кейін оралдық. Енді елге оралғанда, балаларым әкеміздің бізге қалдырған мұрасын тауып бер деп әзіл айтады. Қаратөбе мен Мәстектің ортасындағы қай обаның түбін қазарсың?

Шырақтарым! Байлық құрсын!

Әкем бай еді, не көрді...

Атам бай еді, не көрді...

Шетінен атылды, айдалды...

Баяғыда «бай баласы» деген атақ шамалы кісіні қатарға қосып тұратын.

Мына заман пысықтары «қара табан кедеймін» деп мақтанатын болды.

Бұрын арлы жігіт кедейлігіне арланатын.

Бұ заманда арсыздар кедейлігіне мақтанатын болды.

О, заман-ай!

Заманды кім жаратады?

Адамды кім жаратады?

Айналайындар байлыққа құмар болмаңдар!

Құмар болғандар байлыққа жетем деп арын жоғалтар, немесе жетіп алып барын жоғалтар...

Байлық құрсын! Қанағат қарын тойғызар...

...Анда-санда Кәмшәт шешенің сол сөздері еске түсіп «шүкір, шүкір» деп қоямыз...

Тамыз, 2008 ж.

Жаңылдық

(естелік әңгіме)

Ерлер әйелдерді: бейбіт, жаймашуақ уақытта "Әлсіздеу жартымыз" деп; сезімді кезінде "Нәзік жаратылысымыз" деп; ғашық кезінде "Көкте күнім, аспанда айым" деп мадақтауға әдеттенген.

Анасын ардақтап, қызын қызықтап, жарын жақын көріп өмір сүреді. Әйелдер еріне еркелей ғұмыр кеше алса бақыттымын деп есептейді.

Бірақ Ұлы Жаратушы әйелдерді ылғи нәзік болуға, сезіммен өмір сүруге жаратпаған секілді. Сондықтан да ол оларды байлық пен молшылықтан гөрі қиындық пен жоқшылыққа бейімделгіш етіп жаратқан сыңайы бар.

Біздің осындай болжам айтуымызға өз аналарымыздың жоқшылық пен таршылық кезеңде бойларындағы табиғи аналық қасиетін жандандыра, өздеріндей мұқтаждарға қазақы қайырымын, жылы жүз ізгілігін, барға қанағат, болашаққа үмітін сақтап қала алғанын көзіміз көріп өскеніміз себеп болған болар.

Қазір ауыз толтыра кеңшілік заман орнады дейміз. Рас. Бірақ осы молшылық пен кеңшілік заманда бізді бір "әттеген-ай" сезімі, әлде өкініш пе, әлде сағыныш па, әйтеуір бір сезім алаңдата береді.

Бұл бала кездегі заманымыз бен қазіргі заманымызды салыстыра ойланғаннан пайда болған түйсік болар, асылы.

Соңғы кезде ол түсініксіз түйсіктің де сыры белгілі бола бастады. Баяғы ашқұрсақ, жыртық иін заман ұмытылған кезде, мынадай тонналап қоқыс жәшікке ас қалдығын төгіп жатырған заманда баяғы жатқа да, жақынға да қайырымды қазақтар қайда кеткен?

Он баланың жетеуі жетім кезде жетім басынан сыйпамай өтпейтін қамқор ағалар, қазір мыңның бірі жетім шақта көзге көрінуден қалғаны қалай? Солар азайып бара жатырған жоқ па екен?

Шіркін-ай, өз баласынан жасырып отырған жарты собалақ шетінен үзіп беретін еді-ау, жарықтықтар...

Мүмкін олар бар да болар. Мүмкін байқамайтын болармыз...

Әңгіменің шынына келсек біз сондай кісілерді сағынатын болдық. Мүмкін сондай кісілерді емес, сол кісілердің өздерін сағынатын болармыз. Сағынғанда да бұл бір ерекше сағыныш. Олар ойға оралған кезде бір құдірет өтіп кеткен соншама жылдарды ысыра салады да, әлгі сағыныш кейіпкерлері бірінен кейін бірі жарыққа шаға бастайды...

...Сайынжан! Менің атымды суарып келші! – дейді, бір аға...

...Әй, "Қара қойшы!" Мал келетін уақыт болды. Лақ-қозыны қайырып кел. Жамыратып алармыз! – дейді, көрші жеңгей...

...Айналайын-ай! Шашың өсіп кетіпті ғой! Кел, алып берейін! – дейді бір қарт, бұлқынғаныңа қарамай екі тізесінің арасына басыңды қысып алып, ұстарасын дайындай бастайды...

Со кісілер ойға оралғанда жан-тәніңнен бірдеңені суырып жатқандай боп бір ерекше сезім сені сол заманға көтеріп ап, ұша жөнеледі. Қанатына мінсең, жетегіне ерсең болды бұ заманғы болмысыңды ұмыттыра, шетінен жыртық иін, аш құрсақ сол адамдар арасынан бір шығарады.

...Қайран сол кездегі әжелер мен аналар-ай!

...Қайран сол кездегі аталар мен ағалар-ай!

Өткен ғасырдың соғыс жүріп жатырған сұрапыл жылдарында өмір сүріп, небір ауыртпалықтарды арқалай, небір қасіреттерді тарта жүріп ұрпақ өсірген біздің аналарымыз нағыз өмірге бейімделгіштер еді. Олар жоқтан бар жасайтын, барды балдай ететін. Солардың табаға, не жай қоламтаға көме салатын нан иісі әлі мұрынымызды қытықтайды. Ірімшік дәмі әлі ауызымыздан сілекей ағызады.

Сол көптің бірі менің анам Жаңылдық та жаратылысынан ақылды, тағдыр салған ауыртпалықтарға мойымайтын қайсар жан болатын. Бұ күндері сол адамдар туралы ойлана қалсам, со кезден есте қалғандарды зерделей бастасам, жетім-жесір аналарға деген заман әділетсіздігі төбе шашты тік тұрғызады. Адам көнбістігі қайран қалдырады.

Әкем көппен бірге қанды соғысқа аттанады. Соғысқа аттанғандардың тағдыры үш түрлі. Бірі өледі, бірі тірі оралады. Енді біреулері жау тұтқынына түседі. Біздің әкемізге соңғысы бұйырыпты.

Ауылдағы аналар өмірі тұтқындағы әкелерден жеңіл болмаған секілді. Тұтқын мойнында жауапкершілік жоқ. Олар аш баласының тамақ сұрап жылағанын естімейді. Жесір әйелінің заман мен адамнан көріп жүрген зәбірінен хабарсыз. Өз шаңырағының ел ортасында екендігі ойына медет.

Ал елдегі әйелдердің елінің басына күн туған шақта, ерлері етігімен су кешкен заманда көтермес жүгі, төзбейтін қорлығы, шыдамайтын зорлығы болмайды екен.

Солардың бәрін арқалай жүріп тірлікті жалғастырғаны, келешекке деген сенімінің сөнбегені үшін әлемдегі ең алып, ең асыл ескерткішті со заман аналарына арнаса артық болмас еді... Олар шеттерінен ұлы тұлғалар болатын...

Ұлы Жаратылысқа қазақ халқына берген барлық Ананы шетінен Ұлы етіп жаратқаны үшін де риза болып, бас игің келіп тұрады.

Қымтанып жамылар дұрыс бір көрпесі жоқ, тойып ішер бір тостаған көжесі жоқ, иінін жабар сәнді бір көйлегі жоқ, көрген күні кілең кемшін, асырағаны кілең жетім сол аналар – қазіргі Егемен Елімізді өмірге әкелген Аналар...

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары еліміздің тәуелсіздігін жариялаушылар сол аналардың қямет заманда өсірген ұрпақтары.

Қайтейік! Солардың көбі сол жарлы-жақыбай күйінде өмірден өтіп кетті. Уайымсыз молшылық дәмін тата алмай, қайғысыз, шын мәніндегі рухани бостандық мәнін сезе алмай кетті.

Бұ тірлікте өмір сүргенінен не рахат сезінді екен?

Бұл сұраққа олар біздің түсінігімізбен емес, өз түсінігімен жауап берері сөзсіз. Олардың, біздер, сіздердің аналарың, барлық пен байлық дәмін сезіне өмір сүрмесек те бақаттымыз дер еді. Өйткені артымызда егеменділікке қол жеткізген ұрпағымыз қалды дері сөзсіз.

Біз бақытты аналармыз, өйткені еліміздің қабырғасы сөгіліп жатырғанда, еріміздің қандары төгіліп жатырғанда біздер соларға демеу болуға жарадық дер еді.

Қайран аналар-ай! Кейбірінің шыдамы таусылғанда бар әлемді басына көтеріп, тағдырын қарғап, аңырап жылап алушы еді-ау!

Өз анамның да: "Осы екеуінің қарнын бір тойғызар күн бола ма, Құдайым-ай?" – деп жылағаны есте қалыпты.

Олар колхозға күні-түні жұмыс жасайтын. Бірақ өкімет еңбек ақы төлеп көрген емес.

Әкем түрмеден оралып, балаларын "колхоз тырнағынан" құтқармақ мақсатында туып өскен Тиген-Құлбырақ, Ақмыш-Шерғаладан Таушыққа көшеді. Кейін он жылдық мектеп салуға шарттасып Ұштағанға қоныс аударады. Екі жыл күндіз-түні еңбек етіп, өзінің бала-шағасының күшімен мектепті 1956 жылдың күзінде аяқтап шықты. Мен сол жылдары әкемнен құрылыс өнерін үйренген екенмін. Кейін өзім құрылысшы атанғанда сол тәжірибе, сол білім қаншама пайдама асты, қаншама жұмысымды жеңілдетті, өзіме деген сенім туғызды десеңізші. Сондықтан да мен барлық уақытта кезекті бір істі аяқтаған кезде алдымен әкеме алғысымды жаудыратынмын. Әке рухы алдында мақтанатынмын. Әкемнің өзім тұрғызған кесенелерді көрмегеніне өкінетінмін.

Мектеп құрылысы аяқталып, Ленин атындағы мектеп өзінің алғашқы оқушыларын қабылдады. Әбіш Кекілбаев оныншының, мен, Сайын Назарбекұлы, тоғызыншының есігін аштық.

Сәрсенұлы Назарбек шебер – "бір өзім бір мектеп салып шықтым" деп өмір бойы өз еңбегін мақтаныш етумен өткен кісі.

Сол жылдары Гурьев обкомының бірінші хатшысы Н.Оңдасынов жолдас жаңа мектепті, қотыр тас пен саз топырақтан тұрғызылған мектепті көріп риза болыпты. Әкем өзімен облыс хатшысының арасында болған азғантай сұхбатты өмір бойы мақтаныш ете айтудан жалықпайтын.

- Құрылыс оқуын қайда оқыдың? – деп сұрапты, хатшы.
- Оқу оқымадық, білім Құдайдан ғой – депті, әкем.
- Шеберлікті кімнен үйрендің?
- Шеберлік үйренумен келмейді, тұқым қуалайды.
- Құрылыс мамандығын қалай меңгердің?
- Құрылыс салуды немістер мен түрме үйреткен.

Аңдамай айтқан осы сөздері үшін ауылдық совет Сисенқұл Ұзақбаев пен әкем кейін біраз уақыт уайымдап жүрсе керек. Бірақ, саналы, көпті көрген хатшы бұл сөзге аса саяси мән бермеген секілді.

1955 жылы саз балшықтан кірпіш құйылып, шағын екі үй тұрғызылады да, Ұштағанда орта мектеп ашылады.

Келесі жылы жаңа мектеп салынатын болып менің әкемді сол мектеп құрылысына бас құрылысшы етіп шақырады.

Ел де жарлы. Мемлекет те жарлы. Құрылыс бұйымдары таптырмайды. Мектеп төбесін жабатын, еденіне төсейтін тақтай жоқ. Әкем екеуіміз мектеп төбесі мен еденіне саз топырақ төсеп, екі жүз литрлік темір күбіге су құйып домалатып, саз нығаздайтынбыз.

Әкем осы мектептің қарауылы, анам үй сыпырушысы болып жұмысқа орналасты.

Менің анам, ай сайын істеген еңбегінің ақысы үшін "айлық" деп еңбекшіге берілетін өкімет өтемін, алғаш рет 1956 жылы, қырық

жасында алған екен. Қолына жирма жеті сом елу тиін айлық алып қуанған болатын.

Еден жуылмайды, сыпырғышпен сыпырылады. Партаны бір жағына қисайтып тұрып саз еденді қоқыстан тазалау қажет. Көбіне анама мен көмектесемін. Кейде інім Дайын екеуміз де тындыра салатынбыз.

Қыста ерте тұрып қи жағып, мектеп бөлмелерін жылытатынбыз. Әкем салған бес құдық пештер шетінен тартқыш, қызғыш келетін. Пеш қалайтын арнайы кірпіш болмай, оны да қолдан дайындап алып едік.

Мектеп ауласынан құдық қаздық. Әйкелдік тасты интернаттың қара бурасына тиеп "Назар жолдан" әкелгенбіз. Ішін ойып, жиектерін жұқартып, жеңілдетіп едік.

Құдық қазып жатып та, әйкел шауып отырып та әкем: "Осы жұмыстарға ана Сисенқұл бір тиын төлемейді. Әкіметтің ақшасын аяйды. Біздің төгілген маңдай теріміз бен қолымыздың күлдіреген терісінде олардың шаруасы жоқ" – деп сөйлеп отыратын. Сөйлеп жүріп құдық шегенінің тура болуын, әйкел тасының әдемі болуына барынша тырысатын. Саусақтарын әк жеп, терілерін ойып тастайтын болғандықтан саусақ басына теріден қап тігіп алатын.

Азапты он үш жылдың, соғыс пен түрменің зардабы болар, кешке қарай балтырымды бас, беліме шық, иығымды уқала деген өтініштері біздерді, балаларын жалықтырып жіберетін.

Енді, әке-шеше қадірін түсінген кезде, күні-түні аяғын уқалып, арқасын сыйпап отыруға дайын уақытта, жарықтықтар, қолыңа бір түспейді екен...

...Со заман адамдары әкіметіне еткен еңбегіне міндетсінбейтін. Әкімет те оларға алғыс айтып жатпайтын.

Қырықыншы, елуінші жылдары күні бойы колхоз шаруасын істей жүріп, сәл қолы босаса қыста сораң, күзде құмаршық қағып, көктемде көсік пен мондалақ теріп жүрген тірі жесір, жалғызлікті мыңдаған әйелдердің бірі менің анам еді.

Харков түбінде тұтас армия қоршауда қалып, әкем немістер тұтқынына түседі. Әкем де, ағасы Айдарбек те намаз оқитын кісілер еді. Айдарбекті Мұстафа Шоқай ұйымы молдалық оқуға алып кетеді. Немістер біраз діндар адамдарды Мюнхен деген қалада 1945 жылға дейін молдалық оқуға оқытыпты. Менің әкем тұтқындар лагерінде қалып, қалаға, жеке кісілер шаруасына жұмысқа жіберіліп тұрады.

...Отаныма оралсам. Сүйегім елге жетсе... деп Алласына жалынумен болыпты... Қайда жүрсе де өмір бойы намазын тастамапты.

Сол үшін өз әкіметіне жазықты атанады. Сотталады.

Түрмеде отырған адамдардың арманы босап үйге қайту емес, жазасы тағылып тезірек тұтқындар лагеріне кету болады екен. Әкем түрмеден шығып Петропавл түрмесіне келгенде елге келгендей

болдық деп отыратын. Небір марқасқа азаматтармен жолдас болдық, небір өнерпаздар өнерін көрдік деп мақтанатын.

...Сүйікті отанымыз дейміз...

...Отан сүйікті болып қала береді. Адам өз отанын сүйуден бас тарта алмайтын болса керек.

...Қамқор өкіметіміз дейміз...

...Жалпы біздер Отан деген сөз бен өкімет деген сөзді бірге пайдаланып келдік. Екеуі екі бөлек құбылыс екен.

Қамқор өкіметіміз жесір ана мен оның төрт жетім баласының баспанасын (бес қанат киіз үй), бар малын (бір тайлақты түйе, бес-алты жандық) тәркі жасап, суық күзде шаңырағын ортасына түсіріп беріп еді...

Кейбір ауыл белсенділері де өкіметінен кем қалмайтын. Бір әкеміз (әкем құрдасы), ауыл белсендісі, біздің киіз үй үзігін қамшымен тартып-тартып жіберіп: "Сен қатынға тағы бір кәмпеске керек болып жүр ме, неге жиналысқа тез шықпайсың?" – деген кезде үйден жүгіре шығып, әлгі аттының шаужайына жабысқан едім.

Әлі есімде, біздің үй Ақмыш бұлағынан сәл қашықтау Шерқала жақтағы қырат етегінде болатын.

Анам:

– Кейін кет! Ананың қамшысы саған тиіп кетсе, мына бақан оның басына тиер! Бәлесіне қалармыз! – деп, мені тоқтатқанды.

Анамның бақанынан сескенген ауыл белсендісі ығысқанын байқатқысы келмей:

– Мына қатынға шыныменен тағы бір кәмпеске керек болып жүр екен! – деп еді, атын тебіне беріп.

Ондай өкіметті қалай сүйікті дей аласың... Бірақ Отаныңды сүйесің!

Әлгідей ағаны қалай ағалайсың?.. Бірақ аулыңды сағынасың!

Анам екі рет тәркіге ұшырапты...

...Жаңылдық Қойшығұл қызы Есен руының Өтебай тақтасынан еді. Қойшығұлдың әкесі "Шилан би" деген атпен ел ауызында сақталыпты. Бірақ Шилан би шешіпті деген билік, Шилан би айтыпты деген шешендік сөз жұрт есінде сақталмағандай.

Қойшығұл Маңғыстау өңірінде Кеңес өкіметінің тәркісіне ең алғашқы болып ұшыраған байлардың бірі. Итжеккенге айдалып, содан оралмаған. Қойшығұлдың Қалыңбай атты жалғыз ұлы болады да, содан соң бірінен кейін бірі кіл қыздар өмірге келе береді. Қыздардан жалыққан әке алтыншы қызы өмірге келгенде ұл сағындық, қыздан жаңылдыра гөр деп, ырым етіп жас нәрестесінің атын Жаңылдық қояды. Содан кейін Алла тағала о кісіге қызды да қимай қалған сыңайы бар.

Барлық пен байлықтың не екенін көріп өсіп келе жатқан жас қыз енді етек-жеңін жинай бастаған кезінде тағдырдың небір ауырпалығы мен қасіретіне кездеседі. Алдымен әкесіне "бай" деген айып тағылып

сотталады да, мал-мүлкі үптеліп, бала-шағасы байлар санатынан жетім-жесірлер санатына қосылады. Жығылғанға жұдырық дегендей, жалғыз ағасының әйелі өліп, шиеттей екі баласы жартылай жетім қалады. Бұ кезде нағашылардың анамнан басқа қыздарының бәрі де тұрмыс құрып кеткен шағы екен.

Біздің анамыз өз басына шаңырақ көтерген шағында да жетімдік пен жесірлік ауыртпалығын аз арқаламаған секілді.

О заман қазақтары ата-баба жолымен өмір сүрген кез. Қыз да, ұл да өзіне сыңар іздемейді. Барлық мәселені шаңырақ иесі шешеді.

Біздің әке мен ана тағдырын ағалары Айдарбек пен Қалыңбай шешіпті.

Біздердің Үлкен бапамыздың (Айдарбек) Қалыңбай қарындасына құда түсуі, анамның ұзатылуы қазіргі адамдар санасы қабылдай қоймайтын құбылыстар.

Сондықтан да "махаббат" атты жастар үшін жұмбақ та шытырман әлемнің бір шешімін іздеп табуға, жұмбағын шешуге септігі тиер ме деген дәмемен, осы естелік әңгімеде жазылар уақиғаларды жарыққа шығарғалы отырмын...

...Маңғыстау халқы жиі-жиі қиындықтарға кездесіп тұрған жұрт. Солардың ішінде ең бір сорақысы, өкіметтің, өкімет адамдарының өз қолдарымен, өздеріне жасаған зұлматы, 1929-32 жылдар арасында Маңғыстау халқының басынан өткен тәркі мен аштық, зорлау мен қорлау науқаны...

...Кеңес өкіметі өзінің өмір сүрген бір мүшел жасында айдаған малы бар байлар мен аузында сөзі бар көкірегі ояу азаматтарды өз ортасынан аластап құртқаннан кейін өкімет жұмысын жүргізе аларлық сауатты адамдарға мұқтаж болған секілді. Жарлылығының арқасында үкімет құрығынан аман қалған, ескіше сауаты бар Айдарбек молданы жаңа өкімет біраз уақыт барып кел, тындырып кел секілді жұмыстарға пайдаланыпты.

Айдарбек молда сол заманда жасы отыздан жаңа асқан, өзінен тоғыз жас кіші үйленбеген інісі бар кісі екен. Уәкіл атанып, Ақшымырауға келеді.

Басты шаруасы Ақшымырау елінің малын санап келу болғанмен, ол өз шаруасын да ұмытпапты. Қай үйдің басы бос қызы бар деп сұрастыра жүріп, сондай үйлерге түстенуге тырысады. Ақыры құрдасы Қалыңбай үйінің де кезегі келеді, қарындасын көріп, інісі Назарбекке айттырады. Қалыңмалына екі қап бидай әкеліп беруге уәде береді.

Қалыңбай мал-мүлкі тәркіге ұшырап, әйелі өліп, шиеттей екі баламен тұрмыс тауқіметін тартып, қиындық көріп жүрген кезі болса керек. "Тиген деген жердің тоқтамыстары құда түсіп жатыр, Жаңылдық не дейді біліп кел" деген сұраққа біздің анамыз бір ауыз сөзбен жауап қатыпты...

Өзінің сол атақты сөзін анамыз талай рет біздерге де әңгімелеп берген еді...

...Мына екі жетімге екі айлық ас болуға жарасам, армансызбын...

Армансыз қайдан болсын! Арманы болған болар-ау! Бірақ ол кезде қыз арманы шаңырақ иесінің шешімімен үндесіп жатуға тиіс еді. Ел қабылдаған заң солай болатын. Оны ұл да, қыз да бұлжытпай орындайтын болған...

...Айттырылған қыз...

...Өмірлік жар болар адамын әлі өз көзімен көрмеген жас бала...

..."Ол қандай екен?"... Бұл сұрақ барлық қыздарға да, ұлдарға да тән сұрақ болар. Өйткені армандағы тәтті қиял да, өмірге жетелер үміт те, болашақ туралы қорқыныш та, бәрі-бәрі әлі өз көзімен көрмеген сол бір адамға тәуелді...

Әрине, көз көрмегенді адамдар құлақпен естуге құмар. Сондықтан ағасы інісін болашақ қайын жұртына жеткізе мақтаңқырап таныстырған болар деп ойлаймын. Әке ағасы сол кезде інісінің іскерлік қасиеттерін дәл болжай алса мүмкін былайша таныстырар еді...

...Аққұба, қырмаұрын, ортадан жоғары бойы бар, жасы жиырма үште дейтіні анық...

...Қолынан келмейтіні жоқ, шебер! Әкеміз Сәрсеннің зергерлік, ұсталық өнері жеті ұлының ішінде жалғыз осы баласына қоныпты дейді.

...Бастаған ісін тындырып болмай дем алмайтын еңбекқор жан көрінеді!..

..."Сұлуынан жылуы" мақалы оған жат, ол сұлуын да, жылуын да қажет ететін қасиеті бар адам...

...Жырлар мен дастандарды жатқа айтатын нағыз құйма құлақ деген де болар...

...Екі-үш жылдай молда алдын көрген ескіше сауаты бар...

...Егер Үлкен бапам құдасына болашақ күйеу баласының осы қасиеттерін дәл танып, дұрыс мақтай алса, айттырылған қыздың "ол қандай екен?" атты уайымына демеу болып, болашағына деген сенімін қалыптастыруға да көмегі тиген болар...

Шындығында да "қандай екен?" деп анамыз талай қобалжыған да болар-ау. Бірақ тағдыр о кісі тағдырын басқа, тым күрделірек мәселелер арқылы талай талқығы салды...

Өкімет зорлығы, жетімдік пен жесірлік...

Тәркілер тартқызған жоқшылық пен аштық...

Бораған оқ астына кеткен ері...

Қолда қалған екі ұлы...

Алты бала анасы...

Алты бала қамқорлығы...

Өмірінің соңғы жылдары, енді нағыз "төрт жағы төрт Құбыла" болар шағында о кісіні тағдыр тағы да әлгі зәр сыбағаларынан құр қалдырмады...

...Он алты жасында қосылып, елу жеті жыл бірге өмір сүрген қосағынан айрылуы, оның үстіне ортаншы ұлы қатерлі дертке шалдығып, қайта-қайта оташы пышағына түсуі о кісіге оңай жүк болмағаны анық...

...Мен дәл төрт мүшел, қырық сегіз жасымда аты жаман ауруға тап болып, үш жыл бойы төрт операция жасаттым. Оташының пышағына Алматы ауруханасында бірінші рет түскен кезде әкем қайтыс болды. Мені бұл аурудан аман қалады дегенді ойына да алмаған әкем күндіз-түні "Ей Алла!, кезегімді бере гөр!" деп жалынумен болыпты. Тілегін Алласы қабыл етеді. Баласы операция столында жатқанда әке қайтыс болады...

Әкеге бір уыс топырағын бұйырта алмаған баласы, Алматыда екі операция жасатып, бір жыл өткесін Жаңаөзен қаласына, одан Құлбырақ әулиеге жетеді.

Әке басына құран оқиды. Көптен көрмеген туған жер. Ана мен бала Тиген мен Қабақтағы ағайындармен амандасып, Ақжан шешенің үйіне қонады.

Сол күні: "Енді әкең жоқ, бас ұстай беруге болады деп, маған бас ұстатақан" – сол шешелер еді.

Ағжан шеше: "Әй Жаңылдық сен бүгін Сайынжанды екінші рет өмірге әкеліп отырсың. Бұның айтқанына қарағанда енді өміріне қауіп жоқ секілді. Балаң құтты болсын. Іш мынаны!" – деп шарап құйып беріп, екі кемпір менің әзірге сақталып қалған өмірімнің ұзақтау болуы үшін өздерінше тілек тілеп шарап ішкенді.

Ішілген бір кесе шарап буы ма, әлде ұзақ уақыт көріспеген абысындар сағынышы ма, әйтеуір олар ұзақ әңгімелесіп, өткен өмірлерін еске түсіріскен...

Сол түні естіген әңгімелердің бірін мен кейін "Аналар" деген атпен өлеңге айналдырып едім...

Ағжан шешей абысыны Жаңылдықтың Алматыда тұратын, қартайғанда ақын атағы шыға бастаған баласымен өз үйіне қонғанына риза еді... Егер адам баласы түнде ұйқтап дағдыланбаған болса абысындар әңгімесі таусылмастай екен...

...Шіркін "көз көрген" абысындар сағынышы. Менің анамнан гөрі Ақжан шешем көбірек сөйлеп отыр...

...Назарбек сені алып келуге колхоздан бір атанды сұрап алып жалғыз кеткенде, күздің күні еді. Үшінші күні қонаға келуге тиіс болатын...

Осы жерде мен де бұл әңгімеден хабардар екенімді білдіре "екі қап бидай қалың малын әкемнің өзі алып кетті ме?" деп, өзімше бір әзіл сұрақ қыстырып қалдым...

...Сайынжан-ау, сіздер өздеріңді білгіш санайсындар, көпті көрген секілді көресіңдер ғой! Бірақ ол кезде екі қап бидайды былай қойғанда, қызы кеткен үйдің бір тамақ сұрайтын ауыздан, бір жұтқыны бар өңештен құтылғанына қуанышты болатынын қайдан білейін деп

едіңдер! Екі қап бидайдың екі қап алтыннан қымбат кезі еді ғой... Маған қарамай отырып осы сөздерді айтқанда о кісінің көз жастары моншақтай домалап түсіп жатты...

Осы сөзден кейін мен анамның қалыңмалының олқы болмағанын сезген едім. Және соған көңілденіп те қалатынымын...

... Әңгіме тауылмастай еді...

...Олардың әңгімелері көбіне өздері көрген тағдыр қаталдығы мен заман зорлығы туралы болып жатты...

...Анамның он үш жасында әкесі ұсталып, мал-мүлкі тәркіге ұшырайды. Анам мен анамның анасы, ағасы мен ауру жеңгесі, ағаның екі нәрестесі ел көшкен жұртта қалады...

...Бұндай зорлықты кеңес өкіметінен бұ кісі бір емес екі рет көріпті... Он үш жасында әке-шеше шаңырағын тағдыр соншалықты қатігездікпен жазаласа, отыз бес жасында өз шаңырағы тағы да тәркіге ұшырайды. Бұл жолғысы баяғыдан да сорақы болып шығады. "Немістер тұтқынына түстің, еліңді саттың" деген жаланы мойындату үшін көрсеткен үш жыл бойы қорлық пен азапты қиналмай көтерген әкеме (тек қана сол құлағы соққыдан естімей қалған) таққан айыптарын мойындата алмайды. Енді "молда болдың" деген жала жабады. О да келіссіз болып шығады. Ақырында "байсың" деген кінә тағып, он бес жылға кеседі. Елде қалған үйін тәркілейді. Бес қанат киіз үйдің үш қанаты мен шаңырағын балаларына, екі қанаты мен маңдайша, табалдырығын әке атына жазады. Екі үзік пен төрт туырлықты бөлу қиынға соқпаса керек. Сот орындаушысы жас жігіт екен. Түндікті қайда жіберерін білмей дал болады. Сол кезде анам тауып кетіп, көрші абысыны Көпек зайыбы Сағияштың басылмаған бір қап жүнін сот орындаушысына беріп, түндікті алып қалады...

...Естелік артынан естелік туындап жатты...

...Екеуі де өздерін соншалықты еркелете қоймаған өмірлерін рахаттана еске түсіріп отыр. Қалай дегенмен олардың өздерінің сүрген өмірі ғой... Олар тағдырмен жағаласа жүріп, қиындықтармен арпалыса жүріп өмір сүріпті...

Мен көрпеге оранып қисайып жатып тыңдап жатырмын.

Қоңыр күздің осы бір әдемі түнінде жадағай ішінен әзер көрініп отырған Ақжан шешей даусы тап-таза, ап-анық саңқылдап тұр. Екі ана бұдан алпыс жыл бұрын бастарынан өткен уақиғалар ішіне қайтадан араласып кеткен секілді...

...Сол кеште қалың тұман түсті. Біз Ұлбөбек екеуміз (Үлкен мамам) құрым киізге кірәсін тамызып алып, төбе басына қара жусан жағып, сіздерді күтпек те болдық... Бірақ біз жаққан жарық алыстан көрінбейтін болды да, Ұлбөбектің үйіне қайта оралдық. Сен сол үйге түстің. Айдарбекті колхоз бір жаққа жұмсап жіберіп, ауылда жоқ болатын. Аулымыз Қаратөбе мен Қаранардың ортасында еді...

...Назарбек адаспайтын жан екен. Қалың тұманда ауылды дәл тауып келіп еді... Адаспайтынын кейін де талай дәлелдеді ғой.

"Жаңакүш" колхозының Бесқалаға керуен басы етіп жіберетін сенімді адамы Назарбек болатын. Біздің Тұрсынбайды Назарбек қайратты, тілалғыш деп қасынан тастамайтын. Тұрсынбай: "Назекең түн ортасына дейін "сәуір" салып келіп, өткен жылы түнеген жеріне жетіп түнейтін. Өткен жылы от жаққан ошағымызға қайта от жағатынбыз" – деп мақтап отыратын...

...Назарбек қайнымның құрдасы Имаш ұйқышыл жігіт екен. Бір жолы Назарбек жігіттеріне аздап дем алдырып алып: "Тұрындар жігіттер!" – деп оятса, Имаш құрдасы: "Назарбек-ау, үркер қамшының сабындай да көтерлмепті ғой. Қдай біледі, әлі қоламта суып үлгермеген болар" – деп күлге саусағын тығып сөзін дәлелдемек болғанда, саусағын күйдіріп алыпты...

...Сенің төркініңнен киіп келген, екі өңірінде әдемі зері бар, жасыл камзолың болатын...

...Ат аунаған жерде түк қалады демекші, үйімізді тәркілер алдында бір апам сұрап киіп кетіп аман қалған дүние еді...

...Өз бойым аласалау болғандықтан ба, саған қызыға қараушы едім. Орта бойлы, қызыл шырайлы сұлу келіншек едің...

Осындай кезде мен де әңгімеге қыстырылып қалып отырмын...

...Бапам мамамды: «Қараторының қандысы еді ғой!» – деп мадақтап отыратын...

...Бұ күндері сол шешелердің бірі де жоқ.

...Компьютер тетіктерін басып отырып, жүрегіңді сол аналарға деген сағыныш бір түйреп өткенде, жетпіске жақындап қалған жасыңда өзіңнің шын жетімдігіңді мойындағандай болады екенсің...

...Әкем мен шешем әзілдесіп отыратын...

Балаларын түгел оқытты. Өз шамаларынша білікті маман, дұрыс адам болды. Анам соны қатты мақтаныш тұтатын.

"Қол-аяқтарың түп-түзу, ақыл-естерің бүп-бүтін" деп бұлданып та қоятын.

Кейде: "Мынаның тұттықпа беріш нағашыларына ұқсап кетпей, Құдайға шүкір, қалай десеңдер де өз нағашыларың өтебайларға тартып адам болдыңдар!" – деп, әрі мақтанып, әрі әкемді қажап қоятын.

Сол сөзге әкем едәуір шамданатын-ды.

- Менің балаларым беріштерге де емес, нағашыларына да емес, өз тегіне тартқан. Менің әулие бабам Мәті де өтебай жиені ме еді?
- Өзі өтебай болмаса әйелі ақбота руының қызы екен демеуші ме едің? Жеменейден қайда қашып құтыласың?
- Біздің тұқымның бәріне қасиет қонған. Асауды мінбей жуасытқан, Сүйінқараның оң қолы болған Қожабек атамды, шешендік пен ақындық бірдей біткен Тұрғамбай ағамды қалай жеменейге тели аласың?
- Оларда өлең жазып па еді?

- Балам өлең жазса өзіме ұқсаған. Маған заман жаздырмады. Әйтпесе сен де ақынның әйелі атанып, қалада, ақ пәтер үйде отырар едің!..

...Әке-шешеміз үш ұлы да қалада тұрғандықтан, Жаңаөзен қаласынан екі-үш шақырым, ерінбеген кісі жаяу барып келер жерде, шаруада отырды. Ұнаған келінің, бір ұлының қолына шықсаңдаршы десе, әкем "адам тамақ ішкен жеріне дәрет етіп қалай отырады?" деп келіспейтін...

...Бір күні әкемнің нағашысы Нәдір жиен ағасына сәлемдесуге барады.

Бұл әңгімеге кенже қарындасым Үмітей куә болған екен және ол майын тамызып қатырып айтады...

...Амандасып, бас изесіп, қол алысып дегендей дағдылы шаруаны бітіргесін, Нәдір әкеме: "Мал жандарың аман ба? Аман-есен отырыңдар ма?" деп сұрайды. Өзі әкемнің естімейтін сол құлақ жағында отырса керек. Жеті буын әлгі сұрақты сұрап шыққанша кем болғанда он жеті секунд өткізіп алса керек...

Естімей қалған Назекең кемпіріне: "Мынау не айтты?" – депті".

Кемпірі шалының еститін оң құлағына "мал-жандарың аман ба?" деп сұрап отыр ғой дейді.

Әкемнің мінезі шалт кісі еді. Шорт сынады.

– Ой, Тәңір атқыр! Ой, ант ұрған! Аузын толтырып қарайған әңгіме айтып еді! Нең кетеді қайталап айтып берсең?

– Бірің сақау, тұттықпа, бірің тосаң, саңырау! Сіздердің әңгіме не теңдерің!

– А, солай екен ғой – деп, әкем нағашысының тұттығатыны есіне түсіп, күліп жіберіпті...

Осы әңгімені айтып әлі күнге анамыз бен әкемізді, олардың нағашысын еске аламыз. Солардың қасында отырғандай боп, мәз болып күлісеміз.

Анамыз бен әкеміз тіршіліктің тірегі айлық ақы емес, мал деп өткен кісілер. Әкем жылқы малын жанындай жақсы көретін. Ол жылқыларын марапаттап, анам жалғыз қара маясының қамын ойлап, кейбір мәселелерге келісе алмай жататын...

...Қарамая өрістен аңырай боздап қайтып келе жатады. Ауылға жақындап тоқтайды. Үйге өзі келе қоймайды. Мамамыздың алдынан шығып еркелеткенін күтеді. Мамам көбіне өзі "Жарығым, жарығым!" деп алдынан шығып бара жатады...

Әкемді тәркілеген жылы Қарамая тайлақты болатын. Тайлағын өкіметке алып, өзін бала-шағасына қалдырған екен. Бұл түйе тез суалып кетпей, тайлақты жылы да ұзақ саудыратын. Сүтті болатын. Соның үш емшегі біздерді жеткізіп кетті ғой, бір қараға. Балаларының аузына өмір нәрін талай тамызған оған "жарығым!" деп емірембегенде қайтеді?

Жалпы ол біздер үшін мал санатында емес, бір құрметті, аруақты тұлғадай әсер ететін.

Қасиет дегеннен шығады...

Қарамаяны әкем 1947 жылы Бесқала сапарынан Қоңыраттан тайлақ кезінде алып келген екен. Сонда оның туған жылы 1946 болса керек.

Қарамая менің де ерекше жақсы көрген малым болды. Мен ұзақ жылдар Алматы қаласында тұрдым да елді, ауылды көп сағындым. Сол көп сағыныш ішінде Қарамая да жүретін. Оны малша емес басқаша жақсы көретінмін. Менің алғашқы жазған өлеңдерімнің бірі "Қарамая" деп аталды.

Бір жылы әкеме "Қарамая қартайып келе жатыр. Бір сұрағым болсын, бапа, маяны соймашы, өмірін сүре берсін!" деп өтініш жасадым... Әкем көрерміз деді...

1972 жылы Москвада Плеханов атындағы институтта алты айлық оқуда жүріп түсімде Қарамаяны көріппін...

...Басыма тамшылап су тамады. Жоғары қарасам Қарамая. Көзінен парлап жас ағып тұр. Тұмсығынан сыйпайын деп қолымды көтерсем басын аспандатып көтере береді. Оянып кеттім. Бірден "Қарамаяны сойып тастады" деп ойладым...

Ауылға келіп сұрастырып қарасам, сол мен түс көрген шамада қарамаяны сойып, жіліктеп жіберген екен. Жиырма алты жыл өмір сүріпті. Мен әкеме ренішімді жасырмадым.

Сонда маған әкем: "Ал соймадық делік... Ал ана төбенің басында бір түйе өліп жатыр екен делік... Оны шыбын құрттатып, етін ит пен түлкі жеп, қарға мен қарақұс шоқып жатыр делік. Сонда сол малға жаны ашығандық бола ма? Мал иесіне құрмет бола ма? Ойланып көр. Біз де ойландық. Шешеңмен ақылдасып шештік" – деген еді...

Ойлана келе әке сөзінің дұрыстығына көз жетті...

Сонда анам: "Сайынжан, мен де оны бір баламнан кем көрмеуші едім!" – деп, мұңайып еді.

Олар бір-бірімен ақылдаспай ештеңе істемейтін, бір-біріне соншалықты кешірімшіл жандар болатын.

Әкем ағасының таңдаған қызын жар етуге тәуекелі жетіп, екі қап бидайын алып барып, қалыңдығын өзі алып келгенде, анам өз сөзімен айтқанда ата-баба жолына мойын ұсына "екі жетімге екі ай азық болсам армансызбын" деп көнгенде басқалар шешімін орындап жүрген кісілер секілді боп көрінуі заңды нәрсе. Олар, айттырылып үйленді. Өкініші болмады ме екен деген ойға да ерік беруге болар.

Бірақ олар өздерінің адамдық бақытын да, шынайы махаббатын да тапқан кісілер еді.

Мен анамды ерекше ақыл иесі кісі еді деп ойлаймын. Ойлап таппайтыны жоқ болатын. Мысалы, менің есіме қазір анамның қыстың суық күндері колхоз жұмысына кеткенде жер үй еденіне төселген тулаққа бір уыс тары шашып кететіні есіме түсіп отыр. Қарындары аш

балалар суық қыста далаға шыққаннан тулақ жүнінің ішінен тары дәнін іздеп уақытын өткізгенді мақұл көруге тиіс емес пе...

...Бұ заман адамдары ата-бабаларына сын таққыш. Қазақтарды шашпа дейді. Орынсыз мырза дейді...

...Осы мін таққыштардың, бір кездерде ұлттық болмысы алған тәрбиесінен басым түсе бастайтын кезеңге жеткен шақта, өздерінің қалай өзгергенін де байқамай қалады.

Әлі есімізде. Біздің үйде бір асатындай ет болды. Қарын ашып анамызға ет ассашы, үйде ет бар ғой дейміз. Сонда анамыз"шырақтарым, үйге ұялтатын кісі келіп қалса қайтеміз? Өлімнен ұят күшті деген бар емес пе!" – деп біздерді жұбататын.

Сол ұзақ сақталған бір жілік ауылымыздың Қашығұл деген құрметті кісісіне бұйырған еді.

Қашекең үйімен бір жылы көрші отырдық. Інім Дайын мектепке баратын жыл болатын. Дайынның жалаң аяқ екенін байқап: "Назарбек ауылда болса сені жалаң аяқ қояр ма еді" – деп, оймақтай, әп-әдемі, құрама етік тігіп беріп, бәрімізді қуанышқа бөлеп еді...

...1990 жылы күзде Москва қаласында ВОИЦ деген ауруханада жатырмын. Ертең операция столына жатқызбақ болатын. Алматыға үйіме телефон соқсам үйде жан жоқ. Жұбайымның ағасы Аймұханның үйіне телефон соқсам бес жасар Әлиядан басқа оларда да ересек адамдардан ешкім қалмапты. Барлығы қарындасым Үмітей үйіне кетіпті. Әлия не болғанын айтқысы келмейді. Ақыры жылай бастады. Мен телефонмен ұрсып, ақыры айтқыздым...

...Анамның да өлшеулі ғұмыры таусылған екен.

Бірінші қабаттағы автомат телефон кабинетінен жоғарғы этаждағы торакальный бөлімге қалай көтерілгенім есімде жоқ.

Қасымда жатқан Қайнел (жаны Жәннәтта болғыр) атты Монгол жерінің қазағы сол күні бір жолдасының үйіне кетіп қалып еді...

Бөлмеде жалғыз болатынмын. Өмірімде сезіміме ерік бере, жұбатусыз ұзақ жылағаным сол болар...

...Сол күндер есіме түссе болды әлі күнге қолқама бірдеңе тығылып, дем алысым қиындай бастайды...

...Айналайын анашым-ай!..

...Өмірге келтіріп ақ сүтіңмен асыраған (мен анамды бес жасыма дейін еміппін), өз аузыңнан гөрі балаларыңның аузын қамқорлаған қанағатың мен қамқорлығыңның ең болмаса мыңнан бірін өтерлік еңбек ете алдым ба екен?..

...Мен мектеп бітіріп бес-алты жылдай шофер болып жұмыс жасадым. Бір күні алыс жолдан, машинама бұзылып, азып-тозып дегендей, шаршап-шалдығып жеттім. Маған әкем бір құрдасымның оқу бітіріп келгенін, тойға шықырғанын хабарлады. Сонде анам мұңайып: "Біздің балаларымыз бізге сондай бір той тойлатпай өтетін болды ғой!" – деп еді...

...Мен шашымды жуып жатырғанмын. Анам су құйып тұрған. Сол кезде мен бойымды тіктеп: "Мен ертең Алматыға оқуға кетемін!" – деппін. Жолым оңғарылып құрылыс мамандығы бойынша жоғары білім алдым. Ана тілегінің, арманының орындалғаны болар біздің үйдің барлық балалары жоғары оқу орындарын тәмамдады...

...Анам ақылды кісі еді...

...Балаға ақылдың тым кеш қонатыны өкінішті-ақ...

...Ендігі менің қолымнан келері анда-санда оқитын намаздарымда атыңды атап Аллатағаладан: "Анам Жаңылдық, әкем Назарбек жандарына Жәннәттан орын бере көр, Аллатағала!" – деп жалыну ғана...

Ақтау. 8.06.2008

Қанағат (триптих)

Ораза

Сол апай осы әңгімесін бастағанда ылғи сыбырлай сөйлейтін...

...Әуелі байларды тәркіледі...

...Содан кейін бәрін тәркіледі...

...Ең соңында тірілердің жанын тәркіледі...

...Кедейлерді кем қылмаймыз, жетімдерді жетістіреміз деп уәде берген жаңа үкіметтің халыққа берген уәдесін орындай алмайтыны аз уақытта белгілі бола бастап еді. Жеткізбек түгілі бұрынғыдан да жетімсірете бастады. Даладағы малды алғаны аз болып, қорадағы таңдайға тартып отырған сауын малды да ортаға салды. Соның соңы жаппай аштыққа жалғасты. Алды өле бастады.

Ел бас сақтау қамына кірісті. Жақын маңдағы көрші жұртқа көше бастады. Әрине, көше бастады деген сөз ауызға ілініп кеткен сөз ғана. Әйтпесе көліксіз көш бола ма. Ол көш емес, аштықтан жер ауып шұбырған адамдар тобыры болатын.

Пана іздеп барар ел мен туған жер арасы – өзені жоқ, көлі жоқ, құлазып жатқан шөл дала. Шөл даланы кесіп өтетін күшің болмаса, күш жинатар азығың болмаса, шыбын жаннан торығады екенсің...

...Біз алдыңғы лекке ермей қалып, ең соңы болып жолға шықтық.

Біз үш адамбыз. Аштық пен өлім, қорқыныш пен үрей жайлаған туып өскен өлкеден тезірек құтылғымыз келіп түрікпен еліне бет алған едік. Азаматым да, өзім де қайратты болатынбыз. Бірақ үш жасар баланы, жолға алған азғантай азығы мен сусынын, бір төсері мен бір жамылар дүниесін арқалап келе жатқандар жол өндіре ала ма. Оның

үстіне, бала тамақ сұрап жылаған сайын, қалған азығыңның неше күн жан сақтауға жетерін білмей, үрейге үрей жамалып, қажытып келе жатса. Бала шаршайды, шөлдейді, тамақ сұрайды...

...Азаматымды сол жолы таныдым. Бұрын көптің бірі секілді болатын. Ол менің күйеуім ғана еді. Оны өліп-өшіп жақсы көрдім деп те айта алмайтын болармын.

Мен өз бақытымды сол азапты сапарда таптым. Сол жолы басыма мәңгілік бақыт құсы қонды. Азаматымды ауыр сынақта өзін нағыз ержүрек, шешімді ер ретінде танытты. Сондай қанағатшыл болар ма!.. Күні бойы нәр сызбай жүре береді, жүре береді... Осы уақытқа дейін оның сол қажымас қажары мен кісілік қасиеті менің көз алдымда, барлық өмірімді қуанышқа бөлеуменен келеді...

Өлім мен өмірдің біздердің, үшеуіміздің, жанымыз үшін бітіспес шайқасқа түскен шағында, ол өзінің шын болмысын таныта алды.

Соның арқасында ол өмір бойы менің жүрегімдегі оған деген лаулап тұрған махаббат сезіміне бөленумен өтті.

Қазіргі мына ауылға сыймай бірсыпырасы дала мен қалада жүрген ұрпақтарымыздың өмірі Азаматымның қанағатынан нәр алып жататынын тек мен ғана білемін...

...Жолға шыққан үшеуімізді тіршілік атты қымбатпен әзірге жалғастырып келе жатқан азғантай тары мен талқанды ол тек қана баласы мен әйелінің сыбағасы деп алып шыққан секілді.

Мен ерімді Азаматым деп атаушы едім. Жаны Жәннәтта болғар, туғаннан азамат боп туған пенденің қанағатына бола біздерді Жаратқан аман алып қалған болар...

Қаншама шаршап-шалдығып келе жатса да біздердің сәл тамақтанып, сәл әлденгенімізді байқаса, өзі ішкендей тыңайып сала беретін. Мен болсам "сен іш, сен шаршап қалсаң мына баланы елге мен жеткізе алмаймын ғой" деп жалынамын, жылаймын... Жоқ, ол болса әртүрлі себеп ойлап тауып, нәр татпауға бекініп алғандай. Әуелі ішім өтіп келе жатыр дегенді сылтау қылды. "Ішің ауырса аузыңды тый" деген бар емес пе, бір-екі күн сақтанайын дейді. Дәрет еттім деген жеріне барып ештеңе таппай өтірігін, дәлелдеп те көрдім...

Ал ол болса басқа амал ойлап тауып мүмкіндігінше тамақты аз ішуге тырысты. Ішім бұзылып келеді деген сылтауы ашылып қалған ол ақыры айласын асырды. Екінші күні кеште ниет етіп, ораза ұстамаққа бекінді. Ораза адамға тамақ іш деп жалына алмайсың. Тамақ деп отырғанымыздың да бар болғаны бір уыс ақталған тары мен кепкен құрт сынығы. Сусын деп отырғанымыз меске құйылған судың бір ұрттамы. Азаматым жершіл екен. Пәлен жердегі құдық арқылы жүреміз, сонда түгенше құдық біздің жолымызға тураланады деп, сенімді түрде жол бастап келе жатты...

Сапарымыздың алтыншы күні, оның оразасының үшінші күні бәріміздің де күшіміз сарқыла бастағандай. Мені жалғыз ұлға, тұңғыш сәбиіме деген үрей әбден билеп алған кез.

Ол болса – арқасында жүгі. Жүк үстіне жатқызып қойған баласы. Менен қырық-елу қадамдай озық кетіп бара жатады. Сөйлеуге де, жылауға да күш керек. Мен сөйлеуден қалдым. Баланың жылауға шамасы жоқтай. Сұлқ түсіп қозғалмастан жата беретін болып алды. Тірі ме екен өзі деген ой ғана менің жүрегімді мүжіп келе жатады. Сұрайын десем олар даусым жетпейтіндей жерде, озып кеткен. Қолымдағы түйіншекті бірде арқама салып, бірде қолыма ауыстырып мен да олар соңында ілбіп келе жатамын...

Оразаның үшінші күні сәске түске дейін біздің көшіміз осы қалыппен жылжып келе жатқан болатын. Жетер жерімізге әлі де үш күндей уақыт керек дейді. Асылы бір екі күнді қысқартып айтатын секілді...

Бұл тым ұзақ мезгіл еді...

Алты күн арып-ашыған біздер үшін тым ұзақ болатын...

Бірақ ілби береміз, жылжып келеміз...

...Кенет Азаматымның қатты айқайынан шошып, оянып кеткендей болдым. Балаға бірдеңе болды дегеннен басқа ой кірмепті менің басыма... Ақырғы күшімді жинағандай болып, мен де жеттім...

Мен сол сәтте Аллатағаланы өз көзіммен көрдім!

Мен сол сәтте Құдіреттің күшін көрдім!

Мен оның шын жалынғанда қолдайтынына сендім!

Мен ақ тілеу тілегеннің орындалатынына көзім жетті!

Азаматым қолын жайып, Алласына сабырмен мінәжат етіп отыр екен.

Мен оның алдында аңдар шала мүжіп тастаған киіктің қаңқасын көрдім!.. Ол өзі білетін құран сүрелерінің бәрін оқып шыққан болар. Ұзақ оқыды. Алласына ризашылығын солайша білдірді...

...Сосын мол етіп от жақты...

...Содан соң өткір шаппасымен сылып алған киік етін жұқалап кесіп, қозға көме бастады...

...Қатты күйіп кетпесін деп қайта-қайта аударып қарап қояды...

...Піскендерін бізге пісіріп беріп отыр...

...Өзі ораза! Қарны қанша ас тілеп отырса да аузына қолын апарар емес. Тіпті түкірігін де жұтынбаған болар...

...Оразаңды бір күнге бұзсашы дегім келіп, оқталамын да, Азаматымның рахатты пейілін, тоқмейіл жүзін көріп тартына беремін...

...Соншама қанағатты қайдан алғанын...

...Күннің қызылы семгенде барып аузын ашып еді, Жарықтық!..

...Жаның Жәннәтта болғай, Азаматым!..

Қазақ қошқары

Бір жолы Алматыдан Маңғыстауға машинамен жолға шығып, жолшыбай қырғыз ағайындар астанасына соқтым.

Өзім жолаушы, не үшін мал базарына барғанымды кейін қанша ойласамда түсіне алмай-ақ қойдым.

Неге бардым? Мүмкін маған ой салғысы келген бір періште жол бастап, адам пенделерінің ортасында сол бір қырғыз қартындай жаратылыс қамқоршысы болатынын аңдатқысы келді ме?

Ел мен жерді ұстап тұрар асыл діңгек сондай адамдар екенін ұқтырғысы келді ме?

Табиғатқа жанашыр болудың жолын үйреткісі келді ме?

Әйтеуір, 1988 жылы жаз айларының бірінде мен Пішкек (ол кезде Фрунзе аталатын) қаласының мал базарына соқтым.

Әлі есімде базарды арнайы іздеп барғанмен аралап үлгермедім, есік алдынан қайттым. Оған себеп болған уақиғаны осы қысқа әңгіменің желісі етіп алғалы отырмын...

...Мен он жылдан астам мінген "Көк домбай" атты машинамды (Москвич-420) тұраққа қалдырып, базарға жақындап келе жаттым. Кенет таңданғаннан жүрісімнен жаңылып қалғандай едім. Базар қақпасының алдында өзінің белуарынан келетін бір қошқар ұстаған қырғыз қарт анадайдан ел назарын өзіне аударып тұр екен. Оларды (қырғыз қарт пен қошқарын айтып отырмын) елемей өту мүмкін емес еді...

...Бала күнімізде колхоз көктемде қой саудыртатын. Балалар өрістен қайтқан малдың алдынан шығатынбыз. Әр баланың өз үйреншікті қошқары болады. Мініп алып ауылға дейін жарысатынбыз. Мына қошқар солардың бірі. Нағыз ай мүйізді кереметтің өзі. Орақ тұмсығы айбын беріп, еріксіз мойын бұрғызады. Құйрығы – төңкерген қазандай. Салмағы алты батпан бар болар деп қоямын. Қошқар келбетін тамашалап, қасынан шыға алмай тұрмын. Маңғыстау жерінде қаракөл қой өсірген пайдалы деп, өші қалғандай бұ қойлар тұқымын құрттырып еді. Міне енді қырық жылдай өткенде қайта кездестік. Оған қызыққаным соншалық тіпті сатып отырған қырғыз қартты ұмытыппын. Біреулер келіп мал бағасын сұрағанда ғана назарым қошқардан қырғыз қартына ауысқан еді. Содан бері ауық-ауық менің көз алдыма екеуі бірдей елестеп, кетпейтін болып алды. Ақыры олар туралы осы шағын әңгімені жазбаққа бекіндім.

Өйткені ол уақиға маған адам туралы және адамның міндеті туралы ой ойлауға итермелейтін.

Қырғыз қарт – адам ішіндегі, қошқар – мал ішіндегі ереше жаратылғандардан еді.

Біздің бала күнімізде көрген қошқарларымыз адам танитын. Өзін еркелеткен, анда-санда аузына жейтін бірдеңе ұсынатын балаларға үстіне шығып, аударыспақ айнауға, ауылға қарай жарысуға еркіндік беретін. Бірақ кейбір қошқарлар біреулерге өшігетін. Солардың бірі

ауылдың бір тентегін сүзіп, ортан жілігін ортасынан қақ бөліп бергені де есте.

Жаратылыста қошқар ерекше құбылыс. Бір замандағы аталарымыз аруақтар басына қошқар мүсінін қойғаны да тегін болмас. Қазақ елінің біраз жерлерінде "Қошқар ата" атты әулиелері болады.

Қырғыз шал қошқарының сатылуы, сатушы мен саудалаушылар әңгімелері де ерекше уақиғалар қатарына жатқызуға боларлық құбылыс. Әлі күнге сол сөздерді бір әрпін өагертпей айтып бере аламын...

- Қошқарыңыздың бағасы қанша?
- Қошқар саған неге керек?
- Құда шақырғалы жатырмын! Мына қошқардың басы шамалы қазанға сыймайтын да болар, шамасы!
- Мың сом!
- Немене!
- Мың сом!
- Ондай ақшаға он қой сатып алуға болады ғой!
- Сенің қолыңды кім ұстап тұр. Он қой сатып ал. Біреуін құдаңа сой. Тоғызын мал қыл...
- Базарға мал сатпау үшін келетін де адам болады екен-ау! Басын шайқап-шайқап алып, әлгі адам кетіп бара жатты. Анадай жерге барып "Есалаң!" деп айқайлап еді. Қырғыз қарт та қызу екен "Саған мың сомға да сатпаймын!" деп ақыра жауап қайтарды... Мен таңдана қызықтап тұрмын. Тағы біреу келді.
- Қанша?
- Мың сом!

Бұ кісі әуелі қарттың бетіне бажырайып қарап тұрып қалды. Содан соң: "Тағы бір мың сом қосса аздап ұсталған "Москвич" сатып алуға болады екен" – деді.

Қарт та қарап қалмады.

- Шырағым бұ малды ұсталған машина түгілі, жаңа машинаға да айырбастамаймын!
- Онда өзің сойып жерсің!

Сауда осылайша жалғасып жатты. Қырғыз қартқа кісілер қалай келсе солай кетіп жатты.

Қошқар саудасын қызықтап біраз тұрып қалдым. "Неге сонша қымбат сұрап отырсыз" деп сұрағым келіп оқталып та тұрмын. Осы кезде базар маңын қауқылдаған үнге толтыра, өздерінен бұрын дыбыстары жеткен, тұмсықтары әлгі қошқардан бір де бір кем емес үш жігіт жақындап келе жатты. Олардың көздеріне де бірден ерекше қошқардың тұлғасы түссе керек. Қолдарын сермей, саусақтарымен нұсқай біздерге жақындап келе жатты.

- Қанша?
- Мың сом?

Үшеуі өз тілдерінде біраз ақылдасып қалды. Таңданғаны байқалып тұр.

- Бес жүз!
- Мың
- Жеті жүз!
- Мың!

Үшеуі тағы да біраз сөйлесіп алды. Біреуінің алғысы келіп, екеуі тоқтау салып тұрған секілді көрінеді маған. Әлгі алғысы келіп тұрған маңғаздауы, орыс тілінде, даурыға сөйлеп кетті.

- Аламыз! Ғажап шашылық болатын болды. Мың болса мың болсын! Ақшаны табатын өзіміз! Өзімізден ақша аямалық!

Енді қырғыз қарт сасып қалғандай. Қошқар тұмсық жігіттерге жасқана қарап қалыпты.

- Сіздерге сатылмайды!
- Не болтай, старик! На тебе тысяча!

Әлгілер бір бума ақшаның шетінен онын санап алып, шалдың алдына лақтырып тастады да, қарт қолындағы жетек жіпке жабысты. Қырғыз қарт "Сіздерге сатпаймын!" деп айқайлап, қолындағы жібінен айрылар емес. Мен шыдап тұра алмадым. Өңгімеге араластым.

- Сіздерге бұл мал сатылмайды деді ғой, демек сатылмайды! Босатыңдар жіпті!
- А ты не вмешивайся!
- Еще как буду вмешиваться!

Мен де өз қайратыма сенетіндердің бірі болатынмын. Қол қуатымның әсерін сездіре қошқардың мойын жібін босатып алдым. Шал абдырап қалған. Әлгілердің шашылған ақшасын жинап бермек боп әлекке түсіп жатыр. Мен оған: "Байке тиме ақшаға! Сенің қолыңа ұстатқан жоқ, өздері жинап алсын!" – деп, ол қолына алып үлгерген екі-үш жүздікті жерге тастаттым. Беттері тұмсықты, қалталары ақшалы жігіттер маңайымызға жиналып қалған көпшіліктен сескеніп, қошқар саудасын аяқтап, өз жөндеріне кетті. Қырғыз қарт қошқарының мойнынан құшақтап алыпты. Айрылғысы келмейтіні көрініп-ақ тұр. Мен о кісіні өңгімеге тарттым.

- Ау байке!, бірде сатамын дейсіз! Бірде сатпаймын дейсіз! Түсінбей қалдық қой!
- Ақша керек болып тұр. Сатамын. Бірақ бұл малды соятын кісілерге сатпаймын! Сондықтан қымбат айтып шошындырып отырмын.
- Ол қалай?
- Бұл қошқар құрып кетуге айналған қазақ қойының тұқымы. Қарттың мына сөзі бойымды ток аралап өткендей етті. Дір ете қалдым.

Ендігі бар ниетім қошқарда емес, шалда еді.

Жұдырықтай қырғыздың қара шалы!

Не деген алып тұлға!

Алланың досы дейтіндер осындай болатын болар! Мына шал өз ұлты қырғыз малы да емес, басқа ұлт малының тұқымына қамқорлық жолында жан беруге әзір!

- Енді кімге сатасың?
- Бұл малды қазақ қойының тұқымын өсірем дейтіндерге ғана сатамын! Бұл асыл мал!
- Сатып алған кісі сойып жеп қоймай ма?
- Сойып жейтін мал көп қой! Мың сомға бір қой сатып алатын жындылар жоқ болар, әлгілер секілді есуастар болмаса! Рахмет саған! Сен көмекке келмегенде тартып алып кетер ме еді? Рахмет!
- Апырым-ай!
- Мен сатып аламын деген кісіден Алланың атымен құран ұстатып ант аламын. Олар маған бұ малды тек мал тұқымын өсіру үшін сатып аламын деген ант беруге тиіс. Өткен базарда бір қазақ ақшасы болмай, бірақ бес жүз сомға алатын болып келісіп кетіп еді. Соны күтіп отырмын.

Ол сақтана қойын қалтасынан кішкентай құран алып көрсетіп, қайта қойнына тығып қойды.

– Апырым-ай!

Мені бір нәзік сезім билеп бара жатты. Осы сәтте, осы қылығымен осы кісі маған өмір мәнінің не екенін түсіндіріп жібергендей болып еді.

Мен адам баласының бұ тірліктегі негізгі міндетінің не екенін анық түсініп алғандай едім. Шалды құшақтап сүйгім келіп кетті.

Бірақ олай істей алмадым. Кеудеме өксік толып, көзім мұнарлана бастап еді.

Жай ілбіп базар қақпасына бет алдым. Біраздан соң ғана артыма бұрылып қарауға шамам келді. Қырғыз қарт бір кісімен құшақтасып амандасып жатыр екен. Екі-үш жігіт жабылып, қошқарды арба үстіне шығарып жатты.

Мен кейін қайттым.

- Байке саудаң құтты болсын, қошқарыңды қаншаға саттың?
 - Мен қошқарымды сатқан жоқпын, құтты орнына орналастырдым! Бұндай мал бағасыз! Сауда досым маған бес жүз сом берді. Ал мен болсам ақшаға емес, малым дұрыс қолға өтті деп қуанып отырмын!
 - Байке, мен де қуанып тұрмын!
 - Сен неге қуандың?
 - Бұ қатігез әлемде әлі күнге сіздей кісінің барына қуандым! Ол енді маған барлай қарады...
 - Тағы бір қуанышым бар! Мен бүгін байып қалдым! Табыстымын! Табысым – тағдырдың сізбен кездестіргені!..
- ...Байкемен қоштасып кетіп бара жатып: "Нағыздар әлі бар екен ғой!" деп қоямын, күбірлеп...

Тұқымдық тары

Біздің ауылда бір үлкен әже өмір бойы бір әңгіме айтумен өтті. Ол өз әңгімесін айтуға жалықпайтын. Аштық жылдары қыс бойы тағдырмен арпалыса жүріп аман алып қалған қарақтарын сұм соғыстың бір күнде жалмап кеткенін зарлана отырып әңгіме етуші еді. Ауыл адамдары қанша естісе кешірім етіп, "Күйікті ғой байғұс" деп, күнде естіп жүргенін қайта тыңдап бос уақыт өткізгеніне өзін ақтағандай боп жататын.

Әже болса қандай қиғашты да бұрып әкеліп өз тағдырына жалғайтын...

..."Біз ешқашан бай да болмадық, бірақ жарлы да сезінбейтінбіз" – деп бастайтын, ол барлық уақытта...

...Бай болмадық дейтінім басы артық мал жинай алмадық. Жарлы сезінбегеніміз жер емшегін еміп өстік. Нан мен көжеге тарықпайтынбыз. Шайлық сүтіміз үзілмейтін. Кезек туатын екі інгеніміз болатын.

Екі жылда бір бота өмірге әкелетін ақтұмсық інгеніммен жарысып мен де бес-алты баланың анасына айналып едім. Сол қарақтарымнан жалғызын-ақ ұстап қалдым ғой.

Ала жаздай жаңғыз үй отыратынбыз. Оған себеп – тары егетінбіз. Жыл сайын қар кете қарбалас жұмыс басталады. Ерім – еңбекқор. Бір баланы не құрсағымда, не арқамда көтере жүріп мен де ерімнен қалыспайтынмын.

Тамақтың төресі тары ғой. Тарыдан қазақ қаншама тағам жасайды десеңші. Тарының кебегі де, талқаны да тамақ. Тары мен ірімшік қосып жасаған жентке жететін дәм болмас. Азбайды да, бұзылмайды.

Көкеміз көктемді асыға күтетін.

Жыл сайын ылғал көп түскен жер таңдаймыз. Сол жерді жыртып, шөбін тазартып, жобаға келтіріп ап, тұқым себеміз. Аз ғана жерге бидай да егеміз. Қалаған жерімізді ешкімнен сұрамай өңдей береміз. Басқалар біздердің бұ тірлігімізге ала жаздай келекелеп күлетін, ал қысты күні: "Жас шыққасын қозылы қой берейін, бір дорба астық берші" – деп, жалынатын.

Бүкіл ен дала өз иелігімізде секілді болатын. Ол уақытта заң басқаша еді.

Жер – Құдайдікі болатын.

Адам – Құдайдың пендесіман деп есептейтін.

Егін – ел ырысы деп ойлайтын.

Еккен тарымыз бас ала бастағаннан біздің жауымыз көбейеді. Жер астындағы тышқан да жау, жер бетіндегі тұяқты мал да жау. Бірақ

басты жауымыз аспанда болатын. Бүкіл жер шарының торғайы біздің алақандай жерге еккен тарымыздың үстінде бұлт болып ұшып жүрер еді.

Күйеуім тары арасын сиретіп, арам шөптен тазартып күн батырады. Күйеуіммен аттас қайнағам болып, мен өмір бойы оның атын атамай өткен әйелмін. Әуелі "отағасым" деп жүрдім. Бірақ жас кісілерге үйлеспейтінін байқайтынмын. Ішімнен тұңғышымыз туғасын соның атын пайдаланам деп ойлайтынмын. "Пәленшенің көкесі" деп ішімді сыйпап, рахаттана қайталап та қоятынмын. Бірақ атамыз немересін тағы бір аталарының атымен атап, біз баламыздың атын да айта алмадық. Маған енді "Пәленшенің көкесі" емес жай ғана "көкесі" деген сөз пайдаға асты. Енді күйеуімді "Көкесі" деп атайтын болдым. Өзіме сондай ұнайтын. Бұл сөздің оның құлағына да жайлы екенін байқайтынмын.

Мен балаларыммен кезектесіп сақпан тартып, торғайды егіске қондырмау қамымен күн батырамын. Көкесі торғайға ататын сақпанға қатты кесек салдыртпайды. Жұмсақ болғаны дұрыс. Жерге түскенде тары сабағын сындырмай, аспанда тозаңға айналады.

Баланың балалығы қалған ба, торғайға тигіземіз деп, сақпанға қаттылау кесек салуға құмар. Қатты кесектен кейбір ажалды торғайлар өліп те жатады, тары сабақтары да үзіледі. Қатты кесек салса сақпан даусы да өзгеше шығады. Оны әкелері жақтырмайды.

Балалар шаршамайды-ау, шаршамайды. Ұзақты күн сақпан тартып, торғай үркітіп күн өткізеді. Тары жерге түскеннен бастап дәл қырық күнде орылады. Орып, бастырып алғасын келесі көктемге дейін Көкеміз балаөркеш атанына екі қап тарыны артып алып, ауыл-ауылды аралап, керек заттарына ауыстырады. Уайым да жоқ, қайғы да жоқ. Бір сарын тірлік кешіп жататынбыз. Біздердің осылай бейбіт күніміз өтіп жатқанда басымыздағы бір өкімет құлап, жаңасы орнапты. Одан біз бейхабар қалыппыз.

Патша өкіметінің қашан құлап, Кеңес өкіметінің қалай орнағаны есімде жоқ. Өкімет дегеннің не екенін де түсіне бермейтінбіз. Бірақ ол өзін танытты. Танытқанда да ұмытпастай етіп танытты.

Бір жылдық азығымыз деп сақтап отырған тары мен бидайымызды бір күнде сыпырып кетті. Өкімет дегеннің кім екенін сонда бір-ақ білдік.

Тінтіп, тексеріп, жасырғаның бар ма деп қорқытып, тұқымдық деп сақтап отырғанымызға дейін үптеді де кетті. Аяқ астынан қайыршыға айналдық. Қыс айы болатын. Жалғыз Ақтұмсықтың сүтіне қарап қалдық.

Ашыға бастадық.

Ари бастадық.

Көкеміз басқа ағайындардың өндірісі бар жерлер мен өзен бойындағы ағайындарға жетпек болып қозғалысқа түскенін әңгіме етіп қояды. Бірақ қозғалғысы жоқ.

Жеті жанбыз. Өз балаңнан тамақ қызғану, олардың тамақсау екеніне өкіну қандай қасірет десеңші. Алаламай қылдай бөліп беріп отырғанда да біреуі әлсірей бастады. Ақыры демі үзілді. Жылайтын жас жоқ, қылатын қайрат жоқ.

Бұ пенде шүкіршілігінде шек болсашы? Енді аз тамақты беске емес төрт балаға бөлемін ғой деген ой жұбата бастады...

Көкеміз қысты осы арада өткізу керектігін дәлелдеуге тырысады. Қыс көзі қырау, далада үсіп өлеміз дейді.

Бір күні түнде Көкеміз мені түртіп оятты.

Өткен жылы тары еккен, бидай еккен жерге барамыз. Ін қазамыз. Тышқандар қыстық жемін біздің тарымен бидайдан жинап алған болар дегені. Таң атқанша көз ілінбеді. Балалардың ең ересегін ерітіп саралатаңда Көкеміз ін қазуға кетті. Менің үмітім оянып, ойша жерлеп қойған балаларымның жүзінен көзімді тайдыра алмай, жылаймын келіп. Сөйтсем, мен бұлардың бәрінің аштан өлетініне көндігіп қалған екенмін. Үміт оты тұтанған сәтте, сезім де оянып, оларды енді өлімге қия алатын емеспін.

Бірінші күні олар қараңғы түсе бос оралды. Тоң ою оңай шаруа емес екен. Бірақ ертең тышқандардың қоймасына жетеміз деп дәмеленіп, көңілденіп отырды...

...Көктемге жетсек деген үміт пайда болып, үйіміз сол түні ерекше жылы сезімге толы еді...

...Ара-арасында зарлана жылап, жаулығына көз жасын сүрте отырып әжеміз әңгімесін жалғастыратын...

...Қыс бойы бұлар күрімтышқан көпірі бар төбешікті өз орнынан басқа жаққа көшіріп шығады...

Тышқандар інінің орнында айлапат ас табақ секілді шұқыр пайда болады.

Бұлар дорбалап болмағанмен қалталап дән алыпты. Дән араласып кеткен топырақты Көкелері бөлек қапқа жинатады екен. Қолы бос уақытта тоырақтан түйірлеп тары тереді. Балалары да оны бір қызақ жұмысқа, бәсекеге айналдырып алады. Көкелері қарап шыққан топырақтан әрқайсысы бір уыс топырақ бөліп алып, ішінен тары іздейді. Ең болмаса бір түйір тары дәнін тауып алса үлкен мақтауға ие болады екен. Көкелері жазда егемін деп, іннен алған асқа деп тазалаған дәннен де күніне бір уыс, тіпті жарты уыс болса да бөлек қалтаға салып, кереге басына іліп қояттын әдет шығарыпты.

Сол қалтаның бүйірі томпайған сайын бұлардың көңілі өсе түседі. Үлкендері де, балалары да өздерінің бар болашағы тышқан інінен терілген дән салынған, өз тіршілігінен үнемдеген сол қалта бүйіріне байланысты деп түсінген...

Сол қалта бұларға өмірге деген құлшыныс туғызып, жұмылдыра бастайды.

Көктемге дейін тірі қалса, осы қалтаның арқасында ілесіп кететініне сене бастайды.

Сенім ақталады. Бұлар көктемге бес кісі боп жетеді. Сол қалтаның арқасында ілесіп те кетеді...

...Бірақ ана өзі мен ерінің сол жылғы ерлігіне, тапқырлығына ұзақ қуана алмайды. Олардың болашағы баяғы аштықтан да зұлмат дайындап қойыпты. Бұл үйден бір күнде төрт жан соғысқа аттанады.

Тек қана бір бала тірі оралады. Содан бері осы әңгімесін айтып келеді, бұл ана...

Жалғзынан бес-алты немере сүйіпті. "Шүкір, шүкір" дейді, бұл ана...

Күніне қаншама рет "Шүкір, шүкір" деп алып, Алладан тілер үш тілегін тілей зарланатынынын ешкім санамаған болар.

Мұңы мен зарын айта-айта үнін сазға кетіріп алулы. Кейбір құрдас кемпірлері оған әзілдеп "Үштілек" деп ат қойып еді деседі...

Ананың бес уақыт намазы соңында зарлана дауыстап, үмітпен күңірене, жалынып жалбарына Алласынан сұрар үш тілегін үлкендер түгіл балалар жаттап алатын еді. Күніге бес уақыт намаз соңынан өзінің атақты үш тілегін қайталау о кісінің азаматтық міндеті, атқарар қызметі секілді екен.

- Жалғзының жапырағын жая гөр, Жаратқан! – деп жалынады екен.
- Қазағымды шүкіршілігі мен қанағатынан, елімді бірлігі мен берекесінен айыра көрме, Құдайым! – деп тілейді екен.
- Жерімді күл мен пәледен, жұртымды қиянат пен жаладан аман ет, Аллатағала! – деп зарланады екен.

Анамыздың сондай шағына тап болған кезде біз де шын ниеттене, бала күнімізде, талай рет қол жайып, бет сыйпаған болатынбыз.

Ақтау, 07.05.2008 ж.

Төрдегі орындар (триптих)

Жылдардың кісі басына әртүрлі ойларды өз еркінен тыс тықпалай беретін міндеті бар болар, асылы. Әйтпесе, бұрын әдетімде жоқ бір қасиет соңғы жылдары пайда болды. Жиын-тойда төрдегі орындарға мән бере бастаппын. Дәлірек айтсам төр орындарына емес

сол орындарда отыратындардың өткені мен жеткеніне сын көзбен қарайтын болып алып.

"Төршіл" атты дерттен аман едім, құмар да болған емеспін. Сірә, әлгі жылдардың қырсығынан, менің ойыма бір оңбаған сұрақтар ұрлана кіріп алып, өздеріне жауап іздеттіретін болса керек. Сол оңбағандар, іздетпей-сұратпай біздің бас қақпағын қақпай ашып кіре беретін болыпты. Білгісі келетіндері де онша көп емес...

Той төрінде кімдер отыр?..

Қандай еңбектері оны төрге шығарды?..

Елеулі еңбегі жоқ болса не үшін отыр?..

...Міне, тағы да тойға шақырылды. Жайғасып жатырмыз.

Бұл жолы да ойым менімен ақылдаспай-ақ, төрдегі біраз кісілердің ортасынан қатар отырған үшеуін бөліп алыпты...

Ойым аналарға қара дейді. Мен ойға бағына төрдегілерге қарай бастаймын...

Түрлері келісіп-ақ тұр...

Қандай таққа отырғызсаң да лайықты дерлік...

Жоқ... Жетекке ергім келмегенмен әлгі озбыр ойлар тыныштық берер емес. Мен қанша тартынғанмен төршілдердің үшеуі ой қазанына түсіп кете барды...

Бірінші шал

Төрге отырғызу – қазақ халқының сыйлы қонағына көрсетер ерекше құрметі!

Төрге шығыңыз!..

Төрлет!..

Неғып төмен отырып қалдыңыз!..

Үлкендердің осы сөздері жадымызға мықтап орнығыпты. Содан да болар төрге шығару біз үшін адамға тек құрмет көрсету емес, оның кісілігін де мойындау...

Бірақ біздің заманымыздың төр туралы түсінігі бабаларымыздың төр туралы заңына аздап өзгеріс енгізген секілді...

Төр құрметтілерді іздемей, төршілдердің төрге таласатыны баяғы төр заңын қалыптастырғандар алдында ұялтады екен...

Төрдегі орынға таласпен көтерілу – төр қасиетінің кеткені, ардақтылар заманының өткені емес пе екен?..

Құрметтілеріміз аз ба, көп пе оны кім білген?.. Кісіні төрге шығарар сапа бағасын әлі ешкім ойлап таба қоймаған секілді...

Бірақ кей-кейде төрдегілерді көріп, сол жердің төрі түгілі босағасына да отырғың келмей кететіні жан қиналтады...

Дененмен шүкір дейміз дағы, төр бос болмайды...

Әлгі үш шалға қарап қалыппын...

Үш шалдың ортасындағыны елдің бәрі таниды...

Алыстың қонағы емес, ауыл адамы...

Ол бұл үйдің құдасы да емес...

Шақырып қақ төрге отырғызардай елге сіңірген ерекше еңбегі де естіле қоймапты...

Жасы үлкені осы болар деуге төрден төмеіректе одан да мосқалдау кісілер отыр...

Мен несіне себеп іздеп әлекке қалып отырмын. Оқушылар алдында ақталып... Төрге соларды өзім отырғызғандай...

Төрдегі орынға ол абыройлы атағымен, тындырған ісімен ие болып отырған жоқ...

Төрге отыру бір кештік дәреже. Осы бір кештік дәрежелі таққа шығарған оның өнегелі өткені емес екені баршаға аян. Бәрі біледі. Бәрі көнеді. Жұрттың айтуынша ол бұндай жерге ертерек келіп, бұрынырақ жайғасып отырып алатын әдеті бар дейді. Той болсын, садақа болсын алғашқы айтылар тілекті, сөзді дәрежесі өзінен кіші деп ойлайтын біреуге бұдан бұрын беріп қойса, басының бәлеге қалғаны...

Жұрт оған бұ бәйгені шаппай береді. Бірінші сөз сонікі...

Ол өзінің шатақ мінезімен ауылдағыларды: “Пәледен машайық та қашыпты, әуелі содан құтылалық” – дейтіндей жағдайға жеткізіп алған...

Апырмай, сонда машайық та осындайлардан сескенетін болғаны ма? Олар өмірге Жаратқанның көзімен қарауға тиісті емес пе?..

Тірілей қасиеті танылған адамды ел машайық деп, тірі әулие деп құрмет көрсетеді екен?

Сонда тірі әулиенің де желсөздіден зәресі кететін болғаны ғой?..

Әулие қорыққанда, біз секілді жай адамдар не істесін?..

Ол кешегі заманда әркімнің үстінен әртүрлі арыздарды қардай боратып, “шындық үшін күрескер” болған кісі дейтін...

Сырттай оқып бірдеңе бітірген... Бос сөздің оқуы болса керек...

Бүгін де сол баяғы күйі. Лепіріп отыр. Көпіріп отыр. Жазатайым сөз кезегі қасындағыларға өтіп кетсе, аузы жыбырлап, тыныш отыра алмай, берекесі кете бастайды. Қашан ебін тауып сөзді өзіне қайтарғанша әлекке түседі...

Халық та, өкімет те оның сөзіне сеніп бірнеше рет абыройлы қызметтер тапсырып көрген дейді. Бірақ ауздағы көбік сөздің көптігі болмаса көкіректегі ой тереңдігі кем шығып, тапсырылған жұмыс берекесі кетеді екен. Содан өмір бойы әлім-берім жұмыстарды бірде құлатып құтылып, бірде тапсырып құтылып, ақыры тайғақтай келіп зейнеткер атанады. Кезінде істеген қызметтерімен абырой жинай алмаса да, сол қызметтер жемісін енді өзі пісіріп, өзі теріп жеп жүрген жайы бар...

"Мен, баяғыда бәленше деген қызметте жүргенде..." деп бастап кетеді дейсің...

Өкіметті сол кезде өзі ұстап тұрғандай етіп айтады. Қатырып айтады. Сендіріп айтады. Мына жұрттың бәрін өзінің тәрбиесімен адам болып шыққандай етеді. Кейбір аңқаулар сене бастайды. Жұрт сұрағына ұстаз дәрежесіне ене жауап қайтарып, данышпан деңгейінде ақыл айтып отырады.

Қашан сөзі уытты біреу сұрағына жауап таппай, жауап тапса өз өткенін бықсытып алу қаупі төніп, соған ой жүгіртер үзіліс керек болып, аз-кем амалсыз мүдіріс жасамаса ол осы той аяқталғанша ауыз жаппауға бекініп келгендей... Сөйлей береді. Сөйлей береді...

Сондай кезге тап болып, сәл саябырсыса, бағып отырған екінші шал лезде төрдегі орында босына отырмағанын дәлелдейді... Сөзді қағып әкетеді...

Екінші шал

Бұл да ешкімге есесін жібермейді. Бұрын бір ауыл дәрежесінде бастық болған. Ауыл аңқауларының алдында сөйлеп қалғаны әр сөйлемінен, әр сөз екпінінен байқалады да тұрады. Амалсыз тыңдаттырады. Оған біліп айтудың қажеті жоқ. Менің сөзімде қате кеткенін байқап біреу ескерту жасайды-ау деген күдік онда атымен болмайды. Оның бар мақсаты осы жиында білікті боп біліну, шешен боп танылу, көсем боп көріну...

Тап осы жерде тағы да бір рет көзге түсіп қалу...

Білігі мен тілі жетпей бара жатса даусының екпінімен, сөзінің қарқынымен жұрт назарын басқа жаққа бұрып әкетіп, қасындағыларға "солай емес пе?", "расын айтшы" деп көмекке шақырып, кемістік орнын толтырып та жіберетін кездері болады.

Осындайлардың тыңдаушылары көп болады.

Біздің бір байқағанымыз басы жоқ, аяғы жоқ желсөзді тыңдай беруге жалықпайтындар, бір ақынның бір параққа жазылған өлеңін тыңдауға уақыт үнемдейтіні.

Ғажап қой! Олардың сөзін басқалар көп бұза қоймайды.

Өтірікті шындай, шынды жымдай жарастырып тұрады. Қиын кездерде қойын дәптерін суырып алып, мынау бәленшенің айтқаны, бәленше кітаптың бәленше беті. Мен бәлен сапарымда бәлен қалада бәлен ақшамды шығарып, бәлен уақытымды сарп етіп, жазып алып едім дейді...

Тыңдаушының аңқаулаулары соның бәріне қалай уақыт тапқанына таңданады. Күдікшілдері тілімен таңдайын бір қағып, басын шайқап... айта берсін, ауыз өзінікі ғой дейтіндер кейпіне енеді...

Ара-арасында бұлдана сөйлеп, сыздана өзгеріп, міней қарап өзінің бағасын бұлдап та бағады, басқаның құнын түсіруге де тырысып отырады.

Жұрт "Баяғы бәленшекем" деп, оған да өтірік құрметін аямайтын болып алыпты. Төрден орын беріп, басқадан бұрын сөз беріп риза етіп жатады.

Үшінші шал

Бұ шал да қызық.

Арманды орнына отырса болды сөз сұрамайды, сөйлеуге тырыспайды да. Ешкіммен таласпайды да, санаспайды. Ол өзінің дәрежелі болуға қақысы бар, ол жағдай өзіне де, жалпы жұртқа да аян деп ойлайды. Осындай дәрежеге қай еңбегімен жеткенін дәлелдеп те жатпайды.

Ол туралы басқалар айтып өтетінін біледі.

Кейбір төменде отырып бұрын сөйлегендер төрдегілер тарихын бір шолып өтуді міндетке айналдырып алған.

Сондай шешендердің бірі өз сөзінде төрдегілер туралы баяндама жасайды. Сол кезде оның бәлен жүздің нөқта ағасы екенін ескертіп өтеді. Бәлен рудың бәленшесі екенін мадақтайды. Содан барып барша жұрттың үлкені бар, кішісі бар, оны құрметтеуге міндетті екені де анық бола бастайды.

Бұл сол мадақтарға сеніп алған о жарлау адам. Төбелесе кетуге жасы жетпіске келсе де, тайынбайды. Ол төрге отырмаған тойдың төбелессіз тарқағаны жоқ. Қалай да сылтау табады. Қалай да барыңды тәрк етеді. Төрдегі бір орын оның сол орынға отыруға жарағанынан бастап брондалған.

Бұ кісінің айтары шамалы, құмарлығы басым адам.

Халық көніп болған. Біздің халық көнбіс қой. Пәлесінен аулақ деп, ығына жығыла салады.

Төрдің тамағы төменнен артық емес...

Төмендегі төсек төрдегі төсектен жайсыз да емес...

...Сол орынға осылар неге құмар болды екен, соншама?..

Көктем құдіреттері (триптих)

Қошақан

Маңғыстау өңірінің ең бір шұрайлы да, әдемі алқабы Бозашы түбегінде бір мың тоғыз жүз тоқсан екінші жылдың көктемі ерте түсіп еді. Елуден алпысқа бір жас иек артқан кезім болсада, сол жыл менің жанымды сезімге, болмысымды табиғатқа етене жақындата түскен жыл болды. Бұл – қауіпті аурудан айығып, әлі де өмір сүретіні белгілі болған адамның өмірге деген жаңа құлшынысы секілді сезім болуы да мүмкін. Менің болмысым да, адами мінезім де түбегейлі өзгеріске ұшырағандай. Бұрын көзге ілінбей қала беретін қарапайым нәрселер енді жанарға жан бітіріп, көңілге қуаныш сыйлайтын болып алыпты.

Мүмкін адамның бұндай ерекше әсерленуі ұзақ жылдар қалада тұрып, дала көріністерін, табиғат құдіреттерін ұмыта бастағандықтан туған сағыныш әсерінен болар ма?

Әйтеуір, сол жылғы ойлар, сол жылғы сезімдер шынайы болатын.

"Парыз атты қасиетті борышын" мойындаудан туындаған және "Парыз атты міндетін өз аулына арқалай келген" адамның туған жерге деген сезімдері еді...

...Сол жылы күзге дейін Қаратөбе әулиедегі Абыл ақын мен Досан батыр күмбездерін тұрғызып шықпақ болып, Бозашы даласын көп шиырлап жүрдім. Көктем де ерте түсті. Алғашқы көктің жер бетіне бір түнде жарып шығатын қасиеті бар секілді. Ұзақ қыста түсі бозаң тартып, аязға ерегесіп алғандай бедірейіп жатқан сар дала бір-ақ күнде бетіне қан жүгіріп, ғашығына кездескен жастай жайдарыланып, құлпырып шыға келетін.

Көктемнің алғашқы белгілері "өлі шөп" деп аталатын әлсіз көктердің көзге ілінуімен белгілі бола бастайды. Олар "қыз ғұмырындай" ғана ғұмыры бар, алғашқы ыстыққа дейін ғана көз қуантар өсімдіктер. Күнге беттер мен ойдым шұқырлар табаны өз кезегінде бір сәтте көріктене қалады.

Сол жылғы көктемде талай бөктердің гүлге, талай ойпаттың қызғалдаққа оранғанын көріп, туған жер көркіне масаттана қараған едім.

Кесенелер құрылысы басталып кеткен кез болатын. Кесенеге қажетті нәрселерді сұрап бүкіл Маңғыстау өңірін аралап кетемін. Біреуден балға, біреуден шеге дегендей, әйтеуір бірдеңе жырып қайтамын. Шеберлер қасында екі-үш күн болып, не істеу керектігін, қалай істеу керектігін түсіндіріп тағы да жолға шығамын. Қолға түскенін құрылысқа жеткіземін. Қаратөбеге Қияқты-Тұщықұдық арқылы, немесе Шетпе-Тиген-Қаранар, енді бірде Қабақ-Мәстек үстімен жетемін.

Бір жолы Жаңаөзен қаласынан келе жатып Қаранардан өте бере көзіме жайылып жүрген бір отар қой түсті.

"Ішінде жаңа туған қозылар бар" деген ой балалық шаққа деген сағынышты оятып-ақ жібергені. Менің еркімнен тыс машина өз бағытын өзгертіп жайылып жатқан отарға беттеп бара жатыр еді.

Қойдың жауы қасқырлар "Қаранар" секілді жолға жақын ауылдарға көп жақын келе бермейді. Жүріп жатырған машиналардан сескенеді. Сондықтан болар, мал басында бақташы көрінбеді.

Малды үркітпеуге тырысып, жақындап келемін. Іздегенім де бірден көзге түсті. Анадайдан қоңыр қозысын еріткен боз қасқа саулықты байқап келемін.

Көк сағынып қалған аналық жүгіре, қапыла көк басын қомағайлана жұлып жүр. Сәл аялдаса болды қозысы анасының бауырына ұмтылады.

Марқа қозы. Ол да жерге еңкейеді. Шөп жұлады. Ана сүтінен кейінгі табиғаттан алып жатқан алғашқы нәрі. Әп-әдемі қоңыр қозы көкті сәнмен үзіп, мені көрдіндер ме дегендей, бар дүниенің қожасы өзіндей боп, аяқтарын маңғаздана басады...

Әне, тағы да, бір тал бас жармаған мортық басын үзіп алып басын көтерді. Шайнағаны қандай әдемі еді.

Біраз шөптердің аттарын ұмытып қалыппын. Көгере бастаған шөптер ішінен бетегелер мен ажырықтарды, мортықтар мен бәйшешектерді танып тұрмын.

Ана сүтінен алған тоқтығы қозыны енесіндей қомағай етіп көрсетпейді. Аанада-санда бір жұлады, көкке де онша ызықпайтын секілді. Құнықпайтын секілді.

Ана уызымен ауызданып, ана табиғаттың кәусар ауасын жұтып рахаттанады.

Қайдан білсін. Өмір бойы ішетіні уыз, шайнайтыны көкмайса болады деп ойлайтын болар.

Даланың балауса бәйшешегі мен мортығы да, бүкіл дала да өз меншігіндей...

...Бұлардың ертең-ақ қурап қаларын қозы қайдан білсін...

...Ойпырмай, осы ой әсер етіп, жүрегіме біреу біз сұғып алғандай, шым ете түскені...

...Енді қоңыр қозыға сүйіспеншілікпен емес, аяушылық сезіммен қарап қалыппын...

...Еркек қозы құрбандық...

Мына сорлының жынысы еркек емес пе екен?

Ерте туғаның да, ерте ержеткенің де соруңа ма?

Тез жетіліп, тез отығарсың...

Ерте пісіп, ертең адам құлқын өзіңе аударармысың? Әрине аударады...

Қармаққа ілінермісің? Әрине ілінеді...

Содан барып қомағай көмейдің құлқынында кетермісің? Әрине кетеді...

Бағылан құмар қарыннан бір тастам нәжіс болып, мынау далаңа қайта оралармысың?.. Неткен жарамсыз теңеу еді...

Бірақ өмір заңы, тіршілік заңы сол. Жаратылған жаны барлар заңы сол. Оны ешкім өзгерте алмайды.

Бұл "жан" атты жаратылыстың сонда мәні не?

Мынадай сұлулықты адам қалай өлімге қияды екен?

Бұ не деген қатігездік?

Тап осы қозыны маған да сойып беруі мүмкін-ау!

Менің өзім де талай қозыны қымбатты қонақтарыма деп құрбан етпедім бе? Талай малды өз қолыммен құрбанға шалмадым ба?..

Қолыма қарадым. Күс-күс қолым менің не жазығым бар дейтіндей.

Көзімді жұмдым. Өз жанымды, өз болмысымды шолып шықпақпын.

Ешқайсысы белгі берер емес. Тек қана жүрегім маған қозы болып тіл қатып тұрғандай. Ол: "Ей адамдар сіздер қандай қатыгездіңдер!" – деп жазғырып жатқандай...

Көзімді ашып жібердім. Ей Алла өзің сақтай гөр! Қоңыр қозы көзі жәудіреп маған қарап қалыпты... Бойым қалтырап кетті...

...Сол сәтте мен енді қайтіп мал бауыздай алмайтынымды сездім...

...Пышақ ұстап қолым мал мойнына жақын бармайтынын, оған жүрегім шыдамайтынын сездім...

Тасбақа

Бір жолы түнделетіп алыс жолдан Қаратөбеге келе жаттым. Ескі "Көкдомбайым" москвич машинам күтімді қолдың арқасында жеті жылдан астам менің тепкіме шыдап келе жатқан-ды.

Тигенге қона салуға ел жатып қалып, мазалағым келмеді. Тиген өзімнің туып-өскен ауылым. Бұл ауылда құрдастарым, жан достарым Сақтап, Көбеген, Еділбайлардың үйлері бар. Неде болса Абыл ақын мен Досан батырға күмбез тұрғызып жатқан Қаратөбе басына жетіп қонбақ болып, сапарымды жалғастырдым. Бірақ түн өз құқына мініп алған екен. Мені ұйқы басып келеді. Қайта-қайта көз жұмыла берді. Әйтеуір жолсыз дала. Жүріп келе жатқан соқпағыңнан шығып кеткенде домбайым бір мөңкіп мені оятып жібереді. Қамшы салуды қойғанмын. Ақырын ілбіп келемін.

Жетіп қонбақ болып, біраз шыдадым. Бірақ ұйқы деген құдірет ақыры мені жеңіп тынды.

Далаға түнеуге әуелден де қорықпаушы едім. Жатар жерімді тегістеп, төсек қабымды қамдап, ішіне кірген бетте ұйқыға кеттім-ау деймін. Қанша ұйықтадым, белгісіз. Бірақ бір сықырлаған дыбыс дәл менің құлағымның түбіне орнығып алған секілді. Тәнім ұйқыда, санам әлгі дыбыста.

...Сықыр-сықыр... Сықыр-сықыр...

Содан соң біраз тынышталады. Сосын қайтадан сықыр-сықыр, сықыр-сықыр...

Дыбыс ақыры мені толық оятып тынғандай, төсекқаптан басымды шығарып далаға қарадым. Таң бозарып атып келеді. Әлгі сықыр басылып қалған. Бұл не болды екен деп ой ұшығына жеткенше, ойды ұйқы жеңіп кеткен болуы керек.

Әлгі дыбыс мені бір кезде тағы оятты. Бұл жолы күн көтеріліп қалған екен. Енді төсектен кеудемді шығарып жан-жағыма көз салдым. Жатарда жастық есебінде бір биіктеу жерді басымды жастық ете таңдағанмын. Енді байқадым, менен бір қадам жерде түніменен қырғын соғыс жүріп жатыпты...

...Екі тасбақа бір-бірімен иықтасып, аспанға шапшыған айғырларша тіктесіп барып, сауыттары тайып кеткен шақта жерге құлап түседі. Содан барып асығыс кейін шегінеді. Әрқайсысы бір қадамдай жер көткеншектен алып, сондай жігермен, сондай қайратпен қайтадан ілгері ұмтылады дейсің. Әлгілердің қимылына қарап,

ұмтылысына қарап олардың қатты асығып келе жатырғанын, қатты қайратына мінгенін түсінесің. Екі қадамдай жерді сондай екпіндете алған олар бір-бірімен қатты соғысады. Сол қимыл екеуін де тоқтатады. Артқы аяқтарымен жер тірей, ілгері ұмтыла, жауын ысырып жіберуге тырысып, жанталасып жатыр...

Бұларға не болған? Ойыны ма, шыны ма?

Бірақ ойынға ұқсамайды. Шегініп барып ілгері ұмтылғанда бойларындағы ерегес пен қаһарды мен де сезініп отырмын.

Қанша уақыт өткенін байқамаппын. Таңертең күн тез көтеріледі ғой, тұсаубойы көтеріліп қалған екен. Тигеннен өтіп Мәстектен Қаратөбеге бұрылған жол ортасында, мен түнеген алдатөмпектің шығыс бетінде болып жатқан бұл арпалыс сыры маған бірден түсінікті болды. Мен бәрін түсіне қойдым. Күн астынан екі батырға көз жазбай, мізбақпай үшінші тасбақа қарап тұр екен.

Түрінен "Жеңгенің менікі" дейтін қатыгездік байқалады.

Бойларын махаббат желігі билеген әлгі екі батыр өліспей беріспес, қасарыспалар секілді. Қанша шыдамды болғанда да, қанша қызық құмар болғанда да қашаңғы отырасың. Күн әуелі тұсау бойы көтерілді, енді бекіту бойы биіктеп кетіпті.

Мен жүріп кетпек болып жайлап жинала бастадым да, біраздан соң ойымнан қайттым. Бұл соғыстың арты не болар екен деген сұрақ мені осы араға арқандап тастағандай. Кете алатын емеспін. Шай қайнатып ішпекке бекіндім. Бензинмен істейтін аппаратымды шығарып, шай қойдым. Асықпай шай іштім. Көз қиығын салып қоямын, соғыс жалғасып жатыр.

Ілгері ұмтылып келіп иықтасады. Тіктеседі. Содан барып сауыттары тайып кетіп жерге құлайды. Кейін шегініседі. Қайта ұмтылысып итеріседі. Сол уақытты сықыр-сықыр дыбыс шығады...

Шай да ішіліп болды. Қашаңғы отырайын. Қызығу сезімінен жалығу сезімі үстем түскен кезде жүріп кеттім.

Анда-санда есіме түссе әлі өкінемін. Шыдауым керек еді. Арты немен тынғанын мен енді ешқашан білмек емеспін. Білмегесін бұл әңгімені жалғастыра алмаймын.

Бірақ көрмегенмен болжаймын.

Менің болжамым бойынша олар бір мезгілдерде әбден шаршайтын болар. Шаршаңқыраған біреуі иықтаса итерісіп жүріп, ақыры мүлт кететін болар. Мүлт кетіп сауыты тайып сәтсіз құлаған шақта біреуі ақыры шалқасынан түсіп айқасқа түсе алмай қалатын болар. Сол жеңіледі. Бала күнімізде талай рет шалқасынан түсіп тұра алмай тырбаңдап жатқан тасбақаларды жүргізіп жіберетінбіз және оны шалқасынан жатқызып кеткен тентек балалар ісі деп ойлайтынбыз.

Жеңімпаз өз жеңісінің рахатына бөлену үшін, тасбақа атты келешек жан иелерін өмірге әкелу үшін жеңімпазды күтіп тұрған "тасбақа сұлуға" қарай асыға тарбаңдап бара жататын болар...

Торалақаз

Сол торалақаз мінезімен кездескен күн мен үшін ерекше таным, ерекше сенім күніне айналды. Өйткені мен сол сәтті күнді өзімнің ұлы жаратылыс құдіретін де, мәңгі тіршілік мағынасын да бар болмысыммен толық сезінген күнім деп қабылдадым.

Қаратөбеден Ақшымырау бағытына бет алған бір сапарым еді. Кәдімгі дала жолы. Көлденең жыра-жықпылы адымыңды аштырмайтын, машиналар соқпағы. Амалсыз жәй қозғаласың. Бірақ жәй жүргеннің арқасында жан-жағыңа назар салып, табиғатты қызықтай отыруға жағдайың бар.

Быйыл жаңбырлы болып көктем өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асырып, жаратылыста бардың бәріне өмір сыйлаған жыл болатын. Анда-санда машинанды тоқтатасың да жан-жағыңа қарап, рахат сезіміне батып аласың.

Көктем құдіретін түсінгің келсе далаға шық. Жүре бермей тоқта. Солай істе. Сосын маңдай көзіңді жұм да, көкірек көзіңді ашып, дала әуеніне құлағыңды тосып, тыңдап қара. Тек қана тыңдай біл. Сол сәтте сан құралды, сан сазды дала тіршілігінің үні құлағыңа келеді. Ол үннің бәрін бірдей тани бермейсің. Ажырата да алмайсың. Оған өзіңді кемсінбе. Өйткені Аллатағаланың өлшемі шексіздік.

Мен де талай тыңдағанмын. Маған таныстары шырылдаған шегіртке мен торғай үні сыяқты, баршаға белгілілері ғана болып шықты. Тіршілігі белгісіз, үні таныс емес бір жан иелерінің үні сыбызғы үрлегендей боп ыжылдап естілсе, енді біреулері қобыз ысқылап әлектеніп жатқандай. Қалай болғанда да көктем мынау ең даланың есіз емес екеніне көзіңді жеткізеді. Бәрін көктем тіршілікке келтірген. Бәрі қуанышта. Содан барып олар көктем тойына атсалысып жатқан секілді.

Көктем мейрамының бұл салтанатты саздарын көзіңді ашып тұрып та тыңдауға болады. Бірақ олай етсең әлгі дыбыстарды ұмыттырып, назарыңды өзіне аударып әкелетер жаны барлар тіршілігі үстемдік ала бастайды.

Жердегі тіршілік иелері сені жүреңнен отыруға мәжбүрлейді. Сол шақта өзіңнің жер мен шөпке қадалып қарап қалғаныңды байқамай да қаласың. Сіркедей болымсыздардан бастап құмырсқаға дейін, құмырсқадан бастап кесірткеге дейінгі тіршілік иелері сені еріксіз өз әлеміне араластырып алып кетеді. Олар да тіршілік қамын бір кісідей қамдап жатады. Таласады. Ұрысады. Ашуланады. Жауласады. Өйткені олар санасыз. Солай жаратылған. Ал біз ше?..

Осындай сұрақ қырсығынан, не жалығып кеткенде, не аяғың ұйып қалғанда бой жазып жан-жағыңа назар саласың.

Сол күні сондай бір кезде менің көзіме торыалақаз үйірінің іліне кеткені. Балапандарын шұбыртып байпаңдап зытып бара жатырған ана мен аталық қаз. Бұлардың жүрісі көзге түсе бала кезде естіп, әлі жадымнан өшпеген аталық қаздың ерлігі мен қулығы туралы әңгіменің еске түсе кеткені.

Мен еш ойланбастан соларға қарай тездете адымдап келе жатқанымды бір білдім...

...Алыстап кетсе таптырмайтынын сезіп жүгіре басып жақындап та қалдым. Көш басында аналық. Оның соңында анасынан қалмауға тырысып шитеңдеп жанталаса жүгірген балапандар. Күші жетпей, ілесе алмау қаупі туған шақта әлі қауырсын шығып үлгермеген қанаттарын сермеп-сермеп қалып, зытып барады. Ең соңында аталық қаз...

Мені қызығушылық сезім әбден билеп алған. Торалақаз өздері туралы айтылар ғажап ақылып маған көрсетер ме екен? Әлде ол аңшылардың ойдан шығарар көп мылжыңының бірі ме?..

Мен қаздарды толық қуып жеттім...

Енді қашан?.. Жақындай түстім...

Соншама жыл торалақаз ақылын талай аңыз етіп айтып келгенім бос сөз болғаны ма?..

...Осы кезде аталық қаз сүрініп кеткендей болды...

...Міне!.. Басталды!.. Қаз үшін де, әкелер сөзінің растығы үшін де қуанып кеттім...

Торалақаз сүрініп кетіп қайта тұрды да оң аяғын сылтый басып ілгері ұмтылды. Ол оң қанатын да жаралап алғандай сүйретіп барады. Бірақ сол қанатын үсті-үстіне қақпалап, жылдамдығын азайта қойған жоқ.

Ақсаңдап жылжыған ол үйірінің соңынан емес оңға қарай ойыса бастады. Мені қамшы сілтер жобаға дейін жақындатты. Денесін тіпті жақын жерден көріп келемін. Табиғат торалақаз жаратылысына түр мен түсін аямаған секілді. Қанаттары мен денесінде кезектескен қызылқоңыр мен ақ түстері анық есімде. Мына байғұс қазды қолмен де ұстап алуға болатындай.

Мен енді естіген әңгімеге емес, көзіме сене бастағандаймын. Қаз қимылы оның жарақатты болып қалғанын анық дәлелдеп тұр еді.

Торалақаз қулығы туралы бар естігенім, өзімнің ұлы жаратылыстың ұлы туындысы туралы ойым босына кеткендей болып, жабырқап сала бердім. Бойымды өкініш билегендей боп, бұл уақиғаға қолымды бір сілтедім.

Міне қызық! Жаралы қаз менің қолымнан сескеніп ұшты да кетті. Аңысын аңдып, өзін соншалықты қауіпке душар етіп келе жатқан торалақаз өзіне тура сілтенген қолдан қауіптенген болып шықты.

Өз айласын ең соңына дейін созып, балапандарының жасырынып үлгеруіне мүмкіндік берген!

Ақырына дейін шыдап баққан!

Қара басын құтқару амалын соңғы сәтке дейін пайдаланбаған!..

Баяғы шалдардың сөзі дұрыс болып шықты. Қол созым жерге дейін жақындатып, өзіне қол сілтеген сәтте, енді өз басына шыныменен қауіп төнген сәтте торалақаз ұшты да кетті...

Соңынан қарап тұрмын. Екпіндей ұшып барып бір бұталы жерге қонды...

...Ол қазір ғана өзі құтқарған балапандарының қасына барып қонған болар. Балапандары аталарының аман келгенін көріп бауырына тығылып жатыр ма екен?.. Олар да қатты қорықты ғой...

...Тағы да бір рет торалақаздың өз үйірін қалай құтқаратынын көргіп, Ұлы Жаратқанның ұлылығына таңдай қағып, бас игім келген ойдан мен тез айныдым...

...Тек қана басымды шайқап: "Шіркін адам атты тіршілік иелерінің аталықтары да өз ұрпақтарын осылай қамқорласа ғой" – демін...

...Әлі ұшпақ түгіл толық аяқтанып болмаған балапандарға деген аяушылық сезімі де бас көтере бастағандай еді...

...Балапандарды жүректерін ұшыра қорқытып көрген қызық мені соншалықты рахат сезіміне бөлей қоймас...

...Өзімді-өзім зорлай көндіріп, айдалада қалған машинама қарай бет алып, өз жөніме кетіп барамын...

...Бұ адамдар табиғаттан неге үйренбейді?...

...Неге үлгі алмайды?..

Үш әңгіме

Әкенің ашуы

Менің әкем біраз жылдар бойы Жаңа Өзен қаласынан бар болғаны қозы көш жерде ата-бабасының ғасырлар бойғы кәсібімен айналысып, азғантай шаруасын күйттеп, айлыққа қарап қалған, оқыған балаларына шамасы келгенінше көмек көрсетіп отырып еді.

Бір күні, таза ауамен сергіп қайтпақ боп әке үйіне жаяу тарттым. Жаз бен көктемнің астасқан шағы болатын. Жер ылғалы кеуіп аяқ астынан шаң көтеріліп жатқанымен шөп әлі балғын түрін жоғалта қоймаған екен. Көк майса жусандар мені қалайша бір искемейсің дегендей ажарлана қарайды. Маңғыстауды өгейіндей ұстайтын табиғаттың биыл бір мейірлі жылы болса керек. Аса от жылдары болмаса бұл маңда көп көріне бермейтін мортық, ебелек, еркек сияқты асыл шөптер де аз емес. Мен бір тал жусанды жұлып алып біраз уақыт искеп барып аузыма салып дәмін алдым. Баяғы дәмі. Кенет тандайыма жусанның емес көк жусанды өрістен қайтқан түйенің шикі сүтінің дәмі тати кеткені. Мәтөк кемпірлердің – бүгін малды жусанды жаққа шығармаңдаршы – деп жататын кездері де өмірдегі ең бір қимас шақтай-ақ, көкіректі жаралай, сағындыра еске оралды. Осылай ойланып келе жатып ауа-райының өзгере бастағанын да байқамай қалыппын. Күн астынан жөңки шыққан бір шөкім бұлт – жақындаған сайын жарты аспанды толтыра, бір зілі бар екенін сездіре, қатулана түсті. Кенет бағыты белгісіз жел пайда болды да, машинаның ізі бетін “шұбыртпадай шимайдап” тастаған даланы көзапара көзден ғайып қылды. Бір қадам жердің аржағы ақтозаңды белгісіздікке айналған. Ілешала жер жарылып, аспан айырылып кеткендей қорқынышты зор үннен зәресі кеткен жел мені пана тұтқандай шыр айнала үйріліп, аяқ астын да көзден таса етті. Мен амалсыз көзімді тарс жұмып, екі құлағымды алақаныммен баса, бүктетіле отыра кеттім. Сәл тыныстағандай бір сәтте бағзы заманнан бергі таныс иіс, оттың иісі ме, тастың иісі ме, әлде екеуінің иісі ме, жетіп қалған екен. Бала кезімізде от сұрай барғанымызда шалдар мақтасын тұтата алмай шақпақ тасын қайта-қайта соққанда дәл осы иіс мұрынды қытықтаушы еді. Жаңбырдың жақын қалғаны белгілі болды. Жаңбыр болғанда да шелектеп төгіп өтетін нөсер болар. Ойымды аяқтап-та үлгермедім-ау

деймін, мың-сан аттың дыбысындай дүсірлеп келіп қалған ол, келесі сәтте жерді бұрқ-бұрқ еткізіп барып, селдетіп жүре берді. Мен жүгіруге ыңғайлы болсын деп шалбарымды, аяқ киімімді шешіп алдым да, соншалықта жанға жайлы Тәңір нұрына, аспан нұрына шомыла жүгіре женелдім. Арасында бала кез еске түсіп:

– Жау жаңбыр!

– Жау жаңбыр! – деп бар даусыммен шаттана айқайлап та қоямын. Табиғат еркелеткісі келсе жасы қырыққа келгенді де бала қылып жібереді екен ғой. Бұндай нәсер ұзақ жауса не болмақшы. Бұрқ-сарқ етіп зәрені ала, құтыңды қашыра келгенмен дүниені рақат сезімге қарық қыла, ашуы тарқаған әкендей... артынан көктемгі күн де мандайыңнан өбетін.

Ойыма сәтті түскен сөз болды-ау бұл өзі.

Шыны да сол. Табиғаттың мына тірлігі – дәл менің әкемнің мінезі. Ол кісі де сәл нәрсеге бола кемерінен асқан қазандай сарқылдай қайнап барып басылады. Содан өз мінезіне ыңғайсызданғандай жуып-шайып, әзілдей сөйлеп, тіпті кейде бауырына қыса басыңнан искей болған уақиғаны ұмыттыра, жайма-шуақ күліп отыратын кездері болатын...

О, Тәңірі, мына жадырай шығып келе жатқан күн дәл өз әкемдей болып көрініп кетті. Мен кілт тоқтап, күнге аңтарыла қарап қаппын.

О, Тәңірі!.. Дәл әке ашуындай!.. Дәл әке мейіріндей!..

Көрік күйі

Маңғыстаудың ардақты перзенті Маршал Әбдіқалықовтың ұлы Рақымбек шаңырақ көтеріп ағайын-туманың көңілін бір көтеріп тастады. Сол тойда көптен жүздеспеген аға, жеңгелер мен құрбыларымызды кездестіріп біз де бір жасап қалдық. Осы тойда бейнесі әлі көз алдымыздан өшіп үлгермеген, өмірден кеше ғана өткен, өлкеміздің абыз ақсақалы Алшын Мендалиевтің ұлдары – Рзабек пен Бурабекті кездестіріп, сәлемдесудің сәті түсті. Мен ол кісілерге шығармақ болып жүрген көп томдық “Маңғыстау мұралары” туралы әңгіме етіп, Алшекең естеліктерінен сақталған не бар, әңгіме етіп отырған кітапқа лайық не білесіздер деп сыр тартып, әңгімеге шақырдым. Он екі томдық бұл кітаптардың бірі сәулет ескерткіштерін арналатынын естіген Рзабек аға Форт-Шевченко қаласында бір кезде өзі тұрған үй туралы қызық хикая шертіп кетті...

... Маңғыстау зираттық ескерткіш салу үрдісін кәсіптік деңгейден сәулет өнері дәрежесіне көтерген әрі зергер, әрі ұста Тоқтамыс Қаражүсіптің өзіне салған үйіне өткен ғасыр аяғында, әлде осы ғасыр басында Өтеғұл Демеу сатып алады да, ал кейінірек Демеуден түркмен Қараша Өтежанұлы сатып алыпты. Қырғын соғыстан аман

оралып өз алдына шаңырақ көтерген Рзабек Алшынұлы 1948 жылы сол үйге ие болыпты. Елдің де, ердің де жарлы-жақыбай кезі. Рзакеннің өз ошақтарына түтін түтеткеніне, баспаналы болғанына деген қуанышы алғашқы түні-ақ үрейге айналыпты.

...Қала шуы басылып, тіршілік қамын күнмен бірге күйттейтіндер тынышталысымен сол үйден сыйқырлы дыбыс естіледі екен...

...Рзекеңнің пайымдауынша дыбыс бірде жер астынан жарға соққан тыныш күнгі теңіз толқындай әсер етсе, бірде көрші бөлмеде біреу көрік басып жатқандай, немесе ауыр жұмсақ балғамен қозғалмайтын бір салмақты затты тұншықтыра соғып жатқандай әсер етеді екен.

Олар алғашқы түнде-ақ шошынып, төсектеріне жатуға сескенетін жағдайға жетсе керек. Бұлардың үрейін көршілері басыпты. Көршілердің айтуынша бұндай дыбыс осы үй салынған күннен бастап пайда болса керек. Көршілеріне естілмейді, үй адамдарына зияны жоқ, аз уақыттан кейін үй тұрғындарының бойы үйреніп, тіпті бір түрлі жанға жайлы әсер етіп тұратын дыбысқа айналатын болса керек. Көршілері – бұл Қаражүсіп көрігінің дыбысы, сол атамыздың қасиеті деп түсіндіреді екен.

Рзекең кейін басқа үйге көшкенде Қаражүсіп салған үйдің төбесін бұзып алып пайдаға жаратса керек. Қабырғалары әлі бүтін, Рзабектің мүлкі болып есептелінеді, қорасында Айтыман Кенжебаев туралы екен. Түркмен иесі сол үйге алтын көмген деген дақпыртқа сеніп үйдің еденін бұзып астан-кестен етіп қазған уақыты да болыпты. Өттең, нағыз қазнаның алтын емес сол дыбыс екенін түсінбегендері қандай өкінішті... Шебер сол ғажап дыбысты қалай тапты екен? Төбесі де едені де жоқ сол үйдің сол керемет дыбысы әлі сақталып қалмады ма екен? Түнеп көрер ме еді? ...

“Көрік күйі” естілмесе, мүмкін, қасиетті бабамыздың шапағаты тиіп не қолымызға, не жүрегімізге бір нәзіктік сезім пайда болар...

Рзекеңнің айтуынша, Қаражүсіптің шеберханасы тұрған жер “Көрік төбе” деп аталады екен. Қаражүсіп көрігінің күлі әлі ұшып таусылмаған дейді, кейбір адамдар көз ауруға ем деп сол күлді суға езіп көзіне жағады екен. Қаражүсіптің анасы сол төбенің басына жерленіпті, басына сағана там тұрғызылып еді деседі.

Шіркін, қала әкімшілігі, сегіз қырлы бір сырлы бабамыздың аруағына көңіл бөліп жатса, біз де қолымыздан келгенінше көмегімізді аямас едік...

Бұның аты «Бөлтебер»

Болашаққа үмітпен қараған кешегі жоспарлағыштар мен сенгіштер заманы да қызық екен-ау. Кімнің не істейтінін, тіпті не сөйлейтінін де жоспарлап алып, ештеңеге бас қатырмай “жарқын

болашаққа” даңғыл жолмен, енді-енді жетіп қалармыз деген сеніммен тартып кетіп едік... Дүниеде көріпкел дейтіндер болады десе – сандырақ деп, тәуіп бар десе – аңыз деп, сәуегей көрдім дегенді жыңдыға санап, қысқасы не керек ондай ұсақ-түйек туралы бас қатырап жатпайтынбыз. Шындығында да бұл өмірде біз білмейтін, біздің ақылымыз жетпейтін табиғат құпиясы, біз танымаған қыры мен сыры бар деп ойламайтын едік.

Енді не болды?..

Айтылып жүрген ертегілердегі емшілер мен бақылар, сәуегейлер мен көріпкелдер, бәрі, бәрі ұзақ ұйқысынан ойанып кетіп ортамыздан бір-ақ шықты...

Шыныменен аңыздың бәрі ақиқатқа айнала ма?

Ертегі дегеніміз еліміздің кешегі өмірі болғаны ма?..

Ендеше тағы біреуін тыңдап көрелік...

...Бұның аты “Бөлтебер”..

... Маңғыстауда қиялыңды жетіқат көктен бір шығаратын не ғаламат табиғат ғажайыптары бар. Жер асты жолдар мен үңгірлер, қамалдар мен арандар, қирап қалған қалалар мен қорғандар, Тамшалы мен Жығылған, Шерқала мен Айрақты... Айрақты тауы да сондай табиғат ғажайыбының бірі. Мұхиттың ортасындағы мұз таулардан бір айырмасы болсашы... Жан жағы биіктігі жүздеген метр тік, ұшпа жар болып келеді де, оңтүстік жағы түйе құйымшақтанып барып алып айдаһардың құйрығы секілді қырат боп кетеді. Сол құйрық қыраттың қыр арқабындағы жаңғыз аяқ сүрлеумен құйымшаққа жеткенде тік жарды қашап салған айналма жолмен Айрақты тауының басына шығасың. Үсті-қара жусан, қызыл изен, баялыш өскен, жобасы он, он бес шаршы шақырым жазықтық. Бір кезде маңғыстауға иелік еткен хандардың жайлауы болған, талай-талай тарихи уақиғалардың куәсі болған қасиетті мекен...

Біздің әңгіме қылып отырғанымыз Қырдағы емес Ойдағы айрақты. Ойдағы болғанда Кішісі емес Үлкені. Маңғыстау ауданының әкімі Алқажан Еділханов мырзамен Айрақтының үстіне шықпақ болып келіскенімізге де жылға жақын болып қалған. Сол тауға шығардан бір күн бұрын сәті түсіп Тигенде тұратын атақты Іздібай аңшыға жолығып қалдым. Айрақты туралы әп-әдемі әңгіме айтып отырған адам: “Ізеке Айрақтының үңгірі туралы не білесіз” – деп едім, шошып кетті. “Ой, пәлесінен аулақ. Айналайын, оған жолама, пері иеленген жер. Кім біледі онда айдаһар жылан бар шығар, тіпті бөлтебер де болуы мүмкін. Бізде жас кезімізде кірмек болғанбыз. Аузы керуен кіргендей кең болғанмен әрі қарай тарыла береді. Жаққан шырақ сөнеді. Тіл алсаң жолама” – деп, біз естіген бар құбыжықты сол үңгірдің аузына апарып қамай салғаны...

... Ойыма орала кетті... Бөлтебер...

Бала күнімде талай естіген аңыз сұлбасы оны адамға көрінбеуге тырысатын аса епті, аса күшті, ірі бірдеңе дейтін. Енді Айрақтыны тастай салып “Бөлтеберге” бас салдым...

- Ізеке, ол қандай мақұлық? Өзіңіз көрдіңіз бе? Қандай жерде жүреді? Айрақтыда бар ма?
- “Әй шырағым, гәзитке бірдеңелер жазып, соңына Сайын Назарбекұлы Тоқтамыс деп қол қойып жүрген сен емес пе ең? Батыр атаң Тоқтамыстың ажалы бөлтеберден болды деуші еді ғой. Ал ол туралы мына өзіңінің ағайындарың – Тоқтамыс батырдың тұқымдарынан сұрап ал” – деп, шәйдің аяғына қарамай, қол жайып бата қылды да, шығып кетті.

Біз, әңгіме қылып отырған Айрақтыдан отыз шақырым жердегі Тигенде, Отан соғысының аты аңызға айналған батыры Исатай Сүйеубаевтің інісі Салманов Орынбайдың үйінде отырғанбыз. Енді Әбу ақсақал үшеуміз қалдық. Әбекең: “Жаңағы бөлтеберден қорқып қашты ма, әлде Айрақтының үңгірінде түркмен ханының қазынасы тығулы деуші еді, сенен соны қызғанып кетті ме?” – деп, кетіп қалған Іздібай аңшының артынан әзіл ерітті. Менің ойымнан бөлтебер шығар емес. Әбекең мен Орекең Тоқтамыстың ерлігі мен ажалы туралы әңгіме бастап кетті...

...Сенің сұрап отырған бөлтеберің қараңғы түнде ұрланып жүретін, аса сақ, бірақ адам ұстап-тұтатын заттарға құмар аң, ал ол аң болмаса онда ол адамның жабайы түрі. Адамдарға пәлендей зияны тиіпті дегенді естіген жоқпыз. Бірақ адам тұтынатын заттарды ұрлайды-мыс. Ептілігі сонша байқатпай буулы тендерді түгелімен көтеріп кеткен кездері болыпты-мыс.

Қазіргі жастар айтпағанмен біз шамалас кісілер керекті-керексіз заттарды үйіне тасып тыға беретіндерді “бөлтебер” деп келеке қылушы еді. Үйінде заты көп болғанмен орнын таппай қоқып жатса да “қойшы, сол бөлтеберді” деп қол сілтейтін. Осы отырған үшеуміздің де атамыз Жоңғар мен қалмақтың қанын судай шашқан атақты Тоқтамыс батыр. Мысалы сенің әкең Назарбек болса оның әкесі Сәрсен, одан әрі Тағыберді, Өзберген, Мәті (қазір халық Мәті әулие деп басына түнейді), Еспембет, Тілеке, Тоқтамыс. Сол батыр Тоқтамыстың ерлігі туралы ел аузында сақталған әңгіме көп. Ал ажалына себеп болған бөлтебер деседі...

...Жолаушылап келе жатқан біраз адам аялдамақ болып па, әлде түнемек болып па бір жерге еруіл жасайды. Сонда біреуі: “Мына үңгірді көрдіңдер ме, бұл бөлтебердің үңгірі. Маңайдағы ел бұл жерге жақын қонбайды” – депті. Сонда Тоқтамыс батыр: “Кәне көрелік елді үркітетін мықтыны?” – деп, үңгірден бөлтеберді сүйреп шығып, қылышпен шауып өлтірген екен дейді. Бірақ Тоқтамыс батыр “Апырым-ай, көзіңіз сұғы бет қаратпай, жеткенше көзімді жұмып, бетімді жеңім мен көлегейлеп бардым” – деген екен...

Атадан әкеге, әкеден балаға ауысып келе жатқан осы аңыз бойынша сол бөлтебердің көзінің сұғы өтіп, Тоқтамыс батыр бір жұмадан кейін ауырып, екі айдан кейін дүние салыпты...

Іздібай сияқты Маңғыстауда атағы шыққан аңшылар болды. Олардың аштық жылдары аң аулап бүкіл елді қамқорлап тұрған кездері де болған. Олар адам аяғы баспайтын не бір шың, құздардан талай ғажайыптарға кездескен. Соның бірі, бойы екі жарым метрдей сүйегі адамға ұқсас, алып қаңқа. Бір таңқаларлық жәй аңшылар сол сүйектер туралы айтуға құмар болмаған, қайта ол жерлерге бармауды уағыздадаған..

Маңғыстаулықтардың жадында сақталған адам-жезтырнақ, аңшылар көріпті деген алып қаңқа, үңгір мен бөлтебер туралы аңыздар сол бөлтебердің өмірде болғандығының дәлелі емес, соның өзі әлі күнге бар болып жүрмесін деген күдік туғызады...

... Іздібай аңшының: “Шырағым, Айрақты үңгірі періленген, ішінде қауіпті аң, жылан болуы мүмкін” – деп безектеуін мен ол кісінің маған деген қамқорлығы деп есептедім...

... Бұрын құмар болып жүрген Айрақтының үңгіріне кіруге енді жүрегім дауаламайтын сияқты. Ішінен көзінің жарқ-жарқ еткен сұғы өңмеңіңнен өтіп бөлтебер шыға келсе...

... Бұрын да бір Тоқтамыс пәлесіне ұшыраған екен, ендігі Тоқтамысты сақтай тұралық...

07 қазан 1992 жылы.

Шотан батыр

(Екі актілі, алты көріністі тарихи драма)

Алғы сөз

Он сегізінші ғасырдың ортасынан ауа бере екі жүз жылға жуық бір-бірімен жиі-жиі қақтығыста болып, біріне-бірі «ақтабан шұбырынды», «аңырақай» секілді тарихтың қанды беттерін жазғызып, елді есінен кетпестей қасіреттерге ұшыратып келген жоңғарлар мен қазақтар соғысы аяқталады.

Бұл соғыстың кенеттен аяқталуына басты себеп болған жоңғар елінің қытай шапқыншылығына ұшырауы болды. Адам баласы тарихында бұрын-соңды еш жерде, еш елде болып көрмеген, қатыгездік пен өшпенділіктің шегіне жеткен, алғаш рет тұтас бір ұлтты жер бетінен құртып жіберген қылмыс-қырғын уақиға болады.

Ұзақ жылдар бойы жоңғарлармен соғыс жағдайында өмір сүрген қазақ халқы енді соғыстан қолы босап, бейбіт өмірге бет бұрып, соған бейімделе алмай жатады.

Адайлар он үшінші ғасырда Алшын тайпаларының құрамында Жошы мен Бату соңына еріп, Алтын Орда мен Ноғай Орданың сойылын соға, сол замандардағы ұлы уақиғаларға араласа, Қырым мен Кавказ, Дон мен Днепр жерлерінде жұртын қалдыра жүріп, он бесінші, он алтыншы ғасырлар шамасында ақыры Қазақ хандығы туының астына жиналған қазіргі қазақ халқын құрап тұрған тайпаларға қосылып, өзінің мәңгілік Отанын табады, таихтағы орнын анықтайды.

Алатау мен Жетісуда ошағына от тұтатып, Түркістан мен Сайран маңында шаңырақ көтеріп жүрсе дағы бабалары бес жүз жыл бұрын қалдырып кеткен Маңғыстауды адайлар елі әлі ұмыта қойған жоқ болатын.

Тарихи жағдай адай тайпасына өздерінің тарихи отанына қайтуына мүмкіндік туғызады. Адай тайпасының билері мен батырлары, ру басшылары мен байлары сан ғасырлар бойғы адайлар арманын іске асыруға кіріседі.

Әуелі аңшы ретінде Маңғыстауға Есекмергенді жіберіп барлау жасатады.

Сосын алпыс үймен Маңғыстауға Шотан батыр аттанады.

Ақыры, Шотан батыр бастаған аз ауыл орналасып болғасын, тұтас ел маңдайын бабаларының ата күлдігі Маңғыстауға бағыттап, бас аяғы елу жыл шамасында Түркістан, Сауран аймағынан Маңғыстауға қоныс аударады.

Басты тұлғалар:

Әжібай.

Сөзін аспай-саспай жеткізе айтатын, сабырлы қарт кісі.

Назар.

Әрі бай, әрі батыр атанған қарт кісі. Шотан батырдың әкесі.

Бәйбіше.

Назар бәйбішесі. Жетісу, Алатау жақтың қызы.

Шотан батыр.

Назардың ұлы, елу жаста. Ел басшысы ретінде танылған, шешен сөйлейтін әрі би, әрі батыр, ірі кісі.

Көсем би.

Асығыстау, ойланбай сөйлеп қалатын, ақкөңілдеу кісі.

Тоғыс би.

Маңындағы жұрттың қас-қабағын бағып отыратын, кісі назарын жықпай сөйлейтін адам.

Қосболай батыр.

Адайлармен қоныстас беріш батыры.

Сайқы би.

Күлдіре сөйлейтін қасиеті үшін Сайқы би атанған адам.

Есекмерген.

Аңшы. Батыр. Алып адам.

Қосан батыр.

Жас батыр. Назар байдың қоңсысы.

«Қоңырат келін». Қосан батырдың әйелі. Сауран маңын жайлаған қоңырат руының қызы болғандықтан «қоңырат келін» атанып кеткен жас әйел.

Бірінші акті.

1 көрініс. Шотан батыр

Сахна ашылады. Қалың ойда отырған Шотан батыр. Ескі сарынмен орындалып жатқан жыр естіледі.

Қазақ деген халықпыз...

Әй, қазақ деген халықпыз,
Азаулыны ардақтап,
Астана жұртын сайлаған.
Стамболдан кем көрмей,
Алмаға атын байлаған.
Баса көктеп Қап тауын,
Мұзына мәңгі таймаған.
Еділ мен Жайық екі су,
Днепр, Донды жайлаған.

Адай деген ел едік...

Әй, адай деген ел едік,
Қазақтың қара баласын,
Хан ұлына теңгерген.
Жауына сойқан салсын деп
Тентегіне жел берген.
Терезесін тең тұтқан,
Небір ұлы елдермен.

Қап тауында мәңгіге
Адай атын қалдырып;
Азаулыдай далада
Адай мола салдырып;
Қырымда қызын ұзатып;
Ұрымда ұлын піштіріп;
Бірде даха, бірде дай,
Массагет боп, бірде адай,
Мынау шексіз әлемнің
Төрт бұрышын кезгенде;
Жеті ханға ақыл боп,
Сыпыра жырау өткенде,
Маңғыстаудан Ауғанға,
Асан қайғы кеткенде –
Ізеді нені бабалар?
Не ойлады даналар...

Байтағыма жетем деп
Еділге көпір салдырған.
Жайықтан өтсе Сарайшық,
Шалғынға атын шалдырған.

Сарайшықта кеңесіп,
Алтын тақты хандармен

Дәрежесі теңесіп,
Біздің сол бір бабалар
Отырды екен не десіп?..

Жетісу жұмақ жаннатта,
Мұңал ошақ от жағып;
Түркістан, Сауран мекендеп,
Өртіне жоңғар қақталып;
Басынан бірлік кеткенде,
Қазақтың ары тапталып;
Шұбырынды ақтабан,
Аты содан сақталып... *(жыр кенеттен аяқталады)*

Шотан батыр. (күбірлеп)

Шұбырынды ақтабан,
Аты содан сақталып...
Құдайым-ау! Бұл ойдан құтылатын күнім болар ма екен?..
Шұбырынды ақтабан ететін елімнің не жазығы бар еді?...
Сәл оңаша қалсам өн бойымды түйрей өтіп, әр сөзі жүрекке
найза боп қадалар не қасиеті бар сөз еді?..
Менің жер-жебіріме жете масқаралап... жанымды жаралап...
Қинап болды-ау мені осы сөз...
Не жазығым бар еді, менің?.. Өмір бойы енді осы сөз жерге
қаратып өтетін болар ма?
Бұ қазақ елімді жау шабады деп дайын әскер ұстамаса батырлар
қайтеді екен?.. Мен қайтеді екем?..

Орнынан тұрып кетеді, қызына сөйлейді.

Бұйқыт жатқанда жау шапса қазақ саспай қайтеді?
Сасқасын қашпай қайтеді?..
Қашқасын шұбырмай қайтеді?..
Шұбырғасын “ақтабан” болмай қайтеді?..
Бізге не дейді сонда, бұлар?..
Бір сәт тыныштық беруді қойды ғой маған, осы заржақ саз бен
заржақ сөз...

Сәл сабыр тауып, отырады.

Жаудан құтылып, енді тыныштық табамыз ба десек, күндіз
күлкіден, түнде ұйқыдан бездіретін пәлесі тап болды ғой, менің
басыма... Жаудан кем болмады-ау мынау сөз!..

Кешіре көріңдер “ақтабан” боп шұбырған сорлылар! Қабырғалы
елің тұрып паналар бұта таппаған пақырлар!

Ханыңнан ақыл шықпаса, батырыңнан батыр шықпаса, шұбырмағанда не етерсің, сорлы ел?!.

Орнынан тұрып кетеді. Қызына, үдете сөйлейді.

Жоқ! Қалай болғанда да біз кінәліміз...

Біздің ұрпақ кінәлі.

Сені қорғай алмаппыз!.. Аяғын жерге тигізбеспіз деген ата-ананы Алатаудан Қаратауға дейін жаяу шұбыртып...

Не деген бейқамдық?..

Содан енді қортынды шығарар ма, бұ қазақ?..

Отырып ойланып қалады. Күбірлеп тағы қайталайды.

Басынан бірлік кеткенде,
Қазақтың ары тапталып...

Әй заржақ ақын!.. Сен не дегенсің?.. “Басынан бірлік кеткенде” дейсің бе! Сен әлде қазақтың бейқамдығынан емес, қазақтың басында бірлігі жоқтықтан болған деп отырсың ба?..

Сонда қалай?.. Хан мен төре халықты жүз-жүзге бөліп алып, бір-бірімен келісе алмаса халықтың не жазығы бар еді, аузынан запыран, көзінен қан ағызарлық? Сен соны меңзеп отырсың ба?..

Хан мен төре мынау дархан далаға сыйыспаса қара халық “ақтабан шұбырындыға” ұшырай бере ме, сонда?..

Енді халықты қапы қалдырмау үшін не істеу керек?..

Мына ақынға сенсек хан мен төре дегенің халық үшін жоңғардан кем жау болмаған секілді ғой, асылы...

Хансыз, төресіз өмір сүруге болмай ма сонда, бұ халыққа?..

Қайтсек қайғысыз өмір сүргіземіз, бұ сорлыларға?..

Шымылдық.